





**Мәснәуи бақшасынан**

**БІР ШОҚ ГҮЛ**

Осман Нури Топбаш

Published by Erkam Publications at Smashwords

Copyright © 2011 by Osman Nuri Topbas

Smashwords Edition, License Notes

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted in any form or by any means, electronic, mechanical, photocopying, recording or otherwise, without the prior permission of the copyright owner.

E-mail: [english@islamicpublishing.net](mailto:english@islamicpublishing.net)

Web site: <http://www.islamicpublishing.net>

## МАЗМҰНЫ

### АЛҒЫСӨЗ

Хазіреті Мәуләнә, Шәмсжәне ШәбиАрус

БІР ҚҰМЫРА СУ

Көңіл Айнасынан

Ләйләні ренжітесін

Ләйләнің аумағының сақшысы

Айнадағы жалған

Махаббат және дұшпандық

Мейірімнің берекеті

Адам бол, адам!

Залымның жақсылығы

Тұтқындықтан еркіндікке

Нәпсі құтырған арыстан сияқты

Нәпсінің жаратылу хикметі

Иләһи қаһар

Жаратылыс қамалы

Бұлақшам Үндістанда

Әлем, Құран және Адам

Хақ жаршысы

Аллаһтың табиғаттағы заңдылықтарынан тыс нәрселердің хикметі

Әлемдегі бірлікке деген бейімділік

Тасаввуф пен Ләдүн ілімі

Қайғылы айт-мереке

Қатынастағы үйлесім

Ана туралы

**Аллаһ Тағала бұйырады:**

"... Жер жүзіне абзал пенделерім мұрагерлік етеді!.." (Әнбия, 105)

"Біліп қойыңдар, анығында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, олар қайғы қасірет шекпейді де." (Юнус, 62)

"Оларға бұл дүниеде де, ақиретте де сүйінші бар..." (Юнус, 64)

**Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұйырады:**

*"...Шүбәсіз (нағыз) ғалымдар - пайғамбарлардың мұрагерлері. Пайғамбарлар болса не динарды, не болмаса дирхамды мирасқа қалдырмаған. Олар мирас ретінде ілімді қалдырған. Кімде-кім ол ілімді алса, өте үлкен нәсіпке жеткен болады." (Тірмизи, Әбу Дәуіт)*

**Имам Ғазали (құддисә сирруһ) былай дейді:**

*«Пайғамбардың нағыз мұрагерлері - заһири (үстіртін мағынаны қарастыратын) және батыни (астыртын мағынаны қарастыратын) ғалымдар».*

**Хазіреті Мәуләнәдан (құддисә сирруһ):**

*"Раббым! Егер сенің мархабатыңнан тек салихтар ғана үміт етуі керек болса, күнәһарлар кімді паналайды?.."*

*"Ей, ұлы Аллаһым! Егер сен тек қас құлдарыңды қабылдасаң, қылмыстылар кімге барып жалбарынады?.. (Әрине, сен -мейірімділердің ең мейірімдісің!..)"*

*"Бұл жан осы тәнде тұрған кезде Хазіреті Құранға құлмын; Хазіреті Мұхаммед*

*Мұхтардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) жолының топырағымын...*

*"Бір адам осы сөздерімнен басқа сөз айтса, ол сөзденде, ол адамнан да аулақпын..."*

### **АЛҒЫ СӨЗ**

Біздерді иманның шабыты мен шаттығына бөлеген **Аллаһ Тағалаға** мадақ!

Адамзатты қараңғылықтан шығарып, нұрға беленуіне дәнекер болған әлемнің мәңгілік мақтанышы - **Пайғамбарымыз Мұхаммедке** (саллаллау алейһиуә сәлләм) салауат!

Хақ Тағала "сырат мұстақимдегі" барлық мүминдерге жол көрсеткен қадірменді сахабалар мен ұлы әулиелердің терең руханиятынан жүрегімізге пәк несібелер мен нұрлы шықтар нәсіп етсін!

Әмин.

**Хазіреті Мәуләнәның** жеті жүзден астам жыл бұрын ынтамен және ғашықтықпен жазған **Мәснәуи шәриф** шүбәсіз, өлмейтін көңіл туындысы ретінде, сол күннен бері көңіл төрінен орын тепкен.

Өйткені, көңіл топырақтың астында қалай шірімейтін болса, көңілден шыққан туындылар да сол сияқты, мәңгілікке айналады. Кеңіл ерлері қызметтерін бәрзах әлемінде де жалғастырып, ортамызда өмір сүреді. Олар тірілерден де ұзақ өмір сүреді. Олардың фәни денелері топырақ болғанымен, көңілден шыққан туындылары қияметке дейін ешқашан өлмейді.

Осы несібе арқылы Раббыға қауышу - тек қана байлық пен дүниелікті жүрегінен тыс ұстаған және атақ-абыройға бас иеген көңілімен иләһи ерікке (Құдайдың бұйрығына) мойынсұнған қас құлдарға тән.

Міне, Хазіреті Мәуләнәға да, оның кітабы Мәснәуиға да осы сипатпен қарау керек.

Тарихымызда **шәриф** сипатына ие болған үш көңіл туындысы бар. Олардың біріншісі - **Бұхари Шәриф**, екіншісі - **Шифа Шәриф**, үшіншісі - **Мәснәуи Шәриф**. Осы тамаша үш кітап Сұлтаннар мешітінің лайықты адамдары тарапынан оқытылған.

Осы берілген жоғары бағалардың бірі ретінде Шәйхулислам **Ибн Кемал Паша** Мәснәуиға байланысты көрген шынайы түсін былай баяндайды.

Түсімде Расулұллаһты (саллаллау алейһиуә сәлләм) көрдім. Қолына Мәснәуиді ұстап, былай деді:

*"Көптеген рухани кітаптар жазылды. Бірақ осылардың ішінде Мәснәуи сияқты кітап жазылмаған."*

**Абдүррахман Жами** Хазіреті де Хазіреті Мәуләнә жайлы:

"Ол үлкен әулиенің сипаты мен ұлылығы жайлы мен не айтайын? Оның Мәснәуиі - теңдесі жоқ рухани әлем,"-деген.

Расында, Мәснәуи - руханилық пен сырдың дариясы. Тасаввуф ақиқаттары мен рухтың сырларын сол сияқты тамаша баяндаған кітап өте сирек. Мәуләнә адам санасы түсіне бермейтін тасаввуф тақырыптарын рухани сөздер мен хикметті хикаялар арқылы оқырмандардың көңіліне сіңіреді.

Мәснәуиді түсіндірушілер:

"Құрән Кәрім «اقرأ» "**Оқы**"; Мәснәуи болса «يشنوّ» "**Тыңда**" деп басталуын түсіндірген кезде, «يشنوّ» "**тыңда**" деген сездің «اقرأ» "**оқы**" сөзінің тәпсірі екендігін... айтып:

*"Иләһи кәләмді тыңда! Сырларды тыңда! Өзіңдегі жасырын ақиқаттарды тыңда!"* деп түсіну керек дейді.

Басқаша айтқанда, Мәснәуи - Құран Кәрімнің ақиқаты мен сырларынан көңіл

иелеріне ұсынылған тамшылар.

Мәснәуи - Хазіреті Мәуләнәның жан-дүниесінің өлең шумақтарына төгіліп, жазылған түрі.

**Мәснәуи** - Хазіреті Мәуләнәның **Шәмспен** бастаған рухани саяхатында жеткен айбынды ақиқаттардан барлық адамдардың түсінігі мен қажеттіліктеріне қарай жазылған бір сый.

Сонымен қатар **Мәснәуи - Хазіреті Мәуләнәның** көңіл қайғысынан тасып тегілген бір жан дауысы. Ол осы айғайымен, қайғысын бөлісетін көңіл таба алмағаны себепті, жоғалтып алған Шәмсі үшін үнемі қасірет шеккен.

Хазіреті Мәуләнә Мәснәуиді былай тамамдайды:

*"Мәснәуи - ақиқатқа жетіп, иләһи сырларды білгісі келгендер үшін нұрлы жол."*

Кония қаласы климатын, түрін, үйлесімділігін содан алған. Оның фәйзіне бөленгелі жеті ғасыр болды. Хазіреті Мәуләнә, Мәснәуи және Кония, бейне бір мағынаның әртүрлі атаулары іспеттес. Біреуі айтылса, басқалары еске оралады.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруъ) басынан еткізген, сезген көңіл ғажайыптарын (халдерін) кітапқа түсіріп, адамзатқа үлкен бір сыйлық етіп қалдырған. Мәснәуидің мазмұнын оның мына екі шумағымен қысқаша баяндауға болады:

*"Егер де сенің көңілің бар болса, көңілдің Қағбасына тауап қыл! Топырақтан, тастан жасалған Қағбаның негізгі мағынасы да - көңіл."*

*"Аллаһ Тағала кірлерден тазарған, арылған көңіл Қағбасына қол жеткізсін деп көрінетін, білінетін Қағбаны тауап етуді парыз еткән."*

Мәснәуи - терең сырларға толы сыр кітабы. Адамның танымы мен адам рухының сөзбен сызылған бейнесі. Хазіреті Мәуләнә адам рухының түбіне сүңгіп, жан-дүниесін керген. Міне Мәснәуи - осы зерттеу мен жаңалықтардың хабары. Хазіреті Мәуләнә төмендегі шумақтарында жаратылыс сыры мен өз жан-дүниесін қандай тамаша көрсетеді:

*"Мен құл болдым, құл болдым, құл болдым..."*

*"Мен әлсіз құл, құлдығымды атқара алмағандығымнан ұялдым. Сөйтіп, мен басымды идім..."*

*"Әрбір құл азаттыққа шыққан кезде қуанады. Иләйым! Мен болсам, саған құл болғаным үшін қуандым..."*

Бұл сөздер Хазіреті Мәуләнәның құлдық ынтасы мен шабытын көрсетуге жеткілікті. Онсыз да Аллаһ Тағала адамның жаратылу мақсатының да құлдық екендігін былай баяндайды:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

**"Мен адамдар мен жындыларды тек қана маған құлшылық етсін деп жараттым!"** (Зәрият, 56)

Мәснәуи Хазіреті Мәуләнәның мүридi Хұсамәддинмен болған сұхбаты. Сонымен басталады, сонымен жалғасады. Екеуінің біреуі болмаса, рухани қатынас тоқтайды. Байланыс үзіледі. Біріксе, көңілдері толады. Шумақтар бірінен соң бірі төгіле бастайды.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруъ):

*"Мен бұл Мәснәуиді Хұсамәддинге арнап жаздым!.."* -деп, сырын қалаған ауқымда аша алмағандығына қынжылады. Өйткені, Шәмс сияқты ғашықтықтың теңізінен айырылып қалған. Кім білсін, Хазіреті Мәуләнә Мәснәуи кітабын Хазіреті Шәмспен бірге жазғанда әлі қаншама сырларды паш ететін шумақтар өмірге келіп, олардан буырқанған бұлақтар ағар ма еді.

Хазіреті Мәуләнә бағытында болған **Фәридүддин Аттар** (құддисә сирруъ) да тура сол сияқты өзін түсінетін және сырын сақтай алатын дос таба алмағандығына қынжылады.

Мына сөздері арқылы, бейне бір, әрі өзінің, әрі Хазіреті Мәуләнаның халін баяндайтын секілді:

"Мен сыр әлемінен ұшқан бір құс едім. Төменнен жоғарыға бір жем алып келу үшін (сырымды түсінетін бір дос табу үшін). Бірақ, сырды сақтай алатын ешкім таба алмадым. Келген есігімнен қайта шығып кеттім."

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) Мәснәуиде бір-бірімен тығыз байланысты жүздеген хикаяларды баяндағанда ақылға салып, салыстыру арқылы адамдардың сол хикаялардан сабақ алуын мақсат еткен. Яғни ол адамның түсінуі қиын болған метафизикалық оқиғаларды көзге керсеткен. Әйтпесе оның мақсаты - адамдарға кейбір тәмсілдерді баяндау емес. Мұны өзі былай деп жеткізеді.

*"Мақсат - қиссадан сабақ алу; әйтпесе саған хикая айту емес!.."*

Насихатын, кеңесі мен ескертулерін хикаялармен түсіндірген Хазіреті Мәуләнә баяндаған қиссаларының астарында жатқан шынайы мағынасы мен мәнінің түсінілуін қалайды:

*"Ей, бауырым! Қисса бір өлшегіш сияқты, мағынасы - ондағыдән... Ақылды адам дәнді алады, өлшегіш бар ма, жоқ па оған қарамайды!"*

*"Хикаяны тыңца, бірақ дәнді сабаннан ажыратуды ұмытпа!"*

*"Менің айтқандарым бос, әншейін хикая емес. Ойлан: бұл - сені мен менің қазіргі халіміз..."*

Осы сөздерден түсінікті болғанындай, Хазіреті Мәуләнә өз хикаяларында көптеген насихаттар мен үндеулердің бар екендігін, сондықтан келтірілген мысалдардың сыртқы мазмұнына тіреліп қалмай, негізгі мағынасын түсіну керектігін айтады.

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) хикаялары мен сөздерінде, таза көңілге ие болудың тек пайғамбар ізімен жүрген кәміл мүршидтің тәрбиесінде болу арқылы мүмкін болатындығын жеткізеді. Адам нәпсінің кедергісінен құтылмай - ілімі парасаттылыққа кетерілмейтіндігін, жаратылыс мақсаты мен адамдық қасиетіне қауыша алмайтындығын және өзінің құпиясын аша алмайтындығын тілге тиек етеді. Нәпсінің қатерінен қорғану үшін иләһи ұлылықтың алдында өзінің "ештеңе емес" екендігін түсіну арқылы нәпсісін тану керектігін, мағрифат жолына тек қана рухани өмір және иләһи махаббатпен шығуға болатындығын баяндайды.

Хазіреті Мәуләнә амал етілмеген, парасаттылыққа айналмаған ілімді былайша түсіндіреді:

*"Амал етілмеген хикметті сөз, қарызға алынған әдемі киім сияқты; солай деп біл!.."*

Қазір Хазіреті Мәуләнаның жеті жүз жыл бұрын көрсеткен мейіріміне қаншалықты мұқтажбыз. Оның жаратушы үшін жаратылғандарға деген сүйіспеншілік, махаббат және мейірімнен пайда болған сезімі мен Раббысына жасаған мына бір мінәжаты қандай тамаша:

*"Раббым! Егер сенің мархабатыңнан тек салихтар ғана үміт етуі керек болса, кунәһарлар кімді паналайды?.."*

*"Ей, ұлы Аллаһ! Егер сен тек қас құлдарыңды қабылдасаң, қылмыстылар кімге барып жалбарынады?.. Әрине, сен - мейірімділердің ең мейірімдісің!.."*

Раббымыз Хазіреті Мәуләнәға нәсіп еткен терең көңіл бағынан бізге де сол арқылы "алқызыл түсті бір шоқ қалампыр" және "бір аяқ су" нәсіп етті:

Шәкірт кезімде рухыма осы ләззәтті сезімді сіңірген, **Мәснәуиді** сөзбен емес көз жасымен түсіндірген марқұм ұстазым **Абдұлқадир Мырза (Яман Дәдәнің)** рухы шат болсын!

Раббымнан рухыма әулиелердің сүйіспеншілігін сездірген, фәйзімен, тіпті еске алынған кезде көңілге қуаныш беретін Аллаһ досы үлкен әулие - ұстаз **Махмуд Сами Рамазанұлының** шапағатын тілеймін.

Раббымнан құрметті ұстазым, әкем **Мұса Мырзаға** денсаулық, ғибадат пен иршад жолында ұзақ өмір тілеймін.

**Құрметті оқырмандарым!**

"**Мәснәуи Бақшасынан бір шоқ гүл**" деген атпен ұсынылған Бұл кітаптың мазмұны, Аллаһ достарының шипа бұлағы болған көңіл бақшаларынан жинақталған "**алқызыл түсті бір шоқ қалампыр**" және "**бір аяқ су**".

Раббымнан тілейтінім - осы "алқызыл түсті бір шоқ қалампыр" мен "бір аяқ су", руханияттардың көріністері арқылы жүректе "алаулар мен отты сезімдер" және көңілде "зәмзәм" бұлақтар тудырсын. Осы орайда сіздерден де өтінерім:

Ең алдымен әлемнің жаратылу себебі, сырлар мен нұрдың қайнар көзі **Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) рухына және оның таңдаулы сахабаларының, барлық әулиелердің, әсіресе көңіл сұлтаны **Хазіреті Мәуләнаның**, фәйз бұлағы – **Азиз Махмуд Һұдайи Хазіретінің**, руханиятынан пайдаланған басқа да жол көрсетушілеріміз - Алтын тізбектегі ұстаздарымыздың рухтарына және ұстазымыз **Мұса Хазіретінің** рухына бір "**фатиха**" бағыштауларыңызды тілеймін!

**Раббымыз, өміріміздің соң сәтін, бізге де шәби арус (той кеші) етсін!..**

وَمِنَ اللَّهِ التَّوْفِيقُ

**Әмин!**

**Осман Нури ТОПБАШ**

1. Рамазан 1416/21 қаңтар 1996

Стамбул

### **ХАЗІРЕТІ МӘУЛӘНӘ, ШӘМС және ШӘБИ-АРУС**

*"Өлі едім; тірілдім..."*

*Көздіңжасы едім; қуанышқа бөлендім..."*

*Ғашықтық дариясына шомылдым;*

*ақыры бақи мекенге жеттім..."*

***Хазіреті Мәуләнә***

**Мәуләнә Жәләладдин Руми** отбасымен Конияға орналасқан соң, оқуын тәмәмдау үшін Халеп пен Шамға барады. Сол кезде шамамен отыз жаста болатын.

Бір күні Шамның иін тірескен базарынан өтіп бара жатқанда өзгеше киінген бір адам:

**"Әкел қолыңды сүйейін, ей, әлемдердің зергері!.."** дейді.

Жәләладдин Румидің қолына жабысып, құшырлана сүйеді. Сосын бірден қалың адамның арасына сіңіп кетеді. **Жәләладдин Руми** күтпеген бұл жағдайға қатты таңқалады. "Бұл не іс?"-деп, қайран қалады. Ғажайып ерекше адам ол үшін бейне бір тылсым сияқты болады.

Көп жылдар өткен соң Жәләладдин Руми бір күні Кониядағы медресесіндегі дәрістен шығып, шәкірттерімен сұхбаттасып отырғанда, алдында Шамда қолын сүйіп, өзін қайран қалдырған адамды көреді. Бұл адам **Шәмс Тәбризи** еді. Ол да **Жәләладдин Румидің** сұхбатына қатысады. Ерекше толқып, оған мынадай ғажайып сұрақ қояды:

*"Баязиди Бистами үлкен бе, әлде Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үлкен бе?"*



**Мәуләнә Хазіреті** үрейленіп:

"-Бұл қандай сұрақ?! Әлемге рахмет ретінде жіберілген ұлық пайғамбар мен барлық жетістігі тек оған мойынсуну ғана болған бір әулиені салыстыруға бола ма екен?!" - деп, ашу шақырады.

**Шәмс Тәбризи** еш қысылмай, сұрағын былайша түсіндіреді:

"Олай болса, Баязид неге Раббысынан жәһаннамға түсуін және ол жерде денесінің басқа күнәһарларға орын қалмайтындай дәрежеде үлкеюін сұрап, бірақ кішкентай ғана иләһи көрініс алдында: "Атағым қандай үлкен! Өзімді пәктеймін де мадақтаймын!.." десе; Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сансыз көріністерге ие бола тұра үлкен қарапайымдылық танытып, қол жеткізген нығметтерін жеткілікті санамай, Раббысынан сұрай берді, сұрай берді?.." - дейді.

Бұл түсініктеме **Хазіреті Мәуләнәны** тек қана ақылмен жеткен сыртқы ілімнің шегіне жеткізеді. Осындай дәрежеде тұрып бұл сұраққа жауап беру мүмкін емес еді. **Шәмс** хал қаруымен оны одан әріге итермелейді. Алды ұшы қиыры жоқ **"ләдүн әлемі"**. Осылайша Шәмс, алдындағы адамды бойында бола тұра өзі білмеген рухани бір атмосфераның көкжиегіне қарай аса жылдамдықпен көрегенділік саяхатына шығарады.

Осы бір сәттегі өзгерістің әсерінен Хазіреті Мәуләнә алдында оқыған сыртқы ілімнің бір талқыламасын айтқанындай қиналмастан, былай деп жауап береді:

"Баязидтің "Атағым қаңдай үлкен; өзімді пәктеймін де мадақтаймын! Мен сұлтандардың сұлтанымын!.." сөзі бір тоқтық халін білдіреді. Яғни оның рухани шөлі кішкентай ғана көрініспен қанды. Рухы енді сұрамайтындай болды. Масаңдыққа салынды. Мұхиттың сиымдылығы шексіз, бірақ одан шөл кондырушының шамасы осынша ғана еді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) болса, «الم تَنْزَحُ لَكَ صَدْرَكَ» сырына жеткен еді. Көріністер оны жан-жақтан қоршады. Бірақ әлемдей кең жүрегі бір түрлі тоймады. Шөлдегеннің үстіне шөлдеп, ішкен сайын шөлі қанбады. Сәт сайын бір халден екінші бір халге көтеріліп, әрбір көтерілген сайын алдыңғы халіне тәубе етті. Сондай-ақ:

**"Мен күніне жетпіс рет ( бір риуаятта жүз рет) тәубе етемін!"**- деген.

Өйткені Ол ұлы Жаратушысына әрбір сәт жақындай түсуді қалады. Өйткені ынтасы шексіз, құл мен Рабб арасындағы қашықтық та шексіз еді. Сол себепті көбіне:

**"Уа Раббым, Сені қажетінше, лайықты түрде тани алмадым... Саған лайықты түрде құлшылық ете алмадым..."** - деп мінәжат ететін."

Шәмстің міндеті - алдындағы адамның түсінігін, рухани тереңдігін, сыртқы іліммен жете алмайтын осынау мәртебеге көтеру еді. Сол үшін естіген жауабы арқылы ұлы мақсатына жеткен адамдардың үлкен шаттығын сезініп, есі шығып қуанады. Осылайша екі руханият жұлдызының арасында өмір бойы жалғасатын нұрлы байланыс орнайды.

Осыдан кейін **Мәуләнә Хазіретінің** рухындағы рухани теңіз тынымсыз толқи бастайды. Сол сәтте бейне бір сіріңкемен мұнай теңізі жағылғандай Мәуләнәның кеңілі алаулай жанады. **Шәмс Тәбризи** осылайша **Мәуләнәның** көңіліне от қояды, бірақ алауының ішінде өзі де жанатындай үлкен жарылысқа тап болады. Енді түсініктер мен несібелер бірлеседі.

Осы оқиғадан соң алдында толықтай зұьд жолымен ғибадат жасап, тыныш ұстаз ғана болып жүрген Хазіреті Мәуләнәның рухани қуаты бірден ішіне сыймай шынайы -шабытпен өмір сүргенін көреміз. Шәмс Тәбризидің міндеті де осы, руханият теңізіне от қою еді.

Сондай-ақ **Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) ғашықтыққа, ынта мен шабытқа толы өмірін үш сөзбен және үш сатыда былайша баяндайды:

**"Шикі едім, пістім, жандым!.."**

Соңғы саты тасаввуфта "фәнә филләһ" және "бәқа билләһ" деп аталады.

Құл "фәнә филләһта" нәпсілік болмысын жойып, барлық құмарлықтарынан құтылады. "Бәқа билләһта" болса, Аллаһтың көңілдегі көрінісін сезінеді. Бұл мәртебеге жеткен құлдың жүрегінде тек Аллаһтың нұры жарқырайды.

**Адам деген кім?** Ол - адами түсініктің тек себептер мен сылтауларға сүйене отырып, түсінуге тырысқан Раббысының айбынды ақиқаттарынан осы күрделі әлемге түскен көріністің өзегі... Өзгеше көріністегі бір әлем!.. Жанды Құран... Бірақ өзінің ақиқаттарына салыстырғанда жоқ деп саналатындай кішкентай бөлшегінің ғана ашылып, түсінілетін жаратылыс...

Рабтың ерекше сыйларының бірі, кейбір адамдарға өзінің болмысы мен ұлылығының көкжиегіне самғайтын қабілет пен ерекше қасиет беріліп және оларға осы сапарда жол көрсетушілер жіберіледі. Бұлар - адамзат әлемінің жүздеген жылдар бойғы қарапайым оқиғаларын жасыра алмаған ерекше тұлғалар. Міне **Шәмс** де Мәуләнәны осы сапарға шығарған жол көрсетуші. **Мәуләнә** болса басында да, рухында орын алған және кейіннен түсінуге қол жеткізген осы **ләдүн** (жасырын) **өлемінің** алғашқы жол сілтеушісін адалдық сезімі арқылы емір бойы ұмытпаған. Әйтпесе оны баяғыда артқа қалдырған еді. Бәлкім осыдан кейін Шәмс бір мұрит (шәкірт) дәрежесінде еді.

**Мәуләнә Хазіреті** Шәмспен Конияда қырық жасында кездескен еді. Оның осы кездесуден бұрынғы халімен оны екінші Ғазали деп сипаттауға болады.

Хазіреті Юнус, Хазіреті Мәуләнә хақында былай дейді:

*Жүрек сұлтаны Мәуләнә-*

*Бізге назар салғалы,*

*Көңіл айнамыз ашылып,*

*Таса жері қалмады.*

Мәуләнә Хазіреті алғашқы кезеңінде тек қана факих еді. Заңгер еді. Өте көп шәкірттері бар еді. Ауқатты, бай адам еді. Ол Шәмспен жолыққаннан кейін бұрынғыдан да мықты ғалым, факих, өзгеше бір заңгер болған жоқ. Сыртқы ілімі өзгерген жоқ. Бұлар артта қалды.

**Жәләладдин Руми Шәмспен** кездескеннен кейін нағыз **Мәуләнә** болды. **Ол Шәмспен** кездеспей тұрғанда бір ғалым еді; кездескеннен кейін ғалым - ғашық, көңілі отты ариф болды.

Мәуләнә (құддисә сирруһ):

**"Ғашықтыққа жетер мұғалім жоқ!.."** дейді.

Ол бұрынғы ғалым болған кезін **"шикі едім"** деп сипаттайды. Кейінгі халін, ғашық ғалымға айналғанын сондай-ақ, кәмілдікпен және салмақтылықпен сипаттайды.

Негізгі мәселе - "Шәмс Мәуләнәға не берді? Не үйретті?"-деген сұрақтардың жауабы. Бұл - Шәмстің оған ақылдың тұтқынынан құтылудың жолын үйретуі. Өйткені, ақылдың шегі белгілі. Арғы жағы - адасу. Көңілдің шегі жоқ, мәңгілік. Саябыр табар жері - фәнә филләһ.

Шәмс Жәләладдин Румиге өзін, яғни қолындағы құндылықтарды, танытып, аяғындағы кісенді шешті. Өйткені, Мәуләнә ұшуға әзір бір қыран еді. Шәмс оның аяқ бауын ағытты. Оған көңіл терезесінен арғы жақты көрсетті.

Осыдан кейін **Хазіреті** Мәуләнә, жарықтың айналасындағы көбелек сияқты, Шәмстегі көріністің жетегіне еріп алаулап жана бастады.

**Хазіреті Мәуләнә Диуан Кәбир** кітабында **Шәмспен** болған оқиғаны былайша баяндайды:

"Шәмс Мәуләнәға:

"Ғалымсың, басшысың, жол сілтеушісің, салтанат иесісің!.." -деді. "

"Мәуләнә Оған:

"Осыдан кейін сыртқы әлемнің ғалымы емеспін, басшысы емеспін, жол сілтеушісі емеспін... Сен жаққан шырақтың жарығында ақылдан тыс бір әлемде пақыр әрі ғаріп жолаушымын..." -деді. "

"Шәмс қайтадан:

"-Сенде әлі ақыл бар! Сол себепті диуана бола алмағаның үшін бұл үйдің тұрғыны емес, бөтенсің!.." -деді. "

"Мәуләнә да:

"Осыдан кейін ақылыма көңіліммен бүркеніш жаптым... Диуана болдым, Сенің көмегіңмен енді осы әлемнің тұрғыны болдым!.." деді. "

"Шәмс тағы да:

"Сенде ес бар! Мас емессің! Бұл әлемнен тысқарысың! Бұл әлемге жарық беретін ақыл емес, ғашықтық. Көз алдыңды көре алмайсың!" -деді. "

"Мәуләнә Шәмсқа:

"Осыдан кейін сенің жәрдемің арқылы бастан - аяқ от болдым. Жан-жағымды ғашықтық пен мастық жаулап алды!.." -деді. "

"Бұл жолы Шәмс:

"Сен бір жамағаттың шам-шырағысың! Орның жоғары!.." -деді. "

"Мәуләнә болса:

"Енді Бұл шырағым сөнді. Мен үшін олардың, жарқырауық қоңыздың жанып-сөнген жарқылынан айырмашылығы жоқ!, Енді басқа шырақтың жарығымен жүремін!" - деп жауап қатты. "

"Шәмс:

"Сен өлген жоқсың. Сен сырттай тірісің! Бұл есіктің арғы жағына бұлай өтуге болмайды! Фәни болмысыңды, барлық атақ-абыройыңды тәркі етуің керек..." -деді. "

"Мәуләнә:

"Ол бұрын болатын! Сені танығаннан бері адамдар білгендей тірі емеспін. Басқа тіршілікке қауышып, өлдім!.." -деді. "

"Шәмс оған:

"Әлі нәпсіңе сүйенесің! Атақ-мансабың жойылған жоқ! Осылардан құтыл!" -деді. "

"Мәуләнә:

"Осыдан кейін сенің мені жетелеп әкелген ләдун әлемінде мансап іздеп жүрмін... Бұрынғы болмысыма тән барлық нәрсені тастадым, олар артта қалды!.." -деді. "

"Шәмс:

"Қолың, қанатың бар! Мен саған қол, қанат бере алмаймын!.." -деді. "

"Мәуләнә:  
"Осыдан кейін сенің қол мен қанатың болу үшін, қолым мен қанатымды сындырдым..." -деді. "

Осы шешімдерден кейін міндетінің аяқталғандығын түсінген Шәмс, оған иләһи көріністерге толы мәңгіліктің көкжиегінде күйіп өртенуі үшін бір қанаттақты... Өйткені, оны қауышудан айырып, іңкәрліктің берекелі атмосферасында жалғыз өзін қалдырған еді.

Мұсылмандардың иман нұры Хазіреті Омардың Исламды қабылдауымен қалайша күшейсе, Шәмс Тәбризи Хазіретінің рухани міндеті Хазіреті Мәуләнәмен солайша аяқталған еді. Сол сәтке дейін кімнің әлемнің шәйхы екендігін білмеген Хазіреті Шәмс Хазіреті Мәуләнәның махаббат сәулесімен жарқырап, аты аңызға айналды. Бұл екі үлкен

мүршидің бір-бірлеріне деген сүйіспеншіліктері мен құрметтері шынайы мүрид пен мүршид арасындағы халді қандай тамаша көрсетеді.

Хазіреті Шәмстің Хазіреті Мәуләнәға берген сыйы мақрұмдық, ынтызарлық қасірет және махаббат қана еді. Осы махаббат пен ынтызарлық қасіреттің ең тамаша үлгісін пайғамбарымыз дәуірінде Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) мен Хазіреті Фатиманың (радиаллаһу анһә) өмірінен байқаймыз.

Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрбір кездескен сайын өзгеше бір ынта мен құштарлық халін басынан кешіретін. Қасында болса да, Оған деген махаббаты мен ынтықтығы басылудың орнына, одан бетер арта түсетін.

Ғашықтардың бас тәжі Хазіреті Фатима анамыз, Пайғамбарымыз ақиретке көшкен кезде былай деді:

**"Әлемнің Нұры ақирет әлеміне көшкен кезде мені сондай бір ауыр қайғы басты. Егер ол қараңғылықтың басына келсе оның түрі өзгеререді..."**

Міне осы махаббат пен ғашықтық жолымен жүрген **Хазіреті Мәуләнә** да **Шәмстен** айырылып қалғанда оған деген ынтықтығынан күйіп жанды. Оның осы айырылуы мен ынтықтығының нәтижесінде **26.000** жолдан тұратын **МӘСНӘУИ** жарыққа шықты.

Мұндай айырылудың сырын ең айқын сезімімен Хазіреті Мәуләнә ұсынған еді. Оның:

***Мағрифатқа ие адамды көрсететін сыбызтыны тыңда! Айырылудың шағмының қасіретін іш!..*** - деп басталған Мәснәуи кітабы - негізінде, бір тамаша сағыныш зары. Мұхаммеди НұрХазіреті Мәуләнәға Шәмсарқылы берілгендіктен, Шәмстен айырылғаны ол үшін үнемі қасірет болған.

Оны шексіз руханият дариясында көңіл сапарына шығарған Шәмс Тәбризи болғаны үшін, рухы өмір бойы жарықтың айналасындағы көбелек сияқты оған құштар болып, соны іздейді. Ол мәжнүн сияқты бір түрлі жете алмаған Ләйләсімен лаулап жануға міндетті болған.

"Шәмс аман!" деген адамға үстіндегісінің бәрін беретін. Достары мұның жалған екендігін айтқанда:

*"Мен оның өтірігіне мыналарды бердім. Шындығына жанымды берер едім,"* - дейді.

Хазіреті Мәуләнә осы сағыныш отына жанған көңіл қасіретін былайша баяндайды:

*"Менің ішкі жан-дүнием неге жылайды?" "Менің қайғым мен ауыртпалығымды кім біледі?"*

*"Барлық адам мені өз қабілеті мен икемділігіне қарай тыңдайды. Жаман адам мені өз сезіміне қарай жорып, солай түсінеді. Хақ жолындағы адам болса мен арқылы руханияты артып, сезімі лаулайды және сыбызғы оған шипа береді."*

Хазіреті Мәуләнә Мәснәуи кітабында "сыбызғыны тыңдағандардың оның үні арқылы пәк сезімдерге жетуін қалайды. Рубаятында былай дейді:

*"Сыбызғыны тыңда, не айтатынына құлақ сал! Аллаһтың жасырын сырларын паш етеді. Өңі сарғайып, іші бозарып, басы кесілсе де сырнайшыныңдеміне тәуелдібола тұра тілсіз, сөзсізжар салып, "Аллаһ, Аллаһ..."*-дейді."

Ғашықтық пен махаббат отына күйген Хақ ерлерін бейнелейтін сыбызғы - ішінде пәк бір ғашықтықтың оты лаулаған аспан.

Өйткені ол өзі өскен қамыс арасынан кесіліп алынып, бауыры отпен күйдіріліп тесілген. Басына, аяғына, тіпті тесіктерінің арасына метал кедергілер мен сымдар тағылған, яғни кісенделген, сол себепті де қурап, бет-бейнесі солып, сарғайып кеткен.

Сол себепті сыбызғы хал тілімен былай дейді:

"Мен бұрын қамыс арасында едім. Тамырым мен көңілім суда, топырақта болатын. Ол жерде назданып тербеліп, әрбір ескен желге бағынушы едім. Бірақ бір күні мені қамыстың арасынан кесіп алды. Тәнімді ғашықтық отымен құрғатып, тесті. Денемді жаралады. Сосын мені керемет демі бар адамның қолына берді. Оның ыстық, ғашықтық демі менің ішімнен етті. Бұл дем ішімдегі ғашықтықтан басқаның бәрін жағып күл қылды. Мені баурап алды. Егіліп жылай бастадым. Ішімнен шыққан бұл айғай барлық сырымды паш етті.

Қысқасы, менің сырларым әуенге айналды. Бірақ көзі, құлағы және көңілі перделі адамдар менің бұл сырымнан бейхабар."

Адам да дәл солай.

Ол иләһи әлемдегі орнынан осы дүниеге әкелініп, адамдық санатқа қосылып, сағыныш отына күйіп, жүрегі қарс айырылған.

Бірақ, барлық адамның басындағы бұл ақиқат тәфәккүр мен сезімталдық жөнінен ерекшеленіп, кәміл адам халіне келген кезде жарыққа шығады. Яғни, түсінілетін болады.

Сондықтан да жоғары әрі кәміл адам әрбір қараған жерінде, әрбір көрген нәрсесінде иләһи хикмет пен сырларды тамашалаған адам. Иләһи сырлар мен өнерді көріп, Хаққа деген махаббаттың ең отты халіне бөленбеу мүмкін бе?

Сол үшін Мәуләнә (құддисә сирруһ) кәміл адам бола алмай, иләһи сырларды түсінбегендерге қиналады. Іші күйеді. Сондайхалды басынан кешірген қайғылы Юнустың:

*Мен бір гажайыппын,*

*Ешкім менің халімді білмес!*

*Мен сөйлеймін, мен тыңдаймын,*

*Ешкім менің тілімді білмес!*

*Менің тілім - құстың тілі.*

*Менің елім - достың елі.*

*Мен - бұлбұлмын, досым - гүл,*

*Менің гүлім солмайды, біліңдер - түрінде баяндаған бір рухи халде өзіне жұбаныш көзін іздейді. Бір бәйітінде (шумақ) былай дейді:*

*"Кәһф иелері өздерін естімейтін, түсінбейтін сезімсіз бір қауымның ішінде қалғандықтан ұйықтады. Рухани жамағат пайда болған кезде оятылды."*

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнә дұрыс және терең түсіну турасында ықтияттылығы соншалық, Мәснәуидің алғы сөзінде былай дейді:

*"Көңілі таза әрі сезімтал болғандар мен ақиқатқа ынталылардан басқасының Мәснәуиге тиісуіне рұқсат жоқ."*

Өйткені Хазіреті Мәуләнә да көптеген ақиқат жолындағылар сияқты, өзін және сөзін қате түсініп, қазбалаған адамдарға ескерту ретінде былай дейді:

*"Бұл жан осы тәнде тұрған кезде Хазіреті Құранға құлмын; Хазіреті Мұхаммед Мұхтардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мүбәрәк әрі нұрлы жолының топырағымын..."*

*Бір адам осы сөздерімнен басқа сөз айтса ол сөзден де, ол адамнан да аулақпын..."*

Үлкен әулие өлім кешін **"шәби арус"** (той кеші), яғни дүние жырақтығынан құтылу, қауышу түрінде танымдайды. Өлімнің - рухтың еркіндікке қауышып, шынайы елімсіздік пен мәңгілікке сапар шегу екендігін, мына жолдары арқылы қандай тамаша баяндайды:

*"Өлген күні табытымды алып бара жатқанда менде бұл дүние уайымы қалды деп ойлама!"*

*"Мен үшін жылап, әттеген-ай, "па, па!" деме! Маған топырақ салғанда да "қош,*

қош!" деп айтпа!"

"Қабір бір перде ғана, оның артында жәннәттың шаттығы бар!"

"Батуды көрдің емес пе! Шығуды да тамашала! Күн мен айдың батуынан оларға ешқандай зиян бар ма!"

"Жерге қандай тұқым егіп ол шықпай қалды деп уайымдама! Адам дәні өспейді деп ойлама!"

"Топыраққа қойылдым деп ойлама! Аяғымның астында жеті қат көк бар."

Осылай деген Хазіреті Мәуләнаның рухы еш күмәнсіз, жеті қат көкпен асып, Раббысының жолында пида болған.

Хазіреті Мәуләнә тағы бір шумақтарында былай дейді:

"Ей, жан! Сенде осы топырақ пердесімен жабылған жасырын өмір бар... Осы жерде ғайып әлемінде жасырылған жүздеген Юсуф сияқты сұлулар бар..."

"Бұл тән бейнесі, яғни дене, топыраққа құрбан етілген кезде, сол жан бейнесі қалады..."

"Ол тән бейнесі фәни, жан бейнесі болса мәңгілік..."

"Өлім, рухтың басқад бір әлемде туу оқиғасының белгісі екендігін біл. Яғни бұл фәни әлем үшін өлім деп аталады, бірақ мәңгілік әлемдегі аты туу!.."

"Әрі жанды Аллаһ алады емес пе - өлім қас құлдар үшін шекер сияқты тәтті екенін біл."

"Сондай-ақ өлім от болса да, Аллаһ достарына гүлстан сияқты өмір нәрі."

"Өлімді қорқынышты қылатын, оны қиындататын мына тән қапасы. Тәнді бір қабық сияқты сындырсаң, өлімнің інжу тәріздес екендігін сен де көресің!.."

**Аллаһ достарының** ең маңызды ерекшеліктерінің біреуі иләһи махаббатқа белену. Хазіреті Мәуләнә да мына бір бәйтінде, рухында алаулаған ғашықтық отының өліммен де сөнбейтіндігін былайша жеткізеді:

**"Өлімімнен кейін менің қабірімді ашып, ішімнің алауынан жанған кебімімнен қалай түтін шыққанын көр!"**

Осы сөздерінен байқалған ғашықтық халімен Хазіреті Мәуләнә, өмір бойы үнемі осылайша лаулаған нағыз ғашықтарды іздеген. Ол былай дейді:

"Маған, ішіндегі алаудан қиямет болып, көңілінің жалынымен отты да күл ететін ғашықтар керек! Көк, оның күнді солдыратын нұрына қарап, "Машаллаһ, Машаллаһ! (бәрекелді, бәрекелді)" деуі керек!.."

Ұстаз М. Әсғат Әрбили (құддисә сирруһ), осындай ғашықтардың рухани мәртебесін баяндаған бір шумағында былай дейді:

**Ne mümkün bunca ateşle şehid-i ıskı gast etmek**

**Cesed ateş kefen ateş hem ab-ı hoş güvar ateş**

(Осыншама отпен ғашықтық шейітін жуу мүмкін бе? Тән от, кебін от, шейітті жуатын жағымды тәтті суда от!)

Өлім төсегінде жатқан бір ғашықтан: "Өлім сәтінде қалай күлесің?"-деп сұрайды. Ғашық былай деп жауап береді:

"Ұшып барам.. Қазір барлықденем ауыз болып күлімдеп тур!.. Қазір ернім басқаша күледі!.."

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

"Өлген кезде күлмеген адамды "шамға" ұқсатпа! Ғашықтықтың жолында шам сияқты ерігендер, жұпар сияқты хош иіс аңқытады."

Хазіреті Мәуләнә осылайшажан еркімен күлімдеп, осы әлемнен ғайып әлемге көшіп, өмір бойы сағыныш отына өртенге күткен той кешіне, шәби арусқа қауышқан.

Жамағаты оның соңынан нәсердей көз жастарын төгіп жатқанда, сол қауышу жолаушысының табыты да ерін болған еді. Өз түсінде солған гүл сияқты күлімсіреді.

Сұлтан Уәләд **Ибтида намәсінде** әкесінің жаназа көрінісін былайша баяндайды:  
*"Ғижрәттің 672 жылы (1273ж) ұлы Сұлтан о дүниеге көшті. Көздер жасқа толды. Көңіл қайғыға батты. Мұсылман емес ауылдарда қайғыға батқанды. Әрбір пәк адам оған адал, әрбір ұлт оған ғашық еді.*

*Халық:*

*"Ол Хазіреті Пайғамбардың нұры мен сыры еді. Абзалдықтың шексіз теңізі еді... "-десті.*

*Сол күні барлығының жаны күйзелді. Барлық ел үлкен қайғымен: "Ол бір қазына еді. Топыраққа жасырындың-деді."*

**Ефлакидің** айтуынша Мәуләнә Хазіретінің сыртқы табыты халықтың көптігінен алты рет жаңартылды. Және жаназасы бесін намазында шықса да, қабіріне екінті намазынан кейін әрең дегенде жетті. **Табиб Әкмәлүддин** халыққа:

*"Әдепке мойынсұныңдар! Табытты көтеру міндеттеріңді тыныш, құрметпен орындаңдар! Бұл нағыз шәйхтардың сұлтаны Мәуләнә еді; ол мәңгілік әлемге көшті..."* - деді.

Өсиеті бойынша жаназа намазын оқыту үшін **Шәйх Садреддин Конеуи** табыттың алдына барғанда, әсерленіп, еңіреп қоя берді. Есінен айырылғандай болды. Қолтығынан көтеріп оны кейін тартты. Оның орнына Қазы **Сиражүддин** намазын оқытты.

Мәуләнә Хазіреті "шикі едім, пістім, жандым!" деп топшылаған емірін басқа бір сөзбен былай суреттейді:

*"Өлі едім, тірілдім... Көздің жасы едім, шаттыққа айналдым... Ғашықтық дариясына шомылдым, ақыры, мәңгі өлкеге қол жеткіздім..."*

Мұны Юнус қандай тамаша жеткізеді:

*Тән фәни, жан өлмейді,*

*Кеткендер қайтып келмейді!*

*Өлер болса тән өледі,*

*Жан ешқашан өлмейді!*

**Уа, Раббым! Біздің өлімімізді де мәңгілік өлкеге жеткізетін бір көлікет! Өлім кешіміз бір шөби арус болсын! Әмин!..**

### **БІР ҚҰМЫРА СУ**

*"Сұлулар, мөлдір де тұнық, айна іздегені сияқты, жомарттық та пақыр да әлсіз адамдарды қалайды. Сұлулардың жүзі айнада сұлу көрінеді, нығмет пен сыйдың әдемілігіде пақыр мен ғаріптер арқылы белгілі болады."*

***Хазіреті Мәуләнә***

Бір пақыр бәдәуи әйелімен шөл дападағы лашықта тұратын еді. Бір түні әйелі:

"Барлық таршылық, қиыншылықты біз тартып отырмыз. Бәрінің өмірі молшылықпен өтіп жатыр. Тек біз ғана кедейміз. Нанымыз жоқ, қатығымыз қайғы. Құманымыз жоқ, суымыз көздің жасы... Күндіз киіміміз күн, түнде төсегіміз бен көрпеміз айдың жарығы. Аш болғанымыз үшін толған айды нан деп ойлап, аспанға жүгіреміз. Жоқшылықтан ауада ұшқан шыбынның қанын сорамыз. Біздің халіміз Бұлай не болады?" - деп шерін төкті.

Бәдәуи былай деп жауап берді:

"Ей әйел, қашанғы дүние - мал іздейсің? Осы дүниеде қанша өміріміз қалды?"

Ақылды адам ризықтың аз-көбіне қарамайды. Өйткені, екеуі де өткінші, сел сияқты ағып кетеді.

Көңіліміздегі дүниелік уайым-қайғы, біздің болмысымыздың тойымсыздығынан туындайтындығын біл. Аллаһтың мүлкінде өмір сүріп жатырмыз. Оның берген ризықтарымен қоректенеміз. Қанағаттан да жақсы байлық бола ма? Мынау былай, анау солай деп айту шайтанның ішімізге салған бос уәсуәсалары.

Ей, ханым! Молшылыққа үйренуден жаман нәрсе жоқ. Өйткені, үйренген нәрседен айырылу, қиын болады. Денесіне табынған, яғни нәпсісінің әр қалауын орындаған адамның жаны тәтті болып кетеді, уақыты келіп, тәслім еткенде, қатты қиналады. Сен осыны түсініп, басыма келетін нәрсені қиындатпа!

Ей, Ханым! Жас кезінде қанағатты едің, қартайдың тойымсыздығың артты, алтын қалайсың. Алайда, сен бұрын алтыннан да қымбат едің. Теңдесің, ұқсасың жоқ еді. Саған не болды, бұрынғы халіңнен айырылып, фәни де өткінші нәрселерді сұрай бастадың?.." Әйелі бұған құлақ, аспай, одан бетер ашуланды. Ол: "Ей, намыстан басқаны ойламайтын адам... Сенің жылтырақ сөздеріңнен жалықтым. Жағдайымызға қарап, ұял! Маған қанағат туралы айтып, тәкәппарланасың. Осылай қай кезге дейін тұрамыз? Сен қанағаттықпен жаныңды қашан нұрландырдың? Сен аштықтан ұшып жүрген шегірткенің тамырын жаруға тырысып жүргенде, қайтіп бай ауқаттылармен иық тіресуге тырысасың? Маған қорлықпен қарама, сенің ішінде не барын, қандай жамандықтың жатқандығын айтпай-ақ қояйын. Ғапыл қасқыр сияқты шаппа! Сен сияқты, адамды ұятқа қалдыратын ақылға ие болғаннан ақылсыз болған артық" - деді. Күйеуі байыппен жауап қатты:

"Сен әйелсің бе, әлде уайым қапшығысың ба? Кедейлігіме мен мақтанамын. Бетіме баспа! Мал-мүлік пен ақша бастағы малақай сияқты. Малақайға жүгінген адам таз. Бай деген - құлағына дейін айыпқа батқан адам, малымен айыбын жабады. Жоқшылық - сен түсінетін нәрсе емес. Пайғамбарлар мен әулиелердің нығмет деп түсінген пақырлығын төмен санама! Осы жұпыны халіммен Раббыма жақынырақ, болып, басқаша олжаға кенелемін. Аллаһ бетін ары қылсын, менің дүниеге деген қызығушылығым жоқ. Көңілімде қанағат басым. Ей, әйел! Кейіме, ұрыспа! Оны тастамайтын болсаң тым болмаса мені таста! Менің ұрсысуға шамам жоқ. Соғыс тұр ғой көңілім бейбітшіліктен де қорқады... Үндемегенің жақсы, егер сөйлей берсең, қазір үй-жайымды тастап, соқа басым кетіп қаламын!.."

Әйел, күйеуінің осы ажырасу сөздеріне жылап, көз жасына булықты, өкінішін білдірді. Менмендігін тастап, жоқшылықтың жолына түсті де, күйеуіне өкінішпен:

"Мен әйел емес, сенің аяғыңның тозаңымын. Тәнім, жаным, бар-жоғым бәрі сенікі. Сен үшін бір рет емес, әр сәтте сан мәрте өлемін. Сенің маған айтқан сөздеріңнен енді жаннан да тәннен де баз кешемін.

Неге айырылу туралы айтасың? Енді қарсы келіп, айыптауды тастадым. Шын көңіліммен кешірім етінемін. Өйткені, сенің патшалық мінезіңді біле алмай, саған опасыздық еткен екенмін. Бірақ, енді үлкен өкінішпен саған басымды иемін. Қаласаң кес, қаласаң аяғыңмен тапта мені."-деді.

Одан кейін еңіреп жылады. Сол көз жасы жаңбырының арасынан бір найзағай ойнады. Сол найзағайдан теңдессіз, сенімді бәдәуидің көңіліне шоқ түсті. Ақыры бәдәуи, әйелінің көз жасына шыдай алмады, айтқан сөздеріне де өкінді.

Оның мейірімді көңіліне ұялаған өкінішін сезген әйел күйеуіне былай деп ақыл айтты:

"Құмырамызда жаңбырдың суы бар. Мал-мүлкіміз де осы. Осы ыдысты алып, патшалардың Патшасының құзырына кір, сыйға тарт! Және былай де:



"-Біздің осыдан басқа ешбір мал-мүлкіміз жоқ, шөлде осыдан жақсы нәрсе болмайды... Патшамыздың қазынасы болғанымен, осындай суы жоқ. Бұндай су сирек болады..."

Бишара әйел Бағдаттың ортасынан шәрбәт сияқты Дижлә өзенінің ағып жатқанын қайдан білсін, құмырадағы суын сүйіп тұрды.

Күйеуі де мақтауға араласып:

"Мұндай сыйлықты кім ұсынады? Расында біздің бір құмыра жаңбыр суымыз тек патшапарға лайық!.." - деді.

Бәдәуи құмыраны киізге орап, аузын мықтап жапты. Арқасына салып, Бағдатқа жол тартты. Ыдысы сынбасын, ұрылардың қолына түспесін деп, күндіз-түні көзінің қарашығындай қорғады. Күндер, апталар өтіп, Бағдатқа келді. Сұрай-сұрай, Халифаның сарайын тапты. Есікке жақындады. Сақшылар не қалайтындығын сұрады. Пақыр бәдәуи:

"Ей, құрметті жандар! Мен бишара бәдәуимін. Патшаның мейірімінен үміттеніп, шөлден келдім. Мына сыйлықты оған алып барыңдар, патшадан сұраушының қажеттілігін орындандар! Тәтті, дәмді су. Шөлде жаңбыр суларынан жиналған көлден алынған. Құмырам да тамаша, жап-жаңа..." деді.

Халифаның адамдары бұл пәк, таза жүректі бәдәуиге алдымен күлсе де, кейіннен оның осы жақсы ниетпен безендірілген сыйлығын шын жүректен қабыл алды. Бәдәуи сарайдың тура қасында гүрілдеп аққан Дижләдан бейхабар, күтіп тұрды.

Бәдәуидің су құйылған ыдысы Халифаға ұсынылғанда, бұған Халифа разы болып, бәдәуиді құзырына қабылдады. Оған шапан кигізіп, көңілін аулады. Нөкерлеріне: "Құмыраны алтынға толтырып, оған беріңдер. Қайтарда оны кемемен Дижлә жолынан апарыңдар. Ол шөл жолынан келген екен. Дижләнің жолы еліне төте. Осы жерден еліне қайтсын!" - деген әмір берді.

Бәдәуи кемеге мініп Дижләні көргенде таң-тамаша болды. Негізгі таңданғаны осыншама суы мол Дижлә өзені тұрғанда Халифаның бір ыдыс шөлдің суын қабыл алуы еді. Аллаһқа шын жүректен шүкіршілік етті.

### **МӘСНӘУИ:**

*"Ей, ұлым! Бүкіл дүниені аузына дейін ілімге, сұлулыққа (әсемдікке) толы бір ыдыс деп біл. Бірақ, осы ілім мен әсемдіктің жарыққа шығуы затының қажеттілігі болып саналатын және жарыққа шықпауы мүмкін емес Аллаһтың Дижләсінің бір тамшысы екендігін білгейсің. Ол жасырын бір қазына еді. Мағрифатына сүйіспеншілікпен қарады. Осылайша ол қазына, өте толы болғандықтан жарылып, өзін жарыққа шығарды. Топырақты, көктен де жарық (көркем) етті. Жасырын бір қазына еді шабыттанды, топырақғы атлас киген сұлтанға айналдырды. Әлгі бәдәуи Аллаһтың Дижләсінің бір тамшысын көрсе, шындығында бір теңіз болған сол тамшының алдында ыдысын лақтырып тастар еді."*

Хикаяда бәдәуи - ақылдың, әйелі болса - нәпсінің үлгісі. Ақыл мен нәпсі үнемі күрес халінде болады. Екеуі де топырақтан жасалған тәнде тұрады. Күндіз-түні тынымсыз таласады. Нәпсінің үлгісі болған әйел тәннің қажеттіліктерін мақсат етеді яғни абырой сұрайды, атақ сұрайды, ілтипат сұрайды, киім сұрайды, дәмді тағамдар сұрайды. Кей уақытта осы қажеттіліктерін жүзеге асыруға шара табу үшін топырақ сияқты қарапайымдылық танытады. Кейде бетін топыраққа үйкеп, өзін ашындырады, кейде тәкәппарланып, шыңға көтерілмек болады.

Ақылдың тәнге байланысты ойлардан хабары жоқ. Оның ойында тек Аллаһ сүйіспеншілігі мен махаббаты бар. Ол сол сүйіспеншіліктен айырылып қалармын деп қорқады, қайғырады.

Хикаядағы Халифа - Рабтың ілімінің шексіз Дижләсі. Дижлә өзеніне бір шелек жаңбыр суын алып барған бәдәуи бұл жағдайда кінәсіз. Өйткені ол, Дижләні білмейтін. Шөлде Дижләдан өте ұзақ жерде тұратын. Дижләні білсе, ол ыдысты шөлде көтермей, бәлкім оны тасқа ұрып сындырар еді. Яғни « » сырына қол жеткізу үшін өзінің нәпсі мен жүрегін тазартып өзінің ісін сынап (қадағалап) Дижләні білуге тырысушы еді.

Нәпсіні көрсеткен әйел мен ақылды көрсеткен бәдәуи нағыз құндылық пен иләһи ләззаттың тән ыдысындағы парасаттылық суында болғандығын білмейтін еді. Бұл тек мағрифат дариясынан алынған несібеге байланысты мәселе. Екінші жағынан хикаядағы "Халифа есігі" - "Аллаһтың құзырын" тәмсіл етеді.

Мүмин қаншалықты білімді, парасатты, бай әрі құлшылыққа ие болса да, осы мүмкіндіктер мен қасиеттеріне алданбауы және сенбеуі керек. Осы құндылықтардың барлығын Раббысының сыйы деп біліп, жеке істерінің (құлшылықтарының) да Дижләнің қасындағы бір шелек су екендігін ұмытпағаны жөн.

Шөлдегі бәдәуидің мындаған қиыншылықпен шөлден жинап Халифаға ұсынған бір шелек суы, ол үшін өмір нәрі еді. Алайда, Дижләға құйылғанда жоқ болып кетті:

Адам баласының адами мүмкіндіктер арқылы шындығына жетуге тырысқан иләһи тәртіп пен олардан түсінері, олардың негізгі ақиқатының қасында Дижләнің бір тамшысы да болмайды. Хикаядағы айтылған су құйылған ыдыс - біздің кішкентай ғана мағлұматтарымыз. Біз тек Аллаһтың шексіз Дижләсынан бейхабар болғанымыздан, өз мағлұматымызды өте кең, ауқымды деп ойлаймыз. Бұл бір құмырсқаның өзінің кішкентай ұясын немесе бір балықтың кішкентай аквариумын үлкен бір әлем деп ойлайтыны сияқты.

Адамның ғапылдығының салдарынан өз ергежейлілігіне қарамай, бейне бір дәудің айнасының өтірігіне алданып, тәмсілдегі құмырсқа мен балықтың жағдайына ұшырауы, қандай үлкен алданушылық.

Тек "болмыс ыдысын" тасқа ұрған Хақ ғашықтары, сол ыдысты сындыру арқылы оны одан да берік әрі кәміл халге айналдырады, бос, көлеңке жаратылыстардың құлдығынан құтылады.

Сірә жаратылыс ыдысы сынған соң, ішіндегі суы сүзіліп, тұнып, мелдір болады да, рухқа сәуле шашады. Яғни, сынған соң барып ерекше көріністер пайда болады.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*"Раббым сені мадақтаймын, сен кемшіліктерден пәксің. Біз сені -саған лайық түрде тани алмадық.."* -деген.

Пәк үмметтің үлкен ғалымдары да әлсіздіктерін мойындаудан бас тартпаған. Бір күні **Халифа Һарун Рашид Имам Әбу Юсуфтан** бір мәселені сұрайды.

Имам Әбу Юсуф:

"Білмеймін"-деп жауап береді.

Халифаның көмекшісі Имам Әбу Юсуфқа:

"Айлығыңыз бен жалақыңыз бола тұра білмеймін дейсіз!.." -дейді.

Сонда Имам Әбу Юсуф жауап ретінде:

"Менің айлығым біліміме қарай. Егер надандығыма қарай болса қазына жетпейтін еді..." -дейді. Ғұлама **Имам Ғазали** де:

"Білгендеріммен салыстырғанда білмейтіндерімді аяғымның астына қойсам, басым көкке тиер еді," -деп әлсіздігін мойындап, қарапайымдылық танытқан. Бұл үлкен адамдар, білетіндерін емес, білмейтіндерінің көптігін мойындаудан бас тартпаған.

**Аллаһ Расулы** (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ілімнің пәлекет және сәлемет сатыларын былай баяндайды:

*"Ілім үш қарыс. Бірінші қарысқа жеткен адам (қол жеткізген азғантай*

мағлұматына өзі тәнті болып) тәкәппарлық пен менмендікке салынады. Екінші қарысқа жеткен адам (иләһи құдірет пен салтанаттың алдында) таң қалады. Үшінші қарысқа жеткен адам болса (Хақ Тағаланың шексіз ілімінің парқын түсініп, өзінің сол шексіз ілімінің қасында ештеме) білмейтіндігін түсінеді."

Адам баласының сүйенбекші болған амалдарына мән беруі - Дижләнің қасында бір шелек су емес пе?

Аллаһ сақтасын, қою Бұлттың күн сәулесіне кедергі болатындай жүрек шайтанға тап болған жағдайда, Рахманның ыдайәты ол жерге қалай жетер? Адам Дижләдан бейхабар болғандықтан үшін бір шелек суды теңіз деп ойлап, өз ойына түншығып қалады.

**Жүнейд Бағлади** Хазіреті мұз сататын бір сатушыға жолығады.

Сатушы:

"Табысы еріп жатқан адамға жәрдем беріндер!"-деп айқайлады.

Жүнейд Хазіреті Бұл сөзді естігенде есінен танып құлайды. Дүниетабысын ақиреттабысына айналдырмайтын болсақ, дүниедегі қажыр-қайрат шайтандармен бөлісетін несібе болып қалады. Нәтижесі - қайғы мен қасірет, екінші. Шектен шыққан ысырап пен мейірімнің жоқшылығы - дүниеде басымыздың бәлесі, ақиретте азап қоры. Өткен күндердің парактары жабылған. Бұларды өзгерту мүмкіндігі жоқ. Келешек күндеріміз күмәнді.

Мүмкіндік осы сәт. Осы сәтіміздің маңдай терін өмір егістігіне дән етіп ексек, иншаллаһ ақиретіміздің зәулім сарайы болады. Шәйх Сағдидің айтқаны сияқты.

"*Жер беті - Рабтың әркімге ортақ дастарханы.*" Дүниеде "**Рахман**" сипатының көрінісі ретінде барлық мақлұқатқа мол ризық беріледі. Жегізеді, ішкізеді, кигізеді. Дос - дүшпан бағынушы - бас көтеруші деп бөлінбейді. Аллаһ Тағаланың терең мархабаты барлық мақлұқатты қамтиды.

Тікен қапты кірпінің күшігін құшағына алғызуды, тіпті кәпір де болса зұлымдыққа ұшыраған адамның қарғысының қабыл болуы осы ауқымды мархабаттың нәтижесі. Әлемдегі иләһи өнер, хикмет пен ғибрат көріністері, нәпсілік пен төмен сезімдер және іс-әрекеттермен негізгі жаратылысы бұзылмаған адамды пәктік, тазалық, сезімталдық және қорқыныш (құдайдан) сияқты пәк сезімдерге бөлейді.

Арнайы дастархан "**Рахим**" сипатының көрінісі ақиретте болады. Бұдан тек мүминдер пайдалана алады.

Бұл арнайы дастарханда ең үлкен нәсіп "**жөннат**" және "**рү'йәт-жәмәлүллаһ**", яғни Аллаһ Тағаланы толған айды көргендей көру нығметі бар. Адам - барлық иләһи есімдердің кәміл көрінісі болғандықтан үлкен әлемнің кішкентай үлгісі. Оның топырақтан жасалған түрі -жаратылысының сыртқы көрінісі. Фәни көрінісі. Шынайы жаратылысы -сырлар, нұр мен иләһи ақиқаттың жасырын қазынасы. Адамның қасиетті сипаты осы. Жаратылыс мақсатына сай мағрифат теңізінен нәсіп алуы осыған байланысты.

Көбелектің жануға бел буып, жарыққа ынтықтығы сияқты, **Халлаж Мансур** да сыр теңізінің толқынында фәни жаратылысын жоқ етуге қадам басты. Иләһи көріністермен өзін жағып жіберді. Рухы өсіп, фәйізге толғанда, нәпсісі әлсіреп, бітетін жеріне жетті. Өзіне өзі оғаш (бөтен) бола бастады, одан құтылуға тырысты. Көп, ауыр көріністерге шыдай алмады. Мастыққа бой алдырып:

"Достар, мені елтіріндер! Өйткені менің мәңгілік өмірім өлімде,"-деді.

Таспен атылған кезде оны жаралаған жалғыз нәрсе - досының оған лақтырған бір қалампыры болды. Осындай дүниеуи көңіл мен жылы жүз оған ауыр тиді.

Басқаша айтқанда, Бұл жағдай фәни жаратылыстың мәңгілік жаратылысқа ынтық болып, құлдың өлімсіздікке қауышуы.

Теңізге тамған тамшы болмысының суда жоқ болып кететіні сияқты, теңізге шомылған адам да судан басқа ештеңе көрмейді.

Осы мәртебеге жеткендер барлық нәрсені, тіпті өзін де Хақ деп біледі. Бірақ Бұл ерекше өткінші бір хал. Ол хал еткен соң "Хақ өзінше Хақ, заттар өзінше зат" болады.

Хадис шәрифте бұл халге мынадай мысал беріледі:

*"Жер бетінде тірі жүрген өліні көргісі келген адам Әбу Бәкірге қарасын!"*

Мархабат пен әділдікте аты аңызға айналған **Хазіреті Омар** (радиаллаһу анһу) Шамға бара жатқанда кезек құлына келгендіктен түйеге соны мінгізеді. Өзі қалаға жаяу кірді. Халық құлды халифа деп ойлады.

Хазіреті Омар қайтыс болған соң достары оны түстерінде көреді: "Раббымыз сені қалай қарсы алды?"-деп сұрағанда, Ол: "Әлхамдүлиллаһ, "Рахман және Рахим Раббым бар,"-деді.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Егер пақырлық жомарттықтың айнасы болса, онда айнаның бетін Бұландырудың зиян екенін біл."*

Яғни, пақыр мен ғаріпті қуу үшін ауыздан шыққан әрбір дауыс және дем оның көңілін ренжітеді. Беті Бұланған айна сияқты жүрек Бұланады. Мөлдірлігі мен тереңдігінен айырылады. Жомарттығың нәтижесін көрсетпейді. Амалдарың мен қайырларың үнемі көзіңе үлкен болып көрінеді. Бізді алдайды. Бізді ләззаттың соңына ертеді. Дижлә мен оның иесінен бейхабар болғанымыздан бір шелек су біздің көзімізге теңіздей болып керінеді.

Дүниеуи сұраныстарымыз бітпейді. Қолымыздағы барлық нәрсені езіміздің табиғи хақымыз деп санаймыз. Бізден бір нәрсе сұраса, ез мүлкімізден сұрап тұрғандай қалып танытамыз. Осының нәтижесінде аманат пен жомарттықтың пәк және тұнық айнасына дақ түседі.

Алайда Аллаһ Тағала аятта:

فَأَمَّا الْيَتِيمَ فَلَا تَقْهَرْ وَأَمَّا السَّائِلَ فَلَا تَنْهَرْ

**"Жетімді қорлаушы болма! Пақырды да құма** (яғни алақан жайып сұрауға мәжбүр болған кедейді қорлап, бос қайтарма)!"- (Дұха, 9-10) деп бұйырады.

Мәуләнә (құддисә сирруһ) тағы бір шумағында:

**"Сұлулар тұнық, мөлдір айна іздейтіні сияқты, жомарттық та пақыр және зағип адамдарды іздейді. Сұлулардың бейнесі айнада сұлу көрінеді, нығметтер мен жақсылықтың әсемдігі де пақыр және ғаріптер арқылы белгілі болады,"**- дейді.

Сұлулар сұлулығы мен денесін тамашалау үшін айнаның тұтқынында болады. Тіпті, арты көлеңке әйнектерге де өздерін көру үшін қарап өтеді. Рухани және негізгі сұлулық болып саналатын жомарттық та өзін бишаралардың, пақырлардың көңіл айнасынан тамашалайды.

Және де Мәуләнә (Қ.ұддисә сирруһ) былай дейді:

**"Олай болса, пақырлар - илғи мархабаттың, Раббани жомарттықтың айнасы. Хақпен бірге болғандар және Хақжолында жанын салғандар үнемі жомарт болады."**

**Хазіреті Жәбірдің** риуаяты бойынша Тәфсири Хазинде былай делінеді:

"Кішкентай бір бала Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына келді. Анасының бір көйлек сұрағанын жеткізді.

Сол кезде Расулұллаһтың (оаллаллаһу алейһи уәсәлләм) үстіне киіп жүргенінен басқа көйлегі жоқ еді. Балаға басқа кезде кел деді. Бала кетіп қалды. Қайта келіп, анасының Хазіреті Пайғамбардың киіп жүрген көйлегін сұрағанын айтты. Сонда Хазіреті

Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), өз бөлмесіне кіріп, үстіндегі көйлегін шешіп балаға ұсынды.

Сол кезде **Біләл** (радиаллаһу анһу) намаз уақыты кіргендіктен азан шақыра бастады. Бірақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үстіне киетін ештеме таба алмағандықтан жамағатқа бара алмады. Кейбір сахабалар не болғанын білмек болып келіп, Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейлексіз екендігін көрді.

Байлық - аманат. Оның бақыты мен ләззатына жету, тек қана пақырлардың ауыртпалығын сезініп, жүрегімізден оларға мейірім мен мархабат терезесін ашу арқылы мүмкін болады.

**Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

***Мейірім мен мархабатта күн сияқты бол! Басқалардың айыбын жасыруда түн сияқты бол! Жомарттықта азын су сияқты бол!***

***Ашу мен ызада өлі сияқты бол!***

***Кішіпейілділік пен қарапайымдылыққа топырақ сияқты бол!***

***БОЛҒАНЫҢДАЙ КӨРІН,***

***КӨРІНГЕНІҢДЕЙ БОЛ!..***

Адам өзін қалай көрсетсе де, оның көңіл ыдысында не болса, сыртқа сол тегілетіндігін ұмытпаған жөн. Өйткені, қаншама ғашықтық пен махаббат отына жанғанын айтқан ыдыстар бар, нәтижесінде ғапылдық-тың суы болып аққан. Сол сияқты қаншама өмір нәрі туралы айтқандар, одан бір тамшы жұта алмаған, жұтқыза да алмаған. Ал, керісінше, қаншама қарапайымдылыққа жасырынып, сырттан қарағанда бос ыдыс сияқты көрінген қас құлдар, көңіліндегі бір тамшының ішінде түпсіз -шексіз мұхит болған, Аллаһ оларды өртеніп, шөлдеген ғашықтарға бір кәусар суы сияқты ұсынған.

**Аллаһ Тағала барлығымызға дүниеде осы бір кәусар мен жәннат бұлағынан тамшылар сыйлап, бізді иләһи құзырында қабылданатын ықыласты және шынайы көңіл ерлерінен қылғай!**

**Әмин!**

### **КӨҢІЛ АЙНАСЫНАН**

*"Көңілдерін әрлендіргендер, түрлі-түстен, иістен құтылады. Әрбір демінде ізгілікті көреді. Олар ілімнің қабығындағы нақышты тастап, айнал-яқин байрағын желбіреткендер."*

***Хазіреті Мәуләнә***

Бір күні қытай суретшілері:

"Біз - түрік суретшілерінен де ілгеріміз, өнерліміз,"-деп мақтанады.

Сонда осыған жауап ретінде түрік суретшілері де:

"Жоқ, біз сендерден жоғарымыз. Біздің өнеріміз алда,"-деп бұған қарсы шығады.

Мұны естіген Сұлтан суретшілерден емтихан алуға шешім қабылдап, екі жаққа да:

"Бір-бірлеріңмен таласқанды қойып, өнерлеріңді көрсетіндер!"-дейді.

Екі жақ та Сұлтанның ұсынысын қабыл алды. Бірақ қытайлар өздерінің жасағандарын түріктер көшіріп алмасын деп, бөлмені қалың пердемен бөлді. Сұлтаннан түрлі-түсті бояу сұрады.

Түрік суретшілері көп нәрсе талап еткен жоқ. Тек қана қабырғадағы кірлерді кетіріп оны тегістеп, жарқырататын бір нәрселерді алды. Түрлі-түстіден гөрі түссіз болуды таңдады. Өйткені олар түссіздіктің артықшылығын білетін еді. Осыншама көп түстің

ақыры түссіздік екенін де білетін. Өнер - түстің көптігінде емес, түссіздікті көрсете білуде. Әйтпесе аспандағы Бұлттардың, дариядағы судың ез түстері жоқ. Оларды әртүрлі түске бөлейтін аспандағы күн.

Жұмыс біткен соң Сұлтан алдымен қытай суретшілерінің бөлмесіне кірді, суреттерін ұнатты. Көрген түстердің салтанаты мен әсемдігіне шын көңілден тәнті болды.

Кезектүрік суретшілеріне келген кезде, олар ортадағы пердені алуды өтінді. Перде алынған кезде түрік суретшілерінің тегістеп, айнадай етіп жалтыратқан қабырғадан жан тартар сұлулық пен өнер көрінді. Негізінде оған шағылысқан қытай суретшілерінің суреттері болатын, бірақ олардан да жарық, әрі қаншама есе әсем көрінді. Осы тамаша көріністі көріп, таң қалып, есінен танған Сұлтан Түрік суретшілерін марапаттады.

Осылайша түрік суретшілері ешқандай сурет салмай-ақ, тек қытай суретшілерінің туындыларын мыңдаған өнермен жарқыратқан қабырға-да көрсеткендіктен, олардан да өнерлі деп саналды.

### **МӘСНӘУИ:**

*"Ей Ұлым! Сопылар түрік суретшілері сияқты. Олардың не жатталып қайталанатын сабағы, немесе кітаптары, не болмаса өнер көрсетуге ынталары жоқ. Яғни олар сыртқы ілімдердің ауқымы ішінде қысылып қалмай, түрдің (көріністің) кедергісінен құтылған.*

*Олар көңілдерін кәміл түрде жарқыратқан мөлдір айна сияқты тозаң-топырақ, кірлерден аулақ болған. Сол үшін олардың көңіл айнасына ең шынайы әсемдік шағылысады. Көрініс осындай таза жүрек айналарында Хаққа қауышқан сопылық көңілдерде жарыққа шығады.*

*Олардың көңілдерін осы әсемдікке жеткізу үшін тазартқан нәрселері - өштік, тәкәппарлық, менмендік, әуесқойлық, көрсекызарлық, ашкөздік пен басқа да дүниелік құмарлықтар.*

*Аллаһ Тағала Мұсаға (аләһиссәләм):*

*"Ей Мұса! Қолыңды қойныңа тық, кіршіксіз әппақ болып шықсын!" -деп, бұйырған еді.*

*Муса (аләһиссәләм) осы бұйрықты орындағанда, қолының күн сияқты әппақ болғанын және нұр шашып тұрғанын көреді. Өйткені Хазіреті Мұсаның көңіл айнасына гайып әлемінің ушы-қиырсыз және бейнесіз шексіздігі шағылысқан еді. Яғни Хазіреті Мұса (аләһиссәләм) қолын иләһи өнерді көруден басқа барлық нәрседен аулақ тұтып, жүрегінің үстіне қойған кезде, қолы көрініс нұрларымен жарқыраған жарық шеңберіне айналған еді.*

*Мұсаның (аләһиссәләм) көңіліне шағылысқан ұшы-қиырсыз шексіздік, шындығында, көкке де, жерге де, теңіздерге де сыймайды. Өйткені Бұл айтылғандардың, өлшемі бар. Алайда, шексіз нәрсенің, шекті нәрсеге сыюы мүмкін емес. Сондықтан шегі жоқ зат пен сипат, тек көңіл айнасына ғана шағылысады. Өйткені көңіл айнасы да, өзіне шағылысқан әсемдік пен иләһи сырлар сияқты шексіз. Раббтың көріністеріне толған көңіл айнасы - шексіз, сансыз шексіздіктің көрініс табатын орны.*

*Көңілдерін Аллаһқа деген ғашықшылықпен жарқыратқандар ол жерде әрбір сәт басқаша әсемдіктің шағылысқанын көреді, әр сәт сайын Аллаһтың сансыз құдірет ағысының біріне куә болады. Яғни, өздерінде жасырын түрде орын алған "ахсәни-тақуим" ақиқатына көз жеткізеді. Өйткені олар біздің әсемдігіне жүгінген жалған түстер мен иістерді артқа тастаған.*

*Өйткені олар мағрифатұллаһқа қол жеткізген. Дүние ілімдерінің қабығындағы нақышты тастап, "айнәл-яқин" байрағын көтергендіктен, олар осының нәтижесінде*

"хаққал-яқин" мәртебесіне жетіп, иләһи шексіздікті сол жерден тамашалайды.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді:

"Менен кейін үмбетім хақында үш нәрседен қорқамын:

1. Әуестік пен құмарлыққа салынудан,
2. Асқазан мен жыныс құмарлығына түсуден,
3. Білімнен кейін ғапылдыққа түсуден..."

Білім - кітапқа тән нәрсе. Парасаттылық болса - оның кемелденіп, тұлғаланған түрі. Сол себепті білімді парасаттылыққа айналдырмай салих амал жасамағандар үшін, таяз және бос қалу қаупі бар.

Әлемді көңіл көзімен тамашалағанда, ол нәзік мақсаттар мен пәк хикметтер жиынтығы екендігі белгілі. Әлемнің ғибрат көрмесі екендігі түсініледі. Қандай жағдайда да бұл дүние - емтихан атмосферасына толы иман дәрісханасы.

Иләһи тәрбие мен басшылық үкім жүргізген бұл әлемде бос нәрселер жолында жүріп, пәк сипатына нұқсан келтіргендер - шынайы бақыттылықтан мақрұм қалатын өмірдің жетімектері. Әуесқойлықтың иірімінде тұншығып жоқ болады.

Ақиреттің міндетті түрде болатындығын білдіру үшін Аллаһ (жәллә жәләлуһу) былай бұйырады:

**"Жоқ... Біледі, кейін әлбетте түсінеді!"** (Нәбә, 4-5)

Пайғамбар жіберу, олардың тілімен, ілімімен, жол көрсетуімен және ахлағымен адамзатты кемелдендіру сияқты көріністердің барлығы - иләһи сыйлық пен жомарттықтың көрінісі.

Адам өзіне және айналасына байыпты көзбен қараса:

"Анық және айқын күш пен салтанаттың алдында ақиреттен ғапыл (бейхабар) өмір сүрудің күлкілі және оғаш нәрсе" екендігін түсінетін болады.

Соңын ойлаған әрбір ақылды адам, шексіз құмарлықтарға, әуестіктерге, өткінші фәни алданыштарға шек қою, махаббатты иләһи мақсатқа бұру жаратылыс мақсатының шарты болғандығын оңай түсінеді.

Мешіттер мен медреселердің қабырғаларына жазылған **"Хош қара, уа һу (Аллаһ)", "Бұл да өтер, уа һу", "Әдеп, уа һу"**, ақыры "Еш" сездерінде қандай керемет ақиқат белгілері мен ескертулері бар.

«خُوشٌ خُورٌ يَا هُو» (**Хош қара, уа һу**): "Ешбір мақлұққа зиян келтірме!

Ешбір мақлұққа ренжіме!"-деген тәлім - таза жүректің сипаты осы. Шайыр мұны қандай тамаша жеткізеді:

*Жиһан бағындағы ей, ғашық, адам мен жынның мақсаты мынау; Не сен ешкімді ренжітпе, не сен ешкімге ренжіме!..*

Басқаша айтқанда, "себептер әлемінен шық, иләһи мақсатқа разы бол!"-деген тәлім.

Бірақ, бұл хош көру ісі - Раббтың кешірімімен хош көрген нәрселері екендігін айта кету керек. Әйтпесе пасықтық пен күнәға ешқашан хош қарауға болмайды! Өйткені ондай істер - Раббыға қарсы иләһи азапты қажет ететін опасыздық болып табылады.

«أَدَابٌ يَا هُو» (**Бұл да өтер, уа һу**) сөзі, құлға былай дейді:

"Ей адам! Саған келген қайғылар мен қуаныштар - саған қонақ. Оларды үнемі деп ойлама! Келген фәни қайғыларды уайымдама, өйткені олар өткінші. Фәни қуаныштарға да мәз болма, өйткені олар да өткінші. Яғни сен бір мейманханасың, қайғылар мен қуаныш сенің өткінші бірнеше күндік қонақтарың.

Қайғырып, уайымдауға себеп болатын мейманханадағы заттар болса, олар тек сенікі ғана емес. Сенен кейінгілерге де тән. Бейне бір мұра мүлкі сияқты, сол үшін олар туралы қайғының дариясына тұншығуға түрмайды!.."

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруь) былай дейді: "Ей Хақ жолаушысы! Қайғы, қасіретің бар болса қуан! Олар жардың саған арнап әзірлеген табысу тұзағы. Өйткені адам қайғы-қасіретке ұшыраған кезде Хаққа сиынып, Хақты еске алады."

*"Қайғы-қасірет – қазына.. Сенің ауруың мен басыңа түскен пәлекеттер мен ауыртпалықтар да - бір қазына."*

*"Сондай-ақ қайғы-қасірет - көңіл айнасының бетіндегі шаңын үрлейтін рухани самал, оны жаман дауылға теңеме!.."*

*"Бұл ғашықтық жолында мені қайғыдан басқа ешкім есіне алмайды, қайғы-қасіретке мыңдаған рет бәрекелді (рахмет)..."*

Осы сырды түсінген шайыр жардан келген әрбір нәрседе өзгеше бір нығмет бар екендігін, қайғы-қасіреттің езі мыңдаған хикметке байланысты берілетіндігіне назар аударып, қайғы мен ауыртпалық емтиханының, жардың өз жолында жан қиған шынайы ғашық пен барлық жетістігі - көрсетушілік пен сөз ғана болған жасанды ғашықтарды бір-бірінен айыру үшін әзірлеген, бір өлшемі екендігін баяндау үшін былай дейді:

**Жар бейнеті - бейнет емес бәрі зейнет, Жарды бейнет қылады деген зейнетті емес!..** Өйткені, халық арасында қаһар сияқты көрінген қайғы-қасірет - Хақ ғашықтары үшін иләһи сый. Қайғы-қасіретті көңіл Хақты көбірек еске алады. Мойынсұну Бұлағынан қорек алады. Хақ Тағала осы жақындығы үшін оларды арнайы сыйға бөлеп көңілдерін шат қылады.

Хазіреті Мәуләнә осы ақиқатқа байланысты парасат жолындағыларға былай деп ескертеді:

*"Ей, бұлбұл! Қара қыс деп қашанғы зарлайсың? Ей, бұлбұл! Тоқтамастан бейнетті айту дұрыс па? Егер көңілің жарыңа расында да тәуелді болса, көзіңді ашып шүкіршілік ет, зейнет туралы айт! Тікенді қой, гүл туралы айт! Гүлдің сабағы мен тамыры туралы сипаттарын таста, оның өзіне қара! Бұл фәни әлемге неге осыншама көңіл бөлесің, әлде арғы жаққа барғың келмей ме?!"*

«أَدَابٌ يَا هُو» (Әдеп, уа һу) сөзі - құлды қай жағынан болмасын әдепке шақырады.

Өйткені әдеп - ахлақтың шыңы. Тасаввуфтың мақсаттарының бірі. Бұл шикі адамды ихсан сезімі арқылы кәміл адам дәрежесіне көтеріп, Аллаһ алдында әдепті қылу, бұл әдептің ең жоғарғысы. Екінші әдеп, Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) байланысты. Аллаһ Тағала Хұжурат сүресі мен басқа сүрелерде мүминдерге Аллаһ Расулының (сапалаллаһу алейһи уәсәлләм) алдында әдеп сақтауды арнайы әмір етеді.

Бұл әдеп - ұстазға, әке-шешеге, мүминдерге және осылай тізбектеліп, барлық мақлұқатқа созылады.

**Суфиян Сәури** (құддисә сирруь) былай дейді:

"Тамаша әдеп Аллаһ Тағаланың ашуын басады."

**Ибн Аббас** (радиаллаһу анһу) былай дейді:

"Барлық әдептің басы - рахат кезде де, қиыншылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мойынсұнып, тиымдарынан қашу." Және былай деген:

Үш қасиетке ие болған адам құр алақан қалмайды:

1. Жақсы әдепке ие болған,
2. Әдепті адамдармен бірге болған,
3. Басқаларға зиян келтірмеген.

Әдептің ерекшелігін шайыр қандай тамаша баяндаған:

*Әдеп Кұдай нұрынан берілген бір тәж екен. Сол тәжді киіп, бар бәледен аман бол!..*

Юнус Әмрә Хазіреті бұл ақиқатты былай тілге тиек етеді:



*Ғылым мәжілістерінен талаптанып іздедім,  
Ғылым артта, алдымен әдептілік қажет екен...*

Осы мәселеге байланысты кейбір әулиелер тасаввуф "әдептен тұрады" деп танымдаған.

**Хатем-Әсам** Хазіретінің мына мысалы өте ғибратты:

Зағип, қайғылы, көңілі құлазыған бір әйелмен сөйлесіп отырады.

Әйел қайғысын қасіретпен баяндап жатқан, сол тебіреніс кезінде өте жағымсыз бір дауыс шықты. Әйел шам сияқты еріп, қиналып, күйреді. Тым-тырыс... Шәйх ескерткіштен де сезімсіз бір айбынмен әйелге қарап:

"-Айтқандарыңызды естімедім, құлағым әрең естиді, дауыстап сөйлеңіз, айқайлаңыз! Мен саңыраумын!"-деді.

Айыбының жасырын қалғанын түсінген зағип, қайғылы әйел, бір сәтте өмірге қайта келді. Ешбір халықтың қарым-қатынас әдебінде теңдесі байқалмаған осы тамаша қасиет оған "**әсамм**" (саңырау) деген лақап тақтырды. Міне, нағыз Исламның кішіпейілділігі мен әдебі.

Осы оқиғадан кейін Хатем Хазіреті әдеп көрсетіп, сол әйел қайтыс болғанға дейін халық арасында саңырау болып көрінді. Бірақ, әйел қайтыс болғаннан кейін айналасындағыларға:

"Енді құлағым естиді, жәй ғана дауыспен сөйлессендер болады,"-деді.

Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әдебін өздеріне үлгі-өнеге етіп ұстанған әулиелердің осы сияқты үлгілері өте көп.

**Ибн Ата** (құддисә сирруһ), әдептілік жайлы былай дейді:

Кімде-кім салихтардың әдебіне қол жеткізген болса, оның төсеніші кереметтік төсеніші;

Кімде-кім әулиенің әдебіне қол жеткізген болса, оның төсеніші әулиелік халден бір төсеніш;

Кімде-кім пайғамбардың әдебіне қол жеткізген болса, оның төсеніші Аллаһқа жақындықтың төсеніші болады;

Және кімде-кім әдептен мақрұм болса, ол барлық жақсылықтан мақрұм қалған деген сөз."

**Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

*"Кімде-кім әдептен нәсібін алмаған болса, ол адам емес. Өйткені, адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық, ол - әдеп. Көзіңді ашып, Аллаһтың кітабы Құран Кәрімге абайлап қара! Оның аят-аят әдеп екендігін көресің."*

«عش» **Еш** - сезіне келер болсақ, бұл мендік сезімнен айығуды білдіретін сөз.

Өйткені, иләһи сырларды түсіну нәпсіқұмарлықтардан арылумен басталады. Сондықтан "ешке" жеткеннен кейін ғана рухани кемелдіктер басталады.

Тасаввуфтың бір мақсаты - иләһи ұлылық, салтанат пен тәртіп алдында құл өзінің кішілігін, "еш" екендігін және Раббының ұлы құдіретін көруі. Сондай-ақ Аллаһ Тағала бұл ақиқатты уақ-уақ әр түрлі емтихандар арқылы құлдарына ескертеді. Тіпті, айбынды салтанат пен байлық сыйлаған пайғамбары Сүлейменді (аләһиһиссәләм) де біраз уақыт жансыз дене ретінде қалдырып, оған әлсіздігін білдірген. Аят кәрімәде адамға бағытталып былай дейді:

**"Ештеңе емес кезде сені жараттым!.."** (Мәриям, 9)

**"Сендерге жеткен нығмет Аллаһтан. Сосын (әрі) сендерге бір қиыншылықкелген кезде детексоған жалбарыныңдар."** (Нахл, 53)

Еш болу - адамның осы аяттарға ой жүгіртіп, түсінуі. Өйтпесе адам өз ішіндегі

нәпсінің тұзағына түсіп, Нәмруд пен Перғауын сияқты тәңірмін дейтіндей ақымақтық пен бақытсыздыққа тап болудан өзін сақтай алмайды. Сол үшін тасаввуфта фәни болу халі (ештік сезімі) өте **маңызды**.

**Бәязиди Бистами** (құддисә сирруу) еш болу халін мына дұғасы арқылы қандай жақсы көрсетеді:

"Илайым! Менің мендігімді ортадан шығар, мендігім сенде жоқ болсын, мен арада еш болайын! Өйткені, мен сенімен болған жағдайда барлығымен бірге болғаным деген сез. Егер әркіммен бірге болсам, сенімен бірге бола алмаймын. Бұл сенің жолыңда мен үшін ең үлкен кемшілігім мен шикілігім болады."

**Мұхаммед Ұфтаде Хазіреті** өзіне байланған шәкірті **Азиз Махмұдтың** абыройлы қазылық міндетінен келгендігі үшін оған ең алдымен еш екендігін сездіру жолын таңдап алып, Бурса базарында бауыр саттырумен қатар басқа медреселердің әжетханасын тазалау қызметін де соған жүктеген еді. Осылайша Махмұд қазы, патшаларға бағдар беретіндей кемелдікке қол жеткізіп, ұстазы оған "**Һүдайи**" деп ат қойған.

Үлкен әулие **Абдулқадир Гейлани** Хазіреті сыртқы ілімнің кемеліне жеткеннен кейін "ешке" қол жеткізу үшін ұзақ, уақыт Бағдаттың үйінділерінде өмір сүреді.

Әулиелердің сұлтаны болған **Шах Нақшибәнд** (құддисә сирруу), тәкаппарлық пен менмендіктің антонимі еш болу халіне жету үшін алғашқы тасаввуфты ұстанған жылдарында жеті жыл науқас адамдарға қызмет етіп, жеті жыл мақлұқтардың жүретін жолын тазалаған.

Үлкен Аллаһ досы Шах Нақшибәнд **Әмір Күлал** Хазіретінің тәрбиесінде өткізген рухани сатылар мен нәпсіні тазарту күресін былайша баяндайды:

Ізденісте жүрген алғашқы күндердің бірінде ұлы Аллаһтың сүйікті құлдарының бірі Әмір Күлал Хазіретіне жолықтым. Сол кезде еліктеушілігім басым еді. Маған былай деді:

"Көңілді аула, әлсіздерге қызмет ет! Әлсіздер мен кеңілі қаяуларды қорға! Олар халықтан ешқандай пайда көрмейтін адамдар. Сонымен қатар толық жүрек тыныштығы, кішіпейілділік, бәсеңдікте қалып қояды. Оларды іздеп тап!"

Осы қадірлі адамның бұйрығын ұстандым. Айтқан жолында ұзақ уақыт еңбектендім.

Ол Аллаһ досы осыдан кейін маған хайуандарға қарауды әмір етті. Олардың ауруын емдеуімді тапсырды. Жалғыз өзім олардың жарасын таңып, тазалауымды және бұл істерімді жақсы ниетпен, ықыласпен жасауыма кеңес берді.

Бұл қызметті де орындадым. Маған қалай айтса, солай істедім. Осы кезде менің мендігім кетіп бара жатқанда бір итті көрсем, сол жерде тоқтап, алдымен соның өтіп кетуін қалайтын дәрежеге жетті. Одан бұрын қадам баспайтын едім. Осылай жеті жыл жүрдім.

Осыдан кейін маған өз иттеріне адалдықпен, құрметпен қарауымды және олардан көмек сұрауды бұйырды:

"Сол иттің біреуіне қызмет еткен кезде, үлкен бақыттылық сезінесің," - деді.

Оның бұл әмірін ғанибет деп білдім. Ешқандай қажыр көрсетуден қол үзбедім. Оның меңзеген мағынасын түсіндім, берген сүйіншісін күтіп, бір иттің қасына бардым. Менде сондай бір хал пайда болды. Оның алдында тұрып, жылай бердім. Бейне бір сол ит маған Кәһф иелерінен фәйіз алған Қытмир сияқты еді.

Мен солай жылап тұрғанда ол шалқалап жатып, аяқтарын көкке көтерді. Осыдан кейін аянышты дауыс шығарып, жылап қыңсылай бастады. Менде қолдарымды жайып, кішіпейілділікпен, қаяулы көңілмен:

"**Әмин!**"- дедім.

Ол да қыңсылағанын тоқтатып, аунап түсті.

Тағы бір күні, үйден шығып кейбір жерлерге бардым. Жолда күннің түсіне қарай түсі өзгертін бір хайуан көрдім. Рухани ләззатқа батқандай еді. Мен одан қатты әсерленіп, өзіме-өзім былай дедім:

"Осыдан шапағат сұрайын. Осы сәт Бұл мүбәрәк хайуан шапағат мәртебесінде."

Сосын оның алдына барып әдеппен, құрметпен тұрдым. Қолдарымды жайдым. Сөйтіп ол мүбәрәк жануар берілген әлемінде әр түрлі халге түсті де шалқалап жатып көкке қарады. Сол жағдайда мен:

"**Әмин!**"-дедім.

Осыдан кейін ұстазым, маған жолдағы халықтың жүруіне кедергі болған нәрселерді тазартуды бұйырды. Бұл іске де сол жеті жылда бел шеше араластым. Тіпті, жолдың тас-топырағынан етегім үнемі шаң болып жүрді.

Қысқасы, ол адам Әмір Күлал Хазіреті, маған не бұйырса толық адалдықпен және таза ниетпен орындадым. Рухым шексіз ләззатқа батты, халім қатты өзгерді. (Әл-Хадикатул-Уәрдия, 545-547)

**Имам Ғазали** Хазіреті өз заманындағы барлық ілімдердің шыңына жете тұра Раббыға жақын болуға қол жеткізу үшін ұзақ уақыт "еш" халінде өмір сүрді.

Пайғамбарымыз дәуірінде мүминдерге ұлы Бәдір жеңісін нәсіп еткен ұлы Жаратушының Пайғамбары мен мүминдерге бағыттап:

"(Сол күні) **оларды сендер өлтірген жоқсындар, оларды Аллаһ өлтірді.** (Ей Расулым) **Атқан кезде Сен атқан жоқсың, Аллаһ атты...**"-(Әнфал, 17) деп бұйыруы, осы еш болуды меңзейді.

Адамның қолындағы құдірет иләһи тағдыр шеңберінде болады. Сол себепті «**لَا حَوْلَ إِلَّا بِاللَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ**» "Ұлы Аллаһтан басқа (ешкімде) күш, қуат жоқ"-делінген.

Өйткені, ежелде ешқандай нәрсе жаралмай тұрғанда, тек Аллаһтың көмегімен жаратылған барлық жаратылыстың қолындағы нәрселер, Раббысы тарапынан берілген. Сол себепті абсолютті (күш) еркіндік, барлық оқиғаларды, құбылыстарды және мақлұқатты қамтып, шеңберіне алады. Бұл - ерік пен күштің негізі Жаратушыға тән деген сөз. Бірақ, адам Бұл дүниеге сынақ үшін жіберілгендіктен оған шектеулі еркіндік беріліп, адамға жақсылыққа да, жамандыққа да қолайлы қабілет берілген. Қолдану күші оның еркіне берілген.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Осы бір-бірімізден үстем болуға ұмтылуымыз не? Нәтижесінде бәріміз бір сарайдың есігінде тұрған жоқпыз ба? Аллаһ: "Ей адамдар! Бәрің пақырсындар, бай тек менмін!.." демей ме?!"*

Юнус Әмрә Хазіреті мағрифаттың ақиқатын қандай тамаша баяндайды:

*Ілім, ілімді білу, Ілім, өзін білу. Сен өзіңді білмесең, Бұл қандай оқу?!*

**Аллаһ Расулы** (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай дейді:

*"Егер Аллаһтан қажетінше қорықсаңдар, онда шынайы біліммен заттарды тани бастайсыңдар;*

*Егер Аллаһты лайықты түрде танысаңдар, дұғаларың арқылы тау орнынан қозғалады."*

**Имам Ғазали** Хазіреті ілімнің шыңындағы кезін былай баяндайды:

"Ақыл" және шарифат ілімдерімен айналысып жүргенмін. Көп шәкірттерім бар еді. Халімді ойладым. Байқасам, көптеген пәлекеттер-дің ішінде қалыппын. Ілімдегі ниетімді ойладым. Аллаһ ризашылығы үшін емес, атақ-абырой, мәртебе араласқан екен. Жойылуға шақ қалғаныма көзім жетті. Шыңыраудың шетінде тұрмын. Өз-өзіме:

"Қане, тездет, өмірің аяқталуға жақын. Жеткен ілімің ақиқатқа айналмайтын болса, бір алдамшы ғана болып қалады. Қазір қажетсіз байланыстарды үзіп, кедергілерді жоймайтын болсаң, ақырың не болады?"- дедім.

Сол кезде бір халге тап болдым. Дүние мен дүниелік адамдардан қашу және дүниелік қалаулар мен ақиреттік қалаулардың арасында таң-тамаша болып, алты ай алай-дүлей жылап күй кештім. Жүрегім сыздады. Әлсіздігімді көріп, түсіндім. Еркімнің құлдырағандығын байқадым.. Дауасыз дертке, шарасыз науқасқа тап болған адамдай, Аллаһқа жалынып, жалбарынып, мінәжәт еттім. Ақыры, Нәміл сүресінің 62-аятында:

**"Қиыншылыққа тап болған адам дұға еткен кезде, оның дұғасын қабылдап, қиыншылықты жойған..."** - делінгені сияқты, Аллаһ Тағала дұғамды қабыл алып, жүрегімді оятты. Ішімдегі мал-мүлік, мәртебе құмарлығы жойылды. Бәрінен сырт айналдым.

Зікір, ұзләт, қылуат, күрес, риязат, нәпсінің тазалығы мен ахлақтың кемелдігімен айналыстым. Аллаһқа қауышқандар мен ыдайәт жолындағылардың, әсіресе тасаввуфшы болған ұлылар екендігін илмәл яқин арқылы білдім. Еңтамаша мінез-құлық соларда. Өйткені, олардың ішкі-сыртқы халдері пайғамбарлық нұрынан алынған. Жер жүзінде пайғамбарлық нұрынан басқа нұр жоқ."

**Аллаһ Расулы** (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай дейді:

*"Кімде-кім білімін арттырып, (сонымен қатар) дүниеде зұһд-тақуалығын арттырмаса, (Ол тек) Аллаһқа деген ұзақтығын арттырған деген сөз. (Яғни Аллаһтан алшақтайды)..."*

Сондықтан Хазіреті Мәуләнә парсаттылыққа жетпегендердің, яғни салих амал істемейтіндердің айтқан хикметті сөзін қарызға алған әшекейлі киімге ұқсатады.

**Расулұллаһ** (саллаллау алейһи уә сәлләм)

*"Ішіне нұр кірген жүрек ашылып, кеңейеді, "*-дегенде:

*"Мұның белгісі не?"* деп сұрайды.

Ол:

*"Фәни дүниеден алыстап, мәңгілік ақирет өлкесіне көңіл бөлу және келмей тұрып, өлімге әзірлену, "*-деп бұйырады.

**Сахаба Зәйд бин Харисә** (радиаллау аһу):

"Дүниенің нәпсілік құмарлықтарынан бас тартқан кезде, күндізім сусыз, түнім ұйқысыз өтетін халге жетті. Раббымның ғарышын айқын көргендей болдым. Бір-бірін зиярат еткен жәннәттықтар мен бір-біріне дұшпан болған жәһәннамдықтарды көргендеймін,"-деген.

**Сәъл бин Абдуллаһтан:**

"Сопы деген кім?"-деп сұрағанда:

*"Жүрегі Аллаһ Тағалаға толған, тағдырды топыраққа айналдырған, алтын мен топырақғы тең санайтын адам, "* - деп танымдаған.

**Имам Ғазали** Хазіретінен кейбір насихаттар:

"Аллаһтың берген нығметтерін Соның жолында қолдану - шүкіршілік, қаламаған жеріне жұмсау - күпіршілік."

"Бәле күнә мен күпірлікте. Нағыз бәле бәлекеттер емес. Ішінде сен білмейтін қайырлар бар."

"Бір сөз айтқан кезде ойлан... Айтпаған жағдайда жауапты болатын болсаң айт... Әйтпесе, үндеме!"

"Ақылды адам нәпсісіне былай деуі керек:

"Менің қорым тек өз өмірім. Шыққан демнің қайтіп келуі мүмкін емес. Бұл

санаулы. Азайып бара жатыр. Олай болса, уақытыңды дұрыс жолда қолданбаудан да үлкен зиян бола ма?"

"Ертең өлетіндей, мүшелеріңді харамнан сақта!"

"Көзінді аш! "Кейін тәубе етіп, салих амал жасаймын!"-десең, өлім одан да бұрын келуі мүмкін, соны ойла. Өкініп қаласың. **Ертең тәубе етуді бүгін тәубе етуден оңай деп ойласаң, қателесесің.**"

"Бір адамның саудасы ақирет саудасына кедергі болатын болса, ол адам бишара, бақытсыз. Бұл бір қарапайым шөлмек үшін алтын бұйым берген сияқты."

Имам Ғазали Хазіреті адамның жеке басы өз нәпсісін тануы мүмкін еместігін былай түсіндіреді:

"Халықпен құлық сөзі бір түбірден туындайды. Түбірі жағынан біреуі сыртты, екіншісі ішті білдіреді.

**Халық** - сыртқы сезімдермен түсінілетін түр, керініс, бейне мағынасында.

**Құлық** болса адамның сыртқы түрінен білінбейтін құпия. Адамның негізгі тұлғасын шынайы кім екендігін оның мінез-құлқы мен табиғаты керсетеді. Адам сыртқы көрінісі тұрғысынан өзін қанша жасырса да, күндердің бірінде ішкі беті көрініп қалады."

Сыртқы көрінісімізді білу үшін айнаның қажет екендігі сияқты, ішкі жан-дүниемізді, мінез-құлқымыз бен қабілеттерімізді ұғынып, қажетті түрде емдеу үшін де әулиенің фәйіз - ұсыныстарына, яғни бізді тәрбиелейтін езімізді ішкі дүниемізбен таныстыратын **КӨҢІЛ АЙНАСЫНА** мұқтажбыз.

Бір адамның Хақ алдында лайықты болған-болмағанын білу үшін өзіне қарап, көңіліне үңілуі керек. Егер құл Аллаһты көңілінде қаншалықты сезініп, оның жаратқан сұлулықтарындағы құдіреті мен салтанатын көріп, қайран қалып, есі шықса, Аллаһ Тағала оған соншалықты жақын.

Сол үшін құл қандай жағдайда да нәпсі мен жүрек тазалығына мұқият болуы керек. Сонда ғана нүр көріністері арқылы көңіліндегі әуестіктерін құл қылатын көркемдік көріністері пайда болады!

Хақ Тағала былай дейді:

قَدْ أَفْلَحَ مَنْ تَزَكَّى

**"Нәпсісін тазартқан (адам) шын мәнінде құтылды."** (Ағлә, 14)

قَدْ أَفْلَحَ مَنْ زَكَّيْهَا

**"Оны (нәпсіні) тазалаған сөзсіз құтылды."** (Шәмс, 9)

Бір жағынан Пайғамбарымыз (саллаллау аләйһи уә сәлләм) айтқан:

"*Мүмин - мүминнің айнасы*" хадисінің шарты бойынша, кәміл рухымыз сол таза айналардан өзін көреді. Яғни, Хақ жолына түскендер кәміл адамдардың жүзінен өзін және шынайы жаратылысын көреді. Бұл материалдық көру емес. Өзгеше көңіл айнасы болса, материалдық шеңберден тыс. Адам сол жерден ішкі дүниесінің сырларын көреді. Яғни, бұл айна сыртқы дүниенің айнасы емес, ішкі дүниенің айнасы. Онда түр емес, Хақтың нұрының көріністері бар. Сондықтан көңіл айнасынан фәйіз алушылар ішінде басқаша бір жағымдылық пен өзгеше бір сұлулық сезініп, ерекше күйге бөленеді. Естерінен танады. Нәпсілерімен қоштасып, көңілінен тек қана Хақты табады, өзін Хақ жолына арнайды. Міне, сол себепті де кемелдікке жету үшін кәміл мүршидке байланып, оның ахлағын бойына сіңіру шарт. Юнус Әмрә Хазіреті:

*Шаригат пен тариқат бір жол,*

*Хақиқат пен мағрифат одан ілгері*

деген сырға тек осылайша ғана, яғни бір кәміл мүршидтің жетегімен жетуге болады.

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) пайғамбар мирасшыларының (әулиенің) тәрбиесіне кіруді нәпсінің кедергісінен құтылудың, хақиқат пен мағрифатқа жетудің қажетті шарты ретінде былай дейді:

*"Пышақ өз сабын басқа бір пышақсыз қалай жона алады? Сен жараларыңды көңіл дәрігеріне барып көрсет. Сен оларды өз бетіңше емдей алмайсың..."*

*"Дүниеуи сезімдер мен ойлардың саулығын дәрігерден, адамды соңсыздықкд көтеретін иләһи сезімдердің саулығын кәміл-мүршидтен үйрен."*

**"Екі саусағыңның ұшымен екі көзіңді жап. Дүниеден бір нәрсе көре аласың ба? Көрмесең, Бұл әлем жоқ емес. Көрместіктің кемшілігі мен айыбы нәпсінің жағымсыз екі саусағынан."**

*"Сен алдымен саусақтарыңды көзіңнен ал. Сосын қалағаныңды көр. Адам көз ғана. Қалғаны батылдық. Досты көретінді ғана көз дейді. "*

*"Құран Кәрім аяттары мен Хазіреті Пайғамбар хадистерін оқымас бұрын өзіңді жөнге сал. Гүл бақшасындағы хош иісті сезбейтін болсаң, кемшілікті бақшадан емес, өз көңілің мен өз мұрныңнан ізде..."*

*"Құран Кәрімнің мағынасын тек әуесқойлығын отқа жағып күл қылып (яғни нәпсі мен мендігін жойған), осылайша Құранның алдында еріп, құрбан болған, рухы Құранға айналған адамдар ғана түсінеді..."*

Мәуләнә (құддисә сирруһ) фәна мәртебесіне қауышудың сыры нақты мойынсұнуда екендігін былайша баяндайды:

"Теңіздің суы өзіне толықтай мойынсұнған өлікті алақанында тербе-теді. Тірі және азғана күмәні бар адам теңіздің қолынан қалай аман құтылады? Сол сияқты **"Өлмей тұрып, өліндер"** сыры бойынша, адами сипаттардан арылып өлсең, сырлар теңізі сені алақанына салып, тербетеді."

Адамның жаратылу мақсаты - құлшылық пен Рабты тану. Зат пен ақиқаттың сырына бойлаудың жолы мағрифат теңізінің тамшысына қол жеткізуден басталады.

Шынайы құлшылыққа жету үшін дүниенің фәни әшекей, атақ-абырой және өткінші құмарлығынан аулақ болу шарт. Мысалы, **Ибраһим бин Әдһәм** Хазіретінің тақуалық жолына бет бұруы мынадай ескертудің нәтижесінде болған:

Бір күні түн ортасы болатын. Ибраһим бин Әдһәм тағында ұйықтаған болып жатқан еді. Бірден сарайының төбесінен керемет бір айқай шықты. Бақырып, шақырған дауыс барған сайын артып, ақырында сұлтан оятты.

Ибраһим бин Әдһәм сұлтан тезірек орнынан тұрып, төбеге қарап, айқай салды:

"Ол жерде кім бар? Түннің бұл сағатында төбеде не істеп жүрсің?"

Алыстан бір жауап естілді:

"Сұлтаным, жоғалған түйемізді іздеп жүрміз!"

Ибраһим бин Әдһәм ашуланып:

"Төбеде қайдағы түйе, ей ақымақтар?!"

Ендігі жауап өте мәнді әрі үгіт сияқты болды:

"Ей Ибраһим бин Әдһәм! Сен төбеде түйе іздеуге болмайтынын білесің де, үстіңдегі жібек киімдер, басындағы тәжі, қолыңдағы қамшы мен отырған тағында Хақты іздеп, таба алмайтындығыңды білмейсің бе?!"

Бұл оқиға Ибраһим бин Әдһәмның ұзақ уақыттан бері рухында басталған рухани тербелісін жиілетті. Ол таң-тамаша болып, қауқарсыз қалды. Бірақ, сұлтан сол ескі өмірінен толықтай қол үзе алмады.

Бірақ, Ибраһим бин Әдһәмға үйреншікті аңшылық кезінде жолыққан екінші рухани ишарат пен ескерту оны шынайы Хақ жолына салды. Бұл аңшылық оқиғасы былай болған

еді:

Бір күні Ибраһим бин Әдһәм Хазіреті аңға шығады. Бір киіктің соңынан қуады. Тіпті әскерлерінен де көп ұзап кетеді. Аты қарасүмек болып терледі. Бірақ, Ибраһим бин Әдһәм киікті атып алуға бел буғандықтан, еш тоқтамады. Киікті тура тұйыққа қамаған кезде, әлгі нәзік әрі сұлу жануар хал тілімен:

"Ей, Ибраһим! Сен осы үшін жаратылған жоқсың. Аллаһ сені мені аулау үшін жоқтан бар қылды ма? Мені аулаған кезде саған не түседі? Бір жанды өлтіруден басқа не табасың?" - деді.

Ибраһим бин Әдһәм осы сөздерді естігенде, жүрегіне сондай бір шоқ түсіп, сол сәтте аттан құлап түсті. Сахараға қарай жүгіре бастады. Біраз уақыттан соң айналасына қараса, сахарада бір шопаннан басқа ешкім көзіне түспеді. Дереву шопанның қасына барып, жалынды:

"Мына үстімдегі гауһар тастарды, патшалық киімімді, қаруым мен атымды алып, үстіңдегі шапаныңды маған берсең қайтеді! Бірақ, ешкімге ештеңе айтпа!"-деді.

Шопан таңқалып қарап тұрғанша шапанды киіп, көзден ғайып болды. Шопан оның соңынан: "Патшамыз жынданған шығар!"-деді. Алайда, Ибраһим бин Әдһәм, жынданбаған, керісінше есін жинаған еді. Ол киік аулауға шыққан болатын, бірақ Аллаһ Тағала оның өзін киікпен аулаған еді.

Аллаһ жәллә жәләлуһу Мәуләнә Хазіреттерінің есиеттеріне көңіл бөлуді, мысалдарынан ғибрат алуды, Оның рухани атмосферасына бөленуді барлығымызға нәсіп етсін! Әмин!

Сол ұлы Аллаһ досы былай деді:

*"Парасатты адамдар, жол көрсетуші сияқты, тура жолға гүскендерге пайдасын тигізеді. Ал, жолға түспегендерге жол көрсетушінің пайдасы болмайтыны сияқты және бұған қоса ол гапылдар оның қадірін білмейді!"*

*"Емші науқастарға шипа таратады, мұны басына іс тускен науқастар жақсы біледі. Бірақ өлі адам дәрігердің бағасы мен қадірін қалай түсінеді!"*

*"Өмір ертеңге созылған үміттермен өтіп жатыр, гапыл айғайлармен, таластармен, ізденістермен бітіп барады."*

*"Сен есіңді жиып, өміріңді бүгінгі күн деп есепте!.. Көрқане, бүгініңці де қандай іңқәрлікпен өткізіп жатырсың?.."*

*"Кейде әмияның мен сандығыңды ақшаға толтыру қайғысымен, кейде ішіп-жеу уайымымен, бұл әлсіз өмір өтіп жатыр, берілген әрбір дем кеміп бара жатыр..."*

*"Өлім бізді бір-бірден тартып алып жатыр. Оның айбынынан ақылдардың түр-түсі өзгеріп, бозарып жатыр..."*

*"Өлім жолымызда күтіп тұр. Әпенді қыдыруға қол қойған..."*

*Өлім қас пен көздің арасында, бізге оны есімізге алғаннан да жақын... Бірақ, гапылдықыққа салынғандардың ақылы қай жерлерде жүр?.. Білмеймін!.."*

**Шәйх Ғалиб**, төмендегі шумағында адамның, иләһи есімдердің іс жүзіндегі көрінісі әлемнің кішкентай түрі мен оның асылы екендігін, әлемнің сырлы тылсымдарын магнит сияқты жүрегіне жинай алатын **КӨҢІЛ АЙНАСЫ** қабілетінде екендігін тамаша жеткізеді:

***Жақсы қара өзіңе кішкентай әлемсің сен, Әлемнің көзінің қарашағы болған адамсың сен.***

(Ей Адам! Өзіңе көңіл көзімен дұрысшап қара, сен әлемнің, яғни жаратылғандардың кішкентай үлгісісің және сен әлемнің көзінің қарашығы болған адамсың.)

Бірақ адам баласының әлемнің өзегі бола тұра нәпсісіне еріп, ең төменгі бір

дәрежеге түсуі, адамдық қасиеті тұрғысынан құлдырауы турасында Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

"Ей, кеңіл бақшасының бұлбұлы! Егер байғыз болуға тырыссаң үлкен қателік жасағаның! Ей, гүлстанның гүлі! Егер сен тікен болуға тырыссаң, өзіңе зиян тигізесің!"

**Уа, Раб! Бізге көңіл айнасынан ақиқат нұрларын, екі дүниенің сырларын тамашалайтын көзіміз бен көңілімізді осы дүниеде нұрға бөле, о дүниеде дидарыңа бөленсін!**

**Әмин!..**

### **ЛӘЙЛӘНІ РЕНЖІТЕСІҢ**

*"Ей, сұлуым, бойымда сенен басқа жаратылыс қалған жоқ. Сондықтан бал теңізінде сірке суы қалай жоқ болса, мен де сенде солай жоқ боламын..."*

**Хазіреті Мәуләнә**

Бір күні Мәжнүн сағыныштан науқастанып, төсек тартып, жатып қалды. Емдеу үшін бір емшіні шақыртты. Дәрігер:

"Тамырдан қан алудан басқа шара жоқ!" деп, қан алу үшін Мәжнүннің қолын байлады. Қолына пышақты ала бергенде, Мәжнүн айғай салды:

"Ей, дәрігер, қан алмай-ақ қой! Ақыңды ал да, кет! Осы аурудан өлсем өлейін, зияны жоқ. Бұл тозған тән өлсе, өле берсін, не пайда?!"

Дәрігер таң қалған күйі Мәжнүннен:

"Сен шөлде күркіреген арыстаннан қорықпайсың, қан алдырудан неге қорқасың?" - деп сұрайды.

Мәжнүн былай жауап берді:

"Мен пышақтан қорықпаймын..."

Менің сабыр мен шыдамымның жартастардан құралған таудан да артық екендігін бәрі біледі! Мен ештемеден қорықпайтын және дүниеге қатысты сабаны да жоқ адаммын, Мына фәни тәнім жараланбаса, тынышталмайды! Жара – ғашықтығымның дауасы, сондықтан жаралануға қуана-қуана барамын...

Бірақ, менің тәнім Ләйләға толы, ішімде Ләйләдан басқа ештеме жоқ! Осы қабық сияқты тәнім сол інжудің сипаттарына толы. Сондықтан ей, дәрігер менің қанымды алып жатып пышақты байқаусыз Ләйләға тигізіп алып, соны жаралайсың да, **Ләйләні ренжітерсің** деп қорқамын...

Өйткені Ләйлә мен менің арамда айырмашылық жоқ екендігін Аллаһтың қас құлдары жақсы біледі."

**МӘСНӘУИ:**

*"Ғашықғық болмағанда, бұл әлем қайдан пайда болар еді? Нан кдлай өзін саған жегізіп, сенің денеңе қосылып, сен болар еді? Нан сол ғашықтықтың арқасында өзін саған беріп, саған жанын қиып, сен болғанын біл."*

*"Ғашықғық жансыз нанға да жан береді, фәни жанын саған қосып, мәңгілікке айналады."*

*"Иші илғһи ғашықтық пен махаббатқа толмаған адам нағыз бишара; бәлкім хайуаннан да төмен екендігін біл. Өйткені Асхабы-Кәһфтің итіде ғашықтықты іздеп тауып, рухани рахатқа қол жеткізді де, сол қас құлдарда фәни болып, жәннатқа қол жеткізді."*

Юнус Әмрә Хазіреті Мәжнүннің ыстық сезімінен (ғашықтығынан) нәсіп алмақ болып, былай дейді:



*Мәжнүннің Ләйләсі мен едім,  
Рахманның диуанасы (ынтығы) мен едім,  
Ләйләнің жүзін көруге Мәжнүн болғым келеді!..*

Фузули болса Мәжнүннен де жоғары дәрежеде ғашық болғысы келетінін былай жеткізеді:

*Менде Мәжнүннен де артық ғашықтық қабілеті бар.*

*Шынайы ғашық менмін Мәжнүннің тек аты ғана бар!*

Көреген көзбен қарағандар барлық нәрсені, жаратылысты ғашықтық пен махаббаттың көрінісі ретінде көреді. Олар барлық жаратылысты ғашықтық пен махаббаттан туындаған деп санайды. Егер ең алдымен махаббат болмағанда, әлем жаратылмас еді. Арифтердің білетіні жаратылыстың болуы - сол әзелгі махаббаттың нәтижесі екені және Бұл әлем сол себепті Жаратылыс Нұры **Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға** (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арналғаны.

Хадис құдсиде былай делінеді:

كُنْتُ كَثْرًا مُّخْفِيًّا فَأَحْبَبْتُ أَنْ أَعْرَفَ فَخَلَقْتُ الْخَلْقَ لِأَعْرِفَ

*"Мен жасырын бір қазына едім. Білінуімді қаладым (мағрифатымды сүйдім) да (бұл) әлемді жараттым."* (И. Хаққы Бурауи, Кәнзи-Махфи). Бұл сөзден барлық жаратылыс, әлем иләһи махаббатпен жаратылған-дығын түсінуге болады. Аллаһ әрбіреуін өзінің өнері мен кемелдігіне дәлел етіп жаратты. Осылайша жаратылыс ғажайыбы, яғни иләһи өнер тамашасы адамның жаратылысы да, ғашықтық пен махаббаттың нағыз көрінісі болды.

Юнус Әмрәнің ғашықтық туралы мына жолдарының мәнділігі қандай тамаша:

*Ғашықтық бізге имам, көңіл жамағат,*

*Достың жүзі құбыла үнемі намаз.*

Сірә, Хақ ғашықтарының болмысы шынайы жарға толы болады. Сондай-ақ **Халлаж Мансур** шейіт болып, қаны жерге жайылғанда "**Аллаһ, Аллаһ**" деген жазу пайда болды. **Фузули** Ләйлә мен Мәжнүннің арасында фәнаға жетуде айырмашылық жоқ екендігін Мәжнүннің сезімен былай баяндайды:

*Менде көрінген сенсің! Мен өзім жоқпын, бар болған сенсің! Егер мен мен болсам, сен кімсің, ей, жар? Ал егер сен сен болсаң, зарлаған мен кіммін? (Менде көрініс тапқан сенсің, мен өзім жоқпын! Бәрі сенсің, егер мен бар болсам, ей, сүйіктім, олай болса сен кімсің? Егер сен бар болсаң, ойбайлап, зарын төккен мен кіммін?)*

Юнус Әмрә, осы күпия жұмбақты былай жеткізеді:

*Ет пен сүйекке орандым.*

*Юнус болып көріндім!..*

Расында да, Аллаһтың қас құлдары таза жүректі адамдар, Хақ ғашығы мен шынайы ғашық болған адамның арасында айырмашылық жоқ екенін біледі. Хақ ғашықтарыныңтәні фәни, бірақ көңілі иләһи сезім-ге бөленудің нәтижесінде олардың тәні жоқ болған. Бұған тамаша мысал - **Якуб** (аләһиһиссәләм) пен ұлы **Юсуфтың** жағдайы. Хазіреті Якуб ұлы Юсуфтан өз ерекшеліктерін көрген кезде, оған басқа балаларынан да көбірек көңіл аударды. Бұл махаббаттың дәрежесі артқаны соншалық, кейін Юсуфтың көйлегін Мысырдан әкесіне алып келе жатқанда ол Кен'ан өлкесінде тұрып көйлектің иісін сезе бастады. Бірақ, одан басқа ешкім сол тамаша иісті сезбеген, "Юсуфтың көйлегінің иісін сеземін" сөзін, Якубтың (аләһиһиссәләм) алжығаны деп жорамалдаған еді.

Өйткені Юсуфтың көйлегі бауырының қолына уақытша берілген еді.

Бауыры көйлекті Хазіреті Якубқа тапсыруға міндетті болатын. Яғни ол көйлек бауырының қолында құл сатушының қолындағы күң сияқты еді. Сатушының өзі үшін

емес, басқаға тәуелді еді.

Жалғыздықты өзіне ғана тән еткен Аллаһ Тағала (жәллә жәләләһә) барлық жаратылысты жұп етіп жаратқан. Пән ғылымдарының жақында ғана тапқан осы жұптан жаратылу мәселесі, бізден он төртғасыр бұрын көптеген аяттарда айтылып, адамзатқа ілім сыйы ретінде ұсынылған.

Адамның түсінігі мен қалауынан тыс отау үйдей мұқияттылықпен төселген Бұл әлем, зәррәлар, дәндер, гүлдер, өсімдіктер, жануарлар, адамдар мен заттардың, тіпті атомның ішіндегі электрондар мен протондар сияқты сырлы элементтерге дейін барлық заттардың болмысына қарай жеке әрі ғажайып бір жұптасу заңына бағындырылған.

Иәсин сүресінде:

سُبْحَانَ الَّذِي خَلَقَ الْأَزْوَاجَ كُلَّهَا مِمَّا تُنْبِتُ الْأَرْضُ وَمِنَ أَنْفُسِهِمْ وَمِمَّا لَا يَعْلَمُونَ

**"Ол Субхан топырақөнімдерінен, өздерінен және білмейтіндерінен жұптарды жаратқан."** (36-аят) делінеді.

Бірақ ең айқын және анық жұптасуды білдіретін жұптық заңы адамда кәмілдікке жеткен.

Аллаһ Тағала жанұя құрылымында ой жүгірткен адамдар үшін көптеген жасырын хикметтердің бар екендігін баяндайды:

**"Сендерге өздерінен жұптар жаратуы - соны паналау үшін және араларында махаббат пен мархабат қоюы - Оның аяты. Бұларға ой жүгірткен топ үшін әрине ғибраттар бар.."** (Рум, 21)

Үйленетін екі бөгде адамның тағдырға байланысты бас қосуы, орталарында пайда болған махаббат пен мархабат байланыстары нақты ойланатын, иләһи құдірет керіністерін қамтиды. Барлық жараталыс жиынтығы ішінде жанды-жансыз, қарама-қарсы және сәйкес болғандар-дың, бір-біріне деген бейімділіктері мен байланысы бір үқсастық. Яғни бірлік - сезім мен қалаудың белгісі. Өйткені бәрінің де негізі біреу-ақ. Барлық әртүрлі әлемнің қайтадан бірлікке кешуге бейімделуі, заттық болмысында бар қасиет.

Жаратылыстың ең кемелі - адам. Махаббат тақырыбы қаншалықты кәміл болса, ондағы кемелдік пен әсер де соншалықты болады.

Жұптардың тәндері мен рухтары арқылы иләһи ләззаттарды татуы, оларды иләһи байланыс пен махаббат арқылы Хақ Тағалаға бағытталған иләһи тереңдік пен ақиқат жолына жетелейді. Жаратылыстың ғибраты мен хикметтеріне батырады.

Көп жыл өткен соң **Ләйлә Мәжнүннің** қасына келеді. Мәжнүн оған көңіл бөлмейді. Сонда Ләйлә:

"Мен үшін шөлде кезген сен емессің бе?"-дейді. Мәжнүн:

**"Баламалы, көлеңке болған Ләйлә ортадан шықты, еріп кетті",** - деп жауап береді.

Мәжнүннің өмірінің мақсаты болған Ләйлә иләһи махаббатқа баспалдақ болған. Мәжнүн өмірінде іздеген иләһи махаббат әлемінен орын тапқан соң, өміріндегі Ләйләнің ролі аяқталады.

Мәснәуи хикаяларында айтылған Ләйлә ақырында ипәһи махаббатқа айналған және болмысын Хақпен бірлестірген иләһи ғашықтықтың үлгісі...

Басқаша айтқанда Ләйлә кеңілді Мәжнүн қылатын, физикалық қалауды бітіретін иләһи ғашықтықтың көкжиегі.

Бұл тұрғыдан Ләйләлармен басталған махаббат әңгімесі Мәуләда (Аллаһта) аяқталып, рахат табады.

Ақырында, Ләйлә қатардағы бір адам ғана. Ғашығының, аты Қайс болғанымен Мәжнүн (жынды) етіп аңызға айналдырған.

Бірақ, өзіне ғашық болынған адам Ләйлә емес, әлемнің жаратылуының себепшісі әрі Аллаһ "Хабибім" деген бір адам болса, ғашық адамның қандай халде боларын кім білсін!..

Енді бірнеше мысал арқылы осыны толықтырайық. Хазіреті Мәуләнаның бір хикаясымен бастайық.

Хазіреті Мәуләнаның шәкірті **Гүржү Хатунның** сардар күйеуі Қайсериге тағайындалады. Гүржү Хатун Селжүк сарайының атақты суретшісі **Айнуа Дәуләні** жасырын суретін салып алып, келу үшін Хазіреті Мәуләнәға жібереді. Суретші ғапылдықпен Хазіреті Мәуләнаның құзырына барып, жағдайды баяндайды. Ол да күлімсіреп:

"Саған әмір етілген нәрсені қалауың бойынша орында!" - дейді.

Суретші суретін сала бастайды. Бірақ, ақырында салған сурет пен апдындағы адамның ешқандай байланысы болмай қапқандығын байқап, қайта сала бастайды. Осылайша Хазіреті Мәуләнаның суретін салып жатқанда жиырма рет түрін өзгерткендігіне куә болады. Әлсіздігін түсініп, Бұл істен баз кешуге мәжбүр болады. Хазіреті Мәуләнаның қолын сүйеді. Өйткені өнері, өз сызықтарының ішінде жоқ болып кеткен еді. (Сол сызылған суреттер, әлі де Мәуләнә музейінде тұр.)

Бұл оқиға суретшіні оятады, таң-тамаша болып, үрейленіп, терең ойға батырады, ғайып дүниесінің саяхатшысы қылады. Осы халде Мәжнүнге айналған суретшінің аузынан мына сөздер шығады:

"Діннің әулиесі осындай болса, пайғамбары қандай боларын кім білсін?!"

**Имам Мәлік** (радиаплаһу аһу) Расулұллаһпен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірдей болу (ұқсау) ынтасымен өмір сүрді. Мәдина Мүнәууарада келікке мінген жоқ. Дәрет сындыруға шыққан жоқ. Раузада имам болған кезінде үнемі бәсең дауыспен сөйледі. Сол кездегі Халифа Әбу Жафар Мансұр дауыстап сөйлегенде:

"Ей, Халифа! Бұл жерде дауысыңды бәсеңдет! Аллаһтың ескертуі сенен де абзал адамдарға түсті,"-деп мына аят кәримәні оқыды:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَرْفَعُوا أَصْوَاتَكُمْ فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ وَلَا تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ لِبَعْضٍ أَن تَحْبِتَ أَعْمَالِكُمْ  
وَ أَنْتُمْ لَا تَشْكُرُونَ

**"Ей иман етушілер! Дауыстарыңды пайғамбардың дауысынан көтермендер. Бір-бірлеріңе айғайлаған сияқты, Пайғамбармен дауыстап сөйлеспендер, әйтпесе сендер парқына бара алмай, амалдарың босқа кетер."** (Хұжурат, 2)

Сондай-ақ Имам Мәлік Хазіреті өзіне зұлымдық еткен Мәдина әкімін кешірген:

"Махшарда Расулұллаһқа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) немере болатын адаммен соттасудан ұяламын."-деген.

**Ұстаз Әсад Әрбили** Хазіреті Расулұллаһқа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген ғашықтық отына өртенгендігін тамаша түрде баяндайды:

**Мұнша отпен ғашық шейітті жуындыру мүмкін бе? Тән от, кәбін от, әрі тәтті су да от..**

Азербайжан шайыры Фузули мәшһүр "Су қасидасында" ғашықтық халін қандай тамаша баяндайды:

*Ей, көз! Көңілімдегі отқа су құйма*

*Осынша алаулаған откд судан пайда жоқ.*

(Ей көз! (Аллаһтың ұлық Пайғамбарының махаббатымен) көңілімде (алаулаған) отқа көз жасы суын төкпе! Өйткені Бұл шексіз (ғашықтық қызуымен) алаулаған отқа су құю шара емес. (Бұл ғашықтық оты бәрі бір сөнбейді!)

I. **Ахмед Хан**, Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) аяқ киімінің макетін

жасатып, сәлдесінің (тәж) үстіне іліп қойып, еске алудан фәйз алуға тырысып:

*Тәжім сияқты басымда алып жүрсем қайтеді,*

*Пәк аяқ киімін сол Хазіреті Шах Пайғамбардың деп жырлаған.*

Жаһан патшасы **Явуз Сұлтан Селим** Хан өзін Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) ақиқатына жеткізетін әулиені дүниедегі бәрінен де ең жоғары деп санап:

Әлемнің патшасы болу бос төбелес екен,

Бір әулиеге пенде болу бәрінен жоғары екен, - деп, Аллаһ пен Расулұллаһ досына жақын болудың маңыздылығы мен ынтасын білдірген.

**Хазіреті Мәуләнә** бұл жайында былай дейді:

*"Махаббат лай суды тұндырады. Шынайы махаббат өлі жүректерді тірілтеді, патшаларды да құл етеді!.."*

Алпыс үш жасында өзіне қабір сияқты жер қаздырып, өмірі мен құлшылығын сол жерде жалғастырып:

"Мен осы жастан кейін жер бетінде өмір сүре алмаймын!" - деген, үлкен ғашықтық қаһарманы **Қожа Ахмед Яссауи**, осы ұқсастық жолында аңызға айналғандардың бірі. Өмір сүрген жері оның құрметіне "**Хазіреті Түркістан**" деп аталған.

**Уәйсал Қарани** Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) Ұхуд соғысында бір тісі сынғандығын естігенде, қайсысы сынғандығын білмегені үшін барлық тісі өзіне оғаш болып көрінді. Бәрін жұлдырып, ұқсастық сырын бұзатын сол беймәлім тістің ауырлығынан құтылып, барып жай тапты.

Ұхуд соғысында Динарұлдары тайпасынан бір әйелдің күйеуі, інісі және әкесі шейіт болды. Үшеуінің де шейіт болғанын естірткенде:

"Сендер маған Расулұллаһты көрсетіндер. Соны көрейін" - деді. Оған Расулұллаһты (саллаллау алейһи уә сәлләм) көрсеткенде:

"Уа, Расулалла! Сен аман болсаң маған басқа пәлекет ештеме емес..." - деді.

Өте қайғылы өмір сүріп, кейін мұсылман болып, Аллаһ пен Расулына деген махаббатпен тыныштыққа жеткен Ханса Хатунға Қадисия соғысында төрт ұлының шейіт болғандығын естірткенде ол үлкен бір иман кемелдігін көрсетіп:

"Исламның жеңісі үшін төрт ұлым да пида!" - деп төрт шейітке ана болу қуанышымен Аллаһқа шүкіршілік етті.

**Бәзми әлем Уалидә Сұлтан:**

*Махаббаттан Мұхаммед болды пайда,*

*Мұхаммедсіз махаббаттан не пайда?..*

деп, рухтың қорегі тек Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) махаббатында ғана екендігін қандай тамаша айтқан.

Марқұм ұстазым **Яман Дәдә** дәрісте Мәснәуи жолдарына түсініктеме берген кезде тұнық қауыз сияқты кезінің аясынан тамшыларын тамызып:

*Көңіл шабытыңа боялып құлазыды Уа, Расулаллаһ!*

*Бұл жырақтыққа қалай шыдағам Уа, Расулаллаһ!*

*Жырақтық жылайды, қауышу жылайды,*

*әзелде қуанышың болмаса,*

*Жамалыңмен рахатқа бөле, жандым Уа, Расулаллаһ!* дегенде тұңғыық, айлы түн сияқты дидары жарық, шашушы еді.

Тарих бойынша пайғамбарлар мен әулиелер имани кемелдіктердің шыңына жеткізетін, жаратылыстағы қасиетті сезімдерді кемелдендіретін шырақ қызметін атқарған.

Жеке адамдар осы кемелдікке, рухи жақындық пен Хақ достарымен бірлесудің нәтижесінде қол жеткізіп, өлместік сырының иләһи қаламмен жазылған куәлігіне (құжат)

ие болады.

Адамның Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), соған жеткізген Аллаһ досымен бірдей болуы Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен оның досының жүрегінен және кеңіл әлемінен нәсіп ала білуі езін Оған арна етумен мүмкін болады.

Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз бойында ең көп сезінген және Мұхаммеди ақиқатқа қол жеткізген Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) болды. Осы махаббат өртінің ішінде кеудесінен шыққан, қуырылған бауыр иісімен өмір сүрді. Өйткені Ол Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірдей болу халін ең тамаша түрде сезініп, емір сүрген еді. Имам Бұхари былай дейді:

*"Әбу Бәкір Сыддық Хазіреті Аллаһ Расулының руханилық тұрғысынан әжетханада да көз алдына елестеден шағымданды. Яғни, Әбу Бәкір жуыну-тазалану орнында да Аллаһ Расулының мүбәрәк түрі мен рухани бейнесінен айырыла алмағандығын өзіне жеткізді."*

Сол кезде төсек тартып жатқан Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Әбу Бәкірдің осы халіне қарап:

**"Барлық есіктерді жабыңдар, тек Әбу Бәкірдікі қалсын!"** деген.

Бұл хадис - бірінен-біріне болатын рухани ағымды қандай тамаша көрсетеді.

**Хаже (қожа) Ұбәйдүллаһ Ахрарды** қатты үсік шалады. Қатты дірілдеп, от жағып жылытуға тырысады. Сол сәтте өзімен бірдей болу сезіміне жеткен бір мүриді, суық суға толы шұңқырға түсіп кеткендей дірілдеп, есіктен кіреді. Дереу оны құрғатып, жылытады. Ол жылынған кезде Ұбәйдүллаһ Ахрар Хазіретінің дірілдегені де аяқталады.

**Бәязид Бистами** иләһи махаббатқа берілетіндігі соншалық, жаратушы себепті жаратылғандардың әрбірінің ауыртпалығын жүрегімен сезіп, қиналатын.

Бір күн адамдар көз алдында бір есекті сабағаны соншалық, жануардың арқасынан қан саулады. Сол сәтте Бәязид Бистами Хазіретінің балтырынан да қан шыға бастады.

**Бұлбұл сайраған кезде қарсы таудан басқа дауыс шықпайды. Достығымыз қаншалықты болса, соншалықты жақын боламыз.**

**Хазіреті Әлиге** (радиаллаһу анһу) бір адам оны өте жақсы көретіндігін айтады. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу):

"Дұрыс! Мен оны қалай сүйсем, ол да мені соншалықты сүйеді"-деді.

Яғни, рухтағы бірдей болу физикалық бірігу мысалынан өзгеше емес. Бұл **рабыта** (байланыс) арқылы болады.

Тасаввуфта рабыта махаббаттың белсенді ұстанылуы болып табылады. Бұл махаббат Аллаһ Тағала, Расулы және салих құлдарға тән. Имам Ғазали намаздағы **"эт-тахиятты"** осы махаббат байланысына мысал ретінде келтіреді. Намазда жүрек тыныштығының шарт екендігін айта отырып:

"Алғашқы және соңғы отырыста «أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ» деген кезде

Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүрек көзімен елестету керек!.." дейді.

Расында да намаздағы эт-тахият махаббаттан пайдалануды қандай жақсы көрсетеді.

Намаз оқитын мүмин, "эт-тахияттың" руханиятынан нәсіп алуға тырысуы керек.

Эт-тахияттың алғашқы сөйлемі:

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَاةُ وَالطَّيِّبَاتُ

*"Әр түрлі тағзым, құрмет, сұлулықтар, мадақтаулар, салауат сияқты сөзбен және осылармен қатар тәнмен және де малмен жасалатын гибадаттар - Хақ Тағалаға тән"* сөзі, Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Миғраж түнінде Хақ Тағала Хазіретіне жасаған мадағы, мақтауы мен тағзымы. Бұл мүбәрәк сөздер Аллаһ Тағаланың

миғражда: **"Ей, Расулым, менімен сөйлес!"** деген сөзінен кейін Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) пәк жүрегіне аян еткен сездері.

Екінші сөйлемі:

السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ

*"Ей, Пайғамбар! Дүние мен ақиретте сәлем және Аллаһтың рахметі мен берекеті саған!"* деген сезі де Аллаһ Тағаланың Расулына (саллаллау алейһи уә сәлләм) деген ілтипаты, яғни арнайы сәлемі мен сыйы.

Үшінші сөйлемі:

السَّلَامُ عَلَيْنَا وَ عَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ

*"Сәлем бізге және салих құлдарыңа!"* сөзі болса, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың сәлеміне жауабы. Бұл жерде Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уә сәлләм) сәлемге терең мейірімі мен мархабаты бойынша үмбеттің салихтарын да қосқан.

Осы тамаша әңгімеге куә болып, қайран қалған Жәбірейл (аләһиһиссәләм) былай деп куәлік еткен:

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

*"Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына және Хазіреті Мұхаммед Мұстафа - Аллаһтың құлы және Расулы болғандығына куәлік етемін."*

Осы куәлік тәухид пен құлшылықтың қандай үлкен мәртебе екендігін жеткізумен қатар, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) аты айтылған кезде салауат айтудың қажеттілігін де білдіреді.

Қысқасы, Аллаһ (жәллә жәләлууу), Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уә сәлләм) және Жәбірейлдің (аләһиһиссәләм) мүбәрәк сөздерінен тұратын "әт-тахият" дұғасы - Мұхаммед үмметі үшін иләһи берекет пен сый, сонымен қатар бір ілтипат. Сондықтан бұл дұғаны оқыған кезде оның руханиятынан жүрегіміздің кемелдігіне қарай нәсіп аламыз. Яғни құл ғапылдық жасамай, осындағы сөздерді, Аллаһқа тағзымға толы кеңілмен Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уә сәлләм) мен Жәбірейлдің (аләһиһиссәләм) руханиятына оранып, өз тарапынан Аллаһ Тағалаға ұсынуы керек, осылайша *«Намаз - мұминнің миғражы!»* деген хадистің сырын түсінуге тырысуы қажет.

Осы орайда мынаны да айта кеткен жөн. Намазда басынан-соңына дейін ынта мен тыныштықты сақтау - тек үлкен әулиелердің өзінің кейде әрең шамасы келетін мәселелердің бірі. Ынта намаздың қай рүкуында болса да, намаз оқыған адам үшін сол дәрежеде қабыл болу үміті күмәнсіз боларын білген жөн. Сондықтан намаз оқытын адамдар ынта үшін мүмкіндігінше тыныштыққа көңіл бөлуі керек. Әйтпесе, Аллаһ Тағаланың сөзі өте ауыр:

**"Сол намаз оқығандарға нендей өкініш, олар намазына немқұрайды қарайды."** (Мағун, 4-5)

Өйткені нағыз намаз - ынтамен оқылған намаз. Аят кәримәда былай делінеді:

**"(Тек қана) намаздарын ынтамен (беріліп) оқыған мұминдер, расында құтылады..."** (Мүминун, 1-2)

Тіпті бұл ынта мұминнің барлық өмірін қамтиды. Сол үшін Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруу) **"Олар намаздарында бір қалыпта!"** (Мәариж, 23) аятын:

*"Намаздан кейінгі халдың да намаздағы сияқты болуы"* түрінде тәпсірлейді.

Осы халге жету үшін, шынайы әрі терең көңіл байланысымен Аллаһ Расулының (саллаллау алейһи уә сәлләм) пәк ахлағын бойына сіңіріп, Онымен рухани тұрғыда бірдей болу шарт.

Әлбетте, адам Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) алдында, иләһи

қорқыныш мен пәк сезімдерді сезініп, рухын сыртқы дүниеге тән барлық кедергілерден тазартқан кезінде, сонымен бірдей болу жолында деген сөз. Тура жолын бекемдей түспек.

Оны толық мағынада ешкім танымдай алған жоқ. Жаратылысын тани алған жоқ. Жәбірейл (аләһиссәләм) де сидрә-и мүнтеһада (ғарыштың шегінде):

"Мен шекарама жеттім. Сен жалғастыр!"-деді.

Әрбір сахаба ез қабілетіне қарай Расулұллаһты (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) сезінетін. Оны өз ынтасының терезесінен оны көретін.

**Хазіреті Айша** (радиаллаһу анһә):

"Расулұллаһтың жүзі жарқырап нұр шашатыны соншапық, толған айдан да жарық болатын. Қараңғы кезде инені соның жарығында сабақтайтын едім..."-дейді.

**Хазіреті Мәуләнә:**

*"Екі дүние бір көңіл үшін жаратылған. "Сен болмағанда, сен болмағанда, Бұл әлемді жаратпайтын едім!" хадисінің мағынасына көңіл бөл!"*-дейді.

**Уа, Раббым! Бізді, көңілі иләһи хикметке толы шынайы мүмин қылып екі дүниеде де шынайы құлдарыңмен бірге қыл!**

**Әмин!**

### **ЛӘЙЛӘНІҢ АУМАҒЫНЫҢ САҚШЫСЫ**

*"Мәжнүн емес болсаң үніңді шығарма! Сондай ғашықшыққа жетпеген адам үшін Ләйлә, тек бір тән ғана!"*

**Хазіреті Мәуләнә**

Ләйләсіне жету үшін және оған ғашықтығынан сахара кезген Мәжнүн сілекейі ағып, жүні түскен бір итті сипап, оның көздерінен сүйді. Бұл жайтқа куә болған біреу шыдай алмай, Мәжнүнға айғайлап:

"Ей, шикі Мәжнүн! Бұл істеген ісің не? Бұл жануарды неге соншалықты құшақтап, сүйесің?"

Мәжнүн былай деп жауап берді:

"Сен бастан-аяқ бір тән, көрініс, түр ғана болсаң, менің істегенімнен не түсінесің?! Ішке кір, яғни, рух әлеміне сүңгіп оған менің көзіммен қара!

Бұл иттің қандай қасиеті бар білесің бе?! Бұл итте сен шеше алмайтын бір иләһи сыр бар, Аллаһ оның көңіліне иесіне деген сүйіспеншілігі мен адалдықтың қазынасын жасырған. Әрі қарасаңшы, осыншама ауылдардың арасында Ләйләнің ауылын мекендеп, сол ауылға сақшы болған!..

Ит деп менсінбейсің, ал сен оның көмегіне қара. Ол менің жан дүниемнің мүбәрәк жүзді Қытмиры. Менің қуанышым мен қайғымның ортақтасы. Мұның бір тал жүнін арыстанға да айырбастамаймын. Көңіліне, жанына, парасатына назар салсаң, оның қасиеттерін көресің!.. Ләйләнің ауылын мекен еткен иттің аяғының басқан ізінің өзі мен үшін қымбат..."

**МӘСНӘУИ:**

*"Ей достар, түр мен көріністі тастап, нәпсіқұмаолықтан тазарып рухани әлемге кірсеңдер, ол жердің жәннат пен гүл бақшасының ішінде басқаша бір гүл бағы болғандығын көресіндер. "*

*"Ей дәруіш! Өз бейнеңді, күмәнға, уәсуәсаға және тәкәппарлыққа толы мендігіңді жойсаң, яғни барлық пұттардың атасы болған өз нәпсіңе табынудан құғылсаң, ішіндегі барлық пұттарды сындыруды үйренесің."*

*"Осыдан кейін, барлық бейне, барлық пұт атаулыны сындырып, Хазіреті Хайдар*

сияқты<sup>2</sup> (Хазіреті Әлидің (радиаллаһу анһу) лақап аты) Хайдар қамалының есігін жұлып аласың. Хазіреті Ибраһим сияқты отты гүлстанға айналдырасың..."

Мәснәуиде басқа Ләйлә хикаясы:

Сол кездің патшасы Ләйләні көріп, таңқалады:

"Мәжнүннің аянышты халге түсуіне себеп болған Ләйлә сенсің бе? Сенің басқалардан ерекшелігің жоқ қой.." - дейді.

Ләйлә былай деп жауап береді:

**"Сен Мәжнүн емессің, сондықтан сәйлеуге хақың жоқ!.."**

Сырттай қарағанда Ләйлә басқалардан артық сұлу емес еді. Соның жолында Қайстың Мәжнүн болуы оның ішкі сұлулығын кергендігінен еді. Халифа Ләйләға Мәжнүннің көзімен қарай алмағандықтан ондағы махаббаттың сырын кере алмады. Өйткені, оны көру үшін Ләйләнің сыртқы сұлулығына қараушы көзді жұмып, керісінше оның ішкі жан дүниесіндегі иләһи сұлулыққа қараушы көзі ашық болуы керек еді.

Екінші жағынан бұл ақиқатты білмеген халық та Мәжнүннің халіне аяушылықпен қарап:

"Ей Мәжнүн, енді Ләйләдан бас тарт, одан да сұлулар бар!.." - десті. Сонда Мәжнүн былай деп жауап берді:

*"Материалдық тән, көрініс, бейнеміз бір ыдыс сияқты. Сұлулық ішіндегі иләһи шәрбет. Аллаһ Тағала маған осы шәрбатты Ләйләның ыдысынан беретіндігін білгейсіндер.*

*Сендер ыдыстың сыртына қарайсыңдар, бірақ ішіндегіден бейхабар-сыңдар! Өйткені оның ішіндегі иләһи сұлулық шәрбетін руханияттан нәсіпсіздер көре алмайды. Оның ішіндегі сұлулық, ары таза, пәк әйелдер сияқты күйеуінен басқаға қарамайды да, көрінбейді. " Сол үшін **Шәйх Сағди** (құддисә сирруу): "Ләйләның сұлулығына Мәжнүннің көзімен қарау керек" - дейді.*

Мәжнүн қаншалықты жынды деген сөз болса да, ол - иләһи ғашықтықта фәни болған нағыз ақылды адам. Өйткені, қаншама зерек деген адамдардың өздері жақсы мен жаманды бір-бірінен ажыратуға шамалары жетпеген. Олардың тапқандары - екі дүниенің бақытсыздығы. Сол себепті Мәуләнә (құддисә сирруу) былай дейді:

*"Ғашықтың ақылдысын жынды деме! Рухпен бір шекпен жамылған адамды өтірікші деме! Түбі мен шегі жоқ мұхитты кесе деме! Ол өзінің атын біледі!.."*

Мұңлы Юнустың көңілін өртеген иләһи ғашықтықтың шыңында айтқан сөздері, ғашықтықтағы Мәжнүн болу халін мынандай тамаша көрсетеді:

*Мен жүрмін күйіп - жанып, Ғашықтық тұлға бойымды жаулады. Ақылды да емес, диуана да, Кел көр маған ғашықтық не істеді?*

*Кейде жел боп есемін,*

*Кейде жол боп тозамын,*

*Кейде селдей тасимын,*

*Кел көр, маған ғашықтық не істеді?*

Мәснәуиде айтылған Ләйлә туралы хикаялар тек балама екендігін білу керек. Ләйлә - иләһи ғашықтықтың үлгісі, иләһи махаббаттың көкжиегі.

Ләйләны көріп оның шынайы болмысына куә болу, сенің де Мәжнүн сияқты шынайы ғашық болуыңа байланысты. Өйтпесе, тек түр мен бейнеден басқа ештеңе емес. Сол ғашықтыққа жетпеген адам үшін Ләйлә, бір тән ғана.

**Хазіреті Мәуләнә** бұл ақиқатты былай баяндайды: *"Әрбір нышет пен мехнат кейбіреуге жәннам, кейбіреуге жәннат болып көрінеді... "*

*"Көзге көрінетін барлықжаратылыста: адам болсын, хайуан болсын, өсімдік*



*болсын, жансыз болсын - барлық нәрседе қоректе бар, у да бар. Бірақ барлық адам мұны көре алмайды!"*

*"Ыдыс көзге көрінеді. Бірақ ішіндегі сұйықтық жасырын, оның дәмін тек татқан біледі."*

*"Юсуфтың сырт болмысы шыны аяқ сияқты еді. Әкесі сол ыдыстан қуаныш сыйлайтын махаббатты ішкен сайын масайрайтын. Бауырлары Бұл аяқтан у ішіп, Юсуфқа деген ашу-ызалары артатын..."*

*"Зілиха Юсуф ыдысынан басқаша сұйықтық ішіп, дүниеуи гашықтықпен басқаша есінен айырылды."*

*"Көрініс ыдысының ішіндегі махаббат шәрбеті, "Зылиха Юсуф ыдысынан басқаша сұйықтық ішіп, дүниеуи гашықтықпен басқаша есінен айырылды." гайып әлемінен келеді. Ыдыс осы дүниенікі. Ыдыс көрінеді, ішіндегісі - жасырын, бірақ, тек иесіне ғана аян."*

*"Осы тамаша рухани шәрбет, иләһи гашықтық махаббат пен сырлардан нәсібі жоқтарға дәмін сездірмейді. Жүрегі бұзақылық пен құмарлыққа толы адамдар мұндай рухани сырға қол жеткізе алмайды. Бірақ Бұл сыр гашықтықты білетін және ұстанғандар үшін толған айдай анық."*

Аллаһ (жәллә жәләлуһу) **Хазіреті Ибраһимді** дос еткенде періштелер:

"Ей, Раббымыз! Ибраһим саған қалай дос бола алады? Нәпсісі, мал-мүлкі және баласы бар. Жүрегі осыларға бұрылып тұрады..."-деді. Соның артынан мына ғибратты көріністер мен Хазіреті Ибраһимнің ауыр емтиханына куә болды:

Хазіреті Ибраһим (аләһһиссәләм), зақпынмен отқа лақтырылатын кезде періштелер саскалақтады. Кейбіреуі Аллаһ Тағаладан Хазіреті Ибраһимге көмектесу үшін рұқсат сұрады. Періштелер Хазіреті Ибраһимнен бір нәрсе қажет пе деп сұрағанда, Ибраһим (аләһһиссәләм).

"Дос пен достың арасына кірмеңдер!"-деді. Кейін Жәбірейл (аләһһиссәләм) келіп: "Менің қажетім бар ма?"-деп сұрады. Ибраһим (аләһһиссәләм):

**"Сенің қажетің жоқ. Ол маған көмекке жеткілікті қандай жақсы өкіл!"** деді.

Сондай-ақ Халилұллаһтың осы сенімі және тек Хақ Тағалаға тәуекелі үшін, ол отқа түспей тұрып Аллаһ Тағала отқа әмір етті:

يَا نَارُ كُونِي بَرْدًا وَسَلَامًا عَلَيَّ اِبْرَاهِيمَ

**"Ей от, Ибраһимге салқын және сәлеметті бол!..."** (Әнбия, 69)

Осы әмірмен бірге Ибраһимнің (аләһһиссәләм) түскен жері бір сәтте гүлстанға айналады. Сол жерде бір бұлақ қайнап аға бастады.

Хазіреті Ибраһим (аләһһиссәләм) Аллаһқа берген анттын орындау үшін ұлы Хазіреті Исмайлды құрбан етуге алып бара жатқанда періштелер тағы да шарқ ұрып:

"Бір пайғамбар бір пайғамбарды құрбан етуге алып бара жатыр!"-деді. Исмайл (аләһһиссәләм), әкесі Хазіреті Ибраһимге:

"Ей, әкетайым! Әмір етілген істі орында! Иншааллаһ мен сабыр етермін.

Пышағынды жақсылап қайра; дереу кесетін болсын; жан беру оңай болады... Пышақты тартқан кезде бетіме қарама! Бәлкім, әкелік мейіріміңмен кешіктіресің... Мен өз қолыңмен құрбан еткен балаңның қайғы-қасіретін емір бойы ұмыта алмассың деп уайымдаймын..."-деді.

Әке мен бала, мойынсұнудың теңізінде жүзіп жүргенде көмекке Жәбірейл (аләһһиссәләм) келді. Пышақтың жүзін қайтарды. Жәннаттан қошқар түсірді.

Аллаһ Тағала Хазіреті Ибраһимге сансыз қой отарларын берді. Жәбірейл (аләһһиссәләм) адам бейнесінде келіп:

"Бұл отарлар кімдікі? Маған бір отарын сатамысың?"-деп сұрады.

Ибраһим (аләһиһиссәләм):

"Бұл отарлар Раббымдікі. Қазір менің қолымда аманат қана. Бір рет зікір етсең үштен бірін, ал үш рет зікір етсең бәрін алып кет!" деді.

Жәбірейл (аләһиһиссәләм):

«سُبُوْحٌ قُدْسٌ رَبَّنَا وَرَبُّ الْمَلٰئِكَةِ وَالرُّوْحِ» деді.

Ибраһим (аләһиһиссәләм) де:

"Бәрін ал! Сенікі, алып кет!"-деді.

Жәбірейл (аләһиһиссәләм):

"Мен адам емес, періштемін, ала алмаймын"-деді.

Ибраһим (аләһиһиссәләм):

"Сен періште болсаң, мен де Халилмін (Аллаһтың досымын) бергенімді кері алмаймын,"-деді.

Ақыры Ибраһим (аләһиһиссәләм) отардың бәрін сатып, мүлік алып, қорға (қайырымдылық) берді.

Ибраһим (аләһиһиссәләм) жаны, бала-шағасы, малымен ауыр сынақтан өтті. Раббысына үлкен мойынсұнушылықпен бас иді. Құлдықтың шыңына жетті. Керіністен құтылды. Халилүллаһ (Аллаһ досы) болды.

Бағдатта өрт шығып, бір ұстаздың екі баласы өрт ішінде қалады. Айқайлаудан басқа ешкімнің қолынан ештеңе келмеді. Сол кезде осы жерден өтіп бара жатқан **Нұри Хазіреті** оқиғаны көре сала, дереу мейірімділік пен мархабаттық танытып, оттың ішіне кірді. Барлығы таң - қалып қарап тұрғанда, от оған бейне бір гүлстанға айналып, Хазіреті Пір балаларды жалынның ортасынан аман-есен Аллаһ Тағаланың құдіретімен алып шықты.

Бұл жағдайға балалардың әкесі қатты қуанды да, Нұри Хазіретінің алдына бір кесе алтын қойды. Хазіреті Пір бірден қабағын түйіп, былай деді:

"Егер мен бұл істегендерімді Аллаһ үшін емес, пайда үшін жасасам сенің ұлдарыңды оттың ішінен құтқара алмайтын едім!"

Өйткені отқа кіру тек Аллаһқа Халил болған Ибраһимнің халіне ие болумен мүмкін болады. Өйткені, Хазіреті Ибраһимнің (аләһиһиссәләм) оттан қорқып шегінбеуі - оның бойындағы Аллаһқа деген ғашықтығы мен махаббаты және мойынсұнушылығы үшін Аллаһ Тағаланың оған берген үлкен сыйы еді.

**Жүнәйд Бағдади** Хазіреті де Хазіреті Ибраһимге берілген осы иләһи сыйдан әсерлене отырып, өзіндегі қауышу ынтасының артқандығы себепті, былай деуші еді:

"Егер Аллаһ пен менің арамда бір оттеңізі болғанда, Раббыма деген ынтықтығымнан сол теңізге іркілмей түсетін едім."

Бірақ, мынаны да ұмытпаған жен: Хазіреті Ибраһимді күйдірмеген отқа қарап, барлық адам өзі туралы дәл сондай нәтиже күтуі, шамасын білмеу болып саналады. Мұның ақыры - өкініш.

Хазіреті Мәуләнә бұл туралы былай дейді:

*"Аллаһ жолында отқа түсу бар. Бірақ, отқа түспей тұрып, өзінің Ибраһимге қаншалықты ұқсайтынына қара! Өйткені, от сені емес, Ибраһимдерді танып, күйдірмейді!.."*

Мәуләнә (құддисә сирруһ):

*"Құран Кәрім - пайғамбарлардың халдері мен сипаттары. Құран Кәрімді ынтамен оқып, өмірде ұстансаң, өзіңді пайғамбарлармен, әулиелермен кездескендей сана!*

*Пайғамбар қиссаларын оқыған сайын тән қапасы, жан қусына тар бола бастайды."*

*"Біз Бұл тән қапасынан осы арқылы ғана құтылдық. Ол кәпістан құтылу үшін,*

осы жолдан, яғни тәухид жолынан басқа шара жоқ"-дейді.

"Көріністі сындыру деген":

مُوتُوا قَبْلَ أَنْ تَمُوتُوا

"Өлмей тұрып өліңдер!"әміріне мойынсұну. Өлмей тұрып өлгендер, ақиқат көктемінде тіріліп, көріністен құтылады. Аллаһ Расулының ақиқатында тіріледі. Аят кәримәда:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

"(Ей Расулым!) Сені өлемдерге тек рахмет үшін жібердік," - (Әнбия, 107) делінеді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) - жаратылыстың себепшісі. Мақсат осы иләһи рахметтен нәсіп алып, Аллаһ пен Расулының жолында фәни болу.

Сол себепті Имам Мәлик (радиаллаһу аһу) Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басқан жерін құрметтегенінен Мәдина Мүнәууарада көлікке мінбейтін. Аяқ киім кимейтін. Оған хадис шәрифтен сұрақ сұрауға қонақ келген кезде, дәрет алып, сәлдесін орап, иіс май жағып, биіктеу жерге отырып барып, содан кейін қабылдайтын. Өзін Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) руханиятына әзірлеп, Оның мүбәрәк сөзін жеткізетіндіктен әдепті мұқият ұстанатын.

Османлы дәуірінде Мәдинаға баратын сүррә алайы<sup>3</sup> қалаға кірмей, жақын жерде бір орында аялдап, өздерін Мәдинаның рухани атмосфера-сына әзірлеп, истихарадан кейін рухани ишарат арқылы Расулұллаһтың құзырына барып, қайтарда елдеріне тәбәрік етіп Мәдина топырағынан алып кететін.

Және Мәдинаға қарауға жауапты Османлы сардарлары, көліктерін Пайғамбар мешітінен алыс қойып, әдеппен Расулұллаһтың құзырына жаяу келетін.

Төсекте науқастанып, есін жия алмай түрі солып жатқан Сұлтан Абдулазизге:

"Мәдина Мүнәууара аумағынан бір өтініш хат бар!" - дегенде уәзірлеріне:

**"Дереу мені тұрғызындар! Тік тұрып тыңдайық! Аллаһ Расулына көрші болғандардың өтінішін әдепке қайшы осылай аяқгы созып жатып тыңдауға болмайды!"-деуі,** Османлы Сұлтандарының Мәдинаға, Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген махаббаттарының ең тамаша көрінісі.

Бәзми Әлем Уалидә Сұлтан Шамның түшкі суын түйемен Харамәйн-ға, қажыларға ұсыну үшін, тасытып, Харамәйннің руханиятынан нәсіп алуға тырысатын.

**Шайыр Наби** 1678 жылы, мемлекет адамдарымен бірге қажылық сапарына шығады. Керуен Мәдинаға жақындаған кезде Наби толқып, ұйықтай алмайтын халге келеді. Керуендегі бір сардардың ғапылдықпен Мәдинаға қарай аяқ созғанын көреді. Бұған қатты әсерленіп, мәшһүр мақтау жырын жазады.

Таң намазына қарай керуен Мәдинаға жақындағанда Наби, жазған мадақтауының Пайғамбар мешітінің мұнараларынан оқылғандығын естиді:

***Sakin terk-i edebden kuy-i mahbub-i Huda'dır bu,***

***Nazargah-i ilahidir, makamı Mustafa'dır bu.***

(Аллаһ Тағаланың назар орны және Оның пайғамбары Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның орны мен мекені болған Бұл жерде әдепсіздік көрсетпе!..)

***Murat-i edeb şartıyla gir Nabi bu dergaha,***

***Metaf-i kudsiyandır, busegah-i enbiyadır bu.***

(Ей Наби, бұл орынға әдептің қағидаларын мүлтіксіз орындап кір! Бұл жер періштелер айналасын қаумалап, пайғамбарлардың (есігін) сүйген мүбәрәк орын).

Бұл" жағдайға қатты толқыған шайыр Наби дереу азаншыны тауып: "Бұл мақтауды кімнен және қалай үйрендіңдер?"-деп сұрайды. Азаншы:

"Бүгін түнде Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уә сәлләм) бізге түсімізде;  
"Үмбетімнің ішінен Наби атты бір шайыр мені зиярат етуге келе жатыр. Бұл адам маған қатты ғашық және маған деген махаббатқа толы. Осы ғашықтығы себепті оны Мәдина мұнараларынан өз мақтауын айтып, қарсы алыңдар!.." - деді.

Біз осы пайғамбар әмірін орындадық..." - дейді. Наби шыңғырып жылайды. Жылап тұрып былай дейді: "Демек, Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уә сәлләм) мені "үмметім" деді! Демек, екі әлемнің нұры мені үммет болуға қабылдады!.."

**Сүлеймен Челеви** Мәүліт Шәрифінде: "Хақ Тағала осылайша жаратты Адамды, "Адаммен қылды әшекей Әлемді" сөзімен Адам мен әлемнің босқа жаратылмағандығы н;

"Күн көбелектей айналған бұл ғажайып нұр кім..." - деп, екі әлемге жарық берген күннің, Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллау алейһи уә сәлләм) ынтық болып, айналасында айналғанын, яғни жансыз заттардың да оған ғашық болғандығын қандай тамаша жеткізеді.

Бұл нәзікжанды, пәкмүминдер, Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) ақиқатына жақындау үшін оның руханиятының айналасында көбелектей жанын пидә етуді, дүниенің ең үлкен нығметі деп біліп, иләһи ләззатқа батқан.

**Аллаһ Расулы** (саллаллау алейһи уә сәлләм) мен **Жағфар Тайярдың** (радиаллау аһу) арасындағы махаббаттан бір көрініс:

Жағфар (радиаллау аһу), Хабашстан көшінен қайтып Мәдинаға келеді. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) Хайбарға кеткенін естігенде, жолын жалғастырып оған қауышады. Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уә сәлләм) Хазіреті Жағфарға:

*"Жаратылыс пен ахлақ жағынан маған қандай ұқсайсың! "*-дейді.

Жағфар (радиаллау аһу) бұл ілтипатқа толқып, шабыттанып кетті. Бейкүнә бір бала сияқты қуанғанынан секіріп ойнай бастады. Есінен танды.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уә сәлләм), Хазіреті Жағфардың маңдайынан иіскеп:

*"Хайбардың жеңісіне ме, әлде Жағфардың келгеніне қуансам ба екен?"*-р, еді.

Жағфар (радиаллау аһу) Мутә соғысында Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) тағайындауы бойынша Зәйдтен (радиаллау аһу) кейін екінші қолбасшысы болды. Зәйд шейіт болған соң байрақты қолына алды. Қылыш шауып түсіріп, екі қолынан айырылды. Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) байрағын жерге түсірмеу үшін шолақ қолымен кеудесіне орауға тырысты. Бұл көріністі Мәдинада отырып тамашалаған Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уә сәлләм) көзінен жас сорғалап баяндап, Аллаһ пен Расулұллаһ досының жанын пидә еткендігін, шейіт болғандығын жеткізді:

*"Аллаһ (жәллә жәләлуһу) Жағфардың шолақ қолдарына бедел, оған екі қанат берді - деді. Осыдан кейін Хазіреті Жағфардың балаларының басынан "екі қанаттының ұлдары!"*- деп сипады.

Жағфар (радиаллау аһу) Аллаһ (жәллә жәләлуһу) пен Расулұллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) махаббатына мас еді. Аллаһ (жәллә жәләлуһу) пен Расулұллаһ (саллаллау алейһи уә сәлләм) тарапынан үлкен ілтипатқа бөленді. Рухани тереңдігі артып, сол жолда жанын пидә қылуға қол жеткізіп, Аллаһтың ризашылығына қауышты.

**Хазіреті Мәүләһның** мына жолдарында бейне бір сол Хазіреті Жағфармен (радиаллау аһу) сол сияқтылар баяндалғандай:

*"Пайғамбарлар мән әулиелердің көзі теңіздей кең. Сол кеңшілік себепті екі дүние, дүние мен ақирет оларға қыл сияқты көрінеді."*

*"Мыңдаған көк жүзі сол көздерге кірсе, теңіздің қасында бұлақтай болады."*

*"Ол көз осы сезімдер әлеміне тән барлық нәрселерден өтсе одан әріғайып әлемін көреді, сөйтіп осы қабілет арқылы барша көріністерге ие болады."*

*"Егер осы ұлық әрі қасиетті көздерден жас тамса, бір тамшысын Жәбірейл (аләйһиссәләм) іліп алар еді."*

*"Сол хош жаратылыстағы я жолдағы пайғамбар немесе әулиенің рұқсатымен іліп алған тамшысын қанатына жағар еді."*

**Шәйх Аттар** (құддисә сирруһ) "Мақалат-Әруах" деген кітабында былай дейді:

Жүнәйд Бағдади (құддисә сирруһ) бір күні жолда кетіп бара жатып, періштелердің аспаннан түсіп, жерде бір нәрселерге таласқанын көреді.

Олардың біреуінен:

"Неге таласып жатырсыңдар?" - деп сұрады. Періште:

"Бір Аллаһ досы осы жерден өтіп бара жатып, ынтамен бір күрсінді де, көзінен бірнеше тамшы жас төгілді. Осыны пайдаланып Аллаһ Тағаланың рахметі мен кешіріміне қол жеткізейік деп сол тамшыларға таласып жатырмыз."

Тәбүк жорығы кезінде пақыр сахабалардан жеті адам, Аллаһ Расулына (саллаллау алейһи уәсәлләм) жүгініп, одан көлік сұрады:

**"Мінетін түйе болмағандықтан..."** - деген жауапты естіген кезде жылай-жылай кейін қайтты. Аллаһ жолында төгілген осы көз жастардың Аллаһ тарапынан қабылданғандығы аят кәрімәдә:

**"Сендерге көлік таба алмаймын" деді және өздері де тырысып ештеңе таба алмай қайғырып, көз жастарын төгіп кейін қайтты,**" - (Тәубе, 92) деп мадақталады.

Сонда **Хазіреті ибн Омар** (радиаллау аһу), **Хазіреті Аббас** (радиаллау аһу) және **Хазіреті Осман** (радиаллау аһу) азық-түлік пен көлік беріп оларды өздерімен бірге жорыққа алып кетті:

Осылайша, Аллаһ Расулына (саллаллау алейһи уәсәлләм) деген ғашықтықпен, онымен бірге жорыққа шыға алмаудың қорқынышынан болған осы жеті адамның көз жасы, періштелердің сүйсініп, таласқан нәрселері еді. Бұл жағдайдың керісіншесі қандай өкінішті болмақ!

Аят кәрімә да:

اعْلَمُوا أَنَّمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا لَعِبٌ وَلَهُمْ وَزِينَتُهُمْ وَقَاعْرُ بَيْتِكُمْ وَتَكَاتُرٌ فِي الْأَمْوَالِ وَالْأَوْلَادِ

**"Дүние өмірі - тек қана ойын, ермек, әшекей, араларында бір мақтан және көбірек мал-мүлік пен бала-шағалы болу құмарлығы екендігін біліңдер,"**- (Хадид, 20) делінгені сияқты, дүние қуған адам, шөлдегі мұнарға алданып, қиялдан жұбаныш іздеген адам сияқты.

Хадисте:

*"Дүние - ақирет иесі үшін харам. Ақирет те - дүние иесі үшін харам!"* делінеді.

**Хазіреті Фатима** (радиаллау аһә), **Хазіреті Пайғамбардан** (саллаллау алейһи уәсәлләм) бір көмекші сұрап:

"Хасан мен Құсайын тынышсыз, мен болсам өте әлсізбін" - деді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уәсәлләм):

*"Қызым, қаласаң бірнеше көмекші берейін. Бірақ, екі дүниеде де бірдей рахаттық жоқ. Осы дүниеде қиналсаң, ақиретте рахатқа қауышасың!"* - деді.

Екінші бір риуаятта Хазіреті Фатима (радиаллау аһә) қол диірменімен үн үгітуден, құдықтан су тартқаннан қолдарының жарылғандығын айтып Аллаһ Расулына (саллаллау алейһи уәсәлләм) көрсетіп көмекші сұраған еді. Аллаһ Расулы (саллаллау алейһи уәсәлләм):

*"Суффа сахабалары осынша пақыр өмір сүріп жатқанда, Бәдір шейіттерінің жетімдері аянышты жағдайда жатқанда, сен қалай осындай нәрсе сұрайсың?"-деді.*

Қазіргі кезде біздің, жүз жылдықтың ең ауыр зұлымдығына тап болып аш-жалаңаш, панасыз, отынсыз еңіреген бауырларымыздың алдында Ислам бауырластығы деген түсінігіміз, қайғысына ортақтастығымыз, нәпсімізден жырып беруіміз бен кісілігіміз қандай жағдайда?

Тамағымызды қанша күн қанша пақырмен бөлістік? Қанша ғаріптің не науқастың ауруына дауа болдық? Қанша қайғылының қайғысын сейілттік? Қанша бишараға жылы жүзбен жұбаныш, қуаныш сыйладық? Қанша адасушыға, сенім мен жан дүниемізді ашып соның дұрыс жолға келуі үшін күрестік? Осы дүниенің сахнасында неге жүрміз? Келуіміздің сыры мен кетуіміздің жағдайын неге ойламаймыз? Ертендер бізді қалай қабылдайды? Күн сайын бізге берілген жиырма төрт сағаттық уақыт нығметінің қаншадан қаншасын жан дүниемізге арнаймыз? Халіміз бізді ұждан жауапкершілігіне апара ала ма?

**Уа, Рабби! Бізді шынайы ғашықтық пен махаббатқа толы қас құлдарыңнан етіп, барлығымызға Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) исар сезімінен нәсіп алуға жеткіз!**

**Әмин!..**

### **АЙНАДАҒЫ ЖАЛҒАН**

*"Ей дәруіш, айнадағы соңғы көрініске қара!*

*Сұлудың қартайған кездегі түрі мен*

*ғимараттың қирайтындығын ойла да*

*айнадағы өтірікке алданба!"*

**Хазіреті Мәуләнә**

Дүние бір сынақ әрі бәлекеттердің мекені. Басында иісі жағымды да дәмді болып келеді. Нәпсіні жандандырып, жаңартып отырады. Бірақ, ол тұзақ, нәпсі кедергісінен құтыла алмағандар үшін тұңғиық толқын. Су сияқты болып көрінетін алдамшы бір мұнар немесе балалардың жақсы көретін тәтті шекері сияқты, сырты түрлі-түсті түрге боялған, іші болса қираған үйінді және қышқыл. Өзін сүйген адамды арбап өзіне жем қылады. Сыртына алданған адамдар, мәңгілік әлемде зиянға ұшырайды. Нәтижесі, мәңгілік өкініш.

Адам болса үлкен әлемнің кішкене ғана үлгісі. Оның осы қарапайым сияқты көрінген болмысына "Аллаһтың халифасы" болу абыройы берілген. Алайда адам, рухани қоректерді алған жағдайда жаратылыстың ең абыройлысы болмақ. Ал керісінше нәпсілік болмысына құл болса, ең ауыр зиян болып саналатын мәңгілік бақытсыздыққа ұшырайды. Мәуләнә (құддисә сирруһ) бұл жайды:

*"Мырза - нәпсісіне әмір жүргізген, құл - нәпсісіне құл болған адам."*-деп, жақсы айтқан.

Адамда иман түсінігі қалыптаспай оның шынайы өмір жолына әзірленіп адамдық қасиетін сақтап өмір сүруі мүмкін емес. Ғапылдықпен басқан жер бетінде жасаған күнәларды, қияметте тамашаларымыз хақ. Махшар таңы болып ататын өлім түні - әрбір адамның болашақтағы ақыры. Тәнмен байланысты барлық нәрсе түбінде бір шіритіндігі дүние сахнасында ғибрат ретінде көрсетіледі. Артта қалған күндер, ақирет есебіне жазылады.

"Дүниеге келу мен дүниеден өту" сияқты екі ұлы беймәлімнің арасына қысылған ақыл, дүниеге байланысы шынайы құндылықтың үкіміне жетіп іс-әрекеттерін осыған қарай реттемейінше, жалған көлеңкелер әлемінен ақиқаттар әлеміне қарай рухани сапарға

шыға алмайды.

Табысқа жеткізетін шара мен амал істейтін уақыт пен орын осы дүниеде. Осы шектеулі уақытты ең абзал амалдарға жұмсаудың қасиеттілігі айдан анық. Уақыт ылғал сабын сияқты. Оны қолда ұстап тұру қиын, үнемі жылпылдап, тұрған орнын да тайғанак қылады. Уақыт - өткір қылыш сияқты. Оған ие болу шеберлікті талап етеді. Оны жақсы қолданып, ізгілікті таңдап маңыздысын алдымен орындап, маңызсызын кейінге тастау керек. Бұл ақиқатқа жеткен әрбір ақылдың қажеттілігі әрі шарты.

Сондай-ақ, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*"Ертең істеймін дегендер жойылды!"* - деп бұйырады.

Бір қызығы, адам бір екі күн қонақ болған осы дүниеде өзін алдайды. Күн сайын жаназалардың кешкенін көре тұра, өмірді өзіне ұзақ санайды. Өзін әр сәт қолынан шығып кетуі ықтимал фәни аманаттарға иемін деп ойлайды. Ал, адам болса рухына тән кигізіліп бір есіктен дүниеге жіберілсе, енді ол өлім сапарына шыққан деген сөз. Ол осы жолға әзірлену орнына кіреді, бірақ мұны ешқашан есіне апмайды. Бір күні рух тәннен шығарылып, ақирет есігі болып саналатын қабірден екінші бір үлкен сапарға шығарып салынады. Аллаһ Тағала былай дейді:

وَمَنْ نُعَمِّرْهُ نُنَكِّسْهُ فِي الْخَلْقِ أَفَلَا يَعْقِلُونَ

**"Кімге ұзақ өмір берсек, біз оның жетілуін (өсуін) керісіне айналдырамыз. (Бұл көріністі) Ешқашан ойламай ма? (Бұл ғибратты сапарды түсінбей ме?)"** (Йәсин, 68)

Аят кәрімә адамға ең тамаша түрде насихат жасауда. Дүниенің ең ерекше сипаты - опасыздық. Бергенін дереу қайтарып алады. Бір күні көтерсе, екінші күні құдықтың түбіне түсіреді. Көлеңке сияқты. Оны ұстамақ болсаң, қашып, ұстатпайды. Сен қашсаң, артыңнан қалмайды. Соңынан жүгірген нәрселерге қол жеткізу үшін бүгін-ертең деп жүрген-де өмір бітеді. Дүниеге көңіл бөлсең, ол асау ат сияқты, кейде адамды жерге жығады. Іс-әрекеттері опасыз. Өзіне байланғандарды тез арада сатып кетеді.

"Нәпсі" кедергісінен құтылғандар үшін уақыт - ешнәрсе тең келмейтін бір нығмет. Хақ Тағала Аср сүресін **"уақытпен ант"** деп бастайды. Барлық нәрсені сатып алуға болады немесе кейін қайтып алуға азды-көпті мүмкіндік бар. Уақыт болса, ешқашан!...

Ең үлкен өкініштердің бірі - уақыттың босқа өтуі. Өлімді фәни дүниенің ләззаттарымен сапарды білген адам мейманханадағы ойыншықтарға алданбайды! Өйткені материалдық дүние-мүлік тұрақты түрде дүние мейманханасына тән. Барлық фәни нығметтер бір адамның басына жиналса және ол бақыттылықпен мың жыл өмір сүргеннен не пайда!.. Бәрібір кірер жері осы қара жердің асты, осы қара жердің бір шұңқыры емес пе?!.

Өлімсіз өмір немесе қартаймайтын жастық қаласаң, оған тек нәпсі кедергісінен құтылып, жалған әрі фәни заттарға құл болудан құтылып, Хақ Тағалаға бас ию арқылы қол жеткізуге болады!..

Бір ариф хикмет пен ғибраттың көрмесі бұл әлемді ақылды адамдар үшін кереметтерді тамашалау, ақымақтар үшін жеп-ішу мен рахаттану деп танымдаған.

Нәпсіқұмарлықпен өмір сүру адамды жойылуға алып баратын қулық пен азғырындыларға толы болады.

**Хазіреті Мәуләнә** (күддисә сирруу) адамның жастық, сергектік және тың кездері мен оның соңындағы күтілмеген сыйлықтар жиынтығын және уақытша ермектерін мына мысалдар арқылы түсіндіреді:

*"Ей, көктем сұлулығына таң қалған адам! Бір сәт күздің сарғайған халі мен суығына қара!"*

*"Таң шапағы туғанда әсем күннің туғанын көрген кезде, батқан уақы-ты оның"*

өлімі болып саналатын батуында есіңе ал!"

"Мына тамаша айлы түнде толған айдың әсемдігін көресің. Енді бір сәт оның ең соңында тап болған әлсіздігі мен толған кезіне дейінгі сағынышын ойла!"

"Адамның басынан да осы оқиға өтеді. Кемелдігі мен сұлулығы бір күні батады."

"Сүйкімді бала бір қарасаң сүйкімділігімен халыққа сүйікті болады. Бір аз уақыттан кейін, алжыған қартқа айналып халыққа масқара болады!"

"Егер күміс тәнді сұлулар сені баурап алса, қартайғаннан кейін мақта егілген жерге ұқсаған тәнге қара!"

"Ей, майлы-тәтті тамақтар мен тамаша тамақтарды көріп тамсанған адам! Тұрып әжетханаға барып, оның ақырғы халін сол жерде көр!"

Нәпсіңе айт: Сенің сол әсемдігің, табақтағы дәмің және тамаша иісің қайда?"

"Ол саған: Әлгі айтқан нәрселерің гүл еді. Мен құрылған тұзақ едім. Сен келіп тұзаққа түскен кезде, гүл құраған шөпке айналады..."

"Ұсталарды сонша таңқалдырған шебер қолдар, кейін дірілдеп қалады..."

"Сондай-ақ нарғиздей әдемі көздің соңында солып, суына бастағанын көресің!"

"Сол сияқты арыстандардың сапындағы арыстан сияқты ер жігітте бір күні тышқан сияқты әлсіз біреуден жеңіледі."

"Сол сияқты өнерлі өнерпаздың соңында әлсіреп, бишаралық жағдайға жетіп, түкке жармайтын халге түскенін көресің!"

"Сол сияқты естен тандыратын хош иісті шиырылған сакдл қартайған кезде есектің құйрығы сияқты болып қалады."

"Осылардың барлығының алғашындағы әсемдіктеріне қара! Содан кейін олардың қалай бұзылып қаңқай жағдайға ұшырағандығына қара!"

"Өйткені Бұл әлем сен сияқтыларға тұзағын құрып, сол арқылы қаншама кемелденбеген рухтарды алдап өкінішке қалдырған."

"Осылайша әлемнің әрбір бөлігінің алғашқы халі мен соңғы халін көз алдыңа елестет!"

"Кімде-кім нәпсіге құл болудан және көлеңкелерге алданудан құтылған болса, Аллаһқа соншалықты жақын болады."

"Сұлулығымен мақтанған, айдай жарқыраған әрбір сұлудың түріне қара! Бірақ алғашқы халін көргеннен кейін, ақырына да назар сал, сонда шайтан сияқты жалғыз көзді болу яғни бір нәрсенің дүниелік жағын ғана көру ақымақтығына тап болмайсың."

"Шайтан адамның болашағын көреді, бірақ улылығын көре алмайды. Осы дүниеге тән болған болашақты тамашалады. Бірақ, о дүниеге тән рухани жағын көрмеді. Шайтанның біле алмағаны, адамның Хақ Тағаланың халифасы болғандығы еді."

"Ей, адам, дүниеден бір-біріне қайшы екі дауыс шығады. Сенің жүрегіңнің қайсын алуға қабілеті бар екен?.. "

"Ол дауыстың біреуі Аллаһқа жақындағандардың халі, екіншісі болса алданғандардың халі!"

"Бұл дауыстардың біреуін қабылдасаң, екіншісін естімейтін де боласың!.."

"Өйткені, сүйген адам, сүйгенінен басқаны көрмейді де, естімейді де."

**"Ей, дәруіш айнадағы соңғы нақышқа (көрініс) қара! Сұлудың қартайған кезіндегі түрі мен бір ғимараттың үйінді болған халін ойлап, айнадағы жалғанға алданба!"**

"Хақ жолындағылардың естіген дауысын алдымен естігендер қандай бақытты."

Хазіреті Мәуләнә айтқан бір-біріне қайшы екі дауыстың біреуі дүниеге бейімділік, екіншісі дүниеден жиіркену. Олардың қайсысын тыңдап соған бет бұрсаң, екіншісінен құр



қаласың. Хадис шәрифте:

*"Дүние мен ақырет, ортақ екі жұбай (күндес әйел) сияқты. Біреуін қанишалықты разы етсең, екіншісі соншалықты ыза болады!.."* делінеді.

Яғни, дүниеге шақырған дауыс көңілге орнықса, ақиреггің насихаты ол көңілге әсер етпейді. Ақиретке шақырған дауыс бір көңілге орнығатын болса, дүниеге шақырған дауысты естімейтін болады.

Жүрекке дүниеге бейімделу иісі сіңсе, оны тазалау өте қиын. Мәселен құмыра-ыдысқа сіңген жағымсыз иісті тазарту үшін оны отқа жағу керек болса, жаман мінез-құлықтың да тазаратын жері жәһәннам.

Руханият әлеміне қауышу үшін **Хаже Фәридүддин Аттардың** (құддисә сирруһ) өсиеттері қандай тамаша:

"Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) хадис шәрифтерінен соң Рабтың хас құлдарының сөздерінен артық сөз жоқ. Өйткені, олардың сезі ғайыптан, руханияттан нәр алады. Кәсіби болмайды. Сол себепті оларды пайғамбарлардың ізбасарлары деп атайды. Сол қас құлдардың сөздерін естігендердің көңілі рухани нұрға бөленеді. Ынта-жігері артады. Сырлар оларға аян бола бастайды. Шайтанның азғырындыларынан дүние құмарлықтан арылады.

Кейбір әулиелер Хазіреті Адамның сипатына ие, енді біреулері Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Мұса, Хазіреті Исаның сипатына ие, ал енді біреулері Мұхаммед (саллаллау алейһи уә сәлләм) пайғамбардың сипатына ие болады. Бұлардың да кейбіреулері мағрифат иесі, кейбірі махаббат және сүйіспеншілік иесі, кейбірі тамаша мінез-құлық иесі, кейбірі тәухид иесі, кейбірі сипатсыз, яғни қарапайымдылық пен тылсым ішінде болады."

Әлемнің сұлтандарына жол көрсетіп, бағыт беретін, оларға ез кеңіл дүниесінен о дүниені тамашалатқан кәміл мүршид Азиз Махмұғ Һұдайи Хазіреті осы дүниенің хал-жағдайын қандай тамаша суреттейді.

*Сенен кім адалдық күтсін,  
Жалған дүние емесісің?  
Мұхаммедул – Мұстафаны  
Алған дүние емес пісің?  
Кете бер, ей, опасыз,  
Сен жалғыз кейуана қарт әйелсің.  
Қанишама жүз мыңдаған ерлерден  
Қалған дүние емесісің?  
Арнайы халықтың өзіне,  
Топырақ салып көзіне,  
Надандардың жүзіне  
Күлген дүние емесісің?  
Патша болсын, пенде болсын,  
Барлық адам тұрған сенде  
Ешкім сені мекен тұтпас,  
Қираған дүние емесісің?  
Кейбіреуді налытып,  
Кейбіреуді жылатып,  
Ақырында тырдай етіп,  
Шешкен дүние емесісің?  
Айтарыңның бәрі жалған.  
Көп адамнан артта қалған.*

*Қаншама рет босап,  
Толған дүние емесісің?  
Юнус та тамаша айтқан:  
Маған бір ғимарат көрсет,  
Соңы харап болмаған!  
Байлыққа қол жеткіз, бәрі бір  
Төгіліп артыңда қалар!*

Сол баяғы ұстанымда ұстаз Нәжіп Фазыл марқұм да, негізгі мақсат ақыреттің әзірлігі екендігін қандай жақсы айтқан:

*Сараң зергер өзіңе басқа бір сандық жасат, Қабірде өтетін ақшаны ғана жина!*

Әрбір фәни жаратылыстың жастығы мен сергектігі уақыт диірменінде ұдайы үгітіліп жатқандығынан адам баласы ғибрат алмай ма? Ақиретсіз өмір сүрген дүниеде нәпсінің құмарлығын қандыратын ілтипаттар, дүниенің ойыншықтары үлкен болашақ үшін қандай қорқынышты алданыш!..

**Ғапылдықпен өткен өмір, балалық шақта - ойын, жастыққа - құмарлық, орта жаста - ғапылдық, қарттықта - айырылып қалғандарға деген сағыныш, мыңдаған қайғы-қасірет пен өкінішке толы.** Зікірді аузына және жүрегіне алмаған, мархабаттан үлесі жоқ, бишараның қасіретінәстіп, сезгісі келмеген, бетпақ, тәкәппар қашқан өлім оны әр сәт тұзақта күтіп тұр. Ақиретсіз дүние рахатына қол жеткізу үшін дүниенің әсіре қызықтарына орнаған, фәни ләззаттарға ақырғы күніне дейін батқандардың соңғы халі қандай аянышты әрі өкінішті!..

Адамдар көбінесе, өмірдің мыңдаған көріністері мен әшекейлерінің ішінде айнадағы жалғандардың құлы. Әрбір сәт осы жалғандығы мен опасыздығын тоқтатпаған бұл дүние - алдамшы мекені болмағанда не?..

Жаны жаралы Юнус, осы **алданыш мекеніне** қонып - көшкендердің халін қандай тамаша суреттейді:

*Жалған дүниеге қонып - көшкендер,  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Үстіне әртүрлі шөптер өскендер,  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Кейбіреуінің басына ағаштар өсер,  
Кейбірінің басында шөптер сарғаяр,  
Кейбірі бейкүнә, кейбірі сұлу жігіттер  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Топыраққа батқан нәзік тәндері.  
Сөйлемей қалған тәтті тілдері,  
Келіңдер ұмытпайық дұғада бұларды,  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Кейбірі төртте, кейбірі бесте,  
Кейбірінің тәжі жоқ басында,  
Кейбірі алты, кейбірі жеті жасында  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Кейбірі саудагер кейбірі ұстаз.  
Ажал шәрбәтін ішу де қиын,  
Кейбірі ақсақалды, кейбірі үлкен пір.  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..  
Юнус айтар, көр - тағдырдың ісі,*

*Түсіп қалған кірпігі мен қасы,  
Бас жағында құлпытасы  
Не айтпайды, не хабар бермейді!..*

**Уа, Раб! Бізді дүние қызығына батып, өзін бір кесе суға тұншықтырғандардың ақырынан сақта! Ей мейірімділердің ең мейірімдісі Раббым!..  
Әмин!..**

### **МАХАББАТ ПЕН ДҮШПАНДЫҚ**

*"Сен адам! Бұл дүниедегі әшекейлер мен ойын-сауыққа алданба! Ұйықтап жатқанда тәнің жапырақталып туралса да қорықпа! Өйткені бұл дүние - бір түс қана!"  
Хазіреті Мәуләна*

Адами өмірді қалыптастыру немесе құлдырату турасында махаббат пен дұшпандықтан әсерлі ештеңе жоқ. Лайықты адамға махаббат, ал тиістісіне дұшпандық өмірді барынша көтерсе, керісінше жағдайда барынша құлдыратады.

**Перғауын Хазіреті Мұсаның** тәухид күресінен жеңіліп салтанатынан айырылып қалудан қорқып, сол үреймен Мысырдың сиқыршыларын жинап Мұсамен (аләһһиссәләм) күресуге шығарды. Сиқыршылар:

"Ей, Мұса, алдымен сен таяғыңды тастайсың ба, әлде біз тастайық па?" - деп, Хазіреті Мұсаны сыйлап, құрмет көрсетті.

Мұса (аләһһиссәләм) оларға:

**"Сендер тастайтындарыңды тастандар!"**- (Ағраф, 115-116) деді.

Сиқыршылар Перғауын мен Мысыр халқының алдында жерге бірнеше шыбық және жіп тастады. Олар ирелендеп, жылан сияқты көріне бастады. Сосын Құдайдың әмірімен Мұса (аләһһиссәләм) таяғын тастады. Аса таяқ үлкен бір айдаһар болып, алдындағы барлық сиқырлық құралдарын жұтып қойды. Сиқыршылар бұл жағдайдың адамның өнері емес, иләһи мұғжиза болғандығын түсінді. Өйткені бұл сиқыр болса, тасталған шыбықтар мен жіптер сиқыр бұзылғанда орынында қалар еді. Алайда, сиқыршылардың сиқыры бұзылғанымен қоймай, сонымен бірге шыбықтар мен жіптер толықтай ортадан жойылған еді. Осы мұғжизаны көрген сиқыршылар:

**"Біз Мұса мен Һарунның Раббысына иман еттік!"** - деп, сәждеге жығылды.

Бұған Перғауын қатты ашуланып:

"Менің рұқсатымсыз қалайша иман етесіңдер? Демек, Мұса сендердің ұстаздарың екен ғой! Сендер мұны содан үйренген екенсіңдер! Олай болса, сендердің қол-аяқтарыңды шадырлап (қиғаштап) кесіп сендерді өлтіремін!"- деді.

Адами қорқыныштан құтылған сиқыршылар да Перғауынға қарсы шығып:

**"Біз сен үшін бізге келген айқын мұғжизадан бас тарта алмаймыз!.. Сен не істесең өзің біл. Қалаған зұлымдығыңды жаса! Қинағаның бізге зиян тигізе алмайды! Сенің үкімің осы дүниелік өмірге тән. Ал біз Аллаһқа қайтарыламыз..."** - деді.

**Хазіреті Мәуләна** сиқыршылардың осы сөздерін хал тілдерімен былай жалғастырады:

*"Ей, Перғауын! Сенің зұлымдығың бізге зиянын тигізбейді. Өйткені Аллаһтың сыйы басқаның қаһарынан жоғары."*

*"Ей, жүрек көзі соқыр адам! Ей, адамдарды азғындық пен адасушылық жолына тартқан адам! Сырымызды білсең осы қорлық өлім арқылы біз өзімізді қорлықтан құтқарып, шынайы өмірге қол жеткізетінімізді түсінер едің."*

*"Аллаһтың сыйы бізге сенің салтанатың оның жанында түкке тұрмайтын*

салтанат берді. Өйткені бұл салтанат сенікіндей уақытша емес. Сол үшін де біз Хабиби Нәжжар сияқты: Әттең қауымымыз мұны білгенде зой!-дейміз."

"Ей, Мысыр өлкесі мен берекетті Ніл өзеніне қарап тәкәппарлыққа салынған Перғауын! Басыңды көтеріп, біздің өлімсіз, жойылмайтын салтанатымызды көр!"

"Ей, Перғауын! Егер сен мына лас шекпеннен, яғни рухқа қапас болған тән балшығынан, баз кеше алсаң, өлкеңдегі Ніл өзенін жан Ніліне батырып, жоқ қылар едің!"

"Ей, Перғауын! Мысыр елінен бас тарт, көңілдің мысырында жүздеген Мысыр бар!"

"Сен халыққа - Мен Раббымын дейсің, бірақ осы екі сөздің мағынасын түсінбейсің! Ей, ақымақ Перғауын! Сол "Мен" дегенің саған қаншалықты үлкен зиян тигізуде. Бірақ біз бәлекет пен қиыншылыққа толы мендіктен бас тартқандықтан, көңіліміз қол жеткісіз бақыттылық пен шексіз мемлекетке қол жеткізді!"

"Шүкіршілік, біз мына фәни дүниеден, бұл тәкәппарлық отанынан, құтыламыз..."

"Бізге жапа шектірдім деп ойлағандардың қателігі - негізінде бізді көкке көтеріп, Раббымызға қауыштыратын **рахмет пырағы** болды. Сенің салтанат құрған жерің - тәкәппарлық пен гапылдық шұңқыры ғана."

"Біз тірілетін мәңгілік өмірге қауышамыз, бірақ сен тірі сияқты көрінген рухы шіріген өліксің! Тірі жаназасың!.."

**Мәуләнә** (құддисә сирруһ) Бұл оқиганың ішкі жағын да былайша талдайды:

"Малғұн әрі залым Перғауын сиқыршыларды иман үшін өліммен қорқытып:

"Қолдарың мен аяқтарыңды шадырлап кестіремін. Сосын сендерді кешірмей, дарға астырам!" -деген еді.

"Сол кезде Перғауын сиқыршылар қорқып, өзіне бас иеді деп ойлаған еді."

"Бірақ Перғауын, сол сиқыршылардың қорқыныштан құтылып, иләһи сырлар мен ақиқатқа көз жеткізгендігін білмейтін еді."

"Олар келіге салынып жүз рет түйіліп, ұнға айналса да, көлеңкесін өздерінен ажырата алатын парасаттылық пен көрегенділік танытқан еді."

Яғни, рухтың - негіз, тәннің - көлеңке болғандығын түсініп, бұрынырақ осы көлеңкені қиып, "фәнә филлаһ" мәртебесіне жеткен еді.

"Ей, адам, бұл дүние - ұйқы мен түс қана. Сен ол жердегі әшекейлер мен ойын - сауыққа алданба! Егер түсіңде қолың кесілсе немесе тәнің жапырақталып туралса да қорықпа! Өйткені Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

"Бұл дүние - бір түс қана" деп баяндайды.

Қайғылы Юнус Аллаһ Тағалаға мінәжат халінде қандай тамаша баяндайды:

Арифтерге бұл дүние

Қиял менен түс сияқты.

Өзін саған атаған адам

Қиял мен түстен әріге кетеді!..

Сиқыршылардың Хазіреті Мұсаға аз да болса тағзым етуі - оларға иман сыйлап, олар үлкен парасатылықпен түс сияқты осы фәни дүние өмірін қолдарының сыртымен ысырып тастап, мәңгілік бақыттылық мекенін таңдағандықтары байқалады. Перғауынның ақыры Қызыл теңіздің толқындары ішінде жәһәннам сапарына айналған. Артына тастап кеткен атағы зұлымдықтың үлгісінен басқа ештеңе емес.

**Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

"Ақылды адамдар алдымен жылайды, сосын күледі. Ақымақтар болса алдымен қарқылдап күліп, соңында басын тасқа урып жылайды. Ей, адамі Парасатты болып, істің соңын әуел баста көр, жаза күні өкініш отына жанба!.."

Олай болса, өмірдің негізі іс-әрекеттерге мән беретін қиял, сезім және пікірлерден тұрады. Адам махаббат пен дұшпандықтың арасында толқып тұрады. Пайғамбарлар мен әулиелер адамдардың қолын екі дүниенің бақыттылығына жеткізу үшін, өмірді шынайы мекеніне (орнына) орналастыратын күн сияқты. Көктемнің топырақты қайтадан тірілтетіні сияқты, олар да адамзаттың өлі санасын жандандырады, шикі жүректеріне рухани нұр толтырып, Хақ Тағалаға бағыттайды. Адамзат-тың қажет еткен тыныштық пен жаратылыс мақсатына бет бұруы осылайша іске асады.

Ежелде Аллаһ Тағала тек өзі ғана бар кезде, осы жаратылысты, махаббат себепті жаратқан. Жаратылыстың ішінде сынақ шарттарына тәуелді болып жаратылған адамдар мен жындар, тек қана осы Аллаһқа деген махаббат арқылы қанағат табатын бір сүю қабілетімен көмкеріл-ген. Келген орнымен салыстырғанда үнемі жырақта жүрген адамдар мен жындардың қайғысы мен ауыртпалығын сейілтіп, оларды тыныштық пен бақытқа қауыштыратын негізгі себепші - Аллаһқа деген махаббат арқылы сүю сезімін қанағаттандыру.

**Мәуләнә** (күддисә сирруь) былай дейді:

*"Пайғамбарлар мен олардың ізбасарлары, яғни кемелдікке жеткен адамдар - адамзаттың пердесімен жабылған бір күн сияқты. Олардың қол астына кірсең, сенімен саудаласып, саған дұшпандық жасаған нәпсінің тұтқынынан құтыласың!"*

**Бәзиди Бистамиге** жүгінген бір дәруіш:

"Мені Аллаһқа жақындататын бір амал айт"-дегенде, Бәзид (күддисә сирруь) оған былай насихат айтады:

"Аллаһтың әулие құлдарын сүй! Оларды разы етуге тырыс! Өйткені, Аллаһ күн сайын сол арифтердің жүрегіне 360 рет назар салады. Осы назар кезінде сені де сол жерде көрсін!.."

**Сүлеймен** (аләһиһиссәләм) Сәбә патшайымы **Бәлқисқа** иманға шақыратын хат жіберді. Сол кезде пұтқа табынатын Бәлқис хатты оқығанда:

"Мырзалар, ұлықтар! Маған абыройлы бір хат келді. Хатты жазған Сүлеймен. Хат Рахман және Рахим деп Аллаһтың атымен бастапады,"-деді.

Осы тағзымы себепті кейбір ғапымдар "Бәлқис Хазіреті Сүлейменнің хатын құрметтеп, бағалағаны үшін иманға қол жеткізді,"-деген.

Және де **Бишри Хафи** де мас болып кетіп бара жатып, жолынан тәухид сөзі жазылған бір қағаз тауып алады. Әлгі қасиетті сөздің жерде жатуына көңілі риза болмады. Құрметпен оны алып, сүртіп тазалады. Хош иіс септі. Тағзым етіп, үйіндегі ең тамаша орынға ілді. Сол себепті Аллаһ Тағала оған ыдайәт пен әулиелікті сыйлады.

Тағы да пайғамбар дәуірінде **Хаким бен Хизам** деген бір сахаба бар еді. Хазіреті Хадишаның туысқаны болған Хаким жомарт мейірімді ізгі адам еді. Жәһилие дәуірінде тірідей қыздарын көмбек болғай әкелерінен оларды сатып алып, өсіріп тәрбиелейтін. Хаким бен Хизам Хазіреті Пайғамбардан жәһилие дәуіріндегі осы істердің өзіне пайдасы бар - жоғын сұрағанда Пайғамбарымыз (саллаллауә аләһи уә сәлләм) оған:

*"Осы тамаша істердің оны Исламға жеткізгендігін..."* -айтқан.

Әлемнің сырлары мен хикметтері тек шынайы көңілдерге орналасатындығын да жақсы білген жөн. Осман сұлтандығының ешбір Ислам мемлекеті қол жеткізе алмаған 600 жылдық айбынды басшылыққа ие болуы, руханиятқа кеңіл бөлгені үшін болған. Атақты бір риуаятқа қарағанда Осман Ғзидің қонақ болған үйінде, белмеде Құран Кәрім болғаны үшін түнде аяғын созып жатпауы және *Явуз Сұлтан Сәлім Ханның* қасиетті аманаттарды үлкен тағзыммен ЫстамБұлға әкеліп, 40 қари тағайындап олардың қасында ғасырлар бойы жалғасатындай етіп үнемі Құран Кәрім оқытуы - осы айбынның басты себептерінің бірі.

Аллаһ (жәллә жәләлүһу) өзіне, пайғамбарларына және әулиелеріне құрмет және тағзым еткендерді шат қылып, олар өмір сүрген қоғамға үнемі рахметін жаудырған. Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) араларында болған кезінде Меккенің мүшриктеріне де азап етпеген. Бұл жағдай Өнфал сүресінің 33 аятында былай баяндалады:

وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُعَذِّبَهُمْ وَأَنْتَ فِيهِمْ

**"Хабібім! Сен араларында болған кезде Аллаһ оларды азаптамайды."**

Бірақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға ыжрәт еткен соң, Меккеде үлкен ашаршылық басталып, мүшриктердің аштықтан бастарын көтеріп аспанға қарайтындай ғана шамалары қалған. Бейне бір көрсоқыр сияқты аспанды ақ бұлт сияқты көрген. Шарасыздықтан Мәдинаға келіп, осы бәлекеттен құтылу үшін Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәрдем сұраған.

Ескерту бабындағы мұндай көріністер, қабілеті бар адамдардың ыдайәтқа келуіне дәнекер, керісінше қабілетсіз адамдар үшін екі дүниенің бақытсыздығына себеп болады. Мына бір оқиға да өте ғибратты:

Сирияда Ғассан мемлекетінің патшасы **Жәбәла** Хазіреті Омардың халифалығы кезінде Мәдинаға келіп мұсылман болды. Қажылық үшін ихрамға кірді. Тауаф ету кезінде бір бәдәуи оның жібек ихрамын басып қалады. Жәбәла ашуланып, Бәдәуидің бетінен бір ұрады. Бәдәуи Хазіреті Омарға барып Жәбәланың ісіне шағым жасайды. Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) Жәбәлаға:

"Не ана кісіге ақы төлеп риза қыл! Немесе ол да сенің бетіңнен солай ұрыл, хақысын алсын!"- дейді.

Жәбәла:

"Мен патшамын, ол қатардағы бір бәдәуи,"-дейді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу):

"Мұның Исламда орны жоқ. Иләһи әділдік алдында екеуің де теңсіңдер!"-дейді.

Бұл жолы Жәбәла:

"Олай болса, кешке дейін ойланайын!"-дейді.

Жәбәла бәдәуиге бірнеше тиын беріп разы етуді ішіне (тәкәппарлы-ғына) сыйғыза алмады. Сол түні нөкерлерін ертіп қашып кетті. Византияны паналады, діннен шықты. Аз уақыттан соң өлді. Менмендігі оны Исламның нұрлы жолынан алыстатты, хайуани өмірдің нәпсі құмарлықтарына алданып, осылайша мәңгілік жәһәннамға тап болды.

Осыған ұқсас тағы бір оқиға да Иран патшасы Хазіреті Пайғамбар-дың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хатын жыртып тастайды. Әдепсіз сездер айтты. Аллаһ Тағала оның мүлкі мен салтанатын быт-шыт қылды. Қираған салтанаты тарихта бір ғибрат көрінісі болып қалды.

Пайғамбарлар мен әулиелердің ақиқаттарынан алыс қалып, олардан рухани нәр ала алмаған, иләһи сырлардан құралақан қалған және материядан ары кете алмаған адамдар туралы Мәуләнә (құддисә сирруһ) былай дейді:

***"Сен солған және рухы шіріген бір көңілді табытқа жатқызып Аллаһқа алып барасың!.."***

***Аллаһ Тағала саған былай дейді:***

***"Ей, дөрекі адамі Бұл жер саған қабір ме, неге алдыма өлген жүректерді алып келесің?!"***

***"Қайта барып, алдыма иләһи сырлар мен тірі көңіл алып кел, сол арқылы дүние көгеріп, гүлстанға айналады..."***

Осыған байланысты Юнус Әмрә былай деді:

*Мен келгем жоқ дау үшін,  
Менің ісім сүю үшін  
Достың үйі көңілдер,  
Көңіл тұрғызуға келдім.*

Мәуләнә (құддисә сирруь) адамның осы нәзіктік пен сезімталдыққа қол жеткізуі үшін рухи тәрбиенің шарт екендігін көптеген шумақтарында қайталайды. Мысалы бір жолдарында:

*"Қанаттары әлі шыға қоймаған балапан ұшпақ болса, құлап, мысыққа жем болады... Қанаты шыққан соң ұмтылса, қиналмай көкке ұшады. ." - дейді.*

Екінші бір шумағында материалдық биіктіктің тек физикалық шындық екендігін, рухи кемелдікке қарағанда ете төмен қалатындығын былай баяндайды:

*"Көктер көрер көзге биік көрінеді. Бірақ одан да жоғары рухани биіктік пен шынайы ұлылық бар. Олар пәкрухтарға ғана тән..."*

*"Биіктіктің көрінісі заттардан білінеді.. Заттар болса, руханиятпен салыстырылғанда тек аттан ғана тұрады..."*

**Уа, Раб! Жүрегімізді, Құран Керімнің нұрынан, Хабибіңнің және әулиелеріңнің махаббатынан айырма!"**

**Әмин!**

### **МЕЙІРІМНІҢ БЕРЕКЕТІ**

*"Егер біз бен ризашылығымызды қаласаң, Мұның бір көңілді табуға байланысты екендігін ұмытпа!"*

**Хазіреті Мәуләнә**

Иманның алғашқы жемісі - **мейірім**. Одан алыс көңіл жанды (тірі) болып саналмайды. Әрбір ізгі істің басы болған бисгииллаһ пен "Фатиха" Аллаһтың **Рахман** мен **Рахим** (мейірім) есімдерімен басталады. Пайғамбарлар мен әулиелердің өмір тарихы да мейірім дастанына толы.

Аллаһтың ахлағын бойына сіңірудің ең табиғи нәтижелерінің бірі - мейірімге толы терең көңіл иесі болу. Ғибадаттардың, әсіресе қажылықтың ақиқатына осындай көңіл арқылы қауышуға болатындығын Мәуләнә (құддисә сирруь) темендегі хикаясы арқылы баяндайды:

*"Үлкен пір Бәзиди Бистами қажылық пен умраны орындау үшін Меккеге қарай жылдам кетіп бара жатады."*

*"Әрбір барған жерінде сол жердің улықтарын іздестіріп;*

*Бұл жерде көреген (парасатты) адам бар ма?" - деп алдынан шыққан адамнан сұрайтын."*

*"Өйткені қай жерге барса да, ең алдымен Хақ достарын табу шарт деп сенетін еді."*

*Өйткені Хақ Тағала*

*فَاسْئَلُوا أَهْلَ الذِّكْرِ إِنْ كُنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ*

*"Егер білмесеңдер, зікір иесінен сұраңдар!" - (Нахл, 43; Әнбия, 7) деп бұйырады."*

*"Мұса (аләйһиссәләм) да ішкі ілім иесі Қызырды зиярат етуге әмір алған еді."*

*"Бәзид, айдай аппақ, ұзын бойлы бір пір көрді. Оның бойында әулиелердің руханияты бар еді."*

*"Көздері дүниені көрмейтін соқыр, ал жүрегі күн сияқты еді."*

*"Бәзид, сол пірдің алдына отырды. Пір одан:*

"Ей, Бәязид, қайда барасың? Жырақтық заттарын қайда алып барасың?" деп сұрады.

"Бәязид те:

"- Қажылыққа бару ниетім бар, екі жүз дирхам ақшам бар.. "-дейді."

Пір Бәязидке былай деді:

"Ей, Бәязид! Сол дүниеңнің біразын Аллаһ жолына мұқтаждарға, қаріптерге, бишараларға тарат! Олардың көңілдерін қуантсаң, рухыңның көкжиегі ашылады! Алдымен көңіліңе кәжылық жасат! Содан кейін нәзік көңілмен сол нәзік қажылық, сапарын жалғастыр!.."

Өйткені Қазба - Аллаһтың ізгілік үйі, яғни зиярат етуі парыз болған, сауапты қажет ететін бір үй. Бірақ, адам жүрегі - бір сыр қазынасы."

"Қазба Азерулы Ибраһимнің ғимараты көңіл - ұлы Аллаһтың назар салатын орны."

"Егер сенде көрегендік болса, көңіл Қазбасын тауаф кыл! Топырақтан жасалған деп ойлаған Кәзбаның негізгі мағынасы - ол көңіл."

"Аллаһ Тағала көрінетін, білінетін Қазбаны тауаф қылуды кірлерден тазарған, арылған көңіл Қазбасына қол жеткізу үшін саған парыз еткен."

"Сен Аллаһтың назар орны болған көңілді ренжітіп, қалдырсаң, Қазбаға жаяу барсаң да тапқан сауабың, көңілді қалдырудың күнәсына тең келмейтіндігін жақсы біл."

"Сен бар-жоғыңды, мал-мүлкіңді беріп бір көңіл тұрғыз! Сол тұрғызған көңілің қабірдегі сол қараңғы түнде саған жарық болады!.."

"Аллаһтың құзырына алтыңа толы мыңдаған сандық алып барсаң да Аллаһ Тағала:

**"Бізге бір нәрсе алып келгің келсе - разы болған бір көңіл әкел. Өйткені алтын, күмістің біз үшін мәні жоқ. Егер бізді және ризашылығымызды қаласаң, мұның бір көңілді табуға байланысты екендігін ұмытпа!.."** -дейді.

"Хақ нұрының адамдағы көрінісін көргің келсе, жүрек көзің әбден ашық болсын!.."

Бәязид пірдің айтқандарын ұқты. Көңілі сұхбат арқылы мейірімділіктің сырларынан сабақ алды. Шаттықпен, шабытпен қажылық сапарын жалғастырды.

Мәуләнә (құддисә сирруһ) осы хикаядан кейін былай дейді:

"Сапарға шығатын кезде иләһи бір қазына болып саналатын кәміл адам боламын деген ниетпен шықсаң, сонда көңіліңнің көкжиегі кеңейеді!"

"Кім егін ексе, мақсаты бидай алу болар. Сабан онсызда бидаймен келеді."

"Сабан ексең, бидай келмейді. Олай болса сен де кәміл адам, парасатты жол сілтеуші ізде, соның артынан ер!"

**"Қажылық уақыты болғанда Қазбаны зиярат және тауаф ету мақсатымен бар! Осы мақсатпен барсаң, Меккенің ақиқатын көресің!"**

Хикаяда Хазіреті Мәуләнәның **қажылықты** мысалға алуы, қажылықтың өте нәзік ғибадат болғандығынан. Өйткені, қажылықта заңды деп саналатын көптеген нәрселерге тиым сапынады. Махшардың көрінісін байқатады. Қасиетті аят кәримәда адамның **"рәфастан"**, яғни бос істерден қорғануы ескертіледі. Сондықтан қажылық сапарға рухани әзірлікпен шығу керек.

Намаз бен оразаның нәпілі сияқты қажылықтың да нәпілі болады. Нәпіл қажылық ғибадаты жайлы надандықпен сын айту Аллаһ сақтасын бір шеті күпірлікке баратын бос сөздер. Бұлар надандықтың мыңқылдаулары болып, ғибадаттың ләззатынан мақрұм болудың басты белгісі.

Пайғамбар дәуірінен бері нәпіл ғибадаттар иман шабытымен жалғасып келеді. Ынта және шабытпен жасалған нәпіл құлшылықтар құлдың Аллаһқа жақындауына себеп



болады. Рухты тереңдетеді. Мейірім мен жомарттық қасиеттері жетіледі. Хақ Тағаланың көретін көзі, еститін құлағы болды. Яғни олардың қарағаны, естігені, ойлағаны және сөздерінің барлығы иләһи нұрдың көріністері болады.

Бұл мәртебеге жету нәпіл ғибадаттарға деген махаббат пен жаратылғандарға деген мейірім арқылы болады. Бұл турасында мысалға Имам Ағзамның 55 рет қажылық жасағанын айту жеткілікті.

**"Тәзкирәтүл Әулие"** кітабында жазылған адамның Хақалдындағы құнын білдіретін бір қисса:

Табиун ғалымы, парасатты хадисші әрі сопы **Абдұллаһ бин Мүбәрәк**, қажылықты орындағаннан соң Меккеде Харам Шәрифте яқза<sup>4</sup> халінде ояу отырғанда аспаннан екі періште келіп, біреуі екіншісіне:

"Биыл 600 мың адам қажылық жасады. Бәрінің қажылығы Шамдағы **Әлибин Муаффақ** деген біраяқ киімжөндеушісінің жасаған амалының құрметі үшін қабыл болды. Бұл адам қажылыққа баруға ниет етті, бірақ бара алмады. Оның осы жасаған амалының құрметіне осыншама қажылардың қажылығы қабыл болды," - дейді.

Абдұллаһ бин Мүбәрәк бұл яқза халден оянған соң таң-тамаша болды. Шамның керуенімен Шамға барды. Сол адамды тауып алып, одан:

"Сен қажылыққа бармасаң да қандай амал жасадың?" - деп сұрады.

Әли бин Муаффақ Абдұллаһ бин Мүбәрәк сияқты мәшһүр адамды көргенде қатты таңданды. Қатты толқып, есінен танды. Есін жинаған соң, былай деді:

"Отыз жылдан бері қажылыққа баруды қалап келемін. Ескі киімдерден 300 дирхам ақша жинадым. Қажылыққа баруды ниет еттім. Жүкті әйелім:

"Көршіден еттің иісі шығып жатыр, маған бір жапырақ ет сұрайсың ба?" - деді.

Көршіме барып, жағдайды түсіндірдім. Көршім жылап:

"Жеті күннен бері балаларым аш. Жолда өлген жануар тауып алдым. Содан аздап кесіп алдым. Қазір соны қайнатып, оларды алдандырып жатырмын. Адал тамақ таба алмайтын болсам, мәжбүр соны жегізем. Қаласаң, берейін, бірақ осы қайнап жатқан ет бұларға өлімге жақындағандықтан адал, ал сізге харам," - деді

Әли бин Муаффақ сөзін жалғап:

"-Мұны естігенде ішімнен бір нәрсе үзіліп кеткендей болды. Қиналып жүріп, жинаған әлгі 300 дирхамды соған бердім де:

**"Уа, Раббым, қажылық ниетімді қабыл ал!.."** - деп Раббыма мінәжат еттім," деді. Сонда Абдұллаһ бин Мүбәрәк:

"Раббым маған түсімде шындықты аян еткен екен!" - деді.

Бұл оқиға **Рахман** әрі **Рахим** Раббымыздың бізге көрсеткен мархабатының берекеті. Түстегі оқиғамен қажылықтан мысал келтірілуі, ғибадатта да мейірімнің қаншалықты маңызды халге ие болғандығын білдіреді.

Басқаша айтқанда, қажылық тән қапасынан шығып, рухи тереңдікке жетуге құлшынып, нәпсінің шабуылдарынан құтылуға тырысу болып табылады. Жаны жаралы Юнус кейбір шумақтарында бұл ақиқатты былай жеткізеді:

*Ақ сақалды пір ұстаз,*

*Өз халі қандай, білмейді.*

*Әуре болмасын қажылыққа,*

*Бір көңіл қалдырар болса.*

*Көңіл Құдайдың тағы,*

*Құдай көңілді бақты.*

*Екі дүниенің бақытсызы*

*Кім көңіл қалдырған болса.*

Тек қана сыртқы керініспен рухи тереңдікке қол жеткізу мүмкін еместігіне байланысты Бәзиди Бистамидің мәшһүр қиссасы бар:

Мүридтерінің біреуі:

"-Ішігіңізден бір қиқым беріңіз мен оны тәбәрік ретінде тастамай алып жүрейін!.." - дейді.

Бәзид оған жауап ретінде:

**"Ұлым, сен өзін адам болмаған соң Бәзидтің ішігін емес, сойып терісін жамылсаң да оның саған еш пайдасы жоқ!.." - дейді.**

Бәзиди Бистами (құддисә сирруһ) сапарда бір ағаштың астына біраз отырып демалып, ары қарай жол тартады.

Жолда қоржынының үстінде демалған жерінен бірнеше құмырсқаның жүргенін көрді. Оларды елдерінен айырып, жырақ өмір сүргізбеу үшін кейін қайтады. Демалған орнына келіп, құмырсқаларды еркіне жібереді.

**Жүнәйд Багдади** (құддисә сирруһ) намазына бармақшы болғанда шапанының үстінде мысық ұйықтап жатқанын көреді. Оны мазаламау үшін сол күні намазға шапансыз барайын десе, ыңғайсыз санайды. Мысықты оятпай сол жатқан жерін кесіп, кесілген шапанын киіп мешітке барады. Мысық ұйықтап жата береді.

Бұл халдер - жаратушысы үшін жаратылғандарға деген теңдессіз мейірім мен мархабаттың көріністері.

Раббыға жақын мүминнің көңіл көкжиегінің тереңдігі. Хадис шәрифте былай делінеді:

*"Мысығының аш қалғанына мән бермей өлуіне себеп болған әйел жәһәннамға кетті. Шөлден қыңсылаған итке етігімен су берген күнһар әйел кешірілді."*

Тағы бір хадис шәрифте:

*"Сендер жердегілерге мейірімділік жасасаңдар, көктегілер де сендерге мейірімділік жасайды!"* - делінеді.

Бәзиди Бистами (құддисә сирруһ) былай дейді:

Қазіргі кезде де мыңдаған әулие бар. Бірақ, ғасырдың құтұптық<sup>5</sup> міндеті **Әбу Хафс** деген ұстаға берілген еді. Осының хикметін білу үшін ұстаханасына бардым. Оның қатты қайғырғандығын көріп, себебін сұрадым. Қайғыра отырып былай деп жауап берді.

"Менің қайғымнан үлкен қайғысы бар, менен қайғылы адам бар ма екен? Менің қайғым: қиямет күні осыншама Аллаһ құлдарының халі не болар екен?"-деген ой.

Сосын жылап, мені де жылатты. Мәнісін білмек болып:

"Халықтың азапталуынан осыншама неге қайғырасың?"- деп сұрадым.

Әбу Хафс Хазіреті жауап ретінде:

"Менің жаратылысым мархабатпен және мейіріммен біте қайнасқан. Егер жәһәннамдықтардың барлық азабы маған жүктеліп олар кешірілетін болса, мен бұған риза болып, қайғыдан айырылар едім..."-дейді.

Сонда барып Әбу Хафс Хазіретінің "нәпсім, нәпсім" деушілерден емес, пайғамбар ізін басып, "үмметім, үмметім" деушілерден екендігін түсіндім. Оның қасында біраз уақыт болдым. Осы кезде оған Құранның кейбір сүрелерін үйреттім. Бірақ, қырық жылдан бері үйреніп, түсіне алмаған дәрежеге сол арқылы жеткендіктен, нағыз тәлімді ол маған жасаған еді. Ішім Раббымның рухани нұрына толды. Және **құтұптықтың** өзгеше сыр екендігін түсіндім. Парасаттылық, тек қана ілім мен көп ғибадат арқылы емес, соларды парасаттылыққа айналдыру және Аллаһ Тағаланың сыйы мен ризашылығына байланысты. Осы сый мен ризашылықтың Әбу Хафс Хазіретіне нәсіп болуында оның терең мейірімі

мен мархабатының табиғи қасиетіне айналғандығының берекеті де бар екендігін ұмытпаған жөн.

Осы мархабат пен мейірімнің Пайғамбардан кейін ең үлкен үлгісін көрсеткен **Әбу Бәкір** (радиаллаһу анһу). Оның Әбу Хафс Хазіретіне де үлгі болған кең мейірім мен мархабаттың кемелдігін білдіретін дұғасы мынадай:

"Уа, Раббым! Менің тәнімді жәһәннамда басқа құлдарға орын қалмайтындай етіп ұлғайт!"

Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) осы мархабат сипатының көптеген мысалдары бар. Осылардың бірі Меккенің алдыңғы қатардағы адамдарының бірі Умәйя бин Халефтін құлы **Биләл Хабаши** Хазіретін үлкен күнтөлеп сатып алып, азатеткендігі. Ол осы ісі арқылы Пайғамбар ілтипатына бөленіп, мейірім мен жомарттықта аты аңызға айналған. **Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) бұл оқиғаны былай баяндайды:

*"Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миграждан келеді. Жәннәтта Биләлдің аяғының дауысын естігенін айтып: "Биләл қандай бақытты!" - деді."*

"Мұны естіген Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық Хазіреті Пайғамбардың алдына барып, адал Биләлдің халін баяндады."

*"Ол: ғаламшарларды өлшеген мүбәрәк жаратылыс, саған ғашық болып, саған деген махаббаттан күйіп-жануда, Сол себепті залым адамдар әлгі періштедей адамға зұлымдық жасауда. Кінәсіз болса да қанаттарын жұлып жатыр. Сондай үлкен қазынаны зұлымдық пен азғындықтың топырағына көмбек болып жатыр."*

*"Ыстық күн астында қызған құмға жатқызып, жалаңаш денесін тікенді бұтақтармен ұрып жатыр."*

*"Бірақ ол денесінен бұлақтай қан ақса да: "Аллаһ біреу, Аллаһ біреу" деп, Хақ Тағалаға сәжде етуден бас тартпайды. "*

*"Хазіреті Әбу Бәкір мархабат және мейіріммен тәнінің әрбір зәррәсі қайғы-қасіретке толы тіл болып, Биләлдің жағдайын Хазіреті Пайғамбарға қайғыра ұзақ баяндады. "*

*"Ақыры көңіліндегі ниетті жеткізіп: "Уа, Расулаллаһ! Оны сатып алмақшымын. Барлық байлығымды беруге әзірмін. Аллаһ Тағалаға бет бұрып, Оған және Расулына мойынсұнып, сол себепті Аллаһ дұшпандарының тырнағына ілінген, азапқа тап болған мүбәрәк адамды сол жағдайдан құтқармайынша, осы дүниеде жаным жай таппайды," - деді."*

*"Хазіреті Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған қатты риза болып: "Ей, Аллаһтың және Расулының мейірімді досы! Бұл саудада менде саған ортақпын..."-деді."*

*"Хазіреті Әбу Бәкір дереу Биләлдің қожайынының үйіне барды. Биләлге жасаған азаптан есі шыққандай қалыпта еді. Хазіреті Биләлдің мейірімнен жүрдай қожайынына ауыр сөздер айтты."*

*"Ей, арам! Ей, ашудан көзі қызарған, мейірімсіз! Бұл Аллаһ досына қалай таяқ ұрасың? Ей, ынсапсыз! Бұл не қылған қастандық?"*

*"Ей, мейірімнен жүрдай адам! Өзіңді адаммын деп ойлайсың ба? Ей адамшылықтан безген, жиіркенішті адам! Сен адам бейнесіндесің, бірақ, адамзатқа жағылған күйесің!.."*

*"Осы сөздерден кейін Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сол адамның аш көзін дүние-мүлікпен толтырды. Бұл жағдайға Биләлдің қожайыны қатты таңданып, Әбу Бәкірдің халіне таң-тамаша болды. "*

*"Оның Бұл таң-тамаша болғанын сезген Әбу Бәкір Хазіреті, әлгі нәсіпсіз адамға былай деді: Ей, ақымақ! Сен бала сияқты бір жаңғақ үшін маған баға жетпес інжу-*

*маржанды бердің, бірақ бұдан бейхабарсың! Биләлдің екі дүниеге татитындығын білмейсің. Мен оның рухына қараймын, сен болсаң оның түріне қарайсың..."*

*"Егер сен тағы біраз саудалассаң оны алу үшін одан артығын берер едім. Әлде де біраз саудалассақ, қолымдағының бәрін берер едім, тіпті қарызға батар едім. Сонда да бұл саудада мен пайдаға батар едім. Ей, нәсіпсіз адам! Гауһар тастың бағасын тек қана зергер білетіндігін жақсы білгейсің."*

Хазіреті Мәуләнә (құлдисә сирруь) осы қиссасында мархабат пен мейірімінің кәміл көрінісін көрсетумен қатар, кәміл адамға баға жетпейтіндігін, яғни дүниеуи бағаның, адамның рухани болмысының жанында құнсыздығын қандай тамаша баяндайды.

Басында православ дінінде болған ұстазым **Яман Дәдә** Хазіреті Мәуләнәның Мәснәуи кітабының берекетімен ыдайәтқа келген, жаны күйген Пайғамбар ғашығы еді. Бейне бір пайғамбар мен сахабаларының ахлағын бойына сіңіргендей еді. Мына бір оқиға, осы халін көрсетуге жеткілікті болар:

Бір күні дәрісте бір шәкірті:

"Ұстазым, ауыр күнә жасағанды ма, әлде алапес ауыруына ұшырағанды ма, қайсысын қалар едіңіз?" - деп сұрайды.

Сонда Яман Дәдә:

"Аллаһтың құлдарының жан дүниесінен бір сәттік алыс қалып, бейхабар болғанша тірідей өртеніп күл болғанды қалар едім!"- дейді.

Міне Исламдағы Пайғамбар (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бағыттаған мархабат пен махаббат көкжиегінің шексіздігі!..

**Уа, Рабб! Мейірім жүрегіміздің бітпес қазынасы болсын!.. Әмин!**

### **АДАМ БОЛ, АДАМ!**

*"Қабірстанға барып, сол жерде аз уақыт үнсіз отыр! Сол жердегі үнсіз сөйлегендерге құлақ сал!"*

***Хазіреті Мәуләнә.***

Бір адам бір үлкен қалаға келеді. Көше аралап жүріп, жұпар сататын әтіршілердің көшесіне тап болады. Дүкендерден гүл, жауқазын иістері жан-жаққа таралып жатты. Адам бірнеше қадам басты. Хош иістен басы айналды. Артық шыдай алмай, есінен танып, құлап қалды.

Халық есінен танған адамның басына жиналды. Кейбіреуі жүрегін тыңдап, білектерін уқалап, кейбірі гүл суымен бетін жуып жатты. Не істесе де, адамның есін жиғыза алмады. Хош иістер, гүлдің сулары босқа төгіліп, адам бір түрлі есін жия алмады. Одан бетер есінен айырылды. Шаралары таусылды. Жан-жаққа хабарлап, туыс-туғанын іздестірді. Адамға ешбір ие табылмай, қанша сағат өтсе де адам есін жинай алмады. Кешке қарай сол жерден өтіп бара жатқан бір тері илеуші адам оны таниды да көпшілікке:

"-Оған гүл суын сеппендер! Мен оның қандай аурумен ауырғандығын білемін. Сендер оған тиіспендер, мен біраздан соң келемін"- деп, кетіп қалды.

Бір күркеге кіріп, біраз тері иін уыстап алады. Әтіршілердің көшесіне келіп, жасырын тері иінін есінен танған адамның мұрнына ұстайды. Ғажап! Ол адам есін жинай бастайды. Біраздан соң орнынан тұрып, тері илеушімен бірге кетіп қалды.

Өйткені, есінен танған адам да тері илеуші еді. Жылдар бойы сасыған терілердің арасында жағымсыз иіске үйренгендіктен, әтіршілер көшесіндегі тамаша иістерге шыдай алмай, сондықтан есінен танып қалған еді.

**МӘСНӘУИ:**

*"Дүние қоңызы үнемі нәжістерді арқалайды. Сондықтан да гүл суынан есінен танады. Оның дәрісі де нәжіс иісті нәрселер. Өйткені соған үйренген, сонымен біте қайнасқан. Насихат етушілер де қараңғы адамды оған есік ашып, жақсы қарап, шипа табуы үшін хикметке толы жылы сөздермен, жұпар иісімен, гүл суымен емдегісі келеді.*

*Егер біреуге насихаттың хош иісінен пайда болмаса, әрине ол жағымсыз иістерге үйренген деген сөз.*

*Сенде нұрдан, үгіттен, ізгілік пен әсемдіктен нәсібіңді ал!.. Мұрныңды нәжіске тығып, дүние қоңызы болма! АДАМ БОЛ, АДАМ!.. "*

Таң самалы гүл қалампыр және сирек кездесетін гүл бәйшешек атқан бақшадан ескен кезде, тамаша жағымды, көңілге көктем күнін сыйлайтын хош иістерді ескен жерлеріне алып барады.

Көңіл ерлері салихтер мен ариф адамдар, жүрегіндегі махаббатты, ғашықтық пен ынталарын өз сұхбаттарында көрсетеді. Жүректеріндегі сырлардың нұры жамағатта көріністабады. Осы шағылыс пен боянудың нәтижесінде қабілетіне қарай көңілдер, фәйіз бен ақиқаттың нұрына толады.

Асхабы Кәфтің Қытмирі ит бола тұра, тура жолдағы адамдармен бірге өліп, оларды үңгірдің аузында сеніммен күзеткендіктің берекеті арқылы жәннатқа кіреді.

**Хазіреті Мәуләнә** бұл оқиғаны былайша баяндайды:

*"Асхабы Кәфтің иті сол иләһи фәйіздің арқасында арамдықтан құтылды да патшалар дастарханының басына отырды. "*

*"Ол ит Асхабы Кәфтің сұхбатын таңдағандықтан үңгірдің аузында аяқсыз (кесесіз) иләһи рахмет суын арифтер сияқты ишті. "*

Истенген қоқыстар мен жемтіктің үстінен өткен самал да, солардың сасық иісін айналаға таратады, тынысты бітіріп, көңілді тарылтады.

Құлшылық ләззатынан мақрұм пасықтардың мәжілісінде айналасына қараңғылық таралады. Олар да бір-бірінің пасықтығымен біте қайнасады. Пасықтықтарының достығынан ләззат алады.

Хазіреті Мәуләнә бір шумағында:

*"Қабірстанға барып, сол жерде біраз уақыт үнсіз отыр! Сол жердегі үнсіз сөйлегендерді тыңда!"*- дейді.

Қалайша тышқанды гүл бағында ұстау қиын болса, керісінше бал арасын да үйренген жерінен басқа жерде асырау мүмкін емес. Өйткені, оның қорегі, дем алатын орны, гүл бүршіктерінің ішіндегі дүние. Оны осы жерден басқа жерде ұстау мүмкін емес. Әрбір жаратылыс өмірін өзінің жаратылысына тән жерде жалғастыра алды.

Адам да осы қағидаға бағынады!

Пәк рухтар Мұхаммеди ақиқаттан шағылысқан рухани нәрден қоректенгені сияқты, кір және пасық рухтар да лас нәрселерге қанағат етеді.

**Хазіреті Әбу Бәкір** (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) жүзіне қарап; "қандай көркем десеңші!"-деп, таңқа-латын. **Әбу Жәбил** де сол мүбәрәк жүзден керісінше әсер алып, одан жиіркенетін. Бұл айырмашылықтың себебі екеуі де Мұхаммеди айнадан өз ақиқаттарын көргендіктен еді.

Хазіреті Пайғамбар ізбасарлары:

"Біз тұрған айна сияқтымыз, әркім бізден өз түрін көреді," деген.

Ешбір айна адамның көңіліне қарап өтірік айтпайды және жаманды жақсы, жақсыны жаман етіп көрсетпейді! Өзіне не шағылысса, соны ғана көрсетеді. Әулиелер де иләһи көрініс алдында болсын, материалдық дүниенің алдында болсын, сондай айна сияқты. Оған қараған адам өзін кереді.

**Шәйх Ниязи Мысри** (құддисә сирруһ):

*"Халық ішінде айнамын.*

*Әркім кдрап, бір сәт көрер.*

*Не көрсе де, өзін көреді;*

*Кейбірі жақсы, кейбірі жаман көреді,"*

- деген шумағында көңілдің айна болғандығын тамаша баяндайды. **Хазіреті**

**Мәуләнә** былай дейді:

*"Біреу ренжиді, немесе біреу ұялар деп, айна мен таразы шындықты айтудан бас тарта ма?"*

*"Айнада, таразы да бір өлшем. Оларға жүз жыл қызмет етіп "Көңілім үшін шындықты жасыр, артық көрсет, кемшілікті көрсетпе!"-деп жалынсаң, олар саған былай деп жауап береді: "Адамдарды күлдірме. Айна мен таразыға құлық жасауға бола ма? Біз шыншыл болмасақ Аллаһ ақиқаттардың біз арқылы танылуын қалар ма еді?"*

Науқас, жаралы адам, қалайша өзін емдей алмай дәрігер іздейтін болса, мінез-құлқы науқас, рухани жаралы адамдар да мінез-құлық дәрігерінің, яғни кәміл мүршидтің емін алуға мәжбүр.

Кемелдікке жеттім деп ойлаған адамдар сырттай кішіпейілдік танытуға тырысады. Әлсіздігі мен кемшілігі турапы айтады. Алайда, бұл істегендері шынайы емес. Тек көрсету үшін. Біраз тесіп жақындасаң, тәкәппарлық пен мақтанышқа толы жүректі көресің. Хазіреті Мәуләнә:

*"Осы мендік пен тәкәппарлықтан тазару үшін бір кәміл мүршидтің көмегі мен фәйізі қажет",* - дейді.

Кейбір адамдар тек кітап оқу арқылы ғана нәпсісін тәрбиелеп, тәкәппарлық, менмендіктен арыламыз деп ойлайды.

Мұндай әрекет рақпен ауырған адамның медицина кітабын оқып, өзін емдегені сияқты болады. Дәрігерлер де өздері ауырған кезде басқа дәрігерге емделеді. Өйткені, адам өз ауруын емдей алмайды. Бұл бір субъективтік нәрсе. Ешбір қазы өзіне байланысты үкім шығара алмайды. Басқа қазының құзырына барғаны жөн.

Ақиқатты тек өзінің тар түсінігімен көруге тырысатындар - аспанда ұшқан құстың жердегі көлеңкесін ұстамақ болған бала сияқты. Бишара, ақырында күш-қуаты бітіп, босқа еңтігеді, құстың аспанда ұшып жүргенін білмейді. Ойланбайды да. Қайтадан жердегі келеңкесін қуалайды. Сол ақымақ аңшы тоқтамай құстың жердегі көлеңкесін атады. Ақыры, барлық оғы бітсе де, қашқан көлеңкені бәрі бір ата алмайды.

Міне осылайша қаншама адам емір қоржынындағы алтындай құнды уақыт оқтарын осылайша тауысқан. Балалардың пластик ойыншықтарға апданып уақыт өткізгені сияқты. Дүниеге алданған ақымақ соңынан қуған көлеңкенің негізінде Хақ Тағаланың есімдері мен сипаттарының шағылуы екендігін білмейді. Сондықтан негізгі нәрсені тастап, қиялдың соңынан қуу - емірді босқа жұмсап, жүректі қараңғыда қалдырудан басқа ештеңе емес.

Адамды осындай алдамшы қиялдың соңынан жүгіруден Аллаһтың қас құлдары, рухани жол көрсетушілер, құтқара алады. Өйткені олар -жер бетіндегі Аллаһтың нұрлары.

Ақылды адам ақыл жетпесе қиялдың соңында уақыт жұмсаудан өзін қорғау үшін сол Хақ достарының жолына түсуі керек.

Тәкәппарлық, менмендік және мақтаншақтық сезімдері адамның ішіне жұлдыз сияқты қадалған. Адамның тәкәппарлануы, өзін жоғары санаудан туындайды. Бірақ адам хақ жолға түскен жағдайда осы қасиеттердің шынайы түрде Аллаһқа тән екендігін түсінеді. Өзіндегі барлық нәрсенің Аллаһ (жәллә жәләлуһу) тарапынан оған аманат ретінде берілгендігін көреді.

**Зәйд бин Харисә** (радиаллау аһу) Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау аләһи уә сәлләм) азат еткен құлы еді. Оны Хазіреті Хадиша анамыз сатып алып, Расулұллаһқа сыйлаған, Хазіреті Пайғамбар (саллаллау аләһи уә сәлләм) оны азат еткен еді. Бірақ, Зәйд (радиаллау аһу) Аллаһ Расулынан (саллаллау аләһи уә сәлләм) көрген теңдессіз ахлақ пен парасаттылығы үшін одан айырыла алмай, оған қызмет ету ол үшін ерекше нығмет әрі абырой екендігін түсінген еді. Тіпті оны тауып, қасына келген әкесіне еріп қайтпай:

"Уа, Расулаллаһ! Менің барым сенсің! Жер бетінде сенен артық ешкімім жоқ,"-деп, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау аләһи уә сәлләм) қасында құл болуды Одан бөлекалыстағы, барлық еркіндікпен артық көрген.

Сол себепті Аллаһ Расулы (саллаллау аләһи уә сәлләм) оны артығымен ұнатып, көңіл бөліп, оған ілтипат ететін. Хазіреті Зәйд (радиаллау аһу) Расулұллаһтың (саллаллау аләһи уә сәлләм) сұхбаттарында шабытқа толып, нұрға қарық болатын.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллау аләһи уә сәлләм):

*"Иман бағың гүлдеген болса, мұның белгісі не? Көрсет!"* - деп сұрағанда, Зәйд (радиаллау аһу):

"Дүниеден бас тартқан соң күндіз сусыз, түнде ұйқысыз өмір сүретін болдым. Оқ қалқаннан қалай өтсе, мен де күн мен түндерден солай өттім. Хаққал-Яқин сырына көз жеткіздім. Ол жерде уақыт деген ұғым жоқ екендігін көрдім! Бір ғасыр мен бір сағаттың айырмашылығы жоқ! Барлық көрінген нәрсе бір Аллаһтың көрінісі ғана. Ол жерде таң да, кеш те жоқ! Ежелгі мен мәңгілік бір-біріне аралас, әлемнің басы мен соңы бірдей! Ол жер - мына аздаған ақылдың шамасы жетпей, жолда қапатын мекенсіз, уақытсыз әлем, Міне, сол жерде Раббымның ғарышын айқын көргендей болдым. Бір-біріне қыдырысқан жәннаттықтар мен бір-бірімен жауласқан жәһәннамдықтарды көргендей едім!"-деді.

Және Зәйд (радиаллау аһу):

"Дүниеден бас тартқан соң Аллаһ Тағала жүрегімді нұрландырып, алдында мен үшін ғайып (белгісіз) болған жайттар көзге керінетіндей болды,"-деп жағдайын айтты.

Хазіреті Мәуләнә Зәйд бин Харисәның осы шабыттанған тебіреніс халін шумақтарында былай баяндайды:

*"Зәйд (радиаллау аһу) Расулұллаһтан: "Көргендерімді айтайын ба!" деп рұқсат сұрап алып, баяндай бастайды."*

*"Уа, Расулаллаһ! Адамдар ертең деп ойлаған махшар күнін бүгін көрсетейін. Хашир мен нәширдің (махшар күні) барлық сырларын жарыққа шығарайын. Әмір етсең, осы сырлардың пердесін жыртайын. Ішімдегі иләһи хикметтердің нуры, көктегі күн сияқты жарқырасын!"*

*"Уа, Расулаллаһ! Әмір етсең кімніңдүниенің жабдығы мен кірлерінің арасында пәк алтын мен гауһар тастар сияқты болғанын, кімдердің күпірліктің қызыл және қара түсіне боянғанын айтайын."*

*"Пайғамбарлығыңның өшпес жарығында мүнәфиқтықтың жеті құзын айтайын."*

*"Ақиретте азғындардың киетін киімін халыққа көрсетейін. Сол жерде пайғамбарлар үшін айналатын дабылдың дауысын естіртейін."*

*"Асқақтаған кәусәр қауызын көрсетейін, суы халықтың жүзіне себеленіп, дауысы құлақтарына жетсін!"*

*"Шөлдеген адамдардың сол қауыздың айналасында жүгіргенін анық көрсетейін!"*

*"Олардың иығы иығыма тиіп, айғайы естіліп тұр!"*

*"Жәннаттықтар қуанғанынан көз алдымда құшақтасып бір-бірімен амандасып жатыр."*

*"Жәһаннамдықтардың айғайы мен қайғырып өкінген дауыстары құлағынды жаратын сияқты!"*

*"Бұлар тереңнен айтқан кейбір белгілері. Тағы айтар едім, бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұрса ма деп қорқамын!.."*

*"Ол рухани мастықтан тебіреніп, осылай деді. Бұрын соңды болмаған тебіреніспен есінен танып, ақылынан адасып, барлық сырларды айтатындай халге жеткен еді."*

*"Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны осы халден ояту үшін: "Есіңдіжый! "Үндеме"-деп Хазіреті Зәйдтің жағынан тартып, былай деді: "Есіңді жина! Тіліңнің тізгініне ие бол, айтылмайтын сөздерді айтатын халге жеттің. Рухыңның айнасы тән қапасынан сыртқа ұшты. Бірақ, қол жеткізген сырларды айту оларды сіңіре алмағандықтан екендігін ұмытпа. Аллаһтың бір есімі Саттар осыны біл, бұл сипатқа ие болу бақытын сіңіре алмағандық үшін құрбан етпе!"*

Кейде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сондай бір рухани фәйіз бен ләззатқа толатын. Бұл жағдайға үнемі шыдау мүмкін емес еді. Әсіресе уахи келген кезде қатты күйзеліп, моншақтап тер төгілетін.

Кейде осы тебіреніс шегіне жеткен кезде:

*"Ей, Айша, руханият мені басып алды. Кел маған біраз сөз айт!"* деп адами халге қайтып оралатын.

Керісінше дүние басым түскен кезде:

*"Ей, Биләл! Азан шақыр!"* - деп адам өмірі үшін қасиетті тепе-теңдікгі орнататын.

Әйтпегенде, адамға өнеге болатын сол мүбәрәк жаратылыс, артынан ерген керуенмен бірге бола алмас еді.

Пайғамбар сұхбатының фәйзіне ең көп тәнті болған Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу аһу) еді. Хазіреті Пайғамбармен кейде жеке сұхбаттары болатын, мұны басқалары ешқашан сезбейтін. Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) осы рухани байланысты қалай баяндағанына қараңыз:

Расулұллаһтың алдына бардым. Хазіреті Әбу Бәкірмен (радиаллаһу аһу) тәухид ілімі хақында сұхбат етіп отыр екен. Екеуінің арасына отырдым. Бейне бір арапша білмейтін адам сияқты айтқан сөздерінен ештеме түсінбедім.

"Бұл қандай нәрсе? Сіз Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнемі осылай сұхбаттасасыз ба?" - деп сұрадым. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу аһу):

"Иә, кейде Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеке қалғанда осылай сұхбаттасамыз," - деді.

Бір хадис шәрифте Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*"Біз, пайғамбарлар қауымы, адамдардың дәрежесіне түсіп, солар түсінетіндей түрде сөйлеуге міндеттіміз,"* - деген.

Екінші бір хадис шәрифте:

*"Адамдарға өз ақылдарың жеткеніндей емес, олардың түсінетіндей дәрежесінде сөйлеңдер."* - деп әмір еткен.

Дүниенің алдамшы әлем екендігіне байланысты хадистер болғаны сияқты, оның сиқыршы және аяусыз болғандығын баяндайтын хадис шәрифтер де бар.

Дүниенің уақытша әлем, көлеңке екендігін, ең айқын ақиқаттың өлім болғандығын бәріміз біліп, тіпті ең жақын адамдарымыздың елгендігін бірнеше рет көрсек те сол опасыз, өткінші дүниеге көбінесе алданып қаламыз.

Бұл хақ хадис шәрифте айтылғандай, дүниенің өте алдамшы болғандығынан. Осы



ғапылдығымыз да оның осы сиқырының кесірі.

**Хазіреті Мәуләнә**, дүниенің алдамшылығы мен сиқырлығын темендегі жолдарда былай баяндайды:

*"Ол сиқыршы айдың жарығында асығыс бес жүз құлаш мата өлшейді!"*

*"Ол сенің күміс ақша сияқты өміріңді алған жоқ па, өмірдің күмісінен айырылып, қияли мата жоғалып, капиталың (жиналған байлығы) босап қалады."*

*"Ей, дүниенің сиқырына алданған адам! Саған "Құл Әзуді" оқып:*

*"Уа, Раббым! Мейіріміңді төк, мені осы үрлегендерден (демдерден) және нәпсінің дүние құмарлығынан сақта! - деп дұға ету керек."*

### **ЗАЛЫМНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ!**

*"Көктемде тас көгере ме? Сенде түрлі-түсті гүл шешек атсын десең, топырақ бол!.."*

**Хазіреті Мәуләнә**

Бір патша жұма күні мешітке кетіп бара жатады, қорғаушылары көшеге жүгіріскен халыққа:

"-Жол беріңдер!..-деп айғайлап, оларды текпілеп, таяқпен жасқап патшаға жол ашуға тырысты. Сол кезде кездейсоқ сол жерде болған бишара пақыр да сақшылардан бір талай таяқ жеп, қан жоса болған еді. Шыдай алмай, патшаның артынан былай деп айқайлады:

"Мына істеген зұлымдығыңа қара! Халықтың алдында осылай істеген сенің, жасырын зұлымдығыңнан Аллаһ Тағала баршамызды сақтасын!.. Өзіңше мешітке бара жатырмын, жақсылық істедім деп ойлайсың!.. Сенің жақсылығың осы болса, жамандығыңның не екенін кім білсін?!"

### **МӘСНӘУИ:**

*"Залымдардың жақсылығы осы, енді жамандығын өзің салыстыр!.."*

Тарих адамдарға залымдар мен менменшілдердің салған жарасы, қиыншылығы, ауыртпалығы мен аянышты көріністері мен осылардың аянышты нәтижелерін бір ғибрат ретінде ұсынғанымен қатар, әділ әрі салих басшылардың мейірім, мархабат пен қамқорлыққа толы абыройлы көріністерін де мадақ пен қолдау үшін жайып салады.

Пайғамбар дәуірі мен төрт халифа кезеңі тарихта адамзатқа теңдесіз бір тыныштық пен бақыттылық сыйлап, көптеген керемет адамдық үлгілер көрсеткен.

Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) халифа болған кезінде:

"Ей, адамдар! Мен хақтан, әділдіктен айырылсам не істейсіңдер?"-деп сұрағанда, тұрғандардың біреуі:

"-Ей, Омар! Сен ауытқып, хақтан айырылсаң, сені қылышымызбен дұрыстаймыз!.." - деп, жауап берген кезде, Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу):

"-Әлхамдулиллаһ! Ауытқысам мені қылышымен жолға салатын достарым бар екен!.." - деп шүкіршілік етіп, қуанады.

Және де Хазіреті Омар халифа болған кезінде материалдық қиыншылықта еді. Әрең тіршілік ететін. Алайда, қазына олжаға толы еді.

Кейбір алдыңғы қатардағы сахабалар Хазіреті Омардың қызы Хазіреті Хафсаға (радиаллаһу аһу), әкесінің қазынадан тіршілік ететіндей үлес алуын ұсынуды сұрады. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелі Хазіреті Хафса әкесіне осы ұсынысты айтқанда Халифа Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) қызынан:

"-Қызым, сен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жұбайы едің.

Маған айтшы, Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қандай тамақ ішуші еді?" - деп сұрайды.

"-Жететіндей дәрежеде ғана еді,"-деген жауапты естіген соң, Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) былай деп, сөзін сабақтады:

"-Екі досым (Хазіреті Пайғамбар мен Хазіреті Әбу Бәкір) және мен үшеуміздің жағдайымыз бір жолмен жүрген үш жолаушы сияқтымыз. Алғашқысы (Хазіреті Пайғамбар) мәртебесіне жетті. Екіншісі (Хазіреті Әбу Бәкір), сол жолмен жүріп біріншіге жетті. Үшіншісі (мен) де арттарынан соларға жеткім келеді. Көп жүк арқаласам, оларға жете алмаспын!.." - деді.

Ол жеңістердің көптігіне, қазынаның байлығына қарамастан өмір сүрген кезінде езіне жеткілікті дәрежеден артық ештеңе қабылдамаған еді. Және ешқашан дүниенің байлығына бас имеді. Қайтыс болған кезінде де мойнында қарызы бар еді.

Төрт халифаның дәуірі осыған ұқсас көптеген мысалдарға толы. Төрт халифа дәуірінен кейін Әмәуи мен Аббаси мемлекеттері ізін басты. Бұл кезеңдер әртүрлі жағымды-жағымсыз үлгілерге толы. Осылардың арасында **Омар бин Абдұлазиз** сынды әділдікпен, мархабатпен аты аңызға айналған тұлғалар да бар. Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уәсәллам) немересі **Хазіреті Хусайнды** Кербалада жауыздықпен өлтірткен, **Имам Ағзам Әбу Ханифа** мен **Ахмед бин Ханбәл** сияқты дүниеге танылған Ислам ғалымдарын зұлымдықтарына пайдалана алмағаны үшін дүре соқтырған адамдар да бар.

Шәйх Сағди Гүлстан кітабында былай дейді:

Залым әрі пасық бір адам бір Аллаһ досынан:

"-Қандай ғибадат абзалырақ?"-деп сұрайды.

Ол:

"-Сен үшін ұйқы. Өйткені, ұйықтап жатқан кезінде ешкімді ренжіте алмайсың!" - деп, жауап береді.

Адамның нәпсісін төмен ұстауы және ешкімге ектемдік көрсетпеуі, Аллаһтың құлдары үшін қалаған жоғары бір қасиет. Абай болатын жағдай - кішіпейілділік, дүние адамдарының арасында сыйлы болу, пайда алу үшін емес, иләһи ризашылық үшін болуы керек. Әйтпесе, ол арамдық болады.

Қарапайымдылыққа керісінше мінез - тәкәппарлық пен өктемдік көрсету болып табылады. Атақ - адам үшін ең үлкен нәпсінің апаты. Атаққұмар адам көптеген зұлымдық жасаса да, парқына бармайды. Өзінің дәрежесін түсіріп залым болады.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Көктемде тас көгере ме? Сенде түрлі-түсті гүл бәйшешек ашсын десең, топырақ бол!.."*

Яғни, көктемнің берекетінен нағыз нәсібін алатын - тек топырақ. Сондықтан да үстіне әртүрлі гүл бәйшешек өсіп, шешек атқан кезде тас та көктемді көреді, бірақ, одан нәсіп ала алмайды.

Жүректері тасқа айналған адамдар да табиғаттағы жансыз жаратылыстар сияқты. Оларға да көктем жаңбырынан пайда жоқ. Нәпсінің кедергілерінен құтыла алмаған адамдар үшін құлшылықтар нәпсінің құмарлықтарынан жеңіліс табады. Мұндай адамдарда нәпсі әртүрлі қателер арқылы құбылаға айналады.

Тарихта атақ-абыройға ие болған мемлекет адамдарын әрқашан да ұлы рух тәрбиешілері тәрбиелеген. Олар, өздері өсірген мемлекет адамдарына терең көңіл бөліп, оларды мейірім мен жауапкершілік сезімдерімен безендірген.

**Ертұғрыл Ғаз**і үлкен мүршид **Әдебали Хазіретін** езіне үлгі еткен, ұлы **Осман**

Газиді де соның тәрбиесіне тапсырған.

Ертұғрыл Ғази ұлы Осман Ғазиге одан кейінгі барлық ізбасарлары-ның рухтарына бағдар беретін мынадай құнды өсиет қалдырған:

**"ЕЙ ҰЛЫМ!**

**Мені ренжітсең де Шәйх Әдебалиді ренжітпе. Ол біздің әулетіміздің руханият күні. Таразысы ешқашан қателеспейді!**

**Маған қарсы шықсаң да, оған қарсы шықпа!**

**Маған қарсы шықсаң, көңілім қалып, ренжірмін. Оған қарсы шықсаң көзім саған қарамайтын болады, қарасада сені көрмейтін болады.**

**Сөзім Әдебали үшін емес, сен үшін. Осы айтқандарымды өсиетім деп біл!.."**

Өте ұшқалақ Осман Ғазиді Әдебали Хазіреті өз тәрбиесі мен қамқорлығына алып, оған мағрифатұллаһтың ләззатын таттырып, оны көркем ахлақ, қамқорлық, салмақтылық пен кемелдікке жеткізген. Осылайша оны әлемге әйгілі мемлекеттің басшылығына әзірлеген.

Бұл женінен Осман мемлекетінің негізгі сәулетшісі - Шәйх Әдебали Хазіреті саналады. Басқа билік құрылымдар да Шәйх Әдебалидай тәрбиеші болмағандықтан құлдыраулар болса, Османлы билігі аз уақытта мемлекетке, мемлекеттен әлемдік империяға айналған, Әлемге алты ғасыр Исламды таныттырып, әділдік пен хақты орнатып, Хақ Тағаланың таразысы болды.

Шәйх Әдебали Хазіретінің Осман Ғазиге және оның ұрпағынан келген мемлекет адамдарына бағыт болған өсиеттерінің кейбірі мыналар:

**"Ей, ұлым!**

**Бисің! Осыдан кейін ашу бізге, кішіпейілдік саған... Өкпе бізге, көңіл табу саған... Кінәлау бізге, төзім саған... Әлсіздік, қателік бізге, хош көру саған... Түсініспеушілік, қақтығыс, сиыспаушылық бізге, әділдік саған... Жаман көз, былапыт ауыз, орынсыз сынау бізге, кешірім саған..."**

**"Ей, ұлым!**

**Осыдан кейін бөлу бізге, бүтіндеу саған... Жалқаулық бізге, ескерту, ынталандыру, бағыт беру саған..."**

**"Ей, ұлым!**

**Жүгің ауыр, ісің қиын. Аллаһ Тағала жәрдемші болсын. Билігіңді мүбәрәк етсін. Хақ жолында пайдалы етсін.**

**Маңдайың жарық болсын. Алысқа жарығыңды жеткізсін. Саған жүгіңкі көтере алатындай күш, аяғыңқы сүріндірмейтін ақыл мен жүрек берсін."**

**"Сен және жолдастарың қылышпен, біз сияқты дәруіштер ой, пікір және дұғалармен бізге уәде етілген нәрсенің жолын ашу керек. Кедергілерден тазартуымыз керек."**

**"Сабырлылық өте маңызды. Би адам сабыр ете білуі керек. Уақытынан бұрын гүл ашылмайды. Шикі алмұрт желінбейді, желінсе де бауырыңда қалады. Білімсіз қылыш та тура шикі алмұрт сияқты."**

**"Халқың өз білімімен өмір сүрсін. Олардан сырт айналма. Әрқашан да барлығын сезін. Қоғамды басқаратын да, аяғынан тік турғызатын да - осы білім, парасаттылық."**

**"Ең үлкен жеңіс - нәпсіні тану. Дұшпан - адамның өзі. Досы болса, нәпсісін таныған адам."**

**"Ел - басқарушының ұлдары және бауырларымен бөлісетін ортақ мүлкі емес. Ел - тек басқарған адамдікі. Өлген кезде орнына кім келсе, елдің басшылығы соныкі болады. Өз кезінде қателескен аталарымыз, тірі кездерінде елін ұлдары мен бауырларына бөліп**

берген. Сондықтан да өмір сүре алмады, жалғастыра алмады." (Осы насихат Османлыға 600 жыл үкім жүргіздірді.)

"Адам бір рет отырса, орнынан оңайлықпен тұра алмайды. Адам қимылдамаса, қаны ұйып қалады. Ұйыса, сөздер айтылады, сөз өсекке айналады. Өсек басталса, басқаны табысқа жеткізбейді. Дос - дұшпан болады, дұшпан - жыртқышқа айналады..."

"Ағатын қан босқа ақпау керек. Оған жол, бағдар керек, өйткені қан жерді суару үшін ақпайды."

"Адамның күші бір күндері бітеді, бірақ білім бітпейді. Білімнің сәулесі жабық көздерден де ішке түсіп, жарық қылады."

"Хайуан өлсе ер-тоқымы қалады, адам өлсе мұрасы қалады. Кеткен адамның соңынан емес, артына ештеңе қалдырмай кеткенге жылау керек... Қалдырған адамның қалдырған жерінен жалғастыру керек."

"Соғысты сүймеймін. Қан төгуді ұнатпаймын. Сонда да қылыш сілтеу керектігін білемін. Бірақ, бұл сілтеу өмір сүру үшін болуы керек. Әсіресе, адамның адамға қылыш сілтеуі - қылмыс. Басшы мемлекеттен тыс емес. Соғыс тек басшы үшін болмайды."

"Аялдап, дем алуға хақымыз жоқ. Өйткені уақыт жоқ, мерзім аз!.."

"Жалғыздық қорқаққа ғана тән. Жерге егін егуді білетін диқан, басқалармен ақылдаспайды. Жалғыз өзі қалса да... Топырақтың құнарлы екенін білсе болғаны."

**"Сүйіспеншілік дағуаның негізі болуы керек. Сүйю - үнсіздікте. Айғайлап сүйюге болмайды. Көрсетіп те сүйюге болмайды!"**

"Өткенін білмеген болашағын да білмейді. Осман! Өткенді жақсы білсең, болашаққа нық қадам басасың. Қайдан келгеніңді ұмытпасаң, қайда баратыныңды да ұмытпайсың."

Міне, осы құнды үкімдермен Әдебали Хазіреті Осман Бейді үн сияқты иледі. Осылай илеуі де керек еді. Өйткені, Осман Бей қиын жағдайда болатын. Жан - жақтан келіп өзіне қосылған тайпаларды бір арада ұстай ма, тепе-теңдікті сақтай ма, Византияны қолдай ма, Гермиянды ма, Моңғолды бақылай ма, кәпірлермен соғыса ма?!

Әдебали Хазіреті осы сияқты барлық істерде Осман Бейге рухани жол сілтеп, оған жәрдемдесіп, тығырықтан шығатын жолдарды көрсетіп отырған.

Османлы мемлекетінде ханзадалардың тәрбиесіне қатты көңіл бөлінетін. Тәлім - тәрбие өте кішкентай кездерінен басталатын. Бұл тәрбие сол кездегі үлкен тұлғалар тарапынан жасапатын. Әсіресе рухани тәрбиеге баса мән берілетін. Өйткені, болашақта патшалық солардың қолына тапсырылады. Патшалықтың әділдікпен жалғасуы, мемлекеттің қауіпсіздігі солардың қолында болады.

Патша болғаннан кейін де оған қажетті ескертулер және мұршидтер-дің жәрдемі мен бағдары жалғаса беретін.

Мұршидтердің қамқорлығы әрбір ғасырдағы басшыларға үнемі ана құшағының мейірімі мен жылылығы сияқты болатын. **Азиз Махмұд Һүдайи** Хазіретінің **III - Мұратқа** жазған бағыт бағдары ескертулерге толы, тіпті қаттырақ айтылған хаттары бар. Және сол кезде Фэрхат Паша қолбасшылығындағы әскери қолмен бірге ЫстамБұлдан Тәбризге дейін жорыққа шыққан. Әскерлер мен Тәбриз халқы осы көңіл сұлтанының руханияты мен дұғаларына беленген.

Патшаларға жасалған ескертулерге байланысты бір мысал айтар болсақ:

Патшалар жұма намазын оқу үшін сарайдың баспалдағынан түсіп, келе жатқанда, бір қызметші:

"Хан ием, жасыңыз ұзақ болсын, жолыңыз ашық болсын!.. деп, дұға етіп, махаббатын білдіретін.

Патша мешітке халықтың арасынан екі сап болып тұрған сақшылардың арасынан өтетін. Патша нәпсінің сезімдеріне, халықтың ынтасы мен ілтипатына жеңілмеу үшін сақшылар баяу дауыспен:

"Тәкәппар болма, Хан ием, сенен ұлық Аллаһ бар!.." - деп, қайталап тұратын.

Патшаға, мемлекет пен халыққа бағыт берген, оларға рух берген, шабыттандырып, ынталандырған **Әдебали мұрасы** жалғасқан уақытта империяның тарихы атақ-абыройға кенелді.

Иылдырымның **Әмір Сұлтаны**, II Мұраттың **Хажы Байрам Уәлиі**, Фатихтың **Ақшамсәддині**, II - Бәязидтің **Мәди Пашасы**, Явуздың **Ибн Кемал Пашасы**, Қанунидің **Меркез және Сүнбіл** деген атақтылары, III - Мұрат, I - Ахмед пен IV - Мұраттың **Азиз Махмүд һүүдайсі** - жалғасып келе жатқан Әдебали тізбегінің мәшһүр үлгілері.

Явуз Сәлім туралы бір естелікті сол кездің тарихшысы былай баяндайды:

"Явуз Мысырға кірген кезде халық оның айбынын тамашалау үшін терезеге жүгіріп, көшені толтырды. Явуз ең алда емес, қарапайым әскерлерінің ортасында еді. Киімі мен сауыты басқалардан өзгеше емес еді. Мысырдан қайтар жолда Шамда жұма хұтбасында өзі туралы:

**"Хакимул - Харамәйни-Шәрифәйн (екі абыройлы мекен Мекке мен Мәдинаның әкімі)"** делінген кезде:

**"Жо-жоқ! Керісінше, Хадимул - Харамайни-Шәрифәйн (екі абыройлы мекен Мекке мен Мәдинаның қызметшісі!)"** - деп жылап, жауап қайтарды.

Ыстамбұлға қайтып келгенінде күндіз Үскідарға жетті. Ыстамбұл халқы өзін қатты қошаметпен қарсы алатындығынан хабардар болғандықтан кеңесшісі Хасан Жанға:

**"Кеш түсіп, күн қарайсын, бәрі үйлеріне қайтсын, көшелер босасын, мен содан кейін Ыстамбұлға кірейін. Фәнилердің қошеметі мадақтары мен ілтипаттары бізді жеңіп, жерге құлатпасын!.."** - деді."

Явузды - қорқынышты Сина шөлінде арыстан, Мысырға кіргенде қарапайым, көзі жасты шүкіршілікке бөленген мүмин, Үскідарға келгенде өзін нәпсімен күресуге бағыттаған иләһи және ішкі ләззаттарға шомылған бір дәруіш сияқты көреміз.

Хасан Жанға мына шумақтарды айтты:

***Әлемге патша болу бос бір талас екен,  
Бір әулиеге пенде болу бәрінен биік екен!..***

Явуздың кеңесшісі Хасан Жан оның қалай қайтыс болғанын былайша баяндайды:

"Арқасына шикан шыққан еді. Шикан аз уақытта ұлғайып, үлкен тесікке айналады. Жараның ішінен Явуздың бауырын көретін едік. Өзі қатты қиналатын, қасына жақындап:

"-Хан ием, енді Аллаһ Тағаламен бірге болу уақыты келген сияқты!" - дедім.

Атақты сұлтан бұрылып, бетіме таңдана қарап:

**"-Хасан, Хасан! Сен мені осы сәтке дейін кіммен бірге деп ойлап едің? Маған Ясин оқы! - "** деді. Сөйтіп, Ясин шәриф оқылып жатқанда рухын Раббысына тәслим етті."

Тоғыз жылдық салтанатында қол жеткізген атақты жеңістер, дүниелік шекпендер, фәнилердің ілтипаттары оны мастыққа жетелеп, жеңе алған жоқ. Үнемі Раббысымен бірге болу, тек содан ғана жәрдем сұрау санасымен өмір сүрді.

**Уа, Раббым! Бізді шынайы сұлтандық болып саналатын құлдықта ақырғы демге дейін дұрыс бағыттан айырма!**

**Әмин!..**

## **ТҮТҚЫНДЫҚТАН ЕРКІНДІККЕ**

*"Достардыңдосын еске алуы -мүбәрәк нәрсе. Әсіресе ескеруші Ләйлә, еске алынушы*

*Мәжнүн болса!"*

### *Хазіреті Мәуләнә*

Бір саудагердің қапаста қамалған әдемі бір тоты құсы бар еді, оны өте жақсы керетін.

Бір күні саудагер Үндістан жаққа саудаға шығуға әзірленді. Жомарттығынан қызметшілерінің қалауларын сұрап, тапсырыс алды. Осы кезде өте жақсы көретін тоты құсынан:

"-Саған Үндістаннан не әкелейін?"- деп сұрады. Тоты құс:

*"-Сол жердегі тоты құстарға менің жағдайымды айтып, сәлемімді жеткіз!"*- деді.

Қапастағы тоты құс өзіне тән (хал) тілімен Үндістандағы тоты құстарға мына айғайын жеткізбек болды:

*"Сендерге қызыққан бұл қапастағы тоты құс аңшының тұзағына түсті. Өмір бойы қапаста қамалды. Сендерге сәлемімді айтып, сендерден бір шара, көмек сұрап, жол сілтеп, бағдар берулеріңді үміт етемін!"*

*"Бұл лайық па, мен темір қапаста қамалып жатайын, сендер болсаңдар еркіндікке жасыл орманның, әсем гүлдерінің ішінде шат болып жүресіңдер! Мен болсам қапаста, сендер болсаңдар гүлстандасыңдар! Достардың адалдығы осы ма? Менің осы бөтен елде сағынышпен сендерден жырақ болудың қасіретінен шырылдағаным, осылай жан тапсырғаным дұрыс па?"*

*"Ей, ұстаз тоты құстар! Сендер таң сәріде далада фәйіз шықтарына шомылған кезде бұл бишараны да естеріңе алғайсыңдар!"*

*"Достардың досын еске алуы - мүбәрәк нәрсе, бақыт үстіне бақыт. Әсіресе ескеруші Ләйлә, еске алынушы Мәжнүн болса..."*

*"Ей, үнемі бірге кезіп ұшқан тоты құстар! Сендер онда еркін кезіп жүргенде, мен қапасымда жүрегімнен тамған қанды ішіп жатырмын! Мені шат қылып, тірілткілерің келсе, мен үшін ішкен шәрбәттарыңнан бірнеше жұтым ішіп, Бұл жалғыз бишара бауырларың үшін топыраққа бірнеше тамшы себіңдер!.."*

Тоты құстың сұранысын қабыл алған саудагер жолға шықты. Үндістанға жеткен соң бұтақтан бұтаққа қонған бірнеше тоты құс көрді. Оларға дауыстап, қапастағы тоты құстың сәлемін жеткізді.

Хал тілімен жеткізілген қапастағы тоты құстың бұл сәлемі, яғни жан айғайы, Үнді тоты құстарын қатты әсерге қалдырды. Тіпті, араларынан біреуі естіген сөздерінен дірілдеп, құлап, демі бітіп өліп қалды.

Саудагер бұл жағдайға қатты таңданды. Айтқанына өкініп, өзіне-өзі:

*"Бір тірі жанның өлуіне себеп болдым, күнәға баттым. Бұл тоты құстың менің тоты құсыммен туыстық қатынасы бар шығар, бәлкім. Мұны неге істедім? Неге осы хабарды жеткізіп ишкі сөздеріммен бишараның жанын өртеп, күйдірдім?"* - деді.

Саудагер жұмысын бітіріп, еліне қайтқан соң басынан өткен оқиғаларды таңдана, толқып, қайғыра, қапастағы тоты құсқа жеткізді:

*"Ей, тоты құс! Айтқаныма, айтатыныма әлі өкінемін, өкініштен саусағымды тістеп қалдым! Алайда, соңғы өкініштің қандай пайдасы бар?"*

Иесін бар жан-тәнімен тыңдаған қапастағы тоты құс та саудагердің сөзі бітпей жатып, қалаған жауабын алғандай болып дәл сол Үндістандағы тоты құс сияқты дірілдеп, қапастың түбіне құлап қимылсыз қалды.

Бұл жағдайды көрген саудагер орнынан атып тұрып, өкінішінен басындағы бөркін

шешіп, жерге ұрды. Қатты әсерленген еді. Жеңі мен жағасын жырттып, ойбайға басты:

*"Ей, сұлу тоты құс! Ей, менің сұлу дауысты құсым! Не болды? Неге осы халге тап болдың? Пай-пай, менің жолдасым! Егер Сүлейменнің (аләйһиссәләм) осындай құсы болғанда, басқа құстарға алданбайтын еді."*

Өйткені, құсы ол үшін қуаныш көзі, сұхбаттасатын жолдасы әрі сырласы еді. Өкініштен жылап-еңіреп отырып, кейде:

*"Берген Аллаһ, алған Аллаһ!" - дейді), кейде көлеңкеге алданып, кейде ақиқатқа алпынды. Тоты құсынан айырылып, күйіп-жанды. Теңізге түскен адамның салға жабысқаны сияқты, өзіне жұбаныш іздеді. Кінәні тіліне артып, оны былайша тілдеді:*

*"Ей, тіл! Сен өлімге себеп болдың! Маған көп зиян келтірдің. Енді мен саған не дейін? Ей, тіл! Сен әрі от, әрі қырмансың! Бұл қырданды қашанға дейін өртейсің? Ей, тіл! Жаным саған ренішті. Ол сенің әрбір айтқаныңды орындаса да, сенің қаншама ауыртпалығыңды арқалайды!.. Ей, тіл! Кейде қас құлдардың тілі сияқты бітпейтін қазынасың, бірақ кейде пасықтардың улы тілі сияқты дауасыз дертке айналасың!.. Ей, ынсапсыз! Ей, жыланды інінен, адамды дінінен шығаратын тіл! Маған ешқандай мейірімділік етпейсің бе, өлтірмек болып, садағыңды оқтап алыпсың!" - деді.*

Ақыры саудагер біраз уақыт жылап-еңіреп алып, өлген тоты құсты қапастан шығарды. Көмбек болып, орын әзірлей бастады.

Міне, осы кезде өтірік өліп жатқан тоты құсқа жан бітіп, ұшып кетті де, биік бір ағаштың бұтағына қонды.

Саудагер құстың істеген ісіне таң жалды. Сонда да осының мәнін білгісі келіп, құсына былай деді:

*"-Ей құсым! Құдай үшін, бізге жағдайыңды айт! Үндістандағы тоты құстан не түсіндің? Құлық жасап, мені күйдіріп жібердің! Бұның сыры неде? Түсіндірші, мен де осы рухани сырлардан нәсіп алайын! Мені мақрұм етпе!" - деді.*

Сонда тоты құс былай деп жауап қайтарды:

*"-Хабарын жеткізген үнді тоты құсы маған үнсіз әрекеттерімен бағдар көрсетті, насихат жасады. Өртенген жанымға бейне бір өмір нәрін ұсынды. Маған: "Сені қапасқа қаматқан сұлу дауысың!.." дегенді білдірді. Және: "-Ей, үлкендерге де, кішілерге де сайрайтын! Ей, ғалымдарды да, надандарды да көркем сайрауымен мас қылған! Ей, адамдарды әсерлі сайрауымен баурап алған құс! Есіңді жина, Бұл сайрауды тоқтат! Сенде мен сияқты өл де, тұтқындықтан құтыл!" деді. Мен де берілген тәлімді орындадым. Өзімді өлтіріп, құтылдым!.."*

Тоты құс сөзін жалғап:

*"-Ей, Мырза! Мен тұтқындықтан құтылдым, енді негізгі орнымға, мекеніме қайтамын. Сен де мен сияқты істесең, тән қапасынан амандықпен құтылып, еркіндікке қауышып, негізгі отаныңа, яғни атаң Хазіреті Адамның келген жері, жәннатқа қайтасың! Осы балшық тәннен құтылып, пәктікке қауышасың, өте жоғары дәрежелерге жетесің!" - деді.*

Осы сөздерден әсер алған саудагер есін жинап, өзіне-өзі:

*"Маған осы үгіт те жетеді! Еңгі мен де тоты құсымның жолын ұстайын. Өйткені, оның жолы адамға ақиқатты ұғындыратын, нұрлы жолға жетелейтін, мәңгілік өмірдің шәрбаті болған абылхаят екендігін түсіндім!.."*

Хикаяда айтылған қапастағы тоты құс тәннің, яғни нәпсінің тұтқыны болған рухты көрсетеді. Үндістандағы еркіндікке батқан, бұтақтан-бұтаққа қонған тоты құстар болса, дүниенің ләззаттарынан қашып, фәнилік пен заттықтың тұтқынынан құтылған әулиелердің руханияттары.

Үндістандағы құстардың қапастағы құсқа тәлімі:

"Өлмей тұрып, өліңдер!" бұйрығына мойынсұнудың қажеттілігінен фәни тірлік тұтқынынан, осы жолмен ғана құтылуға болады. Хазіреті Мәуләнә (құддисә сиррун) былай дейді:

*"Өлсеңдер, ақиқат таңында тірілесіңдер!"*

Үндістандағы тоты құс қапастағы тоты құсқа бұл турасында былай дегендей еді:

*"Сен де өл! Яғни табиғи өлім келмей тұрып, өз нәпсіңнен құтыл. Нәпсі тәніңнен өз еркіңмен өле біл, рухани өмірде тіріл, осылайша рухани аспанда қанат қақ!"*

Өйткені, өзінің нағыз ақиқаты бойынша өмір сүрмеген, ішіндегі жасырын гауһардан бейхабар адамның өмірі, тән қапасында жан берісіп, жан алысудан басқа не болуы мүмкін? Шынайы өмір нәпсіден өлуден басталады. Өйткені, бұл өлім - нағыз өмірдің өзі.

Сондықтан **Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

*"Жан тоты құсының хикаясы да саудагердің тоты құсының хикаясына ұқсайды."*

*"Ей, гапыл! Осы құс сияқты өлсең, құтыласың! Дән сияқты болсаң, сені құстар жинайды. Гүл сияқты болсаң, сені бала-шаға жұлып кетеді."*

*"Дәніңді жасыр, алыста сақтан! Гүліңді сақта, шатырлар мен дуалдың түбінде өскен шөп сияқты бол!"*

*"Яғни танылудан, өзіңді көрсетуден қаш! Қарапайым, кішіпейіл бол! Осылайша жаман көздерден, әрі болдым, толдым деп, шектен шығудан құтыласың!"*

*"Сұлулығын саудаға салған адам бәлекетке алақан жайған болып саналады. Мұнысы, барлық жағымсыз назарларды өзіне тартады. Дұшпандары бір жағынан, достары екінші жағынан оны жығуға тырысады. Бірі қызғанып, екіншісі шектен тыс зиянды (артық) мадақтаулармен өмірін құртады. Осы қауіптерден құтылу үшін тәнің шектеуінен құтылудан басқа шара жоқ."*

Тән шектеуінен құтылу үшін не өлу немесе өлгендей болу, яғни иләһи әмірлер мен танымдарға шын көңілден байланысу, оларды орындау қажет болады. Сол себепті **Жүнәйд Бағдади** Хазіреті тасаввуфты:

*"Хақ Тағаланың сені сендігіңде өлтіріп, өзімен тірілтуі, "*-деп танымдайды.

Өйткені, құл дүние кірлерінен арылып Аллаһтың мейірімін паналап иләһи нұрға бөленген кезде, ол бәлекеттерге емес, бәлекеттер оған бас иеді. Сондай-ақ, иләһи ашумен буырқанып, Аллаһтың дұшпандарын батырған сулар, Хазіреті Нух пен Хазіреті Мұсаға жар болған, Нәмрудтың жүрегінен өкініш түтінін шығарған от та Ибраһимге (аләһиһиссәләм) гүлстан болған. Бұл оқиғалар да кездейсоқтық емес, Аллаһ Тағаның ізгі құлдарына деген сыйы мен жәрдемінің көрінісін қамтыған мұғжизалар. Бұларда әлде қайда қаншама хикмет пен ғибраттар бар.

Екіншіден бұл ақиқаттар иләһи сыйлардың оларға лайықты болған басқа құлдарға да дәл сондай немесе басқаша түрде берілетіндігін білдіреді. Бірақ, құлдың міндеті - мендіктен, яғни ібілістің түбінежеткен сипаттан құтылып, күнәлардан арылып, тек Раббысына бет бұруы мен көңілін соның зікірімен толтыруы.

Бірақ зікір тек қана тілдің Аллаһ атын қайталауы ғана емес, Аллаһ (жәллә жәләлуһу) түсінігімен иләһи көріністің барлық болмысын қамтып, жүректе орын алуы екендігін білу керек.

Үнемі зікір ету құлды керемет дәрежеге жеткізетіні сонша, зікірдің ақиқаты, жүректің жаратылыс мақсатымен бірлеседі. Жүрек зікірге толық айна болады.

Зікірдің ақиқаты - әріп, сөз бен дауыстан пәк жүректің негізгі өзегі иләһи және Раббани болғандықтан пәк бір сезім. Екі құндылық осылайша заттықтан құтылып, бір-



бірімен бірігіп кетеді. Бұл дәрежеде зікір қорған сияқты жүректі қамтып, мәсиуәдан қорғайды. Жүрек зікірде жоқтыққа қауышады. Зікір етілген заттан, яғни Аллаһ Тағаладан басқа барлық нәрсе шығарылады. Бұл фәнахалі. Фәнилердің ортадан шығып "Бақи" ғана қалған мәртебе. Тыныштыққа бөленіп, шаттыққа қауышу. Рағд сүресінің 28 - аятында былай делінеді:

الَّذِينَ آمَنُوا وَ تَطْمَئِنُّ قُلُوبُهُمْ بِذِكْرِ اللَّهِ أَلَا بِذِكْرِ اللَّهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

**"Бұлар иман етушілер және жүректері Аллаһтың зікірімен тыныштыққа қауышқандар. Біліндер, жүрек тек Аллаһ зікірімен ғана тынышталып, рахатқа қауышады."**

Екінші бір қасиетті аятта:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَ جِلَّتْ قُلُوبُهُمْ وَ إِذَا نُلِّيَتْ عَلَيْهِمْ آيَاتُهُ زَادَتْهُمْ إِيمَانًا وَ عَلَى رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ

**"Мүминдер - тек Аллаһ зікір етілген кезде (еске алынған кезде) жүректері дірілдеп, оларға Аллаһтың аят кәрімәлері оқылған кезде имандары артып, тек Раббысына ғана сүйеніп, сенім артқан адамдар," - (Әнфәл,2) делінеді.**

Аллаһтың нұрымен нұрланған Аллаһ достарының ақирет жағдайын білдіретін тағы бір аят кәрімә:

أَلَا إِنَّ أَوْلِيَاءَ اللَّهِ لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَ لَا هُمْ يَحْزَنُونَ

**"Біліндер, Аллаһ достарына қорқыныш жоқ. Және олар қасіретке ұшырамайды да," - (Юнус,62) делінеді.**

Қапастағы күстың осы ишараттағы сырдың мәнін түсініп, іске асыруы оны мәңгілік еркіндіктің бақытына қауыштырды.

Расында, тән - рух үшін бір қапас Бұл қапасқа бір емес, мыңдаған күс кіріп шығады. Кірген құстар - нәпсі күштер, тәни әуестіктер мен шайтани үрейлер. Шыққандар болса - адамға жағымсып, пайдасы үшін адамды мадақтағандар. Осы екі топтың, әрқайсысы адамға түрлі нәрселерді айтады. Кейбірі:

"-Сенің нағыз досың менмін!" - дейді.

Кейбіреулері:

"-Жоқ, саған мен ғана жар, жолдас бола аламын!" - дейді.

Енді біреулері.

"-Сен өте жақсы адамсың, жомарттық, ізгілік иесісің, кешірімдісің!" - деп мадақтайды.

Ал кейбіреулері болса:

"-Екі дүние сен үшін жаратылған. Біз сенің есігіңнің алдындағы құлың мен күңіңбіз!" - деп жағынады.

Кейбіреулері (әр сөйлеген сайын):

"-Дұрыс айттыңыз!" - деген сөздермен риялық жасайды.

Мұндай жағдайлар жалғаса береді. Өкінішке орай тән қапасына ынтық, ақылсыз және әлсіз рухты адамдар осыларға алданып, өздерін бір нәрсе санайды. Бұлардың өз ішіне орныққан мыңдаған шайтанның қауіпті қулықтары екендігін Бұл бишаралар қайдан білсін. Өйткені, бұл дүниенің Бұлаңцауына алданған адамдар үшін дәмді тамақ, жағымды бір әуен сияқты сезіледі. Алайда, Бұлар соңында алауға айналатын шайтанның тамағы, ол алдымен ләззат беретін сияқты болып көрінгенімен, кейіннен жоюшы отқа айналады. Осы қорқыныш алауларын Бұл дүниеде сезбегендер, ақиретке көтерілген алаулардың ортасында қалған кезде ғана істің ақиқатын түсінеді, бірақ барлық істер бітіп болады, айғайлар мен өкініштер, жойылудың соңғы сарындары түрінде қалады.

Сондықтан Хазіреті Әли (радиаллауу аһу) былай дейді.

"Адамды құртатын екі нәрсе. Біреуі - нәпсіқұмарлыққа салыну, екіншісі - мақтау

мен мадақты жақсы көру..."

**Аллаһ Тағала ақиреттің бақытын дүниеде тәкаппарлық пен пандық танытпаған, бұзықтықжасамаған, көңілінде Аллаһқа деген сүйіспеншілік лаулағандарға нәсіп еткен.**

Өйткені, қарапайымдылық нығметінен алыстап, жаман сипаттарға жұғысқан адамдар перғауынға айналуға қатыла алмаған. Олай болса, қарапайымдылық арқылы осындай жағымсыз ахлақтан арылу керек.

Қарапайымдылықтың жақсылықтары көп. Қарапайым адам жомарт болады. Жомарт адам мейірімді болады. Мейірімді адам, мақлұқатқа қызмет етуге ықыласты болады. Бұл Раббтың ризашылығына дәнекер болады. Ал қарапайымдылықтан алыс адам осы ізгі қасиеттерден мақрұм болады.

Қарапайымдылық сипатына ие болған құлда түсінік жақсы дамығандықтан қарапайым құл досымен дұшпанын оңай ажырата алады. Қарапайымдылықтың арқасында бір күні нәпсііндегі сұлтандықты, әкімгершілікті және даңққұмарлықты жоғалтқан кезде, өзіне жағынған адамдардың бір сәтте дұшпан екендіктерін көреді. Солар оны жек көреді. Одан жалығып, арыстаннан қашқандай қашады.

Сондықтан құл өз ақиқатын өзіне көрсететін көңілдің айнасы болған Аллаһ достарымен бірге болуға тырысып, нәпсісі мен оның қулықтарын білуі керек. Әулиелер мен олардың халдеріне жүрек кезімен қарап, хикметті түсініп, әртүрлі нәпсінің азғырулары мен қате халдерінен қашуы қажет.

Әулиелердің сөзі мен халдерінің хикмет екендігін білу керек. Олар лайықты болмаған адамдарға білдірмеу, лайықты адамдарды мақрұм етпеу үшін сездеріндегі сырларды кейбір белгілер мен ишараттар арқылы жеткізеді. Ол сөздерді тек таза жүрекке ие болған адамдар түсінеді. Түсінбегендер тек қарапайым сөздерді ғана естиді.

Әбу Нурайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Мен Расулұллаһтан екі түрлі білім алдым. Бірін тараттым, екіншісін жасырдым. Таратсам, өзгелер мағынасына шыдай алмай, менің басымды жұлып алар кетер еді...

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық пен әулиеліктің барлық ерекше сипаттарын өз бойында жинақтаған еді. Жүз жиырма мыңнан астам пайғамбардың қасиеттері мен таңдаулы сипаттары, кәміл түрде бір Оның бойында жинақталған еді. Ол әрбір пайғамбар мен әулиенің пәк сипатының ең жоғарғы дәрежесінде еді.

Әрбір пайғамбар пайғамбарлықта, өзіне тән пәк сипатқа ие болған, мысалы:

Ибраһим (аләйһиссәләм) Аллаһтан басқа көңілінде ешбір жаратылыстың орны болмаған деген мағынада "Халилұллаһ", Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) Аллаһпен тілдескен, өмірі жәләл (айбындылық) сипатының көрінісінде болған деген мағынада "Кәлимұллаһ", Иса (аләйһиссәләм) іш пен нәпсінің тазаруымен кемелденген деген мағынада "**Рухұллаһ**" атағына ие болған.

Әулиелердің де әрқайсысы ерекше сипаттарға ие. Және әртүрлі көріністерге ие. Мәселен: Абдұлқадир Гейлани (құддисә сирруһ) басқарушылықпен қолдануда, Мүхидцин Араби (құддисә сирруһ) руха-ни ілімдер мен көрегенділікте, Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) болса, жанды өртейтін ғашықтық, ынтықтықжәне махаббатпен ерекшеленеді.

**Хазіреті Мәуләнә** ез халін былайша жеткізеді:

*"Мен бұл сырларды бүкпелеп қысқаша ғана айттым. Ашып айтқан жоқпын. Әйтпесе, кеңірек баяндауға тырысқандардың тілі, тыңдағандардың түсінігі күйіп кетер еді."*

Басқа бір шумағында былай дейді:

**"Менің шумақтарым - өлең емес, рухани әлем. Әзілім де - әзіл емес, әдеп, киссаларым – қарапайым жәй ғана сөздер емес, тәлім. Сырларды ашып түсіндіру үшін (соллай еттім)."**

Мәснәуи - тәлім, иршад пен тәрбие үшін ретке келтірілген бір кітап. Мәснәуидің екінші бір ерекшелігі түсініктер мен қабілеттер әр адамда әртүрлі болғандықтан кейде әзіл соқпағына түседі. Яғни, қарапайым болып көрінген киссалар арқылы иләһи тәртіптің сырларын, құпияларын, ерекшеліктерін өзгеше түрде түсіндіреді.

Хазіреті Мәуләнә өз өлімінің "шәби арус", яғни, той кеші болатынын айтып, өзінің тән қапасынан құтылып "шексіз сұлуға" қауышуын жеткізген кезде айтқан:

*"Көңіл достарым сол кеште мереке жасап, менің халіме қуансын!"* - деген сөздерімен:

*"Мен өліп, табытыма қойылған кезімде пай-пай, қабірге қойылған кезде "Қош, қош" деме! Өйткені, өлім мен үшін қайғыратын нәрсе емес, қуанатын нәрсе,"* - деп айтқан сөздері қандай мәнді.

Мәуләнә (құддисә сирруъ) "Дүние деген не?"-деген сұраққа: *"Рухтардың түрмесі!"* - деп жауап береді. Жаны жаралы Юнус бұл дүние түрмесінде көрген азабы мен сағынышын бұлбұлға назданып қандай тамаша жеткізген:

*Сен бұл жерде ғаріп қалдың ба,  
Неге жылайсың, ей, бұлбұл?  
Шаршап, жолыңнан адастың ба,  
Неге жылайсың, ей, бұлбұл?  
Қарлы таулардан астың ба?  
Терең сулардан өттің бе?  
Жарыңнан айырылып қалдың ба?  
Неге жылайсың, ей, бұлбұл?*

Хазіреті Мәуләнә басқа бір өлеңінде:

*"Мен қызмет етіп, халыққа жол көрсетуге міндетті болғаңқызым үшін дүние абақтысында отырмын. Әйтпесе зындан қайда, мен қайдамын? Кімнің малын ұрлап, абақтыға қамалдым?!"* - дейді.

Дүниеде әр қадам басқан сайын көздеген жеріне барасың. Әр дем алған сайын дүниеден өтуге жақындайсың. Екінші жағынан рухтардың мекені - рухтар әлемі. Әрбір демді алған сайын негізгі мекеніңе жақындайсың. Қауыздағы судың Бұланып, жоқ болатындығы сияқты, үнсіз ғана алған-берген демдермен өмір де бітеді.

Адам болсын, хайуан болсын негізі топырақ болғандықтан, соның ішінде шіриді, жоқ болып, топыраққа айналады.

Материалдық зат осылай болғанымен рух негізіне қайта оралады. Рухани негізі жәннаттың элементтерінен болғандар жәннатқа, жәъәннамның элементтерінен болғандар, жәъәннамға кетеді. Мәуләнә (құддисә сирруъ) емірінің үш кезеңін: **"Шикі едім, пістім және өртендім!.."**-деп жеткізеді. Тәннің жануы - рухтың рухани қоректерге тойып хайуани қоректерге орын қалмаудың нәтижесі дүниелік ләззаттардан толықтай арылуы деген мағынада.

Көбелек қалайша жарықтың айналасында тартылысқа тап болып, еркінен айырылып, соңында жарыққа соғылып, тәнін жақса, Хазіреті Мәуләнә да:

*"Тәнді жақпай, иләһи ғашықғық пен махаббаттың ләззатына қауышу мүмкін емес,"* - дейді.

Халлаж Мансұр көп рухи толқулардың салдарынан өлімді сағынып: "Мен өлгенде ғана тіріліп, өмірге келем!" - деді. Нәпсінің иірім шұңқырларына түспеу үшін Мәуләнә

(құддисә сирруһ) өлеңдерінде былай деп ескертеді:

*"Балшық жеме! Балшықты сатып алма! Және балшықты іздеме! Өйткені, балшық жейтіндердің түрі үнемі сары болады."*

*"Рухани қабілеттеріңді жетілдіру үшін көңіл же! Яғни, жүрекке түскен фәйіздермен қоректенсең, үнемі жасарып, иләһи көріністерден түрің раушан гүлі сияқты болады!"*

Бабил патшасы Нәмруд Хазіреті Ибраһимді отқа салғызды. Бірақ:

يَا نَارُ كُونِي بَرْدًا وَسَلَامًا عَلَىٰ إِبْرَاهِيمَ

**"Ей, от! Ибраһимге салқын да қауіпсіз бол!"** (Әнбия, 69) әмірі бойынша от оны жандырмады. Айналасы гүлстанға айналды. Ол отқа Нәмруд пен ізбасарлары түскен де, денелерінің күлі де қалмас еді. Өйткені, оларда Ибраһимнің қасиеті жоқ, Нәмрудтың қасиетіне ие еді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәдір соғысында екі жақ қарама-қарсы келген кезде жерден бір уыс топырақ алып, дұшпандар жаққа лақтырды. Әлгі топырақ дұшпан жағындағылардың көздеріне түсіп, бәрі көздерін уқалауға мәжбүр болды. Жеңілуге себеп болды. Осы кезде төмендегі аят кәримә түсті:

وَمَا رَمَيْتَ إِذْ رَمَيْتَ وَلَكِنَّ اللَّهَ رَمَىٰ

**"(Хабибім! Ол топырақты) лақтырған кезде сен атқан жоқсың! Бірақ Аллаһ атты."** (Әнфал, 17) - дейді.

Сол кезде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаланың ісіне құрал болған еді. Осы сияқты әулиелер де осылайша Рабтың ісіне құрал болады. Кейде иләһи құдірет солар арқылы көрінеді. Шексіз іс атқарушыға, яғни иләһи ерікке, айна болады. Хақ Тағаланың рұқсатымен іс жүргізеді.

Жүрегінде Нәмрудтық сезімдерден, яғни тәкәппарлық пен пайдакүнемдіктен үлес алған адамдар жойылудан және шайтанның тырнағынан құтылуы үшін кәміл тәрбиешінің тәрбиесіне кіріп, қауіптен шығуы шарт. Сондай-ақ қапастағы құс Үнді құстарының ишараттары мен тәлімдерін Бұлжытпай орындау арқылы сәлеметке жетті. Ерекше, қас құлдардың қатарына қосылды. Мәуләнә (құддисә сирруһ) былай дейді:

*"Өлмей тұрып, өлген адамдар нендей бақытты, оның рухы ақиқат бақшасының иісін сезеді."*

Хадис құдсида Аллаһ (жәллә жәләлуһу) былай дейді:

*"Мені кім сүйсе, соны өлтіремін! Мен кімді өлтірсем, оның құны маған тән. Кімнің құны менің мойнымда болса, мен оған құн боламын."*

Хазіреті Мәуләнә:

*"Менің құным Аллаһ Тағаланың куәлігі, "*-дейді.

Артынан мына дұғаны оқып, жалбарынып мінәжат етеді:

*"Ей, Патша бола тұра тәжі мен тағы жоқ Раббымыз! Біз сияқты бейшара және жетімдерге тағылған осы қатты, ауыр нәпсі кісенін, сенен басқа кім шеше алады?.."*

*"Бізді бұл арам нәпсінің қолынан құтқар, оның пышағы сүйегімізге тақап қалды."*

*"Иләһи, қолымыздан ұста, бізді сатып ал! Көңілімізден гапылдық пердесін аш!"*

**Бірақ, тәсәттүр (ештік сезімімізді жойып) пердемізді жыртып бізді ұятқа қалдырма!"**

**Әмин!**

### **НӘПСІ ҚҰТЫРҒАН АРЫСТАН СИЯҚТЫ**

*"Ей дәруіш! Мұса да Перғауын да сенің болмысыңда бар. Бұл екі дұшпанды өзіңнен іздеу керек! Уахидың сәулесімен жарқыра, сендегі Мұса, сендегі*

*Перғауыннан басым түседі."*

*Хазіреті Мәуләнә.*

Ұшы қиырсыз бір орманда бір азулы арыстан өмір сүретін. Оның жасаған зұлымдығынан ормандағы барлық жануарлар қорқатын. Өйткені, еш күтпеген жерде, күтпеген уақыттарда сол азулы арыстан жануарларға әртүрлі тұзақ құрып жандарына қауіп төндіретін. Ақыры аңдар осылай үрейлі өмір сүргілері келмей, бір шара іздейді. Әбден ойланғаннан кейін кеңес құрып араларынан біреуді арыстанға жібереді:

"-Ей, орманның патшасы арыстан! Күн сайын біреумізді ұстап, жейсің! Бұған айтарымыз жоқ. Бірақ бұл қиыншылық неліктен? Сен орманның патшасысың тағында отыр, біз саған күн сайын ішімізден біреуін жіберейік, сен де рахаттанып жейсің. Осылайша сен де, біз де тыныштықпен өмір сүреміз!"-дейді.

Арыстан бұл ұсынысты қабылдаудан бас тартты:

"-Бұл ұсыныстарың бір қулық па, адалдық па? Адалдық болса, бұл айтқандарың дұрыс, бірақ, мен қулыққа шыдай алмаймын! Өйткені, кесірткелер мен жыландарға көп шағылғандықтан, бұл істе тәжірибем бар. Әрі еңбек етіп, табуға бола тұра, маған неге жалқаулыққа кеңес бересіңдер? Неге себептерге жүгінбей, тәуекел етуімді қалайсыңдар?" - дейді.

Аңдар арыстанды риза ету үшін әртүрлі сөздерді айта бастады:

"-Ризық үшін еңбек ету халықтың сенімінің әлсіздігінен туындайды. Мұндай адамдардың табыстары тойымсыздығының мөлшеріндей қол жеткізген рияның табысы. Аспаннан жаңбыр жаудырған Аллаһтың, рахымымен нан беруге де, әлбетте, күші жетеді!" - десті.

Арыстан:

"-Аяғым бола тұра, езімді қалай мүгедек етейін? Тырнақтарым бола тұра, олардың күшін қалай жасырайын?" - деп, тағы да қабылдағысы келмесе де, соңында айтылған ұсыныстың тартымдылығына көніп, ризашылығын білдірді.

Енді күн сайын бір аң келіп, өзін арыстанға бере бастайды. Бір күні кезек қоянға келеді. Аңдар:

"-Е, не істейсің, бұйрық солай! Көпшіліктің рахаты үшін біріміздің өлуіміз керек! Қане уақыт өткізбей жолға түс! Арыстанды ашуландырып алмайық."-дейді.

Бірақ, қоян аяғын ауыр басып жүріп алды. Мұны көрген аңдар сасқалақтап:

"-Ей, қырсық қоян! Осыншама уақыт біз сөзімізге берік және адал болып келдік. Сол үшін жанымызды пида еттік. Сен енді бізді жаман атқа қалдырасың ба?!" - деп қоянды кінәлады.

Қоян да:

"-Достар, ашуланбаңдар, маған мүмкіндік беріңдер, құлағым арқылы онымен бір ойын ойнайын, осылайша мен де азғын бәледен құтылайын, сендер де құтылыңдар!"- дейді.

Аңдар бұл пікірді келекемен қабылдап:

"-Қатардағы әлсіз бір қоян екенінді ұмытып, шектен шықпа! Қандай сөздерді айтасың? Сенен де мықтылар мұндай сөздерді естеріне алған да жоқ! Сен осы тәкәппарлығыңмен басымызға қайғы әкелесің! Әйтпесе, айтқандарың сен сияқты бір бейшараға жараспайды.."- дейді.

Қоян былай дейді:

"-Достар! Бұл сөздерді маған Аллаһ аян етті. Сондықтан мен сияқты әлсіз біреуде осындай қуатты пікір пайда болды. Аллаһтың бал арасына үйреткен өнер мен мағрифаты,

арыстанда да жоқ, қашырда да жоқ, тіпті адамда да жоқ екендігін көрмейсіңдер ме!"

Қоянның батылдығы мен ақылына таң қалған аңдар былай деді:

"- Болмаса Бұл істің сырын айт! Ойлаған қулығың не? Бір – бірінің пікірін сұрап ақылдасу ақылға көмек болады, көзді ашып, табысқа жеткізетіндігін де білесің."

Көреген қоян мұндай жағдайда пікір айту ақылдасу емес, сырды ашу болатындығын және осының нәтижесінде атқарылатын ісінің бұзылатындығын ойлап, аңдардың бұл талаптарын орындамады.

"-Әрбір сырды айтуға болмайды. Тағдырдың айбыны оның жасырындығында емес пе? Тағдыр қаншама көп білем дегендердің өзін шарасыз қалдырмай ма? Сондықтан істің соңының не болатындығын алдын ала ашық айту мүмкін емес, кейде тақ деген жұп, жұп деген тақ болады. Айнаға қарсы сөз айтқандар оны буландырып ештеме көре алмайды. Сол үшін арифтер пікір, ойға түйгендері, ақша және мәзәэбтары хақында көп сөз айтпаған. Өйткені, Бұлардың дұшпаны көп, бұл тұрғыда аздаған мәліметті білсе, мыңдаған тұзақ құрады. Сонымен қатар сыр басқа бір адамға айтылған кезде онымен қоштасу керек. Өйткені, екі кісіге жеткен сыр, сыр болмайды, жайылып кетеді," - деді.

Осылайша аңдармен ұзақ сөйлескен қоян біраз уақыт өткеннен кейін олардың үрейлі де қорқынышты көздерінің алдында жолға түсті. Бірақ, жолда да уайым-қайғысыз секіріп, ойнап бара жатты.

Осы кезде арыстан күн сайын өзіне келетін ризығының кешіккені үшін ашуланып, тойымсыздығынан жерді тырмалап, ақырып тұрды. Өзіне-өзі:

"-Мен онсыз да "ол төмендердің уәделері шикі және бос, олар уәделерінде тұрмайды!" деп, айтқанмын. Қалайша құлағыма алдамшы сөздерді айтып, көзімді байлаған! Мен енді олардың терісін соймаймын ба?!" - деп сөйледі.

Дәл осы кезде ақылды қоян шыға келді. Аштығынан от шашқан арыстан ашумен күркіреп:

"-Қайда жүрсің? Неге кешіктің?" - деді.

Қоян өтірік сасқалақтап, алдымен терлерін сұртті. Сосын арыстанға езінің кінәсіз екендігіне сендірмек болып, қарапайым керінуге тырысып:

"-Тақсыр, мен сыйлауда кемшілік жібергем жоқ. Рұқсат етсеңіз, себебін айтайын!" - деді.

Арыстан сол ашумен:

"-Ей, ақымақ! Патшаның құзырына уақытсыз келудің қандай себебі болуы мүмкін?! Ақымақтың себебінің кінәсынан да бетер екендігін білмейді деп, ойлайсың ба? Мен сенің надан сылтауыңды біліміме у ететін қоян емеспін," - деді. Қоян жалбарына түсіп:

"-Патшам! Барлық өзендерге су беретін үлкен теңіздер де сал-сабанды басына көтереді. Сен де бұл бейшараны патшалық мәртебенің зекеті ретінде тыңда! Зұлымдыққа ұшырап, жаны күйген бұл бейшараның себебіне құлақ сал!.."

Ақыры осындай сөздерге тоқтау үшін арыстан білмек болып, шешкен кезде қоян алдында ойлағанындай сөйлей бастады:

"-Мен таң сәріде жолға шығып, келе жатыр едім, қасыма маған жолдас болу үшін тағы бір қоян ере шықты. Бірақ, бір сәтте алдымыздан бұрын-соңды көрмеген бір арыстан шыға келді. Бұл жыртқыш менімен құзырыңызға келе жатқан әлгі жолдасыма шапты, екеуімізді де өлтірмек болды, мен оған:

"-Біз патшалар патшасының құлымыз, бізге тиіспе!" - дедім.

Бірақ, әлгі азғын арыстан бізді босатып, сізден кешірім сұраудың орнына қорқынышты түрде ақырып, шегінен шығып:

**"Ол сондай кім? Бұл орманның патшасы менмін! Менің құзырымда оның**

**атын аузына алуға қалай батылық барады? "** - деді.

Сосын одан бетер қорлап, жолдасымды тұтқынға алып, бұл жағдайды, яғни мықтылығын жеткізуім үшін мені сізге жіберді.

"Ей, патшалардың патшасы! Жолдасым менен үш есе үлкен еді, семіз әрі әдемі еді. Бірақ, осыдан кейін бұл жол жабылды. Енді сізге жіберілетін күнделікті азықтан үмітіңізді үзіңіз, не болмаса әлгі жүректі арыстанды өлтіріп біздің жолымызды ашыңыз!"

Осы айтылғандарды сабырсыздана естіген арыстан ашуға Бұлығып:

**"-Кім бұл қорлап жүрген? Бұл орманда меніңғана үкімім жүреді. Ол кім екен, тез айт?"**-деді.

Қоян жағдайға риза болып, екінші арыстанды қолынан келгенінше әсерлеп түсіндіріп, азғын арыстанның намысына тиді. Ақыры арыстан шыдай алмай.

"-Алдыма түс! Ол немені көрсет! Оның да, ол сияқты жүздегенінің де жазасын тарттырайын! Егер өтірік айтқан болсаң, әрине, саған шамам жетеді,"- деп гүрілдеді.

Екеуі жолға шықты. Қоян алдын ала белгілеп қойған бір құдыққа қарай жол бастады. Өйткені, бұл терең құдықты арыстанның басына тұзақ етіп, таңдаған еді. Арыстан мәселені біліп қоймас үшін және оның ашуын жаңалау үшін істі бітірмек болып, құдыққа жақындаған кезде біраз кейін қалды. Ашулы арыстан дереу ескертіп:

"-Неге аяғыңды баспайсың? Артта қалушы болма, қане, алдыма түс!"-деді.

Қоян үрейленген дауыспен:

"-Ойбай, патшам! Менде қорыққаннан қол-аяқ қалған жоқ! Жаным дірілдеп тұр, жүрегім дүрсілдеп кетті. Мына сарғайған түрім ішімнің қандай халге келгендігін айтпай тұр ма?"- деді.

Арыстанның тынысы тарылып:

"-Сен маған ауруыңның себептерін айтпа! Неге кейін қалдың?"- деді.

Қоян сол баяғы қорқыныш пен үрей үстінде тасты орнына қойды:

"-Өйткені сұлтаным, Әлгі арыстан алдымыздағы құдықтың ішінде! Мен жақындай алмаймын, бір рет қатты жүрегіме тиді!.." - деді.

Арыстанның ашуы мен ызасы шегіне жетті. Қоянға:

"-Қорықпа, алға жақында! Менің тырнағымнан пайда болған жара оған өлім соққысы болады!.." - деп, оны қасына алды, ызамен құдықтың аузына жақындады. Ішіне қараған кезде судан өзімен қоянның бейнесін көрді.

Дереу ырылдай бастады, құдықтағы бейнесі де ырылдады. Қоян бұл мүмкіндікті де жақсы пайдаланды:

"-Көрдіңіз бе, сұлтаным? Сізге қалай қарсы шығады?" - деді. Арыстан көзі қызарып:

**"-Бір жерде екі сұлтан болмайды; оны жарып тастау керек"** - деп гүрілдеді.

Содан соң: "Күп..." деп, құдыққа секірді.

Осылайша аңдарға жасаған зұлымдықтарының өкінішті нәтижесін көрді.

Ол зұлымдықтар оған иләһи қаһардың тырнағында өлім шұңқыры болды.

Парасатты қоян, жасыл далада секендеп, аңдарға құтылғандықтарын сүйіншіледі.

Алдында келеке етіп айыптағандар бұл жолы айналасын қаумалап алды. Оны орталарына алды. Құрмет көрсетіп:

"-Сен аспаннан түскен періштесің бе? Әлде арыстандардың Әзірейілмісің? Ол залымды қандай қулықпен жеңдің?"

Қоян былай деп жауап берді:

-Бұл Аллаһтың сыйы. Әйтпесе қоянның қолынан мұндай іс қайдан келсін! Мен тек қана Аллаһқа тәуекел еттім. Раббым маған сол арыстанға қарсы бойыма күш, көңіліме нұр берді. Осылар маған батылдық пен батырлық берді. Ақылымды қолдануды, яғни нәзік

ойлауды, үйретті. Осылайша, менде сол азулы арыстанды тізе бүктіретіндей иләи бір күдірет пайда болды да, сол залымға бас имей, жанымды құтқаруға қол жеткіздім, қауіптен құтылдым."

### **МӘСНӘУИ:**

*"Ей, адам! Сенің нәпсің бұл дүние құдығының түбіне тойымсыздықтан, ашкөзділіктен секірген қапастағы арыстан сияқты. Нәпсіңді жеңіп, қоян сияқты еркін кез. Сен қоян сияқты руханият гауһарының қадірін біліп оны кемелдендірсең, руханият сахнасында ішіп-жеп, рахатқа бата аласың. Нәпсің сияқты өсек-өтірік пен талас-тартыс құдығының түбінде жойылып кетпе!"*

Ғашық Юнус нәпсімен күресі жолында көңілінің халдерін сезіне отырып оны біресе ауыр, біресе жеңіл түрде қандай тамаша баяндайды

*"Бір сәт келер Иса сияқты өлгендерді тірілтер,  
Бір сәт келер тәкәппарлық үйіне Перғауын мен Хаман болар!  
Бір сәт келер Жәбірәйілге рахмет шашар әрбір мекен,  
Бір сәт келер жолдан адасып міскін Юнус қайран қалар!.."*

Әбу Мүжәһид (радиаллаһу аһу) былай дейді.

"-Аллаһ жаратқан ең ақымақ болмыс - нәпсі. Өйткені, үнемі өзіне теріс нәрсені қалайды."

Аллаһ (жәллә жәләлуһу) нәпсіні жаратқан кезде: "-Сен кімсің, мен кіммін?"-деп сұрайды. Нәпсі былай деп жауап береді: "-Сен сенсің, мен менмін!.."

Хазіреті Мұсаның (аләһиһиссәләм) кезінде жасырын ілімдер, оның ішінде әсіресе сиқыршылық дамыған еді. Сондықтан Хазіреті Мұса да аса таяғын жерге тастаған кезде айдаһар сияқты керген. Сонымен бірге ол, таяғымен Қызыл теңізді ұрған кезде теңізден жол ашылып, үмбеті өтіп кетті. Тасаввуф ғалымдары ишари мағына ретінде Хазіреті Мұсаның таяғының нәпсіні білдіретіндігін айтқан. Хазіреті Мұса сол таяққа сүйенетін. Аллаһ Тағала оны тастатқан кезде, нәпсінің қандай үлкен жыртқыш екендігін біліп, қорыққан. Өйткені Раббы Мұсадан сұраған еді:

"-Қолыңдағы не?"

"-Уа Раббым! Таяқ."

"-Оны не істейсің?"

"-Оған сүйенемін..."

"-Менен басқа сүйенетін, паналайтын нәрсе жоқ екендігін білмейсің бе? Оны қолыңнан таста!.."

Хазіреті Мұса таяқты тастаған кезде оның ақиқатын көреді. Содан ол нәпсісін тазартып, оның ақиқатын білу арқылы қауымын жолға салып, сиқыршылардан басым болған еді.

**Зұлқарнайн** (аләһиһиссәләм) өлім қаупі мен нәпсінің кедергісінен құтылуға тырысқан бір қауымға жолықты. Ол жердегі адамдардың қолдарында дүние байлығынан ештеңе жоқ еді. Жидек жеп, күн керетін. Жидектерін қорғауға қатты көңіл бөлетін. Сонымен қатар бұл қауымда әркім өз қабірін қазып, күн сайын тазалап, құлшылықтарын осы жерде жасайтын. Зұлқарнайн (аләһиһиссәләм) бұлардың патшасын шақыртады.

Патша:

"-Маған ешкім керек емес. Мен кімге керек болсам қасыма келеді."-дейді.

Зұлқарнайн (аләһиһиссәләм) осы сөзден кейін патшаның қасына барып:

"-Мен сені шақырғанда неге келмедің?"-деді.

Патша:

"-Сенің маған қажетің жоқ, егер болса, келер едім." -деп жауап берді.



Сонда Зұлқарнайн (аләйһиссәләм):

"-Мұндай халді сізден басқа ешкімнен кергем жоқ?"-дегенде патша:

"-Иә, біз алтын мен күміске көңіл бөлмейміз. Өйткені, Бұлардан аздап адамның қолына түссе, одан да артығын сұрап, мазасы кететіндігін көрдік. Сол себепті дүниенің соңынан ермейміз,"-деді.

Зұлқарнайн (аләйһиссәләм):

"-Мына қабірлер не? Неге бұларды қазып, осы жерде құлшылық етесіндер?"-деп сұрады.

Патша:

"-Дүниенің соңынан жүгірмеу үшін осылай жасадық. Қабірлерді көріп сол жерге кіретінімізді есімізге түсіргенде барлық нәрседен баз кешеміз,"- деді.

Зұлқарнайн (аләйһиссәләм):

"-Неге жеміс-жидектен басқа нәрсе жемейсіңдер? Мал өсіріп сүті мен етінен пайдалансаңдар болмай ма?"-деді.

Патша:

*"-Асқазанымыздың тірі жануарларға қабір болғандығын қаламаймыз. Жеміс-жидектермен өмір сүреміз. Онсыз да ары өткеннен кейін ешбірініңдәмін сезе алмаймыз."*- деп, жауап берді.

Хазіреті Әли (радиаллаһу аһу) былай дейді: "Пақыр тойымсыз адам, бай - қанағатшыл адам." Өйткені, шектен тыс қалаулар мен сұраулардың шегі жоқ. Мұндай шексіз қалаулар мен сұраныстары бар адамдардың ешқашан көздері тоймайды. Олардың көңілдерін жаулап алған ашкөзділік ол жерде ықылас пен иләһи ғашықтыққа азғантай да орын қалдырмайды. Сол үшін өмірлерін тек қана дүние мүлік жинап, көздерін иләһи және рухани ақиқаттарға жұмумен еткендердің соңы өкініш. Бұлар дүниеден үш түрлі өкінішпен өтеді.

Жинағандарына тоймау,

Үміт еткеніне жете алмау,

Әр түрлі көңіл, парасаттылық және руханияттан мақрұм болу.

Аллаһ Тағала былай дейді:

أَرَأَيْتَ مَنْ اتَّخَذَ إِلَهَهُ هَوِيَهُ أَفَأَنْتَ تَكُونُ عَلَيْهِ وَكِيلاً

**"Ей, Расулым, нәпсіқұмарлығын өзіне тәңір еткен (ғапыл) адамды көрдің бе? Енді сен оған өкіл боласың ба?"** (Фұрқан, 43)

أَرَأَيْتَ مَنْ اتَّخَذَ إِلَهَهُ هَوِيَهُ

**"Ей, Расулым, әуестігін тәңір етіп, алған адамды көрдің бе?"**

(Жасия, 32)

Осы екі аят кәрімә адам баласының өзін тозаққа түсіретін жамандығы мен әлсіздігін білдіреді.

Өзіне Аллаһ тарапынан берілген нығметтерді ұмытып, қарапайым бір нәпсі әуестігінің құлы болып, ақиретін қауіпке ұшыратқандар жайлы **Фәридүддин Аттар** Хазіретінің баяндаған мына бір қиссасы өте тамаша мысал:

Патшаның ерекше ілтипатына ие болған бір тазысы бар болатын. Аң аулауда шебер еді. Патша оған ерекше мән беріп, ылғи аңға шыққан сайын қасына алып жүретін. Қарғы бауын әшекейлеп, аяқтарына алтын-күмістен жасалған білезік тақтыртқан еді. Арқасына сырмалы атлас жабылған еді.

Бір күні патша сол итін ертіп, уәзірлерімен бірге аңға шықты. Қарғы баудың жібек жібін қолына алып, айбынды түрде алға жылжыған сұлтан көңілді болатын. Бірақ, бір сәтте осы кеңілділігін басатын бір нәрсеге көзі түсті. Жақсы көрген иті патшаны ұмытып,

басқа нәрсемен айналысып кетеді. Патша көңілсізденіп, қолындағы жібек жіпті тартқанымен, ит қасарысып алдындағы сүйектің сынығын кеміре береді. Бұл жағдайға таң қалып, ашу кернеп:

"-Көз алдымда мені ұмытып, басқа нәрсемен айналысу деген не?!"-деп айғайлады.

Қатты ренжіді. Итінің Бұл опасыздық пен салқын сезімі оның жанына қатты батқан еді. Ит қой деп, кешіріммен қарағысы да келмеді. Себеп соншама құрмет, ілтипат пен сыйға қарамастан итінің бір сәтте бір сүйек үшін өзін ұмытқаны еді. Ашуланып:

"-Мына әдепсізге жол беріңдер!" - деді. Ғапыл тазы бұл ашудың мағынасын түсінді, бірақ кеш еді, қолдан келетін ештеңе қалмаған еді. Тіпті, айналасыңцағылар патшаға:

"-Хан ием, үстіндегі әшекей, алтын-күміс - бәрін алып сосын жіберейік!"-дегенде, патша:

"-Жоқ! Жіберіңдер солай кетсін!"-деді. Артынан:

"-Жіберіңдер, солай кетсін! Сол қалпында сусыз, ыстық, иен шөлде бейшара болып, ас-сусыз жүрсін, сол үстіндегілерге қарап, айырылған сый-сияпатының қиыншылығын тартсын!..." - деді.

Аллаһ Тағаланың берген нығметтерінің қадірін білмей, қарапайым, фәни, әрі түкке тұрғысыз пайданың соңынан еріп, жоқ болып кетіп жатқан адамдардың халін көрсететін осы қисса қандай ғибратты! Осы халге тап болған адам ақыр соңында Бұл фәни әшекейлердің бос нәрсе екендігін көреді, бірақ, бәрі бітеді.

**Хазіреті Иса** (аләһһиссәләм) кезінде болған мына бір оқиға да Бұл ақиқатты анық көрсетеді:

Бір еврей Исамен (аләһһиссәләм) жолдас болмақ болып, былай дейді:

"-Сенімен бірге жүріп, бірге сұхбаттасқым келеді!"

Хазіреті Иса Бұл тілегін қабыл алады. Бірге жолға шығады. Бір өзеннің жағасына келіп, тамақтануға отырады. Қолдарында үш шелпек бар еді. Екеуін жеп, біреуі қалады. Бір кезде Иса (аләһһиссәләм) су ішуге өзенге барып, су ішіп келсе, қалған шелпек жоқ. Сосын:

"-Шелпекті кім алды?"-деп сұрайды.

Еврей:

"-Білмеймін"-дейді.

Сонда Хазіреті Иса сол кезде ештеңе дей қоймайды, бірге жол жүре береді. Біраз жол жүрген соң Иса (аләһһиссәләм) жол үстінде екі лағы бар киікті көреді. Бір лақты қасына шақырады. Лақ келеді. Иса (аләһһиссәләм) мен қасындағы еврей сол лақты сойып жейді. Сосын Хазіреті Иса киіктің лағына:

"-Аллаһтың бұйрығымен орныңнан тұр!"-дейді.

Киіктің лағы дереу атып тұрып, кетіп қалады. Иса (аләһһиссәләм) еврейге бұрылып:

"-Саған осы мұғжизаны көрсетушінің құрметі үшін сұраймын: Шелпекті кім алды?"-дейді.

Ол адам тағы:

"-Білмеймін..." - деп жауап береді. Бір өзенге барады. Иса (аләһһиссәләм) еврейдің қолынан жетелеп, судың үстінен жүріп, өтіп кетеді. Хазіреті Иса қайтадан:

"-Саған осы мұғжизаны көрсетушінің құрметі үшін сұраймын; шелпекті кім алды?"-деп сұрады.

Еврей тағы да:

"-Білмеймін!" - деп, жауап береді.

Жүре береді. Құмдауыт бір жерге келіп отырады. Хазіреті Иса құмды жинап үлкен төбе жасайды. Сосын:

"-Аллаһтың бұйрығымен алтын бол!"-дейді.

Құм төбе дереу алтынға айналады. Иса (аләһиһиссәләм) төбені үшке бөліп, еврейге былай дейді:

"-Біреуі менікі, біреуі сенікі, үшіншісі шелпек жеген адамдыкі!" дейді.

Көздері алтынға шағылысқан еврей, сонда дереу:

"-Шелпекті жеген мен!"-дейді.

Сонда Хазіреті Иса:

"-Алтынның бәрін сен ал!" - деп, өзімен дос болмақ болған, бірақ, дүниенің соңынан ерген өтірікші, тойымсыз еврейді тастап кетеді.

Ғапыл еврей дүние малына алданып, алдамшы мастыққа салынып отырғанда, қасына екі тойымсыз адам келеді. Алтынды көріп, оларды алмақ болып, еврейді өлтірмек болады. Еврей жаны үшін:

"-Өтінем өлтірмеңдер! Алтын үшеуміздікі. Бөліп аламыз. Бірақ, алдымен біреуіміз қаладан азық алып келейік! Қарнымызды тойдырып алайық, содан кейін алтынды бөліп алармыз" - дейді.

Бұл пікірді бәрі мақұлдайды. Біреуін қалаға азық әкелуге жібереді. Бірақ, кеткен адам жолда арамдық ойлап:

"-Алтынды неге үшке бөлем?.. Қаладан алған азықтың соларға тиесілісіне у қосамын. Олар оны жеп, өледі. Осылайша алтынның бәрі маған қалады" - деп шешеді.

Ойлаған ісін істейді. Жолдастарына тиесілі тамаққа у қосады. Бірақ, ол осылай істеп жүргенде, жолдастары да тойымсыздықтан өзара:

"-Алтынды неге үшке бөлеміз?! Екіге бөліп алсақ, көбірек тиеді. Қалаға кеткен жолдасымызды келгеннен кейін бір сылтаумен өлтірейік. Әкелген тамағына тойып алып, сосын алтынды бөліп алармыз" - дейді.

Сөйтіп, ойлаған істерін жүзеге асырады. Қаладан қайтқан жолдастарын бір сылтаумен өлтіреді де әкелген улы тамақты тойып жеп алады. Аздан соң алтынның қасында бұратылып-бұратылып жан тапсырады. Осылайша, үйілген алтын ортада, ал үш тойымсыз өлген күйде дүниелік бір тебенің қасында қалады.

Аз уақыттан кейін Иса (апейһиһиссәләм) хауарилерін ертіп, сол жерден өтеді. Осы көрініске куә болып, хауарилеріне:

**"Міне, мынау - опасыз дүние, одан сақ болындар!"** - деді.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) мал, мүлік пен жанды Аллаһ жолында жомарттықпен жұмсау керектігі жайлы былай дейді:

*"Адамға алтынға құл болатындай не болды? Үлкен махаббатпен Хақ жолында жұмсамағаннан кейін інжу-маржаннан не пайда? Алтынның алдында жылан сияқты бұратылып, жерде аунау, адамды Аллаһтың құзырына құр алақан жіберетін бір жамандық, болмағанда не?!"*

Демек, адамның қалаулары (әуестіктері) құбылаға айналғанда, адам өз әлсіздіктерінің табынушысына айналады. Негізгі ақиқаттары мен ішкі қабілеттерін жояды...

Өзін жыртқыш нәпсінің қолына берген адамның ақыры қандай аянышты! Тәни тұрғыдан өмір сүру үшін, басқаны ойлағысы келмейді. Ақиқатына көз жеткізетін өлім - өзі үшін бастырылу (албасты) сияқты болады. Өйткені, өлім болашақ қайғысын тудырады.

Адамның ең үлкен парасаттылығы топырақ жұмбағын шешумен басталады. Пікір, еңбек, көңіл топырақ астында көбелекке айналмайын-ша, Бұл қараңғы мекеннің сырына, байыбына, жақындығына жете алмайды.

Көкірегімізден шыққан әрбір дем жаназа сияқты бізден алыстағанын көргенде,

қорқынышты да беймәлім болашақтың қараңғылығы ішімізге орнап:

**"Кінәлі адамдай, болашаққа қараған сайын дірілдеймін!"**-зары аузымыздан шыққан соңғы сөзіміз болса, өмірдің мәні мен мағынасы не болар? Қабірдің шекарасынан аса алмаған бір өмір жолаушысының жасанды заттардың, нәпсінің әшекейлері мен уақытша көлеңкелердің құлы болуы қандай өкінішті!

Өмір - бесік пен табыт арасындағы тар дәліз және сапар. Дүние өмірі - шексіз уақыт жолында бір сабынның кебігіндей ғана.

"Адамдардың түсінігінде пайда болған өмір түсінігі не?"-деген сұраққа топырақтың дымқылдығы мен құлпытастардың қаттылығы нақты жауап бола алады. Бұл жағдайда нәпсіқұмарлық пен тән жолында өткен өмірден де ащы не болуы мүмкін?

Өлім мәселесі пайғамбарлардың жол сілтеуіне қарамастан сонау заманнан бері адамзатты көп мазалаған.

Санада улы жылан сияқты ирелендеп, кейбір кезде мойын ағаш - сияқты батып тұратын осы бір қорқынышты сұрақты әр түрлі нәпсілік сөздермен жеңілдетпек болған.

Барлық адамды өмір тұрғысында одан да үстем және отты иірімдей құшақтайтын өлім - ешкімге ешбір айырмашылық жасамай басқа келетін ең ауыр болашақтың қорқынышты пәлекеті не рахметі. Дцамның санасы түсіне алмайтын бұл болашақтың түйінін шешу - нәпсінің кедергісінен құтылып, уахидің үніне құлақ түріп, пайғамбар мен әулиелердің көңіл атмосферасында болатын ғашықтық, ынта және рухани шабытынан фәйіз бен нәсіп алумен мүмкін бола алады.

*Хазіреті Мәуләнә былай дәйді:*

*"Ей, дәруіш! Сенің болмысыңда Мусада, Перғауында бар. Бұл екеуін де өзіңнен ізде."*

*"Уахидің жарығымен көзіңді ашқанда ғана сендегі Муса сендегі Перғауыннан басым түседі!.."*

*"Қашанға дейін дүниенің соңынан жүгіресің? Бұл дүниенің көйлегі бір күні саған кебін боларын біл."*

*"Сабанның қалдығы сияқты әрбір желге дірілдесең, тау болсаң да айбыныңнан айырыласың, сабан қалдығына тұрмайтын боласың!"*

***Уа, Рабб! Біздерді қамқорың мен сыйыңа бөлеп нәпсінің кедергісінен құғылып, уахидің үніне құлақ салғандардан ем! Салих және турашыл құлдарыңның рухани атмосферасынан нәсіп алуға жеткіз!***

***Әмин!***

### **НӘПСІНІҢ ЖАРАТЫЛУ ХИКМЕТІ**

*"Егер мен сол кезде сенің ішкі-жан дүниеңдегілерден бір нәрсе айтқанда, - суқаның ұшар еді, қорқыныштан құрып кетер едің. Мысықтың алдындағы тышқан сияқты халге түсер едің!"*

***Хазіреті Мәуләнә***

Жеңістің абыройы - оған жету үшін бастан кешірген қиыншылықтар мен пәк тебіреністердің нәтижесі.

Хазіреті Адамның зәлләні, яғни еріксіз қателікті істеуі, оның жәннаттан дүниеге жіберілуіне себеп болды. Осы жаңа мекенде ұрпағын көбейтіп, бірақ сынаққа емтиханға тап болып, кейбіреулерінің лайық болуының нәтижесінде қайтадан жәннатқа оралуы - адамның ахсәни тақуим (ең жоғарғы мәртебе) абыройына қол жеткізу үшін. Бірақ, осы абырой мен мәннің артуы үшін Аллаһ Тағала адамды "нәпсімен" безендірген. "Нәпсі" - қол

жеткізетін нәтиженің абыройы мен мәнін арттыратын үлкен кедергі.

Адамдарды лайықты болу арқылы өз ризашылығымен жәннатқа қайтуға міндеттейтін Аллаһ Тағала солардың алдына қойған нәпсі кедергісінен құтылудың мүмкіндіктері мен дәнекерлерін де берген. Бұлардың ең бастысы - "пайғамбарлардың" жіберілуі және олардың адамзатқа қызметін қияметке дейін жалғастыратын әулие мен "ғұлама" тізбегінің жалғасуын қамтамасыз ету.

Хазіреті Мәуләнә төмендегі хикаясында "нәпсінің жаратылу хикметін" бір мысал арқылы былай баяндайды:

*"Атқа мінген әмірші ағаштың көлеңкесінде ұйықтап жатқан адамның аузына бір қара жылан кіріп бара жатқанын көреді. Жыланды қуу үшін атын тебінсе де үлгермеді."*

*"Сонда әмірші ұйықтап жатқан адамды қорқынышты да өкінішті жағдайдан құтқармақ болып, барлық шеберлігі мен өнерін қолдана бастады."*

*"Адамды бар күшімен бірнеше рет қамшымен ұрды. Адам ауырғаннан орнынан атып тұрып, таяқ жеген әміршіден қорқып, қаша жөнелді."*

*"Әмірші адамның соңынан қалмай, оны бір алма ағаштың астында ұстап алды. Ағаштан түскен шіріген, иістенген алмаларды адамның тамағына тығып, оған күшпен жегізе бастады. Бір жағынан:*

*"-Ей, ауру бейшара, бәрін жейсің! Бұл қиыншылыққа төзесің -деді.*

*"Бейшара адам қорқыныштан, түсінбей, таңданып әміршіге:*

*"-Ей, Әмірші! Мен саған не істедім?.. Маған не істемекшісің және Бұл зұлымдығыңның себебі не? Егер менің өмірімде сенің бұрыннан дұшпандығың бар болса, қылышпен өлтіре сал! - деді.*

*Сені көрген сәтім қандай бақытсыз бір кез!.. Сенің түріңді көрмеген адамдар қандай бақытты!.. Күнәсіз, таза адамға Бұл зұлымдықгы ең үлкен залымдар да жасамайды... Бұл сөздерді айтқан кезде де аузымнан қан ағып тұрғанын көріп тұрсың!.. Ант етейін, сендей мейірімсіз, ынсапсыз адамды көрген емеспін!..*

*Ей, Раббым, Бұл залымның жазасын тарттыр! -деп лағынет жаудырды."*

*"Бірақ әмірші Бұл сөздерден именген жоқ. Оның үстіне: "-Мына жазыққа жүгір, қане!-деп қамшылай берді."*

*"Бейшара адам әміршіден қорыққанынан әрі қамшы батқандықтан желдей есіп, жүгіре бастады. Кейде бір жерге токтаса қамшы жеп қайта тұрып жүгірді. Бейшараның асқазаны шіріген алмаға толып, қамшыдан бет-аузы кдн жоса болған еді."*

*"Осыған қарамастан әмірші оны еш дамылдатпай, ұзақ уақыт жүгіртті. Бейшараның шаршағаннан аяқ басатындай шамасы қалмады.*

*Жағдайы нашарлап, артық шыдай алмай, жұмыршағы көтеріліп, құса бастады."*

*"Әрбір жеген нәрсесі қиыншылықпен аузынан шықты. Ақыры, шіріген алмалармен бірге ішіндегі қара жылан да сыртқа шықты."*

*"Осы сәтте таң - тамаша болған адам асқазанынан шыққан жыланның түрінен қатты қорықты. Дереву әлгі салих әміршінің алында тізе бүгіп, былай деді:*

*"-Расында сен Жәбірейілдің рахметі сияқты келген екенсің! Менің қамқоршым екенсің!"*

*"Сені көрген кезім қандзй мүбәрәк кез! Сен болмағанда, мен баяғыда аянышты түрде өлген болар едім. Сен маған өмір сыйладың."*

*"Сенің түріңді көрген немесе сенің қасыңа келгендер қандай бақытты!"*

*"Ей, пәк және мадаққа лайық қас құл! Надандығым мен гапылдығым маған саған қарсы қандай орынсыз сөздерді айтқызды. Сол үшін мені кешір!"*

*"Егер Бұл халді аз да болса білсем, орынсыз сөздер айтпас едім. Сен науқасының*

шипасы үшін оған ащы дәрі берген керемет хакім сияқты болғандығыңды жасырдың. Мұны маған айтқаныңда, мен мақтар едім. Бірақ сен үндемей, одан бетер асқақтап, ештеме айтпай мені ұра бердің! Ақыры, білместіктен саған не айтпадым." Мені кешір; айтқандарымды надандығыма бер!"

Сонда әмірші:

"Егер мен сол кезде саған ішіңдегі туралы бір нәрсе айтсам, жүрегің жарылып, қорыққаныңнан өліп кетер едің."

"Мысықтың алдындағы тышқан сияқты басылып, қасқырдың алдындағы қозы сияқты өліп кетер едің..."

"Ол қара жыланның қорқынышын айтсам, қорыққаныңнан сол жерде-ақ күйзеліп кетер едің!"

"Егер сен ішіңдегі жыртықшыты білгенде, алма жеуге де, жүгіруге де, құсып, сол қара жыланды шығаруға да шамаң жетпес еді..."

"Мен сенен естіген жағымсыз сөздерге сабыр етіп, ішімнен : "Уа, Раббым! Жыланның шығуын жеңілдет! Мына бейшараны құтқар! деп, дұға еттім. Сен маған қатты сөздер айтсаңда, менің көңілімдегі иләһи мархабат сені сол халде қалдыруға разы болмады. Өйткені, менің жаратылысым мархабаттың нәрімен суарылған." -деді.

"Бұл Аллаһ досының ақиқатын түсінген адам не айтарын білмей, былай деді

"-Ей, улы адам! Мына әлсіз адамның саған лайықты түрде рахмет айтуға шамасы жоқ! Сенің бұл ісіңнің сауабын Аллаһ берсіні."

"Ариф адамдардың берген уы да жанға шипа, рухқа қорек боларын түсіндім..."

**Хазіреті Пайғамбар** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген: "Іштеріңдегі дұшпанды айтатын болсам, батырлардың жүрегі жарылып, шөлде де жүре алмайды, ешбір іс істей алмай, шарасыз бұратылар еді. Тәнде құлшылық етуге күш, жүректе тағат, сәйрү-сұлукке шара қалмас еді. Олай болса, мен сендерді үнсіз, іштеріңдегіні сыртқа шығармай тәрбиелеймін..."

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осындай болғаны сияқты, оның ізбасарлары болған әулиелер де осындай. Олар да әрбір білген шындығын алдындағы адамның пайдасы үшін айтпай, үнсіз қалады. Сонымен қатар, алдындағы адамдардың жүрегіндегіні жарыққа шығармайды, айыптарды жасырады. Сөзбен емес, кебінесе іс-әрекеттерімен тәрбиелейді. Әулиелер тегиірдей қатайған тастай жүрекгерге де руханиятқа қабілеті бар болса - Хазіреті Дәуіттің темірді жұмсартқанындай әсер етеді.

**Әбу Дәрда** Хазіреті Шамда қазы болатын. Бір күні қаланы аралап жүріп, халықтың жаман ауыр сөздермен бір күнәарды балағаттағанына куә болады. Олардан:

"-Сендер құдыққа түскен адамды көрсеңдер, не істейсіңдер?"-деп, сұрайды.

Ол жердегілер:

"-Жіп салып, құтқаруға тырысамыз!"-десті.

Сонда Әбу Дәрда Хазіреті:

"-Олай болса, күнә құдығына түскен адамға неге мейірім көрсетпейсіңдер? Оған да бақыттылық жібін салып, ішіне түскен пәлекеттен құтқарсаңдаршы!"-деді.

Сонда біреуі:

"-Аллаһ Тағала күнәарларды жәъәннаммен қорқытып отырғанда осы күнәарға дұшпандық сезінбейсіз бе?"-деп, сұрады.

Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тәрбиесінде ескен дана сахаба Бұл сұраққа былай деп, жауап берді:

"-Иә, дұшпандық сезімім оянады, бірақ мен оның өзіне емес, істеген жаман істеріне

дүшпанмын..."

Хазіреті Мәуләнаның жаратушы үшін жаратылғандарға сүйіспеншілік, махаббат пен мейірімнен туындаған сезіммен Раббысына жасаған мінәжаты қандай тамаша:

"Раббым! Егер сенің мархабатыңды тек салихтар ғана үміт етуі керек болса, күнәарлар кімді паналайды?.."

"Ей, ұлы Аллаһым! Егер сен тек қана қас құлдарыңды қабылдайтын болсаң, күнәарлар кімге жалбарынады?.. (Әлбетте, сен, мейірімділердің ең мейірімдісің!..)"

**Хазіреті Мәуләнаның хикаясында айтылған ұйықтап жатқан адам - ол ғапыл адам. Аузына кірген қара жылан болса - нәпсі әммара. Әмірші болса - кәміл мүршид. Оны ұйықтап жатқанда қамшымен ұра-ұра оятып, жазыққа жүгіртуі, риязат (нәпсі тәрбиесі) пен күрес. Жыланның шығуы - нәпсі әммарадан құтылу.**

Қасиетті Тува ойпатында Аллаһ Тағала Мұсамен (аләһьиссәләм) сөйлескенде одан:

"Оң қолыңдағы нәрсе не?"-деп сұрайды. Ол:

**"-Ол менің таяғым. Оған сүйенемін, онымен қойларыма жапырақ түсіремін. Ол басқа жақтардан да маған қажет."** (Таһа, 18) деп, жауап береді.

Сонда Аллаһ Тағала:

**"Оны жерге таста, ей, Мұса!"** (Таһа, 19) деп, бұйырды.

Кейбір тәпсіршілер ишари мағынада Бұл аят кәрімәнің Хазіреті Мұсаның жан дүниесімен байланысты жол керсету бабында екендігін айтқан.

Мұса (аләһьиссәләм) фәни байланыстарды айтқан кезде Аллаһ (жәллә жәләлуһу) бұларды тастауды әмір етіп, бұйырды. Нәпсі мен нәпсіге байланған нәрселер үлкен жылан болып көрінді. Хазіреті Мұсаға нәпсінің ақиқаты көрсетілді. Қорқып, одан қашты. Оған:

"-Ей, Мұса, міне, бұл жылан Аллаһтан басқа нәрселерге байланудың нағыз өзі. Бұл сипаттүрге ендіріліп, иесіне көрсетілсе, одан қашады,"-делінді.

Басқа бір ишараттық мағынада «وَالْقَصَاكَ» **«Таяғыңды таста!»** деп әмір етілуі.

"Сен болсаң, тәухид сипатына иесің. Сенің бұл таяққа сүйенуің, оның сен үшін сүйенетін, одан жәрдем сұрайтын және пайдаланатын нәрсе болуы, қалай дұрыс және орынды болады!?! Сен қалайша ол таяқпен былай істеймін, оны пайдаланамын және оның маған басқаша да пайдасы бар дейсің!?! **Тәухид жолындағы алғашқы қадам себептерді тәркі етіп, әр түрлі талап, тілектен бас тарт!**"-түрінде түсіндіріледі.

Сондай-ақ Тә'уиләті Нәжмияда былай делінген:

"Хақ Тағаланың үнін естіп, Оның дидарының нұрын көрген адам Аллаһтан басқа сүйенген нәрселерінің бәрін тастайды. Аллаһтың сыйы мен мейірімінен басқа ештемеге сүйенбейді. Нәпсінің құмарлықтарынан тазарады."

**Юсуф** (аләһьиссәләм) **Зүлейханың** азғырындысына ұшыраған кезде, онда еріксіз бір пиғыл оянады. Сол сәтте Аллаһ (жәллә жәләлуһу) Хазіреті Юсуфқа дәлелін көрсетеді. Белменіңтөбесіжарылады. Караса, Хазіреті Якуб саусағын тістеп түр. Және қасында тағы бір адам пайда болады. Ол адам:

"-Ей, Юсуф, оң жаққа қара!"-деді.

Юсуф (аләһьиссәләм) оң жағына қараса, бір үлкен жыланды көреді.

Хазіреті Юсуфқа заттың ақиқаты, нәпсінің істерінің шынайы бейнесі көрсетілген еді. Нәпсінің істері ең жағымсыз түрде бейнелендірілді. Ортадағы перделер ашылып, Раббтың иләһи көріністері мен заттың сырлары аян (белгілі) болған еді.

Раббтың дәлелі, яғни иләһи жәрдем келген соң Юсуф (аләһьиссәләм) нәпсі мен әйелдің жаманшылығынан құтылады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) былай дейді:

*"Жәннат нәпсі сүймейтін нәрселермен, жәһәннам болса, әуесқойлықтармен"*

қоршалған."

Нәпсі кедергісінен құтылу, пайғамбарлар мен үзілмей жалғасқан пайғамбар мирасшылары - әулиелердің қолынан ұстау, оларға бағыну және олардың тәрбиелеріне кіру арқылы мүмкін болады. Сондай-ақ Құран Кәрімде:

يُدُّ اللَّهُ فَوْقَ أَيْدِيهِمْ

**"Аллаһтың қолы олардың қолдарының үстінде,"** (Фәтх, 10) аят кәрімәсындағы **"олардың қолы"** дегені, Аллаһқа бағынған Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уә сәлләм) мен сахабаларының қолдары. Сол сияқты әулиелерде, тіпті әлсіз бір дәруіште де қолдан-қолға Расулұллаһқа (саллаллау алейһи уә сәлләм) және сол арқылы Аллаһқа Бәй'ат (бағыну) бар. Осылайша сол қолдардың үстінде Аллаһ Тағаланың құдіретті қолы болады. Олай болса, Аллаһтың құдірет қолы мен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм) келісіміне қол жеткізген кәмілдер де көп іс атқара алады. **Істердің нағыз атқарушысы - Аллаһ Тағала.** Әулиелер - бұл атқарушылыққа лайық болған адамдар.

Ғашықтықтың да **шынайысы** және **жасандысы** болады. Шынайысы - Аллаһ (жәллә жәләлуһу) сүйіспеншілігі. Жасандысы болса, бір мақлұққа байлану. Ғашықтық бір ғана жаратылысқа байланғандықтан, басқа байланыстарды үзеді. Өйткені, сүйіспеншіліктен басқа ештемені ойламайды да, кермейді де. Мәжнүн соңғы кездерінде досты, дұшпанды, өзін, тіпті Ләйләны да танымайтын халге жетті. Өзін Ләйләмын деп ойлай бастады.

**Хазіреті Мәуләнә** Бұл жайлы былай дейді:

*"Аллаһ бір тән ғашықтығынан (яғни, Ләйләдан болып), Мәжнүнді дос пен дұшпанды ажырата алмайтындай халге жеткізген."*

Пайғамбарға ғашық **Фұзули** де, мәшһүр "су қасидасыда" Расулұллаһты (саллаллау алейһи уә сәлләм) ешбір гүлмен салыстыра алмай былай дейді:

**«Syüa vîrsün bâğdân guzları zahmet çekmesün  
Bir gül açılmaz yüzün tek vîrse bin güzlâre su»**

*(Бағбан гүл бағын суару үшін босқа шаршамасын! Сірә, мың дана гүл бағын сугарса да (уа, Расулаллаһ, сонда да) сенің жүзің сияқты ешбір гүл ашылмайды!..)*

**Хазіреті Мәуләнә**, бұл махаббатты мынадай тілмен жеткізеді:

*"Аллаһ Тағала бір жұтым иләһи махаббатқа ерекше бір қасиет бергені соншалық, одан нәсіп алған адам екі дүниенің уайымынан құтылады."*

Яғни, иләһи махаббатқа мас болған адам, әлемге ашкөздікпен қараудан, халықтың айыптары мен кемшіліктерін көруден құтылады. Осылайша кемелденеді. Сейтіп, мақсатеткен орнынажетеді. Міне, Бұл да таза ғашықтық, иләһи махаббат.

Кәміл мүршид иләһи билікпен мүридтерін езіне байлап, оларды мәнсіз байланыстардан құтқарып, пәк (жоғары) байланыстарын күшейтеді. Осылайша өзі иләһи ғашықтықтың баспалдағы болады.

**Шәйх Сағди** "Гүлстан" кітабында кәміл мүршидтің бұл ісін мына хикая арқылы түсіндіреді:

Бір күні моншада достардың бірі маған хош иісті бір тазартқыш топырақ берді. Топырақтан:

"-Е, мүбәрәк, сен жұпарсың ба, әтірсің бе? Сенің көңілді тартарлық хош иісіңе мас болдым"-деп сұрадым.

Топырақ маған былай деп, жауап берді:

"-Мен бір гүлдің топырағымын. Ол гүлдің жапырақтары таңғы шықтарға толып, менің үстіме жылап, тамшылайтын. Мен осы жасқа үн сияқты иленуші едім. Мен негізінде



қарапайым бір топырақпын... Бұл иіс сонікі..."

Аллаһ Тағала әлемді адам үшін жаратты. Құрлықта, теңізде және әуедегі барлық нәрсені адамның әміріне ұсынған. Осының есесіне таулар мен көктер көтере алмайтын иләһи аманатты адам мойнына алды.

Адам өзі мен әлемге ғибрат назарымен қараған кезде, дүние өмірін қалай өткізетіндігін ойлауға міндетті. Нақты өмір сүруі қажет әрбір адамды өмірде ең көп мазалайтын шындық "өлім" оқиғасы. Ол айбынды қоштасу адам үшін қандай үлкен ғибрат керінісі. "Өлім" - дүние емірінде тек ет пен сүйектен құралған топырақ болмысын, яғни нәпсісін жетілдіріп, рухани болмысын әлсіреткендер үшін қандай өкінішті нәтиже!

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) дүние өмірін танымдайтын бір хадис шәрифінде:

*"Дүние маған неге керек?.. Менің халім, дүниеде бір ағаштың көлеңкесіне отырып тынығып, сосын ррнынан тұрып кеткен көлікті жолаушыға ұқсайды" - деген.*

**Уа, Раббым, махаббатың мен ризашылығың бақыттылық, жәннатымыз болсын!**

**Әмин!**

### **ИЛӘҢИ ҚАҒАР**

*"Пақырлық пен мұқтаждыққа туншыққан көңілдер түтінге толы үйге ұқсайды. Сен олардың мұқтаждығын тыңцау арқылы сол түтіндеген үйге бір терезе ашсаң, оның түтіні тартылып, сенің де жүрегің сезімтал болып, рухың нәзік болады!"*

**Хазіреті Мәуләна**

Мәриям ұлы Иса өзін бейне бір арыстан қуалап жүргендей жан ұшырып, қашып бара жатты. Бір адам осы халге таң қалып, соңынан жүгіріп:

"-Жайшылық па, үріккен құс сияқты шыр-пыр болып, не үшін және қайда қашып бара жатырсың? Артыңда ешкім жоқ!"- деп, дауыстады.

Хазіреті Иса (аләһиһиссәләм) жылдам жүгіргені соншалық, асығыстығынан адамның сұрағына жауап қайтара алмады. Оның бұлай қашуының себебін білгісі келген адам ақыры оған жақындап:

"-Ей, Рухұллаһ! Аллаһ үшін бір сәт аялдап, айтсаң қайтеді! Сенің бұл қашуың мен үшін бір тылсым болды! Кімнен қашып бара жатырсың? Артыңда арыстан да, дұшпан да, қорқатын ештеңе де жоқ!"-деді.

Сонда Хазіреті Иса (аләһиһиссәләм):

**"Ақымақтан қашып барам, ақымақтан!.. Кет, маған кедергі жасама, кұтылуым керек!.."-деп, жауап берді.**

Бұл жолы адам:

"-Демінен соқырлар мен саңыраулар шипа тапқан **"Мәсих"** емеспісің?"- деп сұрайды.

Хазіреті Иса (аләһиһиссәләм):

"-Иә, менмін" деп жауап береді.

Әлгі адам:

"-Рухани сырларға ие, сол себепті **"Рухұллаһ"** сипатына ие болған рухани тұлға сен емессің бе? Сен, өлген біреуге дұға оқығаныңда, ол адам жем тапқан арыстан сияқты қабірінен атып тұратын!"-деді.

Хазіреті Иса (аләһиһиссәләм): "-Иә, өліге оқитын менмін..."-деді. Ол адам қайтадан:

"-Ей, көркем бейнелі Иса! Балшықтан құс жасап ұшыратын сен емессің бе?"-деп,

сұрайды.

Хазіреті Иса (аләйһиссәләм):

"-Иә,"-дейді.

Сонда адам:

"-Ей, пәк Рух! Қалаған нәрсенді істей аласың, сөйте тұра кімнен қашасың?-деп сұрады.

Иса (аләйһиссәләм):

*"-Алдымен Рухты, кейін тәнді жаратқан Аллаһ Тағаламен және оның сипаттарымен ант етемін, ол дұғаны яғни Исми Ағзамды саңырау мен соқырға оқыдым, олар жақсарды. Және сол дұғаны тау-тасқа оқыдым, ортадан жарылды, өлген денеге оқыдым, тірілді, ештемесі жоқ пақырға оқыдым, бай болды. Бірақ, сол дұғаны бір ақымақтың жүрегіне мейірім және мархабатпен мындаған рет оқысам да пайдасы тимеді. Ол ақымақ қатты тас сияқты болып; бірақ, сондада ақымақтығынан баз кешпеді. Тастақ құм болды, оған шөп те шықпады!"-р,ең.*

Бұл сөздерді естіген адам одан бетер танданып, Хазіреті Исадан:

**"-Исми Ағзам"** осыншама нәрселерге әсер етіп, шипа бола тұра не үшін ақымақтыққа әсер ете алмады? Әйтпесе, басқалары да ауру, оларға шипа болып, бұған болмауының хикметінің себебі не болуы мүмкін?"-деп, сұрады.

Хазіреті Иса (аләйһиссәләм):

**"-Ақымақтық - Аллаһтың қарғысына ұшыраған ауру.** Басқалары болса, соқырлық сияқты Аллаһтың қаһарына ұшырамаған бәлекеттер. Бәлекеттер де аурудың бір түрі, бірақ, тек тап болған адамға ғана жанымыз ашиды. Ақымақтыққа келер болсақ, бұл да бір ауру, бірақ көбінесе, басқаларды жаралап, басқасына зиян тигізеді".

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Пайғамбарлардыңдемдәрі тасқада әсер етеді. Олардың сөздеріне таулар да бас иеді. Бірақ, ақымақ адамға олар шашқан хикмет маржанының бір данасы да тимейді!"*

*"Ақымақтық - Аллаһтың бір мөрі. Оған ешкім шара таба алмайды. "*

*"Таң самалы ақымақтығы себебінен Сәбәлықтарға өлім желі болған жоқ па?"*

*"Ақымақ адам зерек болса да, онда жақсылық пен жамандықты, дұрыс пен бұрысты ажырататын қасиет болмағандықтан, ақымақ болып саналады".*

*"Ей, дәруіш! Абайла, мұндай адамдардан киіктің арыстаннан қашқаны сияқты қаш! Олармен бір жерде болма!"*

Ақымақтардың жағдайы Хазіреті Мәуләнә айтқан мына төмендегі хикаядағы қараңғыда пілді көрмек болғандардың жағдайына ұқсайды:

Үнділер халыққа көрсету үшін қораға бір піл қояды. Пілді көрмек болған көп адамдар дереу қораға кіріп, пілді көруге тырысты. Бірақ тас қараңғы қорада ешкім ештеңе көре алмағандықтан әрбірі пілдің әр жағын ұстап көріп, оның қандай нәрсе екендігін түсінуге тырысты.

Тұмсығын ұстағандар:

"-Піл жұмыр мұржаға ұқсайды!"

Құлағын ұстағандар:

"-Жоқ, қалың желкен сияқты!"

Аяғына қолы тигендер:

"-Жо-жоқ, ғажайып тіреуге ұқсайды!"

Арқасын ұстағандар болса:

"-Бәрің қателесесіңдер, ол үстінде отыруға болатын кең бір тақ сияқты!" десті.

Алайда, піл бәрінің айтқанындай емес еді. Ол ақымақтар "Таласты қойып, пілді

жарыққа шығарып көрейік!" дегенге ақылдары жетпеді. Осылайша нақты дұрыс мәліметке жете алмады.

Құран Кәрімде ақымақтық екі түрде керсетіледі. Бірінші топ - кәпірлер мен мүшрикттер, Аллаһ Тағала бұлар жайлы былай дейді:

**"Өйткені, олар саңырау, соқыр әрі мылқау. Сондықтан ойланып та, түсіне де алмайды."** (Бақара, 171).

**Әбу Жәбил, Әбу Ләһәб, Уәлид бин Мұғира** және сол сияқты адамдар жүректеріне мөр басылып, саңырау, соқыр әрі мылқау болғандықтан ыдайәтқа қол жеткізе алмады. Сондықтан олар:

"Біз саған сенсек, Құрайыштың әйелдері бізді айыптайды!" немесе "Пайғамбарлық бізге келуі керек еді. Өйткені, біздің мал-мүлкіміз бен балаларымыз көбірек!" -деп, ақылға сыймайтын қисынсыз нәрселерді айтқан еді. Тіпті, Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хақ пайғамбар екендігін ете жақсы біле тұра, ақымақтықтары себебінен қырсығып, жоққа шығарды.

Және сол сияқты бос және таяз ақылмен ой-пікірлерін алға тартқан философтар бір-бірін жоққа шығарса, пайғамбарлар уахи мен иләһи қолдауға ие болғандықтан үнемі бір-бірін мақұлдап отырған.

Құран Кәрімде айтылған екінші топтағы ақымақтарға келер болсақ, бұлар өздерін ақылдымыз деп, санайтындар! Дүниеуи қалаулары мен тілектері оларды ғапылдыққа жетелегендіктен, ақиқат оларға перделеніп қалған. Мұндай адамдар бір бәлекетке ұшыраған кезде ғана жартылай оянады.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) ақымақтық жайлы былай дейді:

*"Ақымақтардан қаш, Иса (аләйһиссәләм) олардан қашқан. Ақымақпен сұхбаттасу қаншама қандардың төгілуіне себеп болған."*

Тарихта қайғылы оқиға ретінде орын алған Ақсақ Темір мен Иылдырым Бәзидтің **Анкара соғысы** ақымақ қырсықтықтың нәтижесінде он мыңдаған мүсылмандардың қаны төгіліп, қаншама әйел жесір, қаншама бала жетім қалды. Осы қайғылы оқиғаға себеп болған Ақсақ Темір төрт мың шақырым жол жүріп келсе де, ақыры құр алақан кері қайтқан.

Құран Кәрім осы сияқты, яғни басқаша бір, ақымақтықтың көрінісін Қалам сүресінде былай баяндайды:

**"Иемдегі Сана қаласына жақын жерде бір адамның жүзім, құрма және егін бақтары бар болатын. Ол егін жинау уақыты келген кезде пақыр, әлсіз және ғаріптерге көбірек үлес беретін. Қайтыс болған соң оның ұлдары:**

**"-Отбасымызда адам көп, малымыз да аз, сондықтан пақырларға бермейік. Олар келіп сұрамай тұрғанда өнімді жинап алайық..."**-деп келісті.

**"Сондай-ақ: "Егінге ертерек барайық, ешбір пақыр ермесін!" деп, бір-бірлерімен сыбырлап, кеңесті."**

**"Егіндеріне келген кезде естері шығып:**

**"Шүбәсіз, біз басқа жерге келдік! "- десті. Өйткені, егіндері күйреп, қап-қара болып жатқан еді. Ақыры бұлар иләһи ғибратты түсініп: "Бізге нендей өкініш! Расында біз азғын адамдармыз!"**-деп, ақымақтықтарына өкінді."

Осы оқиғадан кейін, яғни сүренің 33-аят кәрімәсында Хақ Тағала Хазіреті былай дейді:

كَذَلِكَ الْعَذَابُ وَالْعَذَابُ الْآخِرَةُ أَكْبَرُ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ

**"Міне, азап деген осы. Ақиреттің азабы бұдан да үлкен. Әттең, білгенде ғой!..."** Ақымақтықтан ғапылдық шығады. Ғапылдық болса үстіміздегі уақытты белгісіз

болашаққа айырбастап, болашақтың қамын ойламау деген сөз. Сол себепті Хақ Тағала Хазіреті:

وَلَا تَكُنْ مِنَ الْغَافِلِينَ

"Ғапыл болма!.." - (Ағраф, 205) деп, негізінде адамның ғапылдыққа салынуына себеп болған ақымақтықты сынайды.

Ақымақтықтан құтылған адам Раббысына жақын болады. Оған жақын болған адам иләһи билікке ие болады. Аллаһтың әулие құлдары қоғамдағы ең ақылды, түсінік пен сана тұрғысынан ең жоғарғы адамдар. Өйткені, олар - пайғамбар мирасшылары.

Хазіреті Мәуләнә жоғарыда айтылған хикаяға байланысты сөздерінде былай дейді:

"Құрандағы Асхаб Даруан қиссасын оқыған шығарсың. Оны оқысаң, оның мәнін түсіне тұрып, неге құлық жасауға тырысасың?"

"Бірнеше ақымақ бағзы пақырлардың ризығын жеу үшін құлыққа жүгінді, жиналып отырып алып, таң атқанша ақымақтықпен құлық ойластырды."

"Әлгі жаман ниетті ақымақтар сырларын Аллаһ (жәллә жәләлуһу) естіп, пақырларға хабарлап қоймасын деп, сыбырлап сөйлесті. **Тіл жүректен жасырын жұмыс істеуге тырысты.**"

"Алайда, әкелері кедейлердің мейірім бұлағы сияқты еді. Сол салих адам риасыз түрде "өнім" жиналмай тұрып, оннан бірін беріп, "бидай" сабанынан айырылған соң да оннан бірін беретін өді. Бидай үгітіліп, "ұн" болған соң тағы оннан бір бөлігін беретін еді. Ұннан "нан" жасалған кезде одан да оннан бірін беретін. Әрбір кірістің оннан бірін беретін, осылайша егіннен түскен әрбір өнімнің оннан бірін пақырларға беретін. Жомарттықтың шыңы еді."

"Сол салих адам өлмей тұрып, осы дәстүрді жалғастыруды балаларына насихат етті."

"Ол: Шүбәсіз, барлық жеміс-жидекті өнімдерімізді ғайып әлемінен бізге жіберуші Аллаһ Тағала. Бізге әмір етілген оннан бірін беруіміз - Аллаһ Тағаланың осы нығметтерге жіберген бір күзетші, ол өніміміздің жойылып, құрып кетуінің алдын алады! Бұл тұрғыда абай болыңдар, пақырлардың хақысын беріңдер! Осылай істесеңдер Құдай алдында да жүздерің жарық болады!"

"Егер екен тұқымдарың өспесе, өнім бермесе, не істей аласыңдар?"

"Осы тамаша гибратты сөздерді естіген ұлдары әкелеріне Бұл тұрғыда уәде еткенімен, ол қайтыс болғаннан кейін дүниеқорлықтары көздерін жауып, құлақтарын саңырау етіп, жүректерін өлтірді. Ақыры Қалам сүресінде айтылған қайғылы нәтижеге душар болды."

"Ей, адам! Абайлап қарасаң, көресің, пақырдың көңілін кәуәп қылып жеген ақымақ залым, негізінде өз жамбасын пісіріп жейді."

"Ей, адамі Енді ғапылдық мақтасын құлағыңнан алып таста! Асхаб Даруан сияқты пақырлардың ризығына көз тікпе!"

"Пақырлық пен мұқтаждық ішінде тырбанған адамның аянышты хикаясына көңіл бөл! Көңіл науқастарының кәйігісын тыңдап, олардың қайғысын бөліс!"

"Мал-мүлікке көбірек жабыспа, уақыты келген кезде оңай ғана тастайсың! Әрі оп-оңай беріп кетесің, әрі сауап табасың! Сен өзіңді мықсап ұстап тұрғанға жабыс, ең алғашқы (әууәл) да сол, ахир (ең соңғы) да сол. Оны тапқың келсе, көңіл кемеңді батыратын қаниама нәпсілік ауыртпалықтар бар болса, бәрін ішіңнен шығарып таста, сонда ғана мұратыңа жетесің!"

"Пақырлық пен мұқтаждық ішінде қиналған көңілдер түтінге толы үй сияқты. Сен олардың қайғысына құлақ салу арқылы сол түтіндеген үйден терезе ашсаң, ол түтін

*шығады, сеніңде жүрегің сезімтал болып, рухың нәзік болады."*

Юнус Әмрә Хазіреті көңіл аулаудың берекетін қандай тамаша айтады:

*Бір міскінді көрген болсаң,  
Бір ескіні берген болсаң,  
Ертеңгі күні алдыңнан шығар,  
Хак, киімін кигендей боп.*

Және Мәуләнә Хазіреті кейбір шумақтарында ақымақтардың сипатын төмендегідей баяндайды:

*"Ақымақ адәм барлық адамдардың өлімін естісе де өз өлімін еш есіне түсіргісі келмейді..."*

*"Әркімнің айыбы мен кемшіліктерін кдра қылды қырық жарғандай іздестіріп, көріп, айналасына таратады. Бірақ, ақымақтығынан өзінің зәрредай да айыбын көрмейді."*

*"Ол дүниеге салынып, алданғаны соншалық - барлық нәрсенің кдлатындығын өте жақсы біле тура тонаудан қорқады. Алайда, жалаңаш адамның өзін ұрылардың тонауынан қорқуы қандай түсініксіз жәйт!"*

*"Адам дүниеге жалаңаш келген және жалаңаш болып өтеді. Солай бола тура ұрылардан жүрегі жарылардай қорқады! Өлім сәтінде байлығының өзіне тиесілі еместігін түсінеді. Бірақ, болатын нәрсе болып, өтетінде өтіп кетеді."*

*"Тірі кезінде оның осы мал-мүліктен айырыламын деп қорыққаны -етегіне шақпақ тастарды толтырып, өзін мал-мүлік иесімін деп ойлап, солар үшін қорыққан балалардың қорқынышы сияқты. Егер әлгі шақпақ тастарының кейбіреуін қолынан алсаң жылап, кейін кайтарып берсең қуанады. Балада ілім мен руханият бомағандықтан жылауы да күлуі де маңызды емес. Ақымақ та дүниенің уақытша байлығын өз малым деп, ойлағандықтан сол жалған байлық үшін тура бала сияқты қорқады."*

*"Дүние өмірі бір түс сияқты. Дүниеде бай болу - түсінде қазына тапқдн сияқты. Дүние байлығы белгілі бір заман ағымы ішінде ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, сол дүниеде қалады."*

*"Сен бір патша болсаң, айбынды - әшекейлі тәжсің мен тағың, есепсіз мал-мүлкің, әскерлерің болса да, Аллаһтан басқа нәрсенің барлығы сені ақырындап жойылуға жетелейтіндігін жақсы білгейсің."*

Юнус Әмрә Хазіреті қандай тамаша айтқан:

*Мал иесі, мүлік иесі  
Кәне, мұның алғашқы иесі?  
Мал да жалған, мүлік те жалған,  
Барып, енді сен аздап ермек ет!*

Сол үшін Мәуләнә Хазіреті былай дейді:

*"Өлім періштесі гапыл байдың жанын алу арқылы оны ұйқыдан оятады. Ол адам шынайы өзінікі емес мал-мүлік үшін дүниеде тартқан қиыншылығына таң қалып, санын соғады. Бірақ, бұл оған ешбір пайда бермейді..."*

Жер астына кіргеннен кейін пақыр қандай жағдайда болса, бай да сол жағдайға тап болады. Ол жерде кім бұрын не істесе, алдында соны көреді. Бұл дүниеден кеткендер құл болсын, патша болсын, Шырын болсын, Фәрхад болсын кеткендердің ол жердегі барлық қоры - не апарғанына байланысты. Ол жер - құлдардың сұлтан, сұлтандардың құл болған жері.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Сүйеніші жел болса, қанишалықты шыдай алады? Сен қабірде жалғыз қалғың*

*келмесе, дүниең ізгіліктер мен жақсылыққа толсын!"*

*"Өлімсіз жалғыз Аллаһ екенін білгейсің. Әйтпесе мына ағып жатқан өлім селі тоқтамайды да дамылдамайды. Келулер мен кетулер бір-бірінің ізінен жүреді."*

*"Мен осы құрғақ дүниеде Хазіреті Нұхтың кемесі сияқтымын. Топан да ақтық демім. Кемем гайып әлемінде тұзақтағы толқындарды күтіп тұр! Мен де үндеместердің арасына кіріп, жатып ұйықтаймын! Енді осыншама дауыс пен айғайым ақылы бар адамға жетпей ме?!"*

Нағыз ақылдылық иләһи әмірге мойынсұну, міне бұл - орынды бір болашақ қайғысы. Сонымен қатар мәңгілікке шынайы әзірленудің шарты. Сондай-ақ Құран Кәрімде Аллаһ Тағала ақыл туралы былай дейді:

**"Ей ақыл иелері, менен қорқындар!"** (Бақара, 197)

**"Тек ақыл иелері ғана ойланып, ғибрат алады."** (Бақара, 269)

**"Тек ақыл иелері ғана түсінеді."** (Рағд, 19)

Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) бір адамды көп мақтаған кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) үш рет: *"Ақылы қалай?"* деп сұраған.

Тағы бір хадисінде де:

*"Ақылды адам - нәпсінің әуесқойлығына ермей, өлімнен кейінгіге әзірленген адам..."* (Тирмизи, Қиямет; 5) деген.

Хақ Тағала Хазіреті ақыл иелеріне кезін ашатын көріністер мен ғибратты оқиғалардан сабақ алуды үгіттейді. Дүниенің қасірет пен алдану жұрты, өмір болса - құндақ (бесік) пен табыт арасындағы тар бір дәліз екендігін баяндайды. Сонымен бірге фәни өмірге құлшылықпен бағыт беруді және қалай өмір сүрсе де, дүниеде соңғы аялдаманың қабір болатындығын ескертеді.

Ақыл - билігі Құран Кәрімнің мағынасы арқылы шектелген иләһи нығмет. Билігі мен шамасы Құран Кәрім арқылы шектелмеген ақыл болса, ол иесін ақымақтық пен азғындыққа жетелейді. Тарихта өзін ақылды санап нәпсісін пұтқа айналдырған, дүние үшін ақиретті ұмытқан залым, қиянатшыл және ақымақтар өте көп. Сондықтан шынайы ақылдылық - Аллаһ берген қабілеттерді құлдық орнымен Құран мен сүннетке сай түрде қолдану болып табылады. Ғаззали Хазіреті былай дейді:

*"Ақылды созғаным соншалық - үзіліп кете жаздады... Бірақ оныңда шектеулі екендігін, өз бетінше соңына дейін жете алмайтындығын көрдім. Тіпті, бір кезде ақылымнан алжасып қала жаздадым. Міне, сол кезде Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) руханиятын паналап, содан кейін барлық нәрсе аян (айқын) болды, мен соның арқасында құтылдым."*

Пайғамбарлық - ақылдан тыс нәрсе. Ақыл руханиятпен, яғни жүрек әлемімен бірлесетін болса, сол кезде ғана шынайы мәніне жетіп, нәпсінің қулықтарынан өзін қорғайды. Әйтпесе нәпсінің тұзағына түсіп, нәпсінің құмарлықтары мен әуестіктеріне бағынышты болады.

Және Құран Кәрім пайғамбарлардың қиссаларында өздерін ақылды санайтын, бақытсыз залым, қиянатшылдардың ақымақ істерін бір ғибрат көрінісі ретінде көрсетеді:

Хазіреті Мұсаның немере ағасы Қарун Аллаһ Тағаланың көптеген сыйына бөленген адам еді. Сонымен қатар Тауратты да ете жақсы оқитын. Оған сырлы ілімдерден "алхимия ілімі" берілген еді. Зұьд пен тақуалыққа ие еді. Бірақ, Аллаһ Тағаланың оған қазына толы байлық беруі, Оны Хақ Тағалаға жақындатудың орнына алыстатты. Байлығын пұтқа айналдырды. Тіпті Мұса (аләһиһиссәләм) Қарунға зекетінің мөлшерін білдірген кезде ол:

*"Бұларды мен таптым!"* - деп жауап қайтарды.

Сөйтіп, дүние малы оны ақымақ қылғандықтан Хазіреті Мұсаға (аләһиһиссәләм)

жала жабуға талпынды. Ақыры қазыналарымен бірге жер түбіне батып, жоқ болды, иләһи қаһарға ұшырады.

Екінші жағынан Хазіреті Хұсайынды шейіт қылған бейшара: "-Бүгін мен дүниенің ең абыройлы адамын өлтірдім!"-деп, рухани азғындығы мен ақымақтығын мойындаған.

Ақыл - адамдықтың қасиеті мен абыройын сақтауға қызмет ететін, адамды басқа жаратылыстан ажырататын ең қымбат қасиет. Жүрегі ояу ақылды адамдар адамгершіліктің қасиеті мен абыройына жетумен қатар отбасы мен халқын да асқақтатқан.

Мәселен, **II Бәязид дәуірі** - Османлы мәдениетінің негізі қаланған кез. Мәшһүр Италияндық сәулетші **Леонардо да Винчи**, II Бәязидке хат жазып Стамбұлдағы мешіттер мен басқа да ғимараттардың жоспарын өзі жасауды ұсынған кезде, Бұл хатқа барлық сарайдағылар қуанды. Нәзік әрі терең тасаввуф түсінігіне ие II Бәязид болса, бұл ұсынысты қабыл алмай, былай деді:

**"Егер бұл ұсынысты қабыл алатын болсақ елімізде шіркеу сәулеті басым болып, Ислами сәулетіміз дамымайды да өзіндік тұлғасы болмай қалады."**

Бұл көзқарас - ақылды, парасатты және кеңіл иесі мұсылманның ұстанымы. Сірә, II Бәязидтан кейін Ислам шекарасы қаншалықты жиырма миллион шаршы шақырымға жеткен болса, Ислам сәулеті де соншалықты шыңға өрлеген. Осы түсініктің арқасында Ислам рухы сәулетке дарып, қияметке дейін құнын жоғалтпайтын **Сулеймания** және осыған ұқсас дара өнер туындылары керініс тапқан.

Османлы мемлекеті тарихқа абырой мен мән-мағына беретін, рухани-материалдық тұрғыдан адамзатқа бағдар көрсеткен дара тұлғалар арқылы 620 жылдық ұзақ уақыт өмір сүрген. Өйткені, Османлыда Ислам мен Ислам мемлекетінің жапғасуы үшін тұлғаларды тәрбиелеу - ең басты міндет еді. Жеңіске үнемі түсінігі мол дана адамдар арқылы жеткен еді.

Дәл сол сияқты Явуз Сұлтан Сәлім ақыл мен жүрек күшін шегіне дейін қолдану арқылы, сол кездері өтіп шығуы мүмкін емес сияқты көрінген Сина шөлін Аллаһ Тағаланың жәрдемі, Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) руханиятымен өтіп, Мысырды жеңіп алған.

Жеңіс кезінде ең жақын досы Синан Паша шейіт болғанда, одан айырылуды Мысырдың жеңісіне тең санап, қайғырып:

**"Мысырды алдық, бірақ, Синан Пашадан айырылды!"**-деген болатын.

Жеңістен кейін ақылды әрі күшті қолбасшы Явуз:

**"Көңілім Африканың солтүстігінен Испанияға өтіп, содан Балқан түбегінен өтіп, қайтадан Стамбұлға қайтқысы келеді!"**-деп, қалауын айту арқылы шынайы мұсылманның түсінігін білдірген, бірақ мұны іске асыруға сол кездегі жағдай мүмкіндік бермеді.

Иә, ақыл - Аллаһтың адамға берген нығметі. Тіпті сол арқылы барлық нәрсені қолданып, оқиғаның барысын алдын ала көре білуге болады. Сондай-ақ хадис кудсиде Хак Тағала Хазіреті:

*"Құлым сондай бір халге келеді, мен оның көретін көзі, еститін құлағы боламын"* деген болатын.

Мәшһүр мутасаввуф **Атпазари Осман Хазіретінің** бас уәзір **Көпрүлү Меймед Пашаға** жасаған насихаты өте мәнді. Бір сұхбатында Осман Хазіреті бас уәзірге:

*"Сіз біздің шекпенімізді кисеңіз, сіздің дәстүріңіз бен ұстанымыңыз бұзылады. Біз сіздің ішігіңізді кисек, біздің жолымыз бен үйлесімділігіміз бұзылады. Сол себепті әркімнің өзі ұстанымы мен дәстүрі бойынша әрекет еткені дұрысырақ..."* - деп, ақылды бағыт-бағдар мен қабілетке қарай қолдану керектігін айтқан.

Хазіреті Мәуләнәдан ақылды кеңіл ерлеріне бір өсиет:

*"Ей, ақылды адам! "Сен жер бетіндегілерге мейірімділік жасасаң, көктегілерде саған мейірімділік жасайды!" -дегенхадис шәрифке құлақ сал! Өзіңнен төмендегілерге аянышпен қарасаң, сенен жоғарғылар да саған аянышпен қарайтын болады!"*

*"Досыңнан бір жапа шексең, оның саған мың опасы тиетіндігін ұмытпа! Өйткені, ізгілік күнәға қарсы шапағатшы сияқты."*

Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімде бізге үйреткен дұғасы қандай мәнді:

رَبَّنَا اغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَانِنَا الَّذِينَ سَبَقُونَا بِالْإِيمَانِ لَا تَجْعَلْ فِي قُلُوبِنَا غِلًّا لِلَّذِينَ آمَنُوا رَبَّنَا إِنَّكَ رَؤُوفٌ رَحِيمٌ

**"Ей, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын келіп-кеткен мүмин бауырларымызды кешіргейсің! Жүрегімізде иманды бауырлары-мызға қарсы ешбір өшпенділік қалдырма! Ей, Раббымыз! Шүбәсіз, сен өте мейірімді, асқан мархабат иесісің!"** (Хашр, 10)

**Әмин!**

### **ЖАРАТЫЛЫС ҚАМАЛЫ**

*"Бұл топырақ тәннің қалауларынан құтылмайынша, иіліп абылхаят иесіне сәжде ету және сол рухани дарияның суынан тойып ішу мүмкін емес."*

***Хазіреті Мәуләнә***

Дария жағасында бір камал бар еді. Камал биіктеу болғандықтан одан асып, дарияға жету мүмкін емес еді. Камалдың үстінде шөлден өртенген қайғылы бір адам бар болатын. Оны суға жеткізбей тұрған үстінде отырған биік камал еді. Әлгі адам камалдың үстінде тұрып суға ынтық болған балық сияқты бұлқынып тұрды.

Кенеттен камалдың үстінен бір кірпіш сынығын жұлып алып, суға лақтырды. Кірпіш суға түскен кезде шығарған дауысын абылхаятта сезді. Ол судың дауысының әуеніне тәнті болды. Шөлдің михнатын тартқан бұл адам, судың дауысынан алған ләззатқа батып, камалдың кірпіштерін қопарып-қопарып, суға лақтыра бастады.

Су оған:

*"-Әй, дәруіш! Маған бұлай жанталасып, кірпіш лақтырғаның несі?! Уайымың не?"* - деп, дауыстады.

Шөлден қатқан дәруіш былай жауап берді:

*"-Ей, су! Оның маған екі пайдасы бар. Сондықтан Бұл өнерден, яғни кірпіш лақтырудан, бас тартпаймын."*

***"Бірінші пайда:*** Судың дауысын тыңдау, шөлдеген адамға ән ырғағы сияқты."

*"Және де судың дауысы өлген адамға, сол дауыс арқылы қайта тірілуге мүмкіндік туғызатын Исрафил періштенің сүрі сияқты."*

*"Және бұл дауыс, көктем маусымындағы берекелі жаңбыр сияқты. Бау-бақшалар, сол аспан көз жастарымен мауқын басып, жанданып, түрленеді."*

*"Және Бұлдауыс жоқшылықтан қиналған пақырлар мен мұқажарға зекет беруге шақыратын дауыс."*

*"Және бұл дауыс Йеменнен Аллаһ Расулына (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келген Рахманидем іспеттес."*

*"Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Уәйсәл Қараниды меңзеп, "Мен Йеменнен келген Рахманидемді сезгендеймін"-деген."*

*"Жәнеде Бұлдауыс - Аллаһ тарапынан күнәһарларға келген Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шапағат иісі."*

*"Және бұл дауыс әлсіреген Яқубтың рухына жеткен әсем әрі жағымды Юсуфтың*



иісі."

*"Және де бұл дауыс Мәдина Мунәуәрадағы Хадра (көк) күмбездің мұнараларынан ғашықтарға жеткөн таңғы самал іспеттес."*

*"Және де бұл дауыс бейшара әлсіз жәнә жалғыз Мәжнүнге жеткен Ләйләнің қуаныш самалы."*

*"Және де бұл дауыс қайғылы да жетім көңілге жайылған жылы құшақ."*

*"Екінші пайдасы мынау: Әрбір алған кірпіштен қамал аласарып барады. Менде сол дәрежеде, ей су, саған жақындап бара жатырмын."*

**МӘСНӘУИ:**

*"Ей, саналы адамі биік қамалдың кірпіштерін азайтқанда әрине қамал аласарады."*

*"Қамал аласарған сайын сен суға жақындайсың, сөйтіп, ол кірпіштердің қамалдан ажыратылуы қауышуға дәнекер болады."*

*"Аллаһқа сәжде ету әлгі жабысқан кірпіштерді қопару арқылы болатыны сонша, бұл амал Аллаһқа жақындықты тудырады. Өйткені, Құран Кәрімде **"Сәжде ет те, жақында!"** (Алак, 14 аят) деп бұйырылған."*

*"Бұл жаратылыс қамалы биік болған сайын, мына басты шүге яғни сәжде етуге кедергі болады!"*

*"Бұл топырақ тәннің құмарлықтарынан құтылмайынша, иіліп абылхаят иесіне сәжде ету жәнә сол рухани дарияның суынан қанып ішу мүмкін емес."*

*"Қамалдың үстінде отырып, кім қатты шөлдесе, сол адам қамалдың тасы мен кірпішін тезірек қопарады."*

*"Судың дауысына кім көбірек ғашық болса, өзіне перде жәнә кедергі болып тұрған жаратылыс қамалының үлкен бөлшектерін қопарады."*

*"Ол адам судың дауысына тәнті болып, судың дауысынан басқаны естімейді."*

*"Күндерін олжа санап, тезірек борышынан құғылуға тырысқан адам қандай бақытты!"*

Шәйх Сағди адамды - **"Бір неше тамшы қан, мыңдаған қауіп-қатер..."**-деп танымдайды.

Хикаядағы дарияға қауышуға кедергі болып тұрған қамал - адамдағы нәпсінің әуестіктері мен ақиқатқа жетуге кедергі болған мына фәни дүниегетән бітпейтін, таусылмайтын, шексіз қалаулар әсіресе "мендік" сезімі.

Дария болса - иләһи махаббат пен мағрифат. Жүрегі иләһи махаббатқа шөлдеген адамдар сол дарияға жету үшін өмір бойы ынтық болады. Сол махаббат пен мағрифат дариясынан келген әрбір дауыс пен дем оларды шексіз ләззаттарға бөлеп, Хақтың пәк сапарына әзірлейді.

Иләһи махаббатқа ынтық адам үшін Бұл дүние - түсінік пен санаға ұсынылған хикмет айнасы. Адам тәні тұрғысынан емес, рухы тұрғысынан қасиетті болғандықтан, құлдың кемелдігіне рухының терендігіне қарай жете алады. Құран Кәрімде мадақталған сипат осы.

Иләһи махаббат пен ақиреттік ләззаттардан мақрұм болып, әр түрлі ойын-сауықпен, хайуандықпен өткен дүние күнінің қайырлы өлім кеші болмасы белгілі. Бұл қараңғы түннің бақытты таңы атпасы да хақ. Иләһи ғибрат сахналары мен оқиғалардың алдында көз жұму, мақсатсыз өмір өткізу, өлімнің беймәлім қасіреттерінің ішінде жоқ болу - адамдық атақ-абыройға жат нәрсе! Нәпсіге тән дүние емірінің әшекейлері - жағымсыз нәтиже, қуаныштары болса жәһаннам тарсылдарына толы.

Хадис шәрифте:

*"-Өліктермен отырушы болмаңдар!"*-делінеді.

Сахабалар:

"-Ей, Аллаһтың Расулы! Өліктер кімдер?"-деп сұрайды.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

"-Өліктер - дүниеге құмар адамдар..."-дейді.

Егер адам өліктерден айырмашылығы жоқ ғапылдармен бірге болса, олардағы өлім зәһәрін байыбына бармай-ақ ішіп қояды.. Осы әсерден оның жүрегі де өлі жүректердің қатарына қосылады.

Бір ғана шара рухани тірілермен бірге болу. Олардан алыс болған кезде жұқа да терең мағыналарына көңіл бөліп, Құран Кәрім оқу...

Хадис шәрифте:

"Аллаһпен (жәллә жәләлуһу) сөйлескісі келген адам Құран Кәрімді оқысын!"- делінеді.

Құран Кәрімнің бағытымен жүрген адам Құран мен Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлағын бойына сіңіреді.

Құран Кәрімдегі пайғамбар қиссаларымен байланыста болып, мәлімет алады. Сол руханияттан оның көңіліне фәйз жаңбырлары жауады.

Бір риуаятта Хазіреті Жәбир (радиаллаһу аһу) былай дейді:

"Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне бардым. Есігін қақтым.

"-Бұл кім?"-деді.

"-Мен!"-деп, жауап бердім.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) "мен" дегеніме разы болмады. Өйткені "мен" деген сөзде тәкәппарлық пен астамшылық бар." Хазіреті Мәуләнә бұл қиссаны былайша баяндайды:

"Жүрегі өртенген ғашық жардың есігін қақғы. Бірақ, "кімсің?" деген сұрағына "менмін!" деген кезде, жар:

"Кет! Сенің ішке кіретін уақытың емес! Мұндай рухани нығметтердің ортасында ишкі рухтарға орын жоқ!" деді.

"Ол бейшара есік алдынан кері қайтғы. Бір жыл сапарда жүріп, жарға деген ынтықтық пен сағыныш алауына оранды."

"Ол жаралы ғашық пісіп, кейін қайтты. Қайтадан жардың үйіне бет алды."

"Аузынан әдепсіз сөз шықпасын деген мыңдаған қайғы, қорқыныш, әдеппен есік қақты."

"Жары:

"-Есік алдындағы кім?"-деп, дауыстаған кезде:

"-Ей, көңілімді аулап алған жан! Есіктегі де Сенсің!.."-деп, жауап берді."

"Жары болса:

"-Енді қазір мен сияқтысың; Ей, маған айналған адам! Ішке кір! Үйдің ішіне екі "мен" сыймас еді"-деді.

Содан соң:

"-Ей, нәпсісін бір жылда жеңіп, астына басқан адам! Кел, ішке кір! Сен енді бақшадағы тікендер сияқты гүлге қайшы емессің! Сен енді гүлдерге патша боласың! Көріністегі екеулікті тастап, ендімен болдың!"-деп, сөзін жалғастырды.

Тағы Мәуләнә (құддисә сирруһ) былай дейді:

"Кімде-кім Хақтың есігінде "мен" және "біз" дейтін болса, ол адам Ұ жоққа шығару шөлінде адасып жүр деген сөз. Ондай адамдар достың есігінен кіре алмайды."

Иненің көзінен ұшы айыр жіп өтпейтіндігін білу керек. Жіптің барлық талшықтары бірлесіп, бір болған кезде ғана иненің көзінен етіп, міндетін атқарады. Ғашық та

қауышудың инесінің көзінен өтуі үшін сағыныш оты арқылы жіп сияқты болуы керек.

Әрине, адамның Аллаһ жолында рухын тәрбиелеп, вұслат инесінің көзінен өтетіндей жіңішкеріп, нәпсінің құмарлықтарынан арылуы, әрине, оңай емес.

Бірақ, иләһи нығметке бөлену үшін осы рухани күйге ену шарт. Өйткені, аят кәримәда:

إِنَّ الَّذِينَ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا وَاسْتَكْبَرُوا عَنْهَا لَا تُفَتِّحُ لَهُمْ أَبْوَابُ السَّمَاءِ وَلَا يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ حَتَّى يَلِجُ الْجَمَلُ فِي سَمِّ الْخِيَاطِ

**"Аяттарымызды өтірікке шығарып, олардың алдында тәкәппарланғандарға көктің есіктері ашылмайды. Олар, түйе иненің көзінен өткенше жәннатқа кіре алмайды"** (Ағраф, 40).

Бұл тәкәппарлық, менмендік пен мендік дағуасы жолындағы адамдар Аллаһтың жолында өткінші мендік пен нәпсілерінен арылып, саф рух болғанға дейін Аллаһтың бірлігінің жәннатына кіруге лайық бола алмайды. Мұндай адамдар тек шарифат үкімдері мен тариқат жолдарын үйреніп, кәміл мүршидтің тәрбиесінде нәпсісін тазартып, жүрегін сафтау арқылы көңілдерін шайтанның сипаты болып саналатын мендіктен тазартқан кезде ғана оларға аспанның есігі ашылады. , Адамдағы нәпсі мен мендік түйесі тек ғашықтық, жоқшылық және ʹ қылышымен жонылып, яғни "еш" екендігін сездіру арқылы ғана жолға келеді. Рахмет пен нығметке бөлену үшін шарт болып саналатын сынақ инесінің қиын көзінен табыспен өте алады.

Юнус Әмрә Хазіреті хақ жолында "мендіктің" болмайтындығын былай жеткізеді:

*Сенің "мен" дегенің,*

*Руханиятта тәсіл емес.*

*Біз сияқты есік құлдарына,*

*Қырын қарау дұрыс емес.*

Екіншіден, құл көңілі мен рухында жарқыраған нұрды өзімнен шықты деп санап алданбай, мұның сый ретінде берілген иләһи нәсіп екендігін түсініп, шүкіршілік етуі керек. Әйтпесе, осындай сыйғатәкәппарланып, осы нұрды өзімнен шықты деу үлкен бейшаралық болып саналады. Осылайша пайғамбар мен әулиенің нұрынан пайдаланғаннан кейін қол жеткізгендері арқылы қайтадан мендік танытқандардың ақыры - қайтадан қараңғылыққа бату. Бұл жағдай адамды Аллаһқа құл, Пайғамбарға (саллаллау аләһи уә сәлләм) үммет болу абыройынан бірте-бірте алыстатады. Ислам тарихы Қарун қиссасы сияқты осының көптеген мысалдарына толы.

Сол үшін нығметке емес, оны жіберушіге назар салып, азғындықтың шұңқырына түспеу керек. **Хазіреті Мәуләнә** жырларында бұл мәселені былай баяндайды:

*"Адам бір күні өзінің шынайы мекеніне жетуі үшін көптеген үйлер мен керуен сарайды тәрк етуі керек!"*

*"Отқа қыздырылған темірдей қызыл түс оныкі деп ойлама! Өйткені ол - оттың уақытша берген жарығы мен ыстығы ғана."*

*"Егер терезе мен үйді жарық түрде көрсең сен оларды жарықдеме, өйткені жарық беріп тұрған - күн."*

*"Күн өзінен шағылысқан жарыққа мақтанып тұрғандарға былай дейді:*

*"Ей, түсінігі жоқ менменшіл! Аздап сабыр ет, мен мына таудың немесе мына дарияның артына барып, көкжиектен жоқ болайын, сол кезде ақиқатты түсінесің."*

*"Сол сияқты тәнің де сұлулық пен пәктікке назданып мақтанады, бірақ, негізгі күш пен қуат оның ішінде жасырылған рухқа тиесілі екендігін білсін."*

Міне, осы ақиқатты түсініп, мендіктен құтылғандар, яғни нәпсінің жыртқыш тырнағынан құтылып, өлмейтұрып өлгендер, осы жағдайлар-дың сыйы ретінде сұлу болып тіріледі. Тірілгенде Аллаһ Тағала олардың көретін көзі, еститін құлағы, жүретін аяғы,

үстайтын қолы болады. Құл осы мәртебеде үлкен қауышуға куә болады. Хақтан басқаға назар салмайды. Юнус Әмрә Аллаһқа қауышқаннан кейінгі халдің өзін қалай тәнті еткендігін тамаша баяндайды:

*Жандардың жанын таптым,  
Бұл жаным талан болсын!  
Ащы зияннан өттім  
Дүкенім талан болсын!  
Менмендігімнен өттім,  
Көзімнің пердесін аштым,  
Досыма қауыштым  
Күмәнім талан болсын!  
Юнус қандай жақсы айттың,  
Бал-шекер жегенсің,  
Балдың балын таптым  
Ұям талан болсын!*

Құлдың қол жеткізетін жоғары мәртебелерінің бірі - тек қана Раббысының шрінісіне ие болып, Раббысынан басқа ештемені көрмеу. Бұл мәртебеге жеткен құл Хақ жолында фәни болады деген сөз. Бұл мәртебеде бір үлкен мұтасаввүф айтқан мына бір ақиқат терең түсініледі:

*"Аллаһтың айқындығы соншалық, айқындығының күштілігінен көрінбейді?"*

Бейне бір күннің өзіне қараған көздерді шағылыстыратындай жарық сәуле шашқан кезде оның сәулесінің жарықтығынан өзі көрінбейтін халге келуі сияқты...

Бұл мәртебе - Мүшәәдә мәртебесінің соңы болып саналады. Бұл -сәйри-махабби мәртебесі. Яғни, жүректің нәпсінің сипаттарынан және тұтқындығынан толық құтылуы. Құл көпшіліктің ішінде болған кезде Раббысымен бірге болған кезінде де көпшілікпен бірге болу сипатына қол жеткізеді.

Көпшіліктің арасында Аллаһпен бірге болу халін мына бір оқиға қандай тамаша көрсетеді:

**Мұхаммед Париса** Хазіреті қажылыққа кетіп бара жатқанында Бағдатқа соғады. Көшеден өтіп бара жатып, зергерлікпен айналысатын нұрлы жүзді бір жігітті көреді. Жігіттің ісі қауырт болғандықтан үнемі бір нәрсемен шұғылданып жатады. Хазіреті Пір оның дүниемен осыншама айналысқанын керіп, ренжіп, ішінен: "Тура ғибадат ететін шағында өзін осыншама дүние ісіне арнаған!" - деп ойлайды. Бір сәт мұрақабаға барғанда алтын сататын бұл жігіттің жүрегіннің Аллаһпен бірге екендігіне куә болып, таң қалады. Бұл хал көпшіліктің ішінде бола тұра Аллаһпен бірге болып, сонымен рухани оңаша қала білу, көпшілікте бірлік халін ұстана білу болып табылады.

Раббысымен бірге болған кезінде көпшілікпен бірге болуға келер болсақ, ол - пайғамбарлар мен қас құлдардың халі. Тірі жүректерге тән бір жағдай, үмметтің қасіретіне ортақтасып, олардың қайғысын бөлісудің белгісі.

Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Миғражда Раббысына бізге мәні беймәлім екі садақтың арасы, тіпті, одан да таяу қашықтыққа дейін жақындаған қауышу сәтіндегі халі, осының нақты бір мысалы. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сол иләһи қауышу сәтінде де үмметін ойлап, Аллаһ Тағалаға былайша мінәжат еткен:

*"Иләһи! Құзырыңа үмметімнің нұқсан ғибадаты және күнәсімен келдім."*

*"Иләһи! Сенен анамды да, әкемді де сұрамаймын, үмметімді сұраймын, үмметімді уа Раббым!"*

Міне, осы рухани пәк халдерден тиесілі үлесін алған адамдар, қандай жағдайда болмасын, Аллаһпен бірге болады. Бұл мәртебеде: "Мен оның көретін көзі, еститін құлағымын!" құдси хадисінің шынайы мағынасы көрініс табады. Бұл мәртебе - Құран Кәрімдегі: "**Атқан кезде сен атқан жоқсың, Аллаһ атты...**" (Әнфал, 17) аят кәрімесінде баяндалған мәртебе. Ең үлкен ерекшелігі Мұхаммеди мәртебе болуы. Бұл үмметтің кәміл әулиелері. Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) пайғамбарымызға деген махаббатының күшіне қарай бұл халден көрініс несібесін алады. Тіпті осы мәртебеге жете алмаса да, ықыластарының дәрежесіне қарай бір мәртебеге қол жеткізеді.

Бұл мәртебеге жеткендер:

"Мен мен емеспін. Бұл дем соныкі!"-деген адамдар.

Сондықтан, олардың әрбір "мен" деген сөзі салыстырмалы айтылған сөз. Өйткені, олар "мендіктен" ажыраған. Әсрар Дәдә мұны тамаша баяндайды:

*Мен мен дегенім, мен дегенім - Сенсің, Жаным дегенім, тән дегенімнің бәрі - Сенсің.*

Сондай-ақ басқа бір шайыр "мендіктің" адам үшін перде екендігін, одан құтылу қажеттілігін былай баяндайды:

*Мен бұл жолды осылай таптым,*

*"Мендік" маған перде екен.*

*Оқыдым, түсіндім, білдім,*

*"Мендік" маған перде екен.*

Қалайша бидай дәні ақыры нан болып пісіп бір тіршілік иесінің бойына кіріп, кірген тіршілік иесінің бір бөлшегі болатын болса;

Қалайша бір сүрме тасы үгітіліп ұсатылып, көзге жағылған кезде, оның тастық қасиеті жойылып, көзге жанар болып, көзге күш беретін болса;

Қалайша бір өзен көлге қауышқан кезде, оның езендік қасиеті бітіп, көлге айналып, көлдің бір бөлігі болатын болса;

Адам да сол сияқты әулие құлдың руханият, фәйз бен назарына бөленетін болса, оның рухында кәмілдік пен парасаттық бастайды. Оның көңілі оқиғалар, заттар мен мақлұқаттар алдында өлімнен қайта тіріледі.

Темендегі қисса осы халге тамаша бір мысал:

Бір күні Телемсан патшасы **Сұлтан Яхия** сарай өкілдерімен бірге қаланы аралауға шығады. Оның және оның қасындағылардың айбыны мен көрінісінен қорыққан халық құрметпен тік тұрып "Хан ием, кепжаса!" деп, қошамет ете бастайды. Бірақ Сұлтанның көзіне бұл кепшілік емес, сәл ілгеріде жалғыз, қарапайым, дүниеден аулақ, айналасына нұр шашқан бір адам түседі. Қасындағылардан әлгі нұр жүзді қарт кім деп, сұрағанда:

"-Сұлтаным, ол мәшһүр **Тунистік Шәйх**. Бір үңгірде жеке өмір сүреді" дейді.

Сұлтанның көкейін көптеген сұрақтар кернеп, **Тунистік Шәйхтың** қасына ат басын бұрады, ойындағы сұрақты одан сұрамақ болып:

"-Үстімдегі мына жібек киіммен намаз оқуға бола ма?"-дейді.

Тунистік шәйх бұл сұраққа жауап бергісі келмей, оны сарайдағы ғалымнан сұрауын өтінсе де, Сұлтан өтінішінен бас тартпаған соң, былай деді:

"-Бір итті ойласаңыз, бір хайуанның жемтігін тауып алып, оны ауызы толғаншажеп, іш-сыртын нәжіске батырса да, сарыған кезде кірленбеу үшін аяғын көтеруге тырысады!.."

Сұлтан қаһарланып:

"-Не айтпақсың?"-деді.

"-Менің айтпақ болғаным, сіздің асқазаныңыз бен тәніңіз ең ауыр харамдар мен құл хақысына толы. Осылай бола тұра, сіз менен "жібек киіммен намаз оқуға бола ма?" деп

сұрайсыз?!<sup>11</sup>

Бұл мәнді сөздер Сұлтанның көңіліне қатты әсер етті. Осы әсердің берекетімен дереу үстіндегі сырмалы киімдерді шешіп, лақтырып тастады. Сосын беліндегі қылышын лақтырды. Өзіне тандана қараған халыққа:

"-Мұсылмандар! Менде хақтарың болса кешіріңдер, өздеріңе патша тауып алыңдар!"-деп, тунистік шәйхтың соңынан еріп оның шынайы шәкірті болды.

Сұлтан Яхия шәйх Хазіретінің рухани тәрбиесінде сондай бір үлкен мәртебеге қол жеткізді. Тунистік шәйххалық езінен дұға сұраған кезде былай дейтін болды:

"-Дұғаны Яхиядан сұраңдар, өйткені, оның орнында мен болсам, оның істегенін істей апмас едім... Егер дүниедегі басқа сұлтандар оның қол жеткізген бақыттылық қазынасын білгенде, олар да Яхия сияқты барлық нәрсесін пида ететін еді."

Әулиелер адамдарды жаратылыстары мен жағдайларына қарай тәрбиелейді. Сондықтан осы оқиғаға сүйене отырып, "Исламда әкімшілік мансапта болу дұрыс деп саналмайды" деген қорытынды шығармау керек. Бұл жердегі мәселе Сұлтан Яхияның жағдайымен байланысты. Өйткені, Сұлтан Яхия кептеген құлдың хақын аяққа таптап, денесін харамдармен толтырғандықтан оның жолға келуі мен тазаруы өзгеше болған. Әйтпесе әулиелердің жол көрсетуінде бұдан басқатүрде өрбіген мысалдар да бар. Бұлар - **Ақшәмсәддин** Хазіреті мен **Әбул Уәфа** Хазіреті және Фатих сұлтан Мехмед хан арасында болған оқиға сияқтылар. Мысалы: Ақшәмсәддин Хазіреті Фатихтің өзінің сұхбатынан алатын рухани фәйіз бен ләззатынан мемлекет ісіне нұқсан келтіретін халге келмеуі үшін жеңістен кейін СтамБұлда тұрмай Гойнүкке көшіп кеткен. Сол өлшемді устанған Әбул Уәфа Хазіреті де өзімен жолығуды қалаған Сұлтан Фатихқа мынадай хабар жібереді:

*"Патшамыз Фатихтің нәзік де шабытты көңілі бар. Бұл жерге кіріп, біздің әлеміміздің дәмін алар болса, қайтып қолынан шығарғысы келмей, мемлекет басына қайтпай қалады! Өйткені, бұл ұммет пен мүлік саған аманат. Ол сияқты лайық бір адам келіп, оның орнын баспайтын болса, мүлік пен ұммет зиян тартады. Ол да, мен де күнәһар боламыз!*

*Сосын рухы осы жердің рухани атмосферасына толып, қолындағы барлық нәрсесін осы жерге атайтын болады... Жесірге, жетімге, бишараға, пақырға таралатын барлық мүліктер осы жерге құйылады! Сонымен қатар мүридтердің көңілінде дүниеге деген махаббат оянып, тәртібіміз бұзылатын болады!*

*Патшамызға біз бұл жерден дұға мен ілтипат етеміз. Көңілі, көңіліміздің арасында. Қажеттілікке қарай онымен рухи қарым-қатынасымыз бен иршадымыз (жол көрсету) осылай болмақ!"*

**Азиз Махмұд Һудайи** Хазіретінің рухани тәрбиесі де ете мәнді.

Азиз Махмұд Һудайи Хазіреті басында жай ғана қазы болып жүргенінде **Мұхаммед Уфғадә** Хазіретінің иршады арқылы барлық атақ, мансап пен дүниеуи байланыстардан алыстатылған болатын. Өйткені, оған қолданылатын тәрбие әдістемесі осыны қажет еткен еді. Ақыры, әлемнің сұлтандарын тәрбиелейтін мәртебеге жетті. Бірақ, өзі жоқшылық сынақтарымен өскен Һудайи Хазіреті болса, басқа тәсілдер қажеттілігі бойынша әлем сұлтандарын тақ үстінде тоқтық халіндегі дүниеуи мансап пен абыройдың ішінде тәрбиелеген. Олардың дүниеге тән барлық нәрсесін жүректерінің сыртына шығартқан. Әсіресе I-Ахмед Хан онымен бірдей болғаны соншалық - атын жазбағанда өлеңдерін бір-бірінен ажырату мүмкін емес.

Қысқасы қас құлдарды тәрбиелеудің түрлі әдістемелерін, яғни баршылықта немесе жоқшылықта қолданылатын иршад тәсілін жақсы түсіну керек. Бұлар тәрбиеленуші адамдардың рухи болмысына қарай әртүрлі болады. Сондықтан бұл мәселені

түсінбегендіктен Кәлімұлла Хазіреті Мұсаның иршадына қарамастан нәпсісіне ерген **Қарунның** ақыры өте аянышты болған. Оның ақыры - ақылы мен түсінігі бар адам үшін ғибратты бір ескерту. Сондықтан бұл мәселеде, яғни әртүрлі халде иршад пен сынақта, ең дұрысы Хақ Тағалаға мойынсұну. Бұл да Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шынайы махаббат және бір кәміл мүршидке шын көңілмен байлану арқылы болады. Хазіреті Мәуләнә:

*"Өзінен (барлық нәпсінің құмарлықтарынан) құтылып, кәміл мүршидтің көңілімен бірге болған адамдар қандай бақытты!" - дейді.*

Адамның ар-ожданы да тәнге байланысты өмір жолында емес, мәңгілік әлемде мәртебесіне жететін махаббат пен ғашықтық жолында болуды ескертеді.

Құран Кәрім махаббаты шөлдеген көңілімізге берекелі көктем жаңбыры сияқты жаумайынша, Мұхаммеди маусымның әсемдігіне қауыша алмаймыз.

Көңіл бақшалары жаңбырға ғашық топырақ сияқты салих амал жаңбырын күтеді. Өйткені, осы жаңбырлар арқылы Жаратушысы үшін жаратылғандарға мейірім, мархабат, хикмет пен махаббаттың көшеттері көгереді. Адам әлем кітабының мазмұны, жаратылыстың ең шарапатына айналады. Раббтың көретін көзі, еститін құлағы болады. Қолынан, тілінен және көңілінен үммет пайда кереді.

Мәснәуидегі **Хазіреті Омар** (радиаллаһу анһу) қиссасы осы халді тамаша суреттейді.

Рим елшісі Мәдинаға бір саяси кездесу үшін келеді. Хазіреті Омардың сарайын сұрайды. Сұраған адамдары оған:

*"-Халифаның аты әмірші және халифа деп барлық әлемге жайылса да оның дүниелік сарайы жоқ. Әсем көңіл сарайы ғана бар. Оның дүниеге тиесілі жалғыз ғана пақырлар мен ғаріптер тұратын бір баспанасы бар. Бірақ сенің көзің оның рухани сарайын көрмейді!" - дейді.*

Бұл айтылғандарға Рим елшісі таң қалады. Жүгін, атын, сый-сияпатын тастап, Хазіреті Омар Фарукты іздеуге кіріседі. Халифаны барлық жақтан сұрайды. Өз-өзіне таңданып:

*"Демек, дүниеде осындай патша да бар болды ғой, бір рух сияқты, айналасындағы назарлардан жасырын қалады!" - деп күбірледі. Халифаға тағзым ету үшін Оны іздеуін тоқтатпады...*

Бір араб әйел:

*"-Әне, сен іздеп жүрген Халифа мына құрма ағашының астында! Барлық адам төсектерінде жатса, Ол, керісінше, құмның үстінде жатады! Барып, құрма ағашының көлеңкесінде жатқан Хақтың көлеңкесін көр!.." - дейді.*

Ұйықтап жатқан Хазіреті Омардан елшіге айбын мен рухына хош бірхал келеді. Елші махаббат пен айбарлық, бір-біріне кереғар қасиет бола тұра, бұл қайшы қасиеттердің өз рухында қалай бірлескеніне таң қалады. Өзіне-өзі:

*"Мен императорды көріп, олардың алдында қажыр жинаған адаммын! Олардан ешқандай айбын көрмесем де, Бұл кісінің айбаты мен махаббаты таң қалдырды."*

*"Бұл халифа қарусыз, қорғансыз жерде ұйықсап жатыр. Мен болсам оның алдында бар тәніммен дірілдеп тұрмын! Бұл не жағдай? Бұл не болғаны! Демек, Бұл Хақтың айбыны. Мына шекпен киген адамдікі де емес!" - дейді.*

Рим елшісінің көңілі осылайша толқып тұрғанда, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) ұйқысынан оянады. Рим елшісі Хазіреті Омарға тағзым етіп, сәлем береді. Халифа сәлемін алады. Одан кейін жүрегі толқыған елшіні жан сарайына апады, жанын жайбаракат етеді. Қиналған көңілін басады. Оған жылы, сырлы, терең сөздерді айтады.

Елші хал мен мәртебеге куә болады.

Хазіреті Омарға жат болып келген елші, жарға (дос) айналады. Осы сұхбаттан шабыттанып, есінен танады. Есінде елшілік те, хабар алмасу да қалмайды...

Ондағы осы халді сезген Хазіреті Омар (радиаллау анһу) басқаша бір ынтамен сұхбатын жалғастыра береді. Жанның орны мен рухтың сапары туралы айтады. Уақыттан тыс заманнан, қадірлі әулиелердің пәк мәртебелерінен, жанның осы дүниеге келгендегі шексіз саяхаты туралы сөз бастайды.

Ақыры, елшінің кеңілінде иманның күні туып, Халифаның алдында иман айтып, бақыттылық керуеніне қосылады.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Мүршид кәміл еді. Шәкірт, яғни елші, болса ақиқатты түсінуге ынтық еді."*

*"Әринә мүршид, мүридтің қабылетті екендігін көрген кезде, оның пәк көңіліне, пәк парасаттылық пен тәухид дәнін егеді."*

Салих адам жүзінде жарқыраған ізгілік нұрынан танылады. Жүзі айналаға тыныштық пен кеңіл ізгілігін шашады.

Пасық адам да жүзінен белгілі болады. Ол жамандық пен қараңғылық шашады.

Арифтің назары иләһи ақиқат пен хикметке толы және қабілетті жүрегі бір магнит сияқты тартып әкетеді. Арифтің назарының бұл күші тізбектеліп, Аллаһ Расулының (саллаллау аләһи уә сәлләм) сипаты арқылы қараңғылықтан арылып, сафтыққажеткені соншалық, мүбәрәк тәні де басынан-аяғына дейін иләһи нұрға бөленген еді. Сондықтан да, жерге көлеңкесі түспейтін.

Сүлеймен Челеви Бұл ақиқатты мына шумағында тамаша баяндайды: *Кеудесі бастан - аяқ нұрдың көші, Нұр белгілі, нұрдың болмас көлеңкесі!..*

Пакістанның рухани сәулетшісі **Мұхаммед Иқбал** бір күні Мәдинадан қайтқан қажыларды зиярат етуге барады. Сұхбат етіп отырып, олардан:

"Мәдина Мунәууәраны зиярат етіндер! Мәдинаның рухани базары-нан көңілдеріңді қандай сыйлықпен толтырдыңдар? Әкелген материал-дық сыйлықтар, тақиялар, тәсбихтар, жайнамаздар аз уақыттан кейін ескіріп, тозып бітеді. Тозбайтын, көңілге жан беретін Мәдина Мунәууараның рухани сыйлығын әкелдіңдер ме?"

Сыйлықтарыңның ішінде Хазіреті Әбу Бәкірдің турашылдығы мен мойынсұнғыштығы, Хазіреті Омардың әділдігі, Хазіреті Османның иманы, ұяты және жомарттығы, Хазіреті Әлидің сезімталдығы мен жиһады бар ма? Қазір мыңдаған қасірет шеккен Ислам Әлеміне кеңілімізден Пайғамбар ғасырының атмосферасын бере аламыз ба?"-деп сұрайды.

Иқбал - Ислам әлемінің қайғысы мен иесіздігі үшін қиналған, Ислам рухын өмірде іске асыра алмаудың азабын шеккен, Исламның үлкен шайыры мен ойшылы.

Бір хадис шәрифте:

*«Дүние мен ақирет күңдес әйелдер сияқты. Біреуін қаншалықты разы етсең, екіншісін соншалықты ашуландырасың»,* - делінген.

Дүниеге шақыру үні көңілде қаншалықты орын тепсе, ақирет насихаты оған соншалықты оғаш көрінеді. Ақиретке шақыру үні орнығатын болса, дүниеге шақыру пікірі оған бөтен болады.

**Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

"Бұл дауыстардың біреуін естісең, екіншісін тіпті естімейсің! Өйткені, сүйген адам сүйгенінен жағымсыз нәрсені естімейді де көрмейді."

*"Бірақ, былай істесем бе, былай істесем бе деп күмәндану рух үшін қапас. Оны ешбір жаққа жібермейді".*



*"Рухты дүние сүйіспеншілігі бір жаққа, ақирет сүйіспеншілігі екінші жаққа тартады. Екеуі де "дұрыс жол - менің жолым!" дейді."*

*«Ей, жол-жосықты білмейтін адам! Бұл күмәннен нәпсіңді құтқарғың келсе, өзіңе жол көрсетуші ізде! Жолда аң-таң болып жүргің келмесе, марал сияқты сені шексіз сулулықтарға апаратын бір әулиенің соңынан ер! Әйтпесе, әрі гулстанды алыстан алаулаған отдеп ойлап, орныңнан қозғалмай сулулықтан мақрум қаласың, әрі дүниенің шөлінен көрген сағымның соңынан жүгіресің, бірақ, абылхаят деп, ойлаған сол сағымның сенің алқымыңа тығылатын қызған құмнан басқа ештеңе емес!.."*

*"Егер осы халге ұшырағың келмесе, көңіліңнің құлағына жапылдық мақтасын тықпа! Хақ достарының сөзіне құлақ салып, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау аләйһи уә сәлләм) жолында Қытмир бол!"*

Шегі қияметке тірелетін ғашықтық керуендері Соған деген махаббат, іңкәрлік, ғашықтық пен көз жасымен басылып, жұбаныш табатын болады. Іші алаулаған Юнусымыз қандай тамаша айтқан:

*Ғашықтығыңмен ғашықтар  
Жансын уа, Расулаллаһ!  
Ішіп ғашықтықтың шарабын,  
Қансынуа, Расулаллаһ!  
Сол сені сүйгендерге  
Шапағат ет соларға,  
Мүмин болған тәндерге  
Жансың уа, Расулаллаһ!  
Ғашықпын сол сүйікгіге,  
Бұлбұлмын сол гүлбаққа,  
Сені сүймеген, отқа  
Жансын уа, Расулаллаһ!*

**Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау аләйһи уә сәлләм) үлгілі тұлғасы мен руханият әлемінен тиесілі нәсібін алып, ихсан сезіміне жақындағандар қандай бақытты жандар!**

### **БҰЛ АҚШАМ ҮНДІСТАНДА**

*"Кімнен қашып барамыз? Өзімізден бе? Қандай бос қиял! Дүние - Аллаһтан жапыл болу деген сөз."*

***Хазіреті Мәуләнә***

**Хазіреті Сүлейменнің** сарайына таңғы уақытта бір адам ентелеп келеді. Сақшыларға өмірлік бір мәселе үшін Хазіреті Сүлейменмен кездесетіндігін айтып, дереу ішке кіреді. Хазіреті Сүлеймен (аләһиссәләм), түрі бозарып, қорыққанынан діріл қаққан адамнан:

"-Не болды? Неге сонша қорқасың? Не керек? Маған айт..."-деп сұрайды.

Адам ентігіп:

"-Бүгін таңертең алдымнан Әзірейіл (аләһиссәләм) шықты. Маған қырын қарап, алыстап кетті. Менің жанымды алуға бел буғанын түсіндім..."

"-Жарайды сонда маған не істе дейсің?"

Адам жалынып:

"-Ей, жандардың қорғаушысы, бейшаралардың панасы болған Сүлеймен! Сенің қолыңнан барлық нәрсе келеді. Аң - құс, тау-тас бәрі сенің әміріңе бағынады. Желге әмір

ет, мені осы жерден **Үндістанға** жеткізсін. Сол кезде Әзірейіл (аләйһиссәләм) бәлкім мені таба алмайды.

Осылайша жанымды құтқарамын. Медет сенен!"

Хазіреті Сүлеймен адам соншама жалынған соң жаны ашып желді шақырады:

"-Мына адамды дереу Үндістанға жеткіз!" деп әмір етеді. Бұл жел... Бір соғады, бір ысқырады. Адамды алып бір сәтте Үндістандағы бір алыс аралға жеткізеді.

Түске қарай Хазіреті Сүлеймен кеңесті жинап келгендермен кезіге бастайды. Бір қараса, Әзірейіл (аләйһиссәләм) де топтың ішіне кіріп, кеңестің қатарында отырады. Дереу қасына шақырып:

"-Ей, Әзірейіл! Бүгін таңертең әлгі адамға неге қырын қарадың? Ол бейшараны неге қорқытып, үй-ішінен айырып, әуреге түсірдің?"-дейді. Әзірейіл (аләйһиссәләм):

"-Ей, дүниенің ұлы сұлтаны! Мен ол адамға ашуланып қырын қарағам жоқ. Таңданып қарадым. Ол қате түсінді. Күмәнданды. Оны осы жерде көргенде таң қалдым. Өйткені Аллаһ (жәллә жәләлуһу) маған:

"Қане, бар, бүгін кешке сол адамның жанын **Үндістанда ал!**" деп бұйырған еді"- деп, жауап береді.

"Бірақ мен бұл адамның жүз қанаты болса да бүгін ақшамда Үндістанда бола алмайды. Бұл не болды деп, таң қалдым. Міне оған қарағанымның себебі осы еді..." дейді.

### **МӘСНӘУИ:**

*"Кімнен қашып барамыз? Өзімізден бе? Бұл қияли нәрсе. Кімнен қашып құтыламыз? Аллаһтан ба? Қандай бос қиял? Қандай керемет азғындық!"*

*"Дүние - ақша, пұл, әйел, киім-кешек, сауда-саттық, емес, Аллаһтан ғапыл болу екендігін біл..."*

Сондықтан жәннат қалауы мен жәһәннам қорқынышы да, адамды шектен тыс мазалап, мақсатына айналып Аллаһтан ғапыл қалатындай дәрежеге жетсе, олар да бір қарағанда дүние болып саналады. Осы рухани қауіп себебінен Юнус Әмре Хазіреті Аллаһ Тағалаға былай мінәжат етеді:

*Жәннат, жәннат деп жүргендері,  
Бірнеше сарай мен бірнеше хор қызы,  
Қалаған адамға бер оларды,  
Маған сен керексің, сен!  
Баршылыққа да қуанбаймын,  
Жоқшылыққа да күйзелмеймін,  
Саған ғашық болып өтем,  
Маған сен керексің, сен!  
Сопыларға сұхбат керек.  
Жомарттарға ақирет керек.  
Мәжнұндарға Ләйлә керек,  
Маған сен керексің, сен!..*

Құлдың осы халге келуі тек қана нәпсісін тазарту мен жүрегін сафтау арқылы ғана болады. Құл, осының арқасында күнәлардан арылып, пәктікке қол жеткізеді. Жүрек лупаның жарықты жинағаны сияқты, иләһи нұрға бөленіп, руханияттың орталығына айналады да, барлық күнәларды күл қылады. Бұл - саф жүрекке жету. Аллаһ Тағаланың құзырында жақсы қабылданатын да осындай жүрек. Аят кәримәда былай делінеді:

**"Ол күні мал да, бала да пайда бермейді! Бірақ, Аллаһқа саф жүрекпен (барлық кірлерден тазарған) келгендер басқа!"** (Шұара, 88-89)

Өкінішке орай кейбіреулері бұдан бейхабар. Міне, осы ғапылдық -дүние және әр

түрлі құмарлықтар арқылы құлдың жойылуына себеп болады. Хазіреті Мәуләнә (құдиисә сирруъ) былай дейді:

*"Және біліп қой, халықдәруиштік пен пақырлықтан қашып сол себепті құмарлықтар мен жаман әуестіктердің тұзағына түседі. Өйткені, дәруиштік пен пақырлықтан қорқу (сол адамның өлімнен) қорыққандығына ұқсайды. Тойымсыздық пен күйбеңді Үндістан деп біл!"*

Дәруиштіктің абзалдығынан қашып, құмарлыққа тұншығудың қандай табыс болуы мүмкін? Тойымсыздық пен күйбеңнің Үндістаны, маңдайдағы жазмышқа қандай шара таба алады?

Осыған қарамастан адамдардың осы мәселеде әлсіздік танытуын Хазіреті Әли (радиаллау аһу) былай айтады:

"Адамдар дүние зейнетіне шектен тыс құмар болады. Алайда дүниенің зейнеті қайғымен аралас."

Аллаһ Тағала Нәбә сүресінің 6 аят кәримәсында былай дейді:

الْمُتَجَلِّلِ الْأَرْضِ مَهَادًا

**"Біз жер бетін бір бесік етіп жасамадық па?"**

Жер бетінің белгілі бір сатылардан кейін нақты материалдық-рухани бесікке айналуы қандай керемет көрініс!

Адамзатты бірауақыт рахаттық әлемінде тербетіп, сосын мәңгілікке қарай ұйықтататын дүние - әрі фәни, әрі бақи әлемнің бесігі.

Дүние бесігі үсті бір жағынан бұлттың кешкі және таңғы реңі, үйлесімділігі, атмосферасы және көркемдігімен көмкерілсе, екінші жағынан қайғы-қасіретімен көмкерілген.

Фәни болуы хикметтерін түсінген немесе түсінбеген мәңгілік ұлылықты сезінген немесе сезіне алмаған барлық адам, соңында ақиреттің бесігі болған қабірге түседі.

Ақыры барлық адам дүние және қабір естеліктерімен махшар таңында оятылады.

Олай болса, дүние өмірімен, өлімімен тура бір ақирет бесігі ретінде жабдықталған.

Шайыр қандай тамаша айтқан:

*Сені анаң туған күні дүниеге жыладың,*

*Барлық әлем күліп жатты бір жақта.*

*Енді сондай бір өмір сүр өлгенде күлетін,*

*Дүние достары көз жасын төксің!..*

Расында адам тән тұрғысынан алдымен бір табиғат белшегі ретінде топырақта, аз уақыт әкенің белінде, сосын ананың құрсағында және қолында, аз уақыт әке-шешенің жүрегінде бір өмір бойы тербетіледі. Дүние бесігінен қабір бесігіне ауыстырылып, қиямет пен ақирет сапарына жөнелтіледі.

Бүкіл дүние ұзақ жылдар қыз балалардың ойыншық бөбектерін ойыншық бесікте тербетіп, әлдилегені сияқты адам баласын тағдырдың желіне қарай тербетеді.

Расында да дүние ақирет шексіздігінің қасында бесік емей не?

Бұл өркендеу бесігінің жағымсыздықтары мен оғаштықтарының ішінде тербеліп, иман кемелдігіне қол жеткізе алмай, дүниенің тартымдылықтарына тұншығып, жаратылыс сырынан бейхабар қалғандарға нендей өкініш!

Бұл ғапыллықтың ең айқын көрінісін Меккенің бейшара Құрайш надандарынан көреміз.

Хазіреті Пайғамбарымызды (саллаллау аләйһи уә сәлләм) өздері сияқты ет пен сүйектен жаралған адам деп көріп:

«-Қарасандаршы! Жетім әрі сауатсыз! Біз сияқты үлкендер мен абыройлылар

тұрғанда ортаға шығады. Көктерден езіне хабар келгендігін, өлгеннен соң қайтадан тірілетінімізді айтады... Бұл қандай орынсыз нәрсе!» деп, өсек-аяң шығарды.

Немере ағасының езі:

"-Мен барлық нәрсені білемін, бірақ Құрайштың әйелдері мені айыптайды" -деді.

Жоқ! Ұйықтап жатқандар ұйқыдағы адамдардан не нәрсе алуы мүмкін? Гапыл адамдардың дүниесі балалардың көздерін байлап ойнаған "соқыртеке" ойыны емей не?

Ақиқатты көрмейтін жүректер пайғамбарлар мен әулиелердің өздеріне созған қолын, нәпсісіне және қияли құмарлықтарына қайшы келгендіктен жоққа шығарып, қалыс қалған. Өлімнен алыс бір қиял дүниесін орнатуға тырысқан.

Шыбындардың сарқынды үстінде ұшып қоректенгені сияқты қараңғылыққа толы дүниелерінде азғындықтарын бақыттылық деп санап, тірі өлік ретінде тәндерін арқалап өмір сүріп, ақыры өледі. Арқасы топыраққа тимеген күштілер мен тойымсыздар жермен-жермен болады.

Дүниенің ойыншықтарынан құтылып, көңіл атмосферасына кіргендер үшін өлім шынайы өмірдің туатын сәті. Өлім көлеңкелер әлемінен негізгі әлемге көшу.

Сәъл бин Абдүллаһтың риуаяты бойынша:

*"Адамдар ұйықтап жатыр. Өліммен оянып, өкініш сезінеді. Бірақ өкініштен оларға ешқандай пайда жоқ"-делінеді.*

Сол себепті салихтар мен арифтар демдерін өмір тәсбихына айналдырып, ақиқатқа жанасады. Тәндерін ортақ өлім тәлімінің ішінде нұрландырып, фәниліктен құтылады. Адамдардың барлығы басқа жерде басқаша ұйқыға батқанда, олар басқа күйде болады.

Әрбір түннің уақыт кезекшілігін күндізге тапсыруы бізді алқызыл таңның арайына жеткізеді. Үнемі сүннетұллаһ (Аллаһтың табиғат заңы) бойынша түн күнге, күндіз түнге айналады. **"Өмір екі күн бір түннен тұрады"** шумағының шындығы - бәлкім, дүние әлемі фәни бір күн; қабір, уақытша бір түн; оның таңы, мәңгілік ақиреттің күні, ақиқат таңы деген мағынада.

Өмірді күн мен түннің ауысуы ретінде керу өзгеше бір ғибрат көрінісі емес пе?

Егер елімнен қашу мен онан қорқу қажет болса, ақшам жақындаған кезде қорқыныштан дірілдеуіміз ләзім. Алайда түннің тұңғиығына батқан кезде ішімізден ешбір қорқыныш сезінбейміз. Өйткені таңның келуі жаратылыстың қағидасы, иләһи бір тәртіп.

Олай болса өлімнің қойнынан ақиқат таңында тұруды заңды санау керек.

Уақыт сызығынан үзілген әрбір сәттің бізді ақиқат таңына жақындататындығын аят кәримә тамаша жеткізген:

وَمَنْ نُعَمِّرْهُ نُنَكِّسْهُ فِي الْخَلْقِ أَفَلَا يَعْقِلُونَ

**"Кімге ұзақ өмір беретін болсақ, біз оның жаратылысын (жастығы мен сұлулығын) бұзып, белін бүкірейтеміз. Олар мұны түсінбей ме? (Сапар қай жаққа?)"** (Йәсин, 68).

Бір ақиқат ойшылының тілімен айтқанда, дүние - ақылды адамдар үшін иләһи тәртіп, көрініс және өнерге тәнті болудан, ақымақтар үшін тамақ пен әуестіктен тұрады. Адам баласының тежегіші істен шыққан машина сияқты зырлаған өмір күнтізбесіне, ажал дауылына, күздің солғындығынан қалыс қалып, Бұл әлемде көзі шаранасынан шыққан ескерткіш сияқты қақиған күйде тамашалауы, фәни құмарлықтар үшін темір есіктерді ұруы, құшағына кіретін топырақ тәлкегінен қорқып, қашуы, қарапайым бір зат үшін өмір сүруі, адамдық қасиетімен қаншалықты байланысады!

Әлем кітабының мазмұны, беташары және барлық есімдердің көрінісі болған адамның осы жүйедегі орны - рухани қоректермен қоректеніп, жаратылыстың үлкен нұсқасы және кәміл бір өзегі болу емес пе?

Өмір базарының ең негізгі киімі кебін - барлық фани сауда-саттықтың біткен жері

емес пе?

Хақ Тағала былай дейді:

**"Ей адамдар! Аллаһтың уәдесі, әрине, хақ. Дүние өмірі сендерді алдатып жүрмесін! Айлакер шайтан Аллаһқа қарсы сендерді алдамасын!"** (Фатыр, 5)

Соңғы сөзді Хазіреті Мәуләнәға қалдырайық. Ол былай дейді:

*"Тәнді өсіріп, жетілдіруге драма, өйткені ол - соңында топыраққа тапсырылатын бір құрбан. Сен көңіліңді жетілдіруге тырыс! Жоғарыларға жетіп, абыройға бөленетін - сол..."*

*"Тәніңе майлы, балды нәрселерді аз бер. Өйткені, тәнін асыраған адам, нәпсінің құмарлықтарына салынып, ақыр соңында аянышты халге түседі."*

*"Рухқа рухани қорек бер. Кәміл ой, нәзік түсінік пен рухи қоректер ұсын, баратын жеріне күш-қуатпен барсын!"*

Ей, Раббымыз! Мына қысқа ғана әлемде бізді нәпсінің құлы етіп! Қас қағым сәтке болса да бізді нәпсіміздің қолына тастама! Ақиқат дариясында көңілімізді нұрына толтырып, көкірегімізді кеңейте **гөө, Аллаһым!..**

**Әмин!**

### **ӘЛЕМ, ҚҰРАН және АДАМ**

*"Бір күні мен Аллаһ Тағаланың нұрын адамдарда көргім келді. Бейне бір теңізді тамшыда, күнді зәррәда көргім келгендей еді!"*

**Хазіреті Мәуләнә**

Ежелде жалғыз езі ғана болған ұлы Аллаһ танылуды мақсат етіп, сипаттарының көрінісі арқылы осы әлемді жаратқан. Аллаһ Тағаланың сипаттары (Құран Кәрімде тоқсан тоғыз болғанымен) өте көп. Бұлардың кейбіреуін езі ғана біледі. Екінші бір бөлігін тек пайғамбарларға ғана білдірген. Бұл ілім соларда жасырын күйі қалған. Ғалымдар да тоқсан тоғыз есімге кірмеген көптеген иләһи сипаттарды біледі.

Осы білінетін және білінбейтін барлық иләһи сипаттардың үш көрініс мекені бар:

**а.Әлем,**

**ә. Құран Кәрім,**

**б.Адам.**

Әлем - иләһи сипаттардың іс жүзіндегі, Құран болса - сөздік көрінісі. Расында, Құран Кәрім адамзаттың қияметке дейін алып жүретін кемелдігі, ақиқаты мен сырларын қамтиды. Бұл тұрғысынан ұқсасы мүмкін емес, теңдессіз мұғжиза. Сондай-ақ Әнғам сүресінің 59 аят кәрімәсында былай делінеді:

وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُّبِينٍ

"Жас, құрғақ **не** болса (барлығы) **ап-айқын** кітапта бар."

Басқа сөзбен айтқанда, Құран Кәрім – сөз түріндегі әлем деген сөз. Адам болса сол әлемнің өзегі, дәнегі сияқты. Өйткені, мақлұқаттың ішінде Аллаһтың барлық есімдерінен нәсіп алған бірден бір жаратылыс - адам! Сол себепті адамның бойында жақсылыққа да, жамандыққа да, иманға да, күпірлікке де қабілеті мен бейімділігі бар. Иман - Рабтың құлға жасаған ұсынысы. Әрбір құлдың қабілеті мен айырмашылығы, иләһи сипаттың көрінісінің басымдылығына қарай іске асады. Бейне бір бірнеше түсті бояуды араластырып, бір түс шығарудағы шындық сияқты. Басым түс нәтижеге ең көп әсер етеді. Қысқаша айтқанда, Аллаһтың барлық сипаттары көрініс тапқандықтан адам - әлемнің кішірейтілген түрі, сондықтан ол кішкене әлем деп аталған. Оның ет пен сүйектен тұратын бойында иләһи көріністердің сырлары, нұрлары мен ақиқаттары жинақталған. Ол - осы қасиеттердің

мекені және жаратылыстың ғажайыбы, әлем кітабының мазмұны мен беташары.

Аллаһ Тағала - Жәмиүл эздад яғни оның бойында қарама-қайшылықтар біріккен. Біз де заттар, оқиғалар мен құбылыстарды тек қайшылықтары арқылы түсінеміз. Жақсылықты білу үшін жамандықты, әдемілікті білу үшін жаманды, дұрысты білу үшін бұрысты және иманға қауышу үшін күпірлікті білуіміз керек. Бұл құндылықтардың барлығы қайшылықтар арқылы түсініледі.

Барлық адамдардың иман мен күпір жағдайы Аллаһтың "**Һәди**" (һидайәт беруші) және "**Мүдилл**" (адасушылыққа жетелеуші) сипаттарының арасында болады. Бірақ, нәтижесі иләһи сипаттың көрінісінің басымдылығына байланысты болғандықтан тұлғалық, басым көрініске қарай қалыптасады. Басқа сипаттардың көрінісі де осы сияқты.

Пайғамбарлар мен әулиелердің арасындағы айырмашылықтар да бөлек-бөлек көрініс тапқан иләһи сипаттардың сырларына байланысты.

Тәухид сенімінен тыс мәселелерде пайғамбарлардың қабілеттері мен міндеттері бірдей емес. Мәселен Хазіреті Мұса (аләһиһиссәләм) дүниеде тәртіп орнатуға міндетті болған. Сондықтан оның өмірі дауылдар мен боран ішінде жалғасқан. Ал сол Исраил ұлдарының пайғамбары Хазіреті Исаның міндетіндегі ерекше қасиет - нәпсіні тәрбиелеу. Өйткені ол "Рухұллаһ" сипатымен аталған.

**Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз** болса - иләһи есімдердің ең кәміл көріністерін бойынажинақтап, "**Әлемнің Мырзасы**" болған. Сауатсыз бір қоғам мен надандардың ішінде өссе де, қияметке дейін келетін үмметін ақиқат, мағрифат және ләдүн ілемдерімен көмкеріп, мәжілістері, айқын тебіреністер арқылы гүлстан; ақиқат дәрістерімен адамзатқа және барлық жаратылысқа рахмет болған.

Пайғамбарлар белгілі бір уақыт аралықтарында келсе де, солардың жолымен жүрген және қоғамға үлгі болған әулиелер үзіліссіз келген, қияметке дейін үзілмей жалғасады.

Адамға қарай өзгертін әртүрлі көріністерді түсіндіру үшін **Мәуләнә** (құддисә сирруһ) **Декукиден** мысалдар келтіреді: Декуки былай дейді:

*"Бір күні мен Аллаһ Тағаланың нұрын адамдарда көргім келді." "Бейне бір теңізді тамшыда, Күнді зәһрада көргім келгендей еді!.."*

*"Ақыл мен рух қадамымен жазаға жеттім, күн батып, уақыт кеш болған еді."*

*Мәуләнә (құддисә сирруһ), салыстырмалы түрде хикаяны былай жалғастырады:*

*"Бірден алыстан жеті шам көрдім. Соларға жету үшін жазаға жүгірдім."*

*"Әлгі шамдардың әрқайсысының нұры, тамаша түрде көкке дейін көтерілген еді."*

*"Есім шыққаны соншалық - не істерімді білмедім! Таңданудың толқыны есімнен тандырды!.."*

*"Өз-өзіме: "Бұлар қандай шамдар, осыншама жарық бола тұра, халықтың көзі оны көрмейді!"-дедім. Толған айдан да жарық шамның алдында халық жарық іздеп жүр!.. Халықның көзінде перде болғаны ма; Бұл ақиқатты неге көрмейді? Осыншама жарық айды көрмейді!.."*

Мәснәуидің түсініктемесін жазған Исмайл Анкарауи Хазіреті былай дейді:

"Бұл жеті шам дегені "**Жетілер**" деп аталатын әулиелер тобы. Декуки олардың физикалық болмысынан бұрын нұрлары мен руханияттарын көрген. Өйткені, дүние мен ақирет әлемінің ортасында "мисал әлемі" деп аталатын бір әлем бар. Дүниедегі барлық нәрсенің сол жерде бір мысалы (үлгісі) бар. Сол үлгі мәңгілік әлемде басқаша түрде көрінеді. Көрген түстердің көбі, осы мысал әлемінен келеді. Салих және адал адамдар сол әлемге түс түрінде; үмметтің таңдаулылары, яғни **кәміл мүршидтер** болса ояу кездерінде кіре алады.

Сондай-ақ **Хазіреті Мәуләнә** Декукидің сездерін былай жалғастырады:

*"Сол көрінген шамдар Аллаһ Тағаланың ақыл жетпес нұрының көріністері ме деп, оларды тамашаладым."*

*"Тартымдылығынан есім шықты. Өзімді бассыз, аяқсыз сияқты сезіндім."*

*"Бір қарасам әлгі шамдар, жеті нурлы адам болды. Олардың нұрлары көкке дейін жетті."*

*"Олардың нұрының қасында күннің жарығы күңгірт тұман сияқты қалды. Сол жеті адамның нұры, өз нұрларынан басқа барлық жарықтарды жойып кетті."*

Бұлардың барлығы әртүрлі көріністердің нәтижелері.

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруу), иләһи көріністер мен сыйларға бөленгендердің халін былайша баяндайды:

*"Ол адам осыхалмен бір қарағанда түсінгенін сөзбен жылдар бойы түсіндіре алмайды. Түсінік пен сананың бір сәт тұңғиықтан сезгенін құлақ жылдар бойы тыңқаса да түсіне алмайды!"*

*"Ей, дәруиш! Сен рухтың тұңғиығына үңіл! Және барлық нәрсені өзіңнен табуға бекін! Сенің сондай бір әлемнің өзегісің, сені лайықты түрде мадақтауға әлсізбін!"*

Аллаһтың әмірлері мен тиымдарына сай өмір сүруден басқа шара жоқ. Дүние мақсатымен, нәпсілерінің қалауы бойынша өмір сүргендердің ақыры - ақирет өкініші.

Осы себептер шеңберінде адамдар мен жындар, пайғамбарлар мен солардың жолын қуған ізбасарларына, яғни кәміл-мүршидтерге мұқтаж. Осы өнегелі тұлғалар арқылы ғана ақиқатқа жете алады. Олар - әлемнің теңдессіз парасаттылық пен ақиқат үлгілері. Мақсат - солардың өмірінен үлгі алып, Құран ахлағын, яғни Аллаһтың ахлағын, бойға сіңіру.

Бір қызығы, адамдардың кейбіреулері материалдық аурулар үшін дәрігерге жүгіріп, қаражат төлейді. Бірақ, рухани ауру болып саналатын ахлақи ауруларын тегін емдейтін кәміл-мүршидтерге жүгінбейді.

Мәуләнә (құддисә сирруу) рухани дәрігерлердің материалдық дәрігерден айырмашылығын мына жолдарында баяндайды:

*"Ол сыртқы дәрігерлер басқа. Олар жүрекке тамыр ұстау жолымен қарайды. Кәміл мүршидтер болса, тамыр ұстамай-ақ, жүрекке қарайды. Аллаһ берген көрегенділік пен сырлар себебінен материалдық дәрігерлерден өзгеше. Сырттай дәрігерлер тек қана материалдық қоректер мен дәрілердің хакімі болып, материалдық қоректер мен дәрілер арқылы хайуани рухты, яғни, тәнді емдейді. Тән болса, онсыз да топыраққа сіңіп кетеді."*

*"Рухани дәрігерлер болса - Аллаһтың ұлылық пен айбындылық нұрының айнасы. Сондықтан Аллаһқа баруға кедергі болған бөгеттерді жояды. Дәлелдері - көрегенділік, аян мен иләһи сырлар. Емдегеніне ақы да сұрамайды."*

**Аллаһ Расулынан** (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) ғибратты бір мысал:

Әбу Суфиян пайғамбарлықтан бұрын Пайғамбарымыздың (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) досы еді. Пайғамбарлықтан кейін дұшпанға айналып, Оны келеке ететін өлеңдер жазды. Пайғамбар шайыры Хасан бин Сабит (радиаллауу анһу) болса, осы келекелерге жауап беретін. Кейіннен Әбу Суфиян Мекке жеңісінде Хазіреті Аббастың (радиаллауу анһу) дәнекерлігімен иман керуеніне қосылып, бұл істегендеріне өкінеді. Кейіннен Хазіреті Әлидің үйреткен аят кәрімәсы арқылы Расулұллаһтан (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) кешірім сұрайды.

Мархабат пен мейірім теңіз. Аллаһ Расулы (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) да Юсуф сүресіндегі:

لَا تَتْرِبَ عَلَيْكُمُ الْيَوْمَ يَغْفِرُ اللَّهُ لَكُمْ وَ هُوَ أَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ

**"Юсуф** (бауырларына): **"Бүгін сендерді беттеріңнен қағып, айыптамаймын.**

**Аллаһ сендерді кешірсін, Ол мейірімділердің ең мейірімдісі" деді"** (Юсуф, 92) деген аят кәрімәны оқып, оның және басқаларының бұрынғы айыптарын кешірді. Осылайша тарих Мекке алынған күні теңдесі жоқ кешірімділік мерекесіне куә болды. Бұл, Аллаһ Тағаланың "Сәттарұл-Уйұб" (Айыптарды жасырушы) сипатының құлындағы ең тамаша көрінісі.

Шайыр Зия Паша осы оқиғаны басшылыққа ала отырып, былай дейді:

**Жаратушының құдіреті бір күні залымдарға:**

«**ثَالله لَفُدُّ اَثْرَكَ اللهُ عَلَيْنَا**» дегізер.. (Юсуф 91): "Ант етеміз Аллаһ, сені расында да бізден үстем етті. Біз шынында қателікке ұрыныппыз."

Хадис шәрифте:

*"Аллаһ Адамды Рахман суреті ретінде жаратты"* делінеді.

Яғни адам барлық иләһи есімдерге ие. Аллаһтың барлық істері мен сипаттарына айна болады.

Хазіреті Мәуләнә жаратылыс хикметінің әр түрлі болуын Хазіреті Мұсаның мына бір қиссасымен баяндайды:

*"-Ей, жаратылыс әлемінің патшасы! Неліктен әлемді және адамды материалдық рухани мыңдаған өрнектермен реттеп, безендіріп, сосын жермен - жексен етесің?"*

Аллаһ Тағала айтты:

*"-Ей, Мұса, әрине, сен бұларды гапылдықып, әуестікпен емес біздің тәртібіміз бен сырларымыздың хикметін түсіну үшін сұрап тұрсың. Әйтпесе, мұныңқы ұнатпай, сені азаптап саған ашуланар едім."*

*"Ей, Мұса, сен ол хикметті білесің. Тек халыққа мұның сырын түсіндіріп, жүректерін қанағаттандыру үшін сұрайсың."*

*"Ей, Мұса, гүл мен тікен, топырақ пен судан өсетіні сияқты, адасушылық пен ыдайәт та жүректен шығады."*

*"Дұшпандық пен махаббат жақындықтан; ауру мен денсаулық бір тамақтан туындайды."*

Аллаһ Тағала артынан былай деді:

*"Ей, ақыл иесі Мұса! Әйтеуір сұраған екенсің, келіп жауабын тыңдап хикметін біл!"*

*"Ей, Мұса! Топыраққа бірден егіп, сұраған сұрағыңның сырын біл!"*

*Мұса егін екті, егіні пісті. Оларды орды. Сол көзде құлағына баяу бір дауыс естілді:*

*"Ей, Мұса, неге алдымен егіп, сосын піскен соң орасың?"*

Мұса(аләһһиссәләм) айтты:

*"-Уа, Раббым, егінде әрідән, әрі сабан болғандықтан ордым. Өйткені дән сабанның қамбасына лайық емес. Сабан да бидай қамбасына зиянды. Бұл екеуін араластыру хикмет емес. Хикметі оларды електен өткізіп, айыру."*

Аллаһ Тағала былай деді:

*"-Ей, Мұса, сен бұл ілімді кімнен үйреніп, сол арқылы осылай істейсің?"*

Мұса (аләһһиссәләм) айтты:

*"-Уа, Раббым, маған берген мына ерекшелік, иләһи есімдердің көрінісі емес пе?"*

*"Сенің жаратқандарыңның ішінде пәк рухтар да, қараңғы, лас рухтар да бар."*

*"Қабық ретіндегі тәндерде бір-бірінен өзгеше, бірі - інжу, екіншісі - моншақ сияқты."*

*"Бидай сабаннан айырылған сияқты, жақсы мен жаман мінездерді де айырып, жамандарды тәрбиелеу қажет."*



Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Бұл әлем мен адам хикмет пен сырлар қазынасы жасырын қалмасын деп жаратылды."*

Өйткені Аллаһ Тағала: *"-Мен жасырын бір қазына едім. Білінгім келді, сөйтіп мақлұқатты жараттым!.. "-деді. Осыны тыңцап алып, өз қасиетіңді жоғалтпай, өзіңді жаратылыстың хикметіне, яғни құлдық пен Хаққа қауыштыр!"*

Әлемдегі әрбір зәррә, Құрандағы әрбір әріп және адамдағы әрбір клетка ешбір нәрсенің босқа жаратылмағандығын, өздеріне тән бір тілмен "ей адам, әлі оянбайсың ба, жаратылысыңның кемелдігіне сай бір жолға түспейсің бе?"-деп айтып тұрғанда Аллаһ Тағаланың мына аят кәрімәларына көңіл аудару керек:

إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَالْخِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لَآيَاتٍ لِّأُولِي الْأَلْبَابِ

**"Көктер мен жердің жаратылуында, күн мен түннің бірінен соң бірі келіп - кетуінде таза ақыл иелері үшін, расында да айқын ғибраттар бар."**

الَّذِينَ يَذْكُرُونَ اللَّهَ قِيَامًا وَقُعُودًا وَعَلَىٰ جُنُوبِهِمْ وَيَتَفَكَّرُونَ فِي خَلْقِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ رَبَّنَا مَا خَلَقْتَ هَذَا بَاطِلًا  
سُبْحَانَكَ قَبْلًا عَذَابَ النَّارِ

**"Олар тік тұрғанда, отырғанда, қисайып (жантайып жатқанда әрқашанда) Аллаһты зікір етеді, көктер мен жердің жаратылысы хақында терең ойлайды (және былай дейді:) Ей Раббымыз! Сен бұларды босқа жаратқан жоқсың. Сені (барлық нұқсан сипаттардан) пәктейміз. Бізді жәәннам азабынан сақга!"** (Әли Имран, 190-191)

**Уа, Раббым! Бізге осы аят кәрімәлардың мағынасынан бір үлес нәсіп ет!**

**Әмин!**

### **ХАҚ ЖАРШЫСЫ**

*"Қайткенмен барлық нәрсенің жанының жаны - Аллаһ, олай болса жанның жанына дүшпан болудан қорық! Оның әмірлеріне мойынсұн!"*

***Хазіреті Мәуләна***

Аллаһтың қасиетті есімдерінің біреуі - **"әл-Хақ"**. Осы иләһи сипаттың шарты бойынша шынайы әкімшілік пен салтанат соған тән.

Хақтың осы салтанаты мен әкімшілігін қабылдамаған адамдар, ақыры соңында Хақтың ауыр азабына душар болып, азғындыққа ауытқиды. Хаққа сиыну, хаққа сену, істеген адам үшін абырой керісінше, нәпсіге жалтақтау болса азғындық пен қасірет болып табылады.

Адам ең тамаша түрде жаратылғандықтан, иләһи бұйрық бойынша барлық мақлұқтар соның әміріне берілген. Бұл оған кейбір ерекше құқық беріп, абыройға ие еткен. Ол Аллаһтың жер бетіндегі халифасы болуы себепті де, барлық мақлұқтарға әділдік және мейіріммен қарауға міндетті. Тіпті, қияметте хайуандар хақыларын алып-бергеннен кейін оларға "топырақ болыңдар!" делінеді ал адам болса, аяққа басқан хайуан хақына да қосымша жауап беретін болады.

Құран Кәрімнің жартысынан астамы, өткен қауымдардың өміріндегі болған ғибратты оқиғаларға толы. Тәухид күресімен шаттыққа бөленгендер және керісінше күпірлік пен қарсы шыққандардың өкінішті соңдары, ақыл иелеріне ғибрат ретінде көрсетіледі.

Өлімнен кейінгі ғайыпқа байланысты ақиқаттарды түсінбеген адам әлсіздік сезінген кезде, ғайыптың тілі мен жол көрсетуіне мұқтаж. Бұл міндеттер арнайы түрде міндеттелген дара құлдар болған пайғамбарлар арқылы атқарылады.

***Періштелер сәжде етуге мәжбүр болған Хазіреті Адам***

(аләйһиссәләм);  
Көктің тамашасының сырларына ие **Хазіреті Ыдрис** (аләйһиссәләм);  
Жер бетін топан суы арқылы күпірліктен тазартқан **Хазіреті Нух**  
(аләйһиссәләм);  
Күпірлік елін дауылмен астын-үстіне шығарған **Хазіреті нуд** (аләйһиссәләм);  
Азғындық пен тасқындық ұяларын зілзәләлар арқылы түбімен сілкіген **Хазіреті Салих** (аләйһиссәләм);  
Нәмрудтың отын, тәуекелжәне мойынсунумен гүлстанға айналдырған **Хазіреті Ибраһим** (аләйһиссәләм);  
Біқылас, адалдық, тәуекел және мойынсұнуда аты аңызға айналған, қияметке дейін қажылықта барлық мүминдерге қиссаларын еске салған **Хазіреті Исмайл** (аләйһиссәләм);  
Ұрпағынан Исрайл ұлдарының пайғамбарлары келген **Хазіреті Ысқақ** (аләйһиссәләм);  
Азғындық пен арсыздықтағы шектен шығушылықпен жердің түбіне батқан "Содом Гоморенің" жабырқау пайғамбары **Хазіреті Лут** (аләйһиссәләм);  
Тәухид байрағын шығыстан батысқа жеткізген **Хазіреті Зұлқарнайн** (аләйһиссәләм);  
Махаббат пен қасіретке күйіп, сабырда дараланған **Хазіреті Якуб** (аләйһиссәләм);  
Біраз уақыт құлдық, содан соң зынданда жалғыздық, жапа, ауыртпалық, машақат, риязат және нәпсімен күрестен кейін Мысырға жөне көңілдерге сұлтан болған, айдан да жарық нұрға ие **Хазіреті Юсуф** (аләйһиссәләм);  
Кеңілге шабыт берген шешендігінен "ХатиБұл Әнбия" деп аталған **Хазіреті Шұғайыб** (аләйһиссәләм);  
Ақымақ Перғауынды қызыл теңіздің толқындарына көмген мұғжизалы, аса таяқты **Хазіреті Мұса** (аләйһиссәләм);  
Мусаға (аләйһиссәләм) барлықуақытта және барлықжерде көмекші болған салих бауыры **Хазіреті Харун** (аләйһиссәләм);  
Хазіреті Мусаға иләһи сырларды үйреткен **Хазіреті Қызыр** (аләйһиссәләм);  
Зікірімен тау-тасты, жыртқыш жануарларды балқытқан **ХазіретіДәуім** (аләйһиссәләм);  
Айбынды салтанатын жүрегінің сыртында ұстаған **Хазіреті Сүлеймен** (аләйһиссәләм);  
Жүз жылдық өлімнен кейін қайтадан тіріліп, қияметтегі қайта тірілуге мысал болған **Хазіреті Узәйр** (аләйһиссәләм);  
Терең ойымен сабырдың қайрақ тасы болған **Хазіреті Әйюб** (аләйһиссәләм);  
Үлкен шабытпен, истигфар, дұға және зікірдің ақиқатына үңіліп қараңғылықты жарған **Хазіреті Ілияс** (аләйһиссәләм);  
Әлемдерге үстем етілген **Хазіреті Әлияса** (аләйһиссәләм);  
Иләһи рахметке бөленген салих пайғамбар **Хазіреті Зулкифил** (аләйһиссәләм);  
Хикметті насихаттарымен аңызға айналған, сыртқы және ішкі дәрігерлердің пірі **Хазіреті Лұқнан** (аләйһиссәләм);  
Арамен екіге бөлінгенде де "ах!" демей, тәуекел мен мойынсунуынан таймаған, зулымдыққа ушыраған пайғамбар **Хазіреті Зәкария** (аләйһиссәләм);  
Әкесі сияқты шейіт болып өлген **Хазіреті Яхия** (аләйһиссәләм);  
Ерекше қасиеті - нәпсіні тазарту болған, мінәжат дұғаларымен ауруларға шипа

*берген, өлілерді тірілткен, көкке көтерілген Хазіреті Иса (аләйһиссәләм);*

*Соңында Хирадан әлемді оятып, адамзатты нурға бөлеген Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) - бәріде осы гайып әлемінің жаршысы болу міндетін абыроймен атқарған.*

Пайғамбарлардың фәни өмірлері арқылы жалғасып тұрған бұл иләһи міндет, олардың дүние сахнасынан кетулерімен аяқталмай, пайғамбар ізбасарлары болған ғұламалар мен шәйхтардың мүбәрәк қолдарымен қияметке дейін жалғаспақ.

Адамға ең қажетті нәрсе - жүрек көзімен көре білу және жүрек құлағымен ести білу. Құран Кәрімде баяндалғанындай, "саңырау" және "соқыр" адамдар дүниеден де, ақиреттен де мақрұм қалады.

Нәмл сүресінің 80-81-аят кәримәларында:

**"Әрине, сен өлілерге естірте алмайсың! Теріс бұрылып кетіп бара жатқан саңырауларға да естірте алмайсың!"**

**"Сен соқырларды адасушылықтан бұрып, дұрыс жолға сала алмайсың. Тек қана аяттарымызға сеніп мойынсұнғандарға тыңдата аласың!"**-делінеді.

Күпірлік, қарсылық, зұлымдық пен әділетсіздік тарихы, иләһи қаһарлардың қорқынышты мысалдарына толы. Аллаһ пен пайғамбарлар көрсеткен жолға бағынбай қарсы шыққандардың ертелі-кеш иләһи құдіреттің ащы азабы мен ауыр көріністеріне тап болуы - бұл тартпас шарт әрі өзгермейтін иләһи бір заңдылық.

**Хазіреті Мәуләнә** осы ғибратты көріністерді шумақтарында былай көрсетеді:

*"Желдің Ад қауымын не істегенін көрмедің бе? Судың топанда не істегенін естімедің бе?"*

*"Ол өшпенділік теңізінің (Қызыл теңіз) Перғауынды қалай жұтқанын, Қарунның жерге қалай батқанын!"*

*"Әбәбил құстарының піл әскеріне не істегенін, тәңірмін деген Нәмурудтың басын кішкентай бір шыбынның қалай жегенін!.."*

*"Луттың азғын қауымының басына тастың қалай жауғанын және олардың қандай қараңғы әрілас бір көдге көмілгендігін білмейсің бе?"*

*"Дүниедегі жансыз саналған жаратылыстардың бейне бір ақылды адамдар сияқты пайғамбарларға қалай көмектескендігін ұзақ баяндасам..."*

*"Мәснәуи соншалықты үлкейіп, соншама ауқымды болар еді, қырық түйе оны көтере алмас еді."*

*"Егер көзіңе саған жапа шектіруге әмір берілсе, көзің сенен жүз түрлі өш алар еді."*

*"Егер тісіңе сені қинау үшін әмір берілсе, сен тісіңнен қандай ауыр қиыншылықтар көрер едің."*

*"Медицина кітабын ашып, аурулар тақырыбын оқы! Тән әскерінің не істегендігін көр!"*

*"Қайткенмен барлық нәрселердің жанының жаны Аллаһ; олай болса жанның жанына душпан болудан қорық! Оның әмірлеріне мойынсұн!"*

Тарихтың ғибратқа толы парақтары, бейне бір халықтардың қабірстаны сияқты.

Имансыздық, арсыздық және зұлымдық халықтардың ең басты жойылу себептері болып саналады. Имансыз, залым қауымдардың "өлім сәті" қандай қорқынышты азап пен иләһи қаһар көріністері. Содан бері мың тоғыз жүз жыл өтсе де қазіргі күні **Помпей** бейне бір азғын адамдардың тасқа айналған ғибрат көріністерін бейнелеуде. Бейне бір рухани хайуанға айналған адам бейнелері!..

Бұл ғибрат көріністері олардың ақиқатын көре алмаған, оқиғаларға нәпсілік

сезіммен қараған түсінігі жоқ таяз ақылдылар үшін қарапайым ескерткіш қана.

Жер түбіне батқан азғын, арсыз және намыссыз бишаралардың мекені **Содом-Гоморені** және дүниені ездеріне бақытты таң санаған, нәпсілерін пұтқа айналдырған Ад пен Сәмудтың тастан ойылған айбынды сарайлары қазір байғыздардың ұясы!...

Мәриям сүресінің 98 аят кәримәсында:

**"Біз олардан бұрын алдымен қаншама нәсілдерді жойдық. Сен олардың қандай да бірінен (барлық) белгісін сеземісің немесе олардың ыңырсыған дауысын естимісің?"**

Ағраф сүресі 179 - аят кәримәда:

**"Ант етеміз, біз жын мен адамдардың көбін жәһәннам үшін жараттық. Олардың жүректері бар, олармен түсінбейді. Көздері бар, олармен көрмейді. Құлақтары бар, Бұлармен естімейді. Олар төрт аяқты хайуандар сияқты. Тіпті одан да бетер. Олар, нағыз ғапылдыққа салынғандардың өздері."**

Хашр сүресінің 20-аят кәримәсында:

**"Оттың (жәһәннам) достары мен жәннат достары бірдей емес. (Бірақ) жәннат иелері ғана мұраттарына жетеді"** делінеді.

Түрімен де, кеңілімен де, яғни рухани-материалдық адамдар -жәннат достары; түрі адам, рухани хайуан болғандар - жәһәннам достары.

Жәһәннам достары өздерін көзіміз ашық деп ойлайды. Алайда олар, хақтың дәмін білмейтін бақыттан құр қалушылар.

Рухани-материалдық адамдар - ұйықтап жатқанда да жүрегі ояу болады. Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*"Менің көздерім ұйықтайды. Жүрегім ұйықтамайды..."* -деген.

Көңілі Раббысымен бірге, Рабтың көретін көзі, еститін құлағы болу мәртебесіне жеткен мемлекет адамы, **Сұлтан Алпарсланның** мына бір халі бұл шындыққа тамаша бір мысал:

Алпарслан 1071 жылы **Малазгирт** соғыс **майданына** кірмес бұрын аппақ киімдер киіп:

"Бұл менің кебінім!"-деді. Яғни өзін әлем абыройына емес, ынта мен толқыныспен шейіт болуға әзірленді. Оның ықыласы өзінен бес есе көп әскер қолы бар Ромен Диогенді жеңіп шықты. Әскерлеріне соғысқа кірмей тұрып, мынадай қысқаша үндеу жасады:

*"Не жеңіске жетіп, мақратыма жетермін; немесе шейіт болып жәннатқа кетермін. Сендерден кім маған ергісі келсе, ерсін. Ергісі келмегендер кетсін! Бұл жерде әмірші Сұлтан мен әмірге көнуші әскер жоқ... Сірә мен бүгін мен сендердің қатарларыңдамын... Сендермен бірге соғысатын жауынгермін... Менің артымнан еріп, өздерін ұлы Аллаһ жолына атап, шейіт болғандар - жәннатқа; аман қалғаңқар - батырлыққа қауышады. Бөлек кеткендерді ақиретте от, дүниеде бейшаралық күтіп тұр."*

Османлы мемлекетінің негізін қалаушы **Осман Ғази** қайтыс болар алдында ұлы Орхан Ғази мен оның ұрпағымен жалғасатын 620 жылдық Ислам мемлекетінің басшылығына жасаған өсиетінің бір бөлімінде былай дейді:

*"Ей, ұлым! Әскеріңмен, байлығыңмен тәкәппарланба! Шынайы ғалымдар мен арифтерге құрмет көрсетіп оларға сарайыңнан орын бер! Менің халімнен гибрат ал. Мен әлсіз, шамасыз құмырсқа сияқты еш лайық болмасам да осы жерге келіп, Аллаһ Тағаланың қаншама көмегі мен сыйына қауыштым. Сен де мен ұстанған және бас иген тәртіпке бағын!.."*

*Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дінін, осы ұлық*

*дінді ұстанушыларды және Оның ізін басқан басқа адамдарды қарамағыңа ал! Аллаһтың хақы мен құлдарының хақын дәріпте! Дініміз белгілеген мемлекет қазынасындағы кіріске қанағат қыл!*

*Үнемі әділ әрі қанағатшыл бол! Зұлымдыққа жол берме! Зұлымдықтан аулақ бол! Сені зұлымдыққа итермелегендерді еліңнен алыстат, бұлар сені өкінішті нәтижеге ұрындырмасын!.."*

Осы баяндалған екі мысалдағы сияқты нәпсіден арылып құқықты ұстанған адамдар шаттыққа бөленіп, адамзатқа бағдар болғандығына тарих куә. Құқықты аяққа басып, осылайша нәпсісіне құл болған адамдар, бейшара халге түсіп, тарихтың қоқысында ең төменгі дәрежеге тап болып, адамзаттың жүзіне күйе болып жағылған.

**Уа, Раб! Біздерге хақғы ұстанып, оны көтеру жолында болуды нөсіп еткейсің!  
Әмин!**

### **АЛЛАҒТЫҢ ТАБИҒАТТАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНАН ТЫС НӘРСЕЛЕРДІҢ ХИКМЕТІ**

*"Ақыл иләһи тәрбие арқылы мүминдерге жаңбырдай рахмет болады, бірақ иләһи қаһарға, Рахманның шапалағына лайық болғандарға тамшысы да тимейді!.."*

#### ***Хазіреті Мәуләнә***

Адамды иманға міндетті етіп, оны осы мақсатта дүниеге жіберген Аллаһ Тағала адам өмір сүріп жатқан әлемді де әдетұллаһ деп аталатын кейбір иләһи заңдар мен қағидаларға байлаған. Мәселен, Күннің шығып батуы; күн мен түннің ауысуындағы жүйе т.б. иләһи жүйе бойынша іске асатын осы сияқты жәйттер, ешқашан өзгермейді де өзгертілмейді. Негізінде сиқырлық пен магнетизм сияқты ерекше нәрселер де әдетұллаһ деген заңдардың кейбір бөлімін қолданумен іске асады. Бұл әлемдегі үйлесімділік әдетұллаһтың тұрақтылығына байланысты.

Сана және түсінікпен қамтылған адам баласының, тек осы мүмкіндіктер арқылы ақиқатқа жетуі мүмкін болғанымен, кейде ғапылдыққа байланысты ақиқатқа жетуі қиын болады. Мұндай жағдайда адамзатты Хаққа шақыруға міндетті пайғамбарлардың табысты болуы үшін Жаратушымыз өзі белгілеген заңдармен түсіндірілмейтін көріністер көрсетеді. Пайғамбарлардың мұғжиза түрінде көрсеткен ғажайып істері, міне осы мәселенің нәтижесі. Бұл ақылы жетпеген және теріс жолға түскендердің сылтау айту жолын жабу үшін жасалады.

Адамның пікірінше, әдетұллаһқа жатпайтын мұндай көріністер -Рабтың адамзатқа берген үлкен жәрдемі, сыйы. Сол себепті пайғамбарлар міндеттерін атқару кезінде үлкен тығырыққа тірелмейін-ше Бұл жолға жүгінбейді... Олардың ізбасарлары болған әулиелер де өздерінің шамалары мен қабілеттеріне қарай сол қажеттілік бойынша кереметтер көрсетеді. Бірақ, басты мәселе - кереметемес, истиқаметте болу. Өйткені керемет - ғибадат емес.

Бұл турасында көптеген мысал беруге болады:

Хазіреті Мұсаға сенген қауымы **сыпти**, имансыз Перғауын қауымы **қыпти** деп аталады. Перғауын мен қыпти қауымының сыптиларға жасаған зұлымдықтары, олар Қызыл теңізге тұншығып жоқ болғанға дейін жалғасқан.

Хазіреті Мұсаның бір мұғжизасы таяғымен Ніл өзенін ұрып, Нілдің суы қыптиларға қан сияқты болғаны еді. Ніл сыптилар қолданған кезде бұрынғы тұнықтығын сақтап, қыптиларға қан болатын.

Мәуләнә (құддисә сирруһ), сыптилар мен қыптилардың арасындағы осы рухани

айырмашылықты былайша баяндайды:

Бір қыпти күйіп - жанып, бір сыптидың үйіне келеді. Өзін аянышты көрсетіп:

*"Мен сенің досың әрі туысқаныңмын. Қазір саған қатты мұқтаж болып тұрмын."*

*"Өзіңе арнап Нілден бір аяқ су ал, бұл ескі досың сенің қолыңнан су ішсін!"*

*"Өзің үшін толтырсаң, ол қан болмайды. Саф әрі сиқырдан аулақ болады!"*-деп,

көп жалбарынады.

Сыпти қыптидың мұғжизаны түсінуі үшін Нілден бір аяқ су алады да аузына апарып жартысын ішеді. Аяқты қыптиға ұсынып:

*"-Қане іш!"*-дейді.

Қыпти қуанып басын созды, бірақ су қып-қызыл қан болады. Сонда сыпти аяқты өзіне тартты. Қан қайтадан тұнық суға айналды. Қыпти ашуланып, ашуы басылғанша отырды. Сосын сыптиға қарап:

*"Ей бауырым! Бұл түйінді қалай шешуге болады? Мұның сыры не?"* - деп сұрайды.

Сыпти:

*"-Нілдің Бұл тәтті әрі тұнық суын тек Мұсаның дініне сенген адамдар ішеді. Сен де Перғауынның жолынан шығып, Мұсаның жолына түссең ғана бұл судың тунықтығы мен дәміне қол жеткізе аласың!"* - деді.

Сыпти қыптиға насихатын жалғастыра отырып:

*"Аймен тату болсаң ғана жарығын көре аласың!"* (Бұл жерде ай дегені Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм); жарығы дегені пайғамбар мұғжизасы).

*"Аллаһтың қас құлдарына деген дұшпандығың сені соқыр әрі саңырау етіп, араларыңа мыңдаған перде тартылған!*

*"Азғындық пен күпірлік сахарасында көрместікпен кезіп, ақиқатты көрмейсің!"*

*"Таудай күпірлігіңді истиғфармен ерітсең, ыдайәтқа қол жеткізесің! Сол кезде мағрифатқа жеткендердің нәсібінен сен де үлесіңді ала аласың!"*

*"Аллаһ (жәллә жәләлуһу) Нілдің суын кәпірлерге харам етсе, сен қулық жасап, яғни мені пайдаланып, оны қалай ішесің?"*

*"Ей, қыпти, иләһи әмірді тастап су болу Нілдің қолынан келсін бе?!.."* Осы сөздерден соң қыптидың кеңіліндегі мұнар сейіліп, ақиқат күнінің нұрын көре бастады. Күпірлік пен қарсылығына өкініп, сыптиға:

*"-Маған сен дұға қыл! Өйткені жүрегімнің қараңғылығы мен күнәмнің көптігінен менде дұға ететін ауыз жоқ! Сен дұға ет, оның әсерінен шын жүрегімнің құлпы ашылып, мен сияқты жаман адамға жақсылардың ортасынан орын тисін!.. Осы орынарқылыбіліс нәсімнің құлдығынан құтылып, періштелермен дос боламын. Сенің дұғаң маған салихтардың демі сияқты әсер етеді, өтінем дұға ет!.."* - деді.

Сосын сыпти сәжде етіп Аллаһқа былай жалбарынды:

*"-Ей, анық және жасырын барлық нәрсені білетін Раббым! Құл сенен басқа кімге алақан жаяды? Дұға сенікі, оны қабыл алуда сенің қолыңда. Әууәл (алғашқы) да сенсің, ахир (соңғы) да сенсің! Біз ортада түк емеспіз. Ей, көңілімізді дұғаға бейімдеуші! Дұғамызды қабыл алу сенің мейіріміңнің арқасында ғана болады..."*

Сыпти осылайша шын көңілімен Аллаһ Тағалаға жалбарынып жатқанда, қыптидың көңілінде бірден екінші үні көтерілді. Көздерінен жас ақты. Дереу сыптидың қолына жабысып:

*"-Қане, тез! Осы уақытқа дейін өмірімді босқа өткізгенім жетер! Маған иман бақшасына кіруге көмектес! Не айтатынымды, не істейтінімді айт! Ертерек осы күпірлік қараңғылығынан құтылайын!.."*

*Өйткені, рухыма бір шоқ түсті. Мен сияқты ібіліске періштелік жол ашылды. Сен*

сияқты қолымнан ұстап, ыдайәтқа апаратын досым бар мен қандай бақыттымын! Сен гүлдері солмайтын, мәңгілік жәннат бақшасындағы көшет сияқтысың, мені сол бақшаның ләззатына бөледің!

Мен су ішу үшін сенің өзеніңе келдім, сол жерде ақиқаттың теңізін таптым. Және сол теңізден көптеген інжу-маржандарға қол жеткіздім "-деді.

Сыпти бір аяқ су алып қыптиға ұсынды:

"Енді ішуіңе болады!"- деді.

Бірақ қыпти суға қараған да жоқ. Былай деді:

"-Мен "Аллаһ мүминдердің жанын сатып алды" сырынан бір шәрбәт іштім, соның фәйізімен махшарға дейін мен шөлдемейтін болдым. Өзендер мен бұлақтарға су берген Аллаһ, менің көңілімнен бір бұлақ ағызды, сөйтіп, күйіп-жанған ішім су ішуден баз кешті. Содан бір рухани су іштім, оның дәмі дүниенің суларында жоқ. Мен Нілден су ішу үшін иман есігіне келген едім, бірақ иман нұрының иесі Аллаһ сый-сияпатына бөлеп, мені рухани Нілге айналдырды."

"Осы ақиқатты түсіне алмай, мөлдір әрі түп-тұнық су ішудің орнына қызыл қанды жұтқандарға нендей өкінішті екендігін түсіндім! Олардың ішіндегі туньп тұрған гапылдыққа орай тек Нілдің ғана емес, бүкіл әлемнің сулары олар үшін қан болып ақса да орынды!"

Мәуләнә (құддисә сирруһ) жансыз саналған нәрселерден туындаған пәлекеттердің бос бір табиғат оқиғасы емес, иләһи тәртіп иләһи әмір бойынша іске асқандығын, түсінігі бар адамдарға ғибрат көрінісі екендігін мына жолдарымен түсіндіреді:

"Ніл өзені мен Қызылтеңіз, Аллаһтың әмірі бойынша Мұса мен (аләһһиссәләм) оның артынан ергендерге жол беріп, Перғауын мен әскерлеріне сол жолды жауып, жойып жіберген."

"Осылайша Аллаһ Тағала ақылсыз деп ойлаған Нил мен Қызылтеңізге өздеріне тән бір түсінік беріп, олар Мұса (аләһһиссәләм) мен Перғауынды ажырата алатын болды."

"Керісінше, ақылы бар Қабыл ақылдың әлсіздігінен қарсы шығып, бейне бір ақыл мен түсініктен жұрдай халге түседі. Өлтірген бауырының денесін не істерін білмей, есі шығады."

"Қабыл әйел үшін салих бауыры Әбілді өлтіреді. Денесін не істейтінін білмейді. Сосын өлген қарғаны екінші қарға жерді қазып, көмгенін көреді де:

"-Маған не болған! Бір қарға құрлы бола алмадым ба!" дейді.

"Ақыл иләһи тәрбие арқылы мүминдерге жаңбыр сияқты рахмет болады, бірақ иләһи қаһарға, Рахманның шапалағына лайық болған адамға тамшысы да тимейді."

"Бұл хал пайғамбарлардың мүғжизаларында үнемі байқалады. Олар тасқа және таяққа рух береді."

"Әбу Жәһилдің қолындағы тастарға Пайғамбарымыздың мүғжизасы ретінде тіл бітіп:

«لا إله إلا الله مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللهِ» деген.

"Таяқ Хазіреті Мұсаның қолында айдаһар болып, Перғауынды қорқытып, сиқыршылардың жерге тастағандарын әп-сәтте жоқ қылады."

Мәуләнә (құддисә сирруһ) сөзін ары қарай сабақтап:

"Олай болса, жансыз нәрселерді осы зікір етуші тастар және таяқпен салыстыр!"

Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз (саллаллаһу алейһиуәсәлләм) қасына Хазіреті Әбу Бәкір, Хазіреті Омар және Хазіреті Әлиді (радиаллаһу аһу) ертіп Ұхұдқа шыққан еді. Ұхұд, үстіндегі бұл рухани тұлғалардан толқып тербеледі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу

аләйһи уә сәлләм):

*"Тыныштал, ей, Ұхүд! Үстіңде бір пайғамбар, бір сыддық (адал адам) және екі шейит бар!"* деді.

Осы сөздерден кейін үлкен тау, тынышталады.

Мәуләнә (құддисә сирруһ) хал тілімен жансыздарды сөйлетеді. Олар:

*"Біз Аллаһты білеміз және Оған мойынсұнамыз. Кездейсоқ және босқа жаратылмағанбыз."*

*"Біз, барлық жансыздар, Қызылтеңіз сияқтымыз. Сірә, ол батырып жоятын Перғауын мен оның қауымын, Аллаһтың көмегімен Хазіреті Мұса қауымынан ажырата білді."*

*"Сол сияқты, сол бейшара әрі бас көтеруші Қарунды жер түбіне батырып, құртқан да біз!"*

*"Бізді ай сияқты ойлаңдар, ол Аллаһ Расулының ишараты мен әмірін естіген кезде дереу бөлініп, аспанда екі бөлек болып көрінді."*

Хазіреті Мұхиддин Араби былай дейді:

"Барлық жаратылыс езіне тән түрде Аллаһты зікір етеді. Бірақ, олардың бұл халдері бір-бірінен өзгеше. Бірінші дәрежеде жансыздар. Яғни тас, топырақ, су, қазбапар және т.б жансыздар әлемі.

Әнбия сүресінің 79-аят кәрімәсында:

**"Құстар мен тәсбих ететін тауларды Дәуітке бас идірдік. (Мұны) істеген біз!"**- делінеді.

Жансыздардан кейін өсімдіктер келеді. Бұлардың су, ауа және жарық сияқты кейбір қажеттіліктері бар. Жансыздардан гөрі кемелдірек. Топырақтан сорып алған кейбір химиялық заттарды, иләһи тәртіппен реттеп, түрлі түсті гүлдер, жапырақтар және жемістер шығарады.

Одан кейін жануарлар келеді. Бұлардың өмірлік мәндері өсімдіктерден де күрделі. Сол себепті қажеттіліктері де көп.

Адамның зауалда да кәмілдікте де түсінігі кең. Бұл оның иман міндетін арқалауының табиғи нәтижесі. Расында, адамды менмендік, қиял, ой, дүниелік құмарлықтар үнемі ғапылдыққа жетелейді.

Хаж сүресінің 18-аят кәримасында осы төрт топтың халін жағдайына қарай қандай тамаша суреттейді:

**"Көктер мен жердегілер, күн, ай, жұлдыздар, таулар, ағаштар, хайуандар және адамдардың көбі Аллаһқа сәжде еткенін көрмейсің бе!"**

Демек, жанды-жансыз барлық әлем, иләһи тәртіпке бағынады. Пайғамбарымыздың өзі тек ездеріне берілген иләһи мүмкіндіктеріне қарай ғайыпты біле алады. Шәйх Сағди Гүлстанында былай дейді:

Бір адам Хазіреті Яқубтан:

"-Ей, жүрегі нұрлы, ақылды пайғамбар! Юсуфтың көйлегінің иісін Мысырдан келе жатқанда білдің, неге қасындағы құдыққа тасталған кезде оны көрмедің?"-деп сұрайды.

Яқуб (аләйһиссәләм):

"-Біздің Бұл мәселеде қол жеткізетін иләһи нәсіп, найзағайдың жарқылы сияқты. Сол себепті ақиқат бізге кейде көрінеді, кейде көрінбейді!"-деп жауап береді.

Аллаһ Тағала Ахзаб сүресінің 72-аят кәримасында былай дейді:

**"Біз аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық, Олар, мұны көтеруге тартынды. Жауапкершілігінен қорықты. Оны яғни иләһи аманатты, адам мойнына алды. Әлбетте, адам өте залым әрі надан."**



Бұл жердегі "амакатты арқалау" әр түрлі мағыналарға берілгенімен, көбінесе қабылданған көзқарас бойынша, иман мен салих амалды арқалау деген сөз. Адам бұл жүктің салмағын лайықты түрде біле алмағандықтан надан әрі залым сипаттарына ие болған. Бұл сипат аманаттың салмағын білдіру үшін айтылған.

Йәсин сүресінің 77- аят кәримасында:

أَوَلَمْ يَرَ الْإِنْسَانَ إِذَا خَلَقْنَاهُ مِنْ نُطْقَةٍ فَإِذَا هُوَ خَصِيمٌ مُبِينٌ

**"Ол (қарсы шыққан) адам кермеді ме? Біз оны бір тамшы судан жараттық. Енді келіп (бізге) айқын бір дұшпан бола қалды"**-делініп, адамның қорқынышты ғапылдығын баяндайды.

Бұл ғапылдықтыра шыбынныңхикаясына ұқсайды. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*"Бір шыбын кішкентай ғана тоқтау судың ішіндегі сабанның үстіне қонған кезде өзіне үлкен бір мансап көріп капитан сияқты сезінеді."*

*"Теңізді де, кемеңде еңжақсы білетін менмін -дейді. Өйткені мен қазір үлкен бір дарияның үстінде мықты бір кемеде шебер, ойлы және орынды шешім қабылдайтын бір капитанмын!"*

*"Ей, кішкене ғана шамасына шыбынның көзімен қараған адам! Әзірейл астыңдағы сабанды тартқан кезде, халіңнің не болатындығын еш ойламайсың ба?"*

Адам шынайы иманмен Раббысына бет бұрып, ықыласпен құлшылық етсе, бар жағдайда иләһи көмекке ие болады. Жансыздар әміріне беріледі. Өзіндегі жасырын иләһи көріністердің сырлары, заттың ақиқаты оған аян болады. Керісінше, ғапылдыққа салынып, дүниенің өткінші ләззаттарына алданатын болса, мәңгілік өкініш пен алданышқа тап болады.

Мұхиддин Араби (құддисә сирруу) Құран ақиқаттарының түбіне тек жүрек көрегендігімен жетуге болатындығын айтады.

Аллаһтың барлық есімдері ықыласты ауыз және жүрекпен зікір етілгенде исми ағзам болады.

Риуаятта Хазіреті Әли (радиаллау аһу) бір ағаштың астында отырған кезде бір пақыр келіп, қажетін айтады. Хазіреті Әли (радиаллау аһу) жерден біруыс құм алып, оқиды. Пақырға береді. Пақыр құмның ұсақ алтынға айналғанын көрген кезде қуанып, былай деп жалынады:

"-Уа, мүминдердің әміршісі, өтінем, Аллаһ үшін маған не оқығаныңды үйрет!"- дейді.

Хазіреті Әли (радиаллау аһу), Фатиха сүресін оқығанын айтқан кезде пақыр жерден бір уыс құм алып, оқиды. Ештеме өзгермейді. Таң қалып, Хазіреті Әлиден:

"-Бұл не нәрсе? Не құпиясы бар?"-деп сұрайды. Хазіреті Әли (радиаллау аһу): «-Екеуміз де Фатиха оқыдық... Бұл - ауыз бен жүректің айырмашылығы!» –дейді.

Руханият материядан үстем болғандықтан, үнемі оған әсер етеді. Чанаккале шайқасында ағылшын қолбасшысы әрі тарихшы Хамилтон:

"Бізді түріктердің материялық күші емес, рухани күші жеңді. Олардың ататын зеңбірегі де қалмаған еді. Бірақ біз көктен түскен күштерге куә болдық!" - деген.

Алдында айтқанымыз сияқты бүкіл әлем, иләһи ерік пен иләһи тәртіпке бағынады. Құран Кәрімде:

**"Ақыл (көрегенділік) иесі үшін көптеген ғибраттар бар!"** (Юсуф, 111) делінеді.

Дүние ақылды адамдар үшін ғибраттар көрмесі. Ақымақтар мен ғапылдар үшін жойылу мен күйреу орны.

**Уа, Раб! Иләһи есімдеріңнің көрінісінде Һәди есіміңнің басымдығына ие етіп, өмірімізді керсеткен тура жолыңда жалғастыруды нәсіп ет!**

**Әмин!**

### **ӘЛЕМДЕГІ БІРЛІККЕ ДЕГЕН БЕЙІМДІЛІК**

*"Егер Бұл әлемдегі нәрселер көңіл әлеміндегі қуаныш рахатының шағылысы болмағанда, Алла Тағала бұл қиял әлемін алданыш орны деп атамайтын еді."*

**Хазіреті Мәуләнә**

Хазіреті Мәуләнә "нәпсіқұмарлық" және "руханият" деп аталған, бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымның бір-бірімен күресін және әрқайсы бағынған тартылысты әртүрлі мысалдармен түсіндіріп, руханиятын дамытқысы келгендердің тек қана **шынайы ғашықтықтың** арқасында максатына жете алатындығын төмендегі хикаяда былай түсіндіреді:

*"Мәжнүн Ләйләнің жолға шыққанын естиді. Сосын түйесіне мініп, Ләйлә баратын ауылға асығыс жол жүреді. Жаңа туған ботасы бар түйенің көзі артта қалған ботасында. Мәжнүн түйенің үстінде ұйықтай бастаған кезде түйе дереу ботасы жаққа бұрылады. Мәжнүн сезіп қалады да, дереу түйені Ләйләнің аулына қарай бұрады. Осылайша бірнеше рет қайталаанады."*

*"Өйткені Мәжнүн Ләйләге қауышуға ынтық, түйе болса ботасының қасына баруға ынтық."*

*"Кешке қарай Мәжнүн қайда келгендігін білу үшін айналасына қарайды. Ілгері-кейін жүріп, таңертең жолға шыққан жерде екендігін, бір қадам алға жүрмегендігін көреді. Сол кезде Мәжнүн түйеге дауыстап:*

***"-Ей, түйе! Сен ботаңа ғашықсың, мен Ләйләма! Сондықтан екеуіміздің де жолымыз екі түрлі. Сен менің жолыма кедергі боласың, мен сенің жолыңа!.. Біз бұлайша жолдас бола алмаймыз. Сен фәни бір тәнге ғашықсың, мен мәңгілік бір жәзғиз... Бөлінуіміз керек!"***"-дейді.

Бұл хикаядағы Мәжнүн дегені - "сұлтани рух", ол Аллаға ынтық. Түйе дегені - "нәпсі". Ботасы - "әуестіктер мен әуесқойлық" деп аталатын дүниенің ләззаттары.

Бұл хикаяда бір-біріне қарама қайшы екі мәжнүн, яғни руханият пен нәпсіқұмарлық бірлескен. Екеуінің күресі тәмсіл түрінде баяндалады.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) осы хикаяға байланысты кейбір жолдарында мынадай салыстырма жасайды.

*"Руханият пен нәпсіқұмарлық Мәжнүн мен оның түйесі сияқты, бірі алға, екіншісі артқа кеткісі келеді."*

*"Мәжнүннің бір сәттік гапылдығы, түйені ботасына қарай бұрады."*

*"Мәжнүннің тәні Ләйләге деген ғашықтық пен ынтықтыққа толы болғандықтан, Мәжнүн уақ-уақ еріксіз қиялға шомылып, есінен танады."*

*"Оған жол көрсететін ақыл болса, Ләйләге ынтықтығына көмілген."*

*"Бірақ түйе, яғни "нәпсі", мұқият әрі осы сәтті ұтымды пайдаланып Мәжнүннің қиялға батқан кезінде ботасына (әуестігіне) бет бұратын."*

*"Рух жоғары көтерілу үшін қанат қақса, нәпсі тырнағымен жерге жабысып, мына фәни дүниеден айырылғысы келмейді."*

*"Ақыры Мәжнүн түйеге қарап:*

*"Ей, түйе! Екеуіміздің ғашықтығымыз бір-біріне қайшы... Олай болса, бұл жолда жолдас бола алмаймыз. Сенімен бірге болсам, рухым Ләйләдан алыс қалады..."*"-дейді.

*"Мұса қауымының Тих сахрасында қалғаны сияқты мен де сенімен осы жағдайда өмірім өтті."*

*"Ей, түйе! Негізінде қауышуға баратын жол - екі-ақ қадам. Сенің қулығың мені қаншама жыл қауышудан мақрұм етті. Алайда, жол өте жақын еді..."*

*"Бірақ, мен өте кешіктім. Мен саған мінуден жалықтым!.. " - деді." "Мәжнүн еңіреп түйесінің үстінен секіріп түсті."*

*"Ол жігіт Мәжнүн қатты секіргендіктен, иләһи қаза бойынша аяғы сынды."*

*"Аяғын таңып, өзін доп сияқты қылды. Ләйләнің мекеніне қарай бір доңғалақтың жылдамдығы сияқты домалай бастады."*

Хикаяда баяндалған ақиқат - жаратылыстың негізі мен ақиқатының вужуд мұтлақ (нақты болмыс) яғни, Аллаһ екені. Иләһи ерік пен пәк сипатының көрінісі бойынша жаратылған көптік әлемнің негізгі қағидаларының біреуі - бірдей болу және адам баласының негізіне қайту ынтасы мен бейімділігі.

Жаратылыс махаббатпен көбейеді. Көптіктегі бірлік деген мағынадағы жаратылыстағы иләһи көріністердің бірлікке қайтуы болып саналатын бірдей болу тек қана сүйіспеншілік және ғашықтықпен іске асады.

*كُنْتُ كَنْزًا مَخْفِيًا فَأَحْبَبْتُ أَنْ أَعْرَفَ فَخَلَقْتُ الْخَلْقَ لِأَعْرَفَ*

*"Мен жасырын бір қазына едім. Білінгім келдіде, әлемді жараттым" - деген хадис құдсида баяндалғаны сияқты, әлемнің жаратылуының себебі - ғашықтық пен махаббат.*

Сол себепті жаратылыстың ең абыройлысы болған адам баласын фәниге байланудан құтқарып, Раббысына және ең жоғарғы мәртебеге жеткізетін бірден-бір себеп осы. Бірақ, бұл жолда руханияттың азығы болған ғашықтық пен сүйіспеншіліктің орнына нәпсінің әуестіктерінің соңына түсу, бұл иләһи мақсатқа қайшы бір бақытсыздық.

Дәруішке керегі қандай халде болмасын нәпсінің қулықтарына апданбай, басына келген бәлекеттер мен сынақтарға алдырмай, Хаққа қауышу жолына түсу.

**Мәуләнә** (құддисә сирруһ) рухтың, нәпсі мен қабілеттердің адамға қарай өзгеретіндігін, әркім өзінің айнасынан әлем өрнегін, өзгеше тұрғыдан бөлек-бөлек керуін мына мысалдармен баяндайды:

*"Бір сопы шабыттанып, тәфәккүр ету үшін бір әсем бақшаға кіреді. Бақшаның түрлі-түсті әсемдігіне тәнті болады. Көзін жауып мұрақабә және тәфәккүрге (ойға) батады."*

*"Сол жердегі бір гапыл адам сопыны ұйықтап отыр деп ойлайды. Оның бұл халіне таң қалып, тынысы тарылып сопыға: "Неге ұйықтап отырсың? Көзіңді ашып, жүзімнің сабағын, шешек атқан ағаштарды, жасыл көгалдарды тамашала! Аллаһтың рахмет әсеріне назар сал!" -дейді."*

*Сопы оған жауап ретінде былай дейді:*

*"-Ей, әуесқой адам! Иләһи рахметтің ең үлкен туындысы - көңіл. Одан басқасы осы үлкен туындының көлеңкесі іспеттес. "*

*"Ағаштардың арасынан бір өзен ағады. Оның мөлдір суында екі жағадағы ағаштардың бейнесін көресің..."*

*"Суға шағылысып көрінген қияли бір бау-бақша. Негізгі бау-бақшалар көңілде. Өйткені көңіл - Аллаһтың назар орны. Олардың әсем әрі пәк бейнелері су мен балшықтан тұратын дүние әлемінде."*

*"Егер бұл әлемдегілер көңіл әлеміндегі сол шаттық рахатының шағылысы болмағанда, Аллаһ Тағала бұл қиял әлемін **алданыш орны** деп атамас еді."*

*"Әли Имран сүресінің 185-аят кәримәсында:*

***"Әрбір тіршілік иесі өледі. Істегендеріңнің ақысы, әлбетте, қиямет күні толықтай берілетін болады. Сол кезде кім оттан алыстатылып, жәннатқа кірсе, ол енді нақты мұратына жетеді. (Бұл) Дүние тіршілігі алдамшы дүниелік қана"***

**делінеді."**

*"Ғапыл адамдар дүниені жәннат деп ойлап, "Жәннат осы!" деп айтатындар осы өзеннің көлеңкесіне алданғандар."*

*"Нағыз бау-бақшалардан, яғни әулиелерден алыс қалғандар сол қиялға сеніп, алданады..."*

*"Бір күні осы ғапылдық ұйқысы аяқталады. Көздер ашылады, ақиқат көрінеді. Бірақ, ақырғы демде ол көріністің қандай пайдасы болар?"*

*"Өлмей тұрып өлген, рухы осы бақтың ақиқатының иісін сезгендер қандай бақытты..."*

Расында адам дүниенің нәпсілік ләззаттарына көңіл бөлмей, одан бас тартса, Аллаһ (жәллә жәләлуһу) сол құлдың рухын саф, жүрегін нұрлы етеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*"Ішіне нұр кірген жүрек ашылып, кеңейеді"-дегенде;*

*"-Уа, Расулаллаһ, Мұның белгісі қандай?"-деп сұрағанда, ол:*

*"-Фәни дүниеден алыстау, мәңгілік ақирет өлкесіне көңіл бөлужәне өлмей тұрып өлімге әзірлену"-деп, жауап берген.*

"Тасаввуф деген не?" деп сұраған адамға **Жүнейд Бағдади** Хазіреті былай жауап береді:

"Халыққа еру кірінен арылу, Хаққа мойынсұну, жаман мінездерден арылу, нәпсінің құмарлықтарынан қашу, рухани қасиеттерге қол жеткізуге тырысу, шынайы ілімдерге жүгіну, үнемі ең дұрысына қарай әрекет жасау, әр кімге насихат айту, рухтардың әлмисақта берген уәдесінде шынайылықпен тұру, Хазіреті Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және шарифатқа бағыну."

Сырлары саф, жүрегі таза және іші нұрлы адам Аллаһ Тағала алдында ең алдыңғы сапта болмақ. Бұлар нағыз сопылар. Аллаһ алдындағы білімдері мен мағрифаттары негізді. Олар Раббысына сеніп, тәуекел етеді, қазасына (жазмышына) ризашылық көрсетеді.

Әлемдегі барлық мақлұқтардың жүректері, жағымды немесе жағымсыз қабілеттеріне қарай әртүрлі болады. Бірақ эгоизм, яғни жаратылыстың өзіне бейімделуіне негізделеді. Сол себепті әрбір жаратылыс, езіне тиесілі нәрсені қай жерде көрсе, сол жерге тартылады. Бұл, өзін басқада керудің нәтижесі. Яғни, бір жыныстылар бір-бірін тартады. **Қай жерде сүйіспеншілігі болса, Бұл сүюшінің өз ерекшелігін көруінен туындайды.** Сондай-ақ тарту мен тартылу үшін бірлік пен ұқсастық шарт. Нәпсі - пасықтарды; руханият - дұрыс жолдағылар мен салихтарды; күпір - кәпірді, иршад (тәрбие) - иршадқа талаптыны тартады. Бұл тартылыс заңы - руханиятта және материяда, жақсылық пен жамандықта барлық шамасымен үкімін жүргізеді.

**Расулұллаһ** (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осыған байланысты былай дейді:

*"Рухтар жүйелі әскерлер сияқты. (Рухтар әлемінде) бір-бірімен танысқандар дүниеде бірлеседі; бір-бірін жатырқағандар қайшылыққа түседі."*

Сықақшылық жасап, айналасындағы адамдарды күлдіретін меккелік бір әйел ыжрәттен кейін сәйкестіктен Мәдинада тағы өзі сияқты әзілімен атағы шыққан бір әйелге қонақ болуын, осы тартылыстың тамаша бір үлгісі ретінде қарауға болады.

**Малик бин Динар** былай дейді:

Бір күні бір адамға сәлем бердім. Менің атымды айтып, сәлемімді алды. Таң қалып:

*"-Мені бұрын көрмесең де қайдан таныдың?"-деп сұрадым.*

*"-Рухым, рухыңа рух әлемінде таныс болғандықтан сені маған Раббым танытты"-* деді.

Уәйсал **Қарани** (құддисә сирруһ) да, езіне сәлем берген адамға, атын айтып, сәлем

қайтарады. Адам:

"-Менің Херим бин Хайям екенімді қайдан білдің?"-дейді.

Сонда Уәйсал Қарани:

"Рухым рухыңды таниды,"-деп жауап береді.

Хазіреті Әлиге бір әйел келіп:

"-Кішкентай ұлым үйдің төбесіне шығып, шетінде тұр. Шақырсам, келмейді, онда қалдырсам, жерге құлап, өледі! Не істейін ?"-дейді.

"-Ей, әйел, езі сияқты бір баланы төбеге шығар. Оны көргеннен кейін қасына келеді. Сен сол кезде оны құтқарасың!"-деді.

Әйел баласы сияқты бір баланы төбеге шығарды. Бала өзі сияқты баланы көргенде еңбектеп, соның қасына келді. Қауіп сейілді.

Мәуләнә (құддцә сирруъ) былай дейді:

**"Жыныс жынысына мәңгі гашық."**

**"Құлдарды қауіп-қатерлерден құтқару үшін жіберілген пайғамбарлардың адамдардың арасынан келуі де сол себепке байланысты."**

**"Сол себепті ақымақ адамның ақылды адамды айыптауы, опасыздық жақсылық, иесіне күпіршілік етуі таңданарлық нәрсе емес."**

**"Иса (аләйһиссәләм) мен Идрис (аләйһиссәләм) керемет риязат пен күрес арқылы періште сияқты болды. Тіпті, жемейтін, ішпейтін халге жетті. Бейне бір періштелердің жынысына жақындағандықтан, көкке көтерілді."**

**"Һарут пен Марут атты періштелер де тән жынысынан болғандықтан көктен жерге түсірілді..."**

Хазіреті Мәуләнә осы мысалдар арқылы Хазіреті Идрис пен Хазіреті Исаның риязат және нәпсімен күрес нәтижесінде нұрланып, періште сияқты көкке көтерілгендігін, Һарут пен Марут болса нәпсінің кіріне батқандықтан, періште болса да жер бетіне түскендігін баяндайды.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейбір уақытта адамзат әлемінен арылып, толықтай руханиятқа оранатын. Сондай-ақ хадис шәрифте:

**"Мен Аллаһтың нұрынанмын. Кәміл мұминдер де менің нұрымнан"** деген.

**Хазіреті Мәуләнә** осыдан кейін:

**"Хазіреті Мұса Перғауын мен Хаманның көзінде өте жаман болса, Хазіреті Мұсаның қауымының алдында ол екеуі өте залым әрі жаман еді."**

**"Перғауын мен Хаманның жаны өз қыптыларын тартатын. Хазіреті Мұсаның рухы болса, тәухид талапкерлерін тартатын. Өйткені бұл араларындағы ішкі мәндерінің айырмашылығының әсерінен еді."**

**"Есектің асқазаны сабанды, адамның асқазаны бидай көжесін қорыта алады."**

**"Егер сен гапылдық пен надандықтың қараңғылығы себепті бір адамды тани алмайтын болсаң, ол адамның ұстазы мен достарының кім екендігіне назар аудар!.. Егер кәміл бір адамға ерөтін болса, тақуа болса ол, шынайы кемелдену жолындағы адам..."**

**Сәъл бин Абдұллаһ әт-Түстери** "Кіммен дос болайын?" - деген бір адамға мынадай насихат айтады,

"Сопылармен деп кеңес берем. Олардан айырылма. Өйткені олар саған жасаған көмектерін ешқашан көп көрмейді, сенің бойыңнан көрген кемшіліктерің үшін сені айыптамайды. Әрбір іс-әрекетінді сені түсінген тұрғыдан жорамалдайды."

Ибн Ата былай дейді:

Бұл дүниеде мынадай екі қасиетке ие болу адамға көп нәрсе береді:

Дәруіштермен сұхбат,

Әулиелерге құрмет.

Зүннүн Мысри (құддисә сирруь);

"-Кіммен дос болайын?"-деп сұраған Юсуф бин Хұсәйнға;

**"-Жүрегіңде дүниеге тән ештемесі жоқ, сенің ешбір халінді айыптамайтын, оның алдында қанша өзгерсең де, саған деген ұстанымын өзгертпеген адамдармен дос боп!.."**

**Өйткені, ең көп өзгерген кездерің досқа ең мұқтаж болған кездерің!..**"-дейді.

Екі адамның арасындағы тартылыс рухани бірліктен туатын болса, ешбір кедергі алдында шайқалмайды. Қанағат табумен аяқталмайды.

Нәпсілік себептерден туған тартылыс болса, ең қарапайым кедергілерге де шыдай алмай жығылатыны сияқты, әрбір қанағаттылықта азая береді. Руханият жоғалады. Рухани жетілу жолында ілгерлеудің бірден-бір заңы - тартылыстың рухани бейімділікпен іске асуын қамтамасыз ету.

Негізінде адам өмірін көтеру немесе төмендетуде ең басты себеп, махаббат пен жиіркенішке бағыт беруге байланысты. Егер махаббат лайықты адамына, дұшпандық пен жиіркеніш те лайықты адамына бағытталатын болса, бағыттау дәрежесіне қарай адам жоғарылайды.

Керісінше, махаббат пен дұшпандықты лайықты емес адамдарға бағыттау сол дәрежеде емірдің мәнін төмендетеді.

Аллаһ Тағала былай бұйырады:

وَأَصْبِرْ نَفْسَكَ مَعَ الَّذِينَ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ بِالْغَدْوَةِ وَالْعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجْهَهُ وَلَا تَعْدُ عَيْنَاكَ عَنْهُمْ تُرِيدُ زِينَةَ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَلَا تُطِعْ مَنْ أَغْفَلْنَا قَلْبَهُ عَنْ ذِكْرِنَا وَاتَّبَعَ هَوَاهُ وَكَانَ أَمْرُهُ فُرُطًا

**«Ертелі-кеш Раббысына (тек) оның (ризашылығымен) көркем дидарын тілеп, дұға етушілермен бірге шын көңілден сабыр ет (шыдамдылық таныт)! Дүние өмірінің өсемдігін қалап, олардан көз жазып қалма! Жүректерін бізді еске алудан ғапыл қылған, жаман әуестіктеріне бағынған және барлық ісі шектен шығушылық болған адамдарға бас име!..»** (Кәһф, 28)

**Уа, Рабб! Бізге жағымды және жағымсыз барлық сезімдер мен ойларымызды Сенің ризашылығыңа сай қолдануды нәсіп ет!**

**Әмин!**

## **ТАСАВВУФ ПЕН ЛӘДҮН ІЛІМІ**

*"Парасаттылықтан нәсібі жоқ көптеген ғалымдар бар. Ілімді жатқа білсе де, Аллаһқа сүйікті бола алмаған!"*

**Хазіреті Мәуләнә**

**Хазіреті Пайғамбар** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаладан үш түрлі ілім ұққан.

**Біріншісі** - өзі мен Аллаһ (жәллә жәләлуһу) арасында қалған. Бұл ілім адамзат түсіне алмайтын болғандықтан адамдарға паш етілмеген. Тек қана Аллаһ Расулына (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тән болған. Жәбірейіл (аләһһиссәләм):

"-Уа, Расулаллаһ! Мен сенің ақиқатыңды білсем, қасыңа келе алмас едім"-деген.

**Екінші ілім** - жалпыға бірдей. Бұл - адамдардың түсінігі мен шамасы жететіндей дәрежеде. Бүкіл адамзат осы топқа жататын білімге иман және амал етуге міндетті. Мұның екіншісі бір аты - шарифат.

**Үшінші ілім** - кейбір лайықты адамдарға тән, ол тасаввуф, зұһд, ихсан түсінігіне жету. Яғни Бұл ілім рухани (жүрек) өмірмен байланысты. Сонымен қатар адамның Бұл

бапта қабілеті мен шамасына қарай жауапкершілігі бар. Құл өзінің амандығы үшін осы қабілетті жетілдіруге мәжбүр. Бұл нәпсіні тазарту мен жүректі сафтандыру арқылы болады.

Сондай-ақ Құран Кәрімде:

**"Шүбәсіз, нәпсің тазартқандар құтылды."** (А'лә, 14; Шәмс, 9)

**"(Ей, пайғамбар!) Әуестігі мен әуесқойлығын тәңір еткендерді (табынғандарды) көрдің бе? Енді сен оған өкіл боласың ба?"**- (Фұрқан, 43) делінеді.

Тәбәрани риуаят еткен бір хадис шәрифте былай делінеді:

*"Жер бетіндегілер табынған тәңірлердің ішіндегі Аллаһтың ең жек көретіні - әуесқойлық."*

**Ләдүнни ілім** - тасаввуф ішінде рухани тәрбиенің нәтижесінде жететін Хақтың сыйы. Құран Кәрімнің көптеген аят кәрімеларында осы ілім туралы айтылуы осының дәлелі. Мұсаға (аләһиһиссәләм) байланысты келген алғашқы уахиларда осы шындықтың ишараттары айтылған.

**Хазіреті Мұса** (аләһиһиссәләм) отбасымен бірге Мәдиен қаласынан Мысырға кетіп бара жатқан еді. Жолда суық, жаңбырлы, қараңғы бір түнде баласы дүниеге келді. От пен жарық қажет болды. Алыстан бір от көреді. Негізінде анық көрген оты, оны пайғамбарлыққа әзірлеуге бір ишарат еді. Сол жерден шоқ әкеліп, от жағып осылайша отбасымен жаңа туған нәрестені жылытпақ болады. Сол жерге барғанда оған Аллаһ (жәллә жәлләл үһү) тарапынан:

**"Ей, Мұса! Әлбетте, мен, иә, мен, сенің Раббыңмын! Дереву нәліңді шеш!**

**Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатында тұрсың!.."**- (Таһа, 11-12) делінді.

Тәпсіршілер «فَاخْلَعْ نَعْلَيْكَ» **"нәліңді шеш!"** сөзін әр түрлі баяндап ишари мағына берген. Бұлар қорыта айтқанда Күшейри, Ләтайфүл-ишарат пен Рухул-Баянда былайша баяндалады:

**"Екі нәлі** дүние мен ақиретті тәмсіл етіп;

**"Жүректі дүние мен ақиретке байланысты істерден босат! Хақ үшін барлық нәрселерден оқшауланып, Аллаһтың мағрифаты мен назарында (бақылауында) ез нәпсің мен мендігіңді жоюға тырыс!"** деген сөз."

Екінші бір мағынада:

**"Сен табиғатың мен нәпсіңнен арыл! Нәпсің мен оған байланысты нәрселерді ойламайтын бол, кел!"**

**"Дәлелді ойлаудан баз кеш! Өйткені көзбен көргеннен кейін бұлардың пайдасы жоқ!"**-түрінде баяндалады.

Сол себепті **Шәйх Шибли** Аллаһқа қауышқаннан кейін барлық кітаптарын өртеп жіберген.

**Хазіреті Мұса** (аләһиһиссәләм) Перғауын мен оның әскерлері Қызыл теңізде Исраил ұлдары қауымының көз алдында жойылып кеткен соң қауымын жинап, оларға өте анық, түсінікті, қызу уағыз айтты. Қауымы Хазіреті Мұсаның ілім мен мағрифаттағы тереңдігіне қайран қалды. Тәнті болды. Араларынан біреу:

**"Ей, Аллаһтың пайғамбары, мына жер бетінде сенен асқан ғалым бар ма?"**-деді.

Хазіреті Мұса:

**"Ондай адамды білмеймін"**-деді.

Сол сәтте уахи келіп:

**"Екі теңіздің бірлескен жерінде бір құлым бар, оған ерекше ілім (ләдүн ілімі) бергенмін. Үмметіңнен таңдаулы бірін алып соған бар!"**- делінеді.

Мұса (аләһиһиссәләм) досы Юша бин Нун (аләһиһиссәләм) мен бірге асығыс жолға

шықты.

Мұса (аләһиһиссәләм) өзіне уахи арқылы ишарат етілген адамды, бір жартастың үстінде шекпенін бүркеніп отырған жерінде көріп, сәлем берді.

"-Мен Мұсамын..."-деді.

Қызыр:

"-Демек, Исрайл ұлдарының пайғамбары Мұса сен болдың ғой!"-деді.

Мұса (аләһиһиссәләм):

"-Маған Аллаһ тарапынан хабарланған адамдардың ең білгірі сенбісің?"-деп сұрады.

Қызыр оған:

**"-Ей Мұса, Аллаһ маған бір ілім берген, ол сенде жоқ. Саған бір ілім берген, ол да сенде жоқ"**-деп жауап берді.

Мұса (аләһиһиссәләм) Қызырға (аләһиһиссәләм) осы ілімді үйренгісі келетіндігін айтты. Сырттай түсіну мүмкін емес, өзіне ғажайып болып көрінген кейбір ақиқаттардың хикметін содан үйренбек болды. Сөйтіп, аталмыш мәшһүр сапарға шығады.

**Мәуләнә** (күддисә сирруһ) бұл оқиғаның ғибратты және хикметті жағына назар аударып былай дейді:

*"Ей, Кәрим (абыройлы, жомарт) адам! Бұл рухани ынтаны "Кәлимұллаһ" болған Хазіреті Мусадан көр! Қара Мұса (аләһиһиссәләм) не дейді:*

*"Осыншама мәртебеге ие болсамда өзімдікәміл санамаймын. Одан ары рухыма жарық беретін Қызырды іздеп жүрмін."*

Хазіреті Мұса, Қызырды іздеуге кіріспек болғанда, оған қауымы айтты:

*"-Ей, Мұса, сен қауымыңды тастап, сенен де төмен дәрежедегі бір адамның ізіне түстің!"*

*"Алайда, сен "қауіп" пен "үміттен" құтылған пайғамбарсың. Ендіне болады.*

*Қанша уақытқа дейін іздемексің?"*

*"Іздеген нәрсең өзіңде... ійұны сен де білесің. Ей, көкпен таласқан ұлық пайғамбар! Жер бетінде қашанға дейін осылай кезбексің?"*

Мұса (аләһиһиссәләм) қауымына:

*"Өтінем Күн мен айдың жолына кедергі жасамаңдар! Мен-пайғамбарлықтың айымын, Қызыр болса - әулиеліктің күні. Яғни менен де жоғары пайғамбарлар бар. Қызыр болса әулиеліктің ең жоғарғы мәртебесінде "-деді."*

Хазіреті Мұса сөзін жалғап, былай деді:

*"Мен дәуірдің сұлтаны болған бір әулиемен сұхбаттасу үшін екі теңіздің қосылған жеріне кетіп барамын."*

*"Ақиқат пен мағрифатқа жету үшін Қызырды дәнекер етемін. Сол үшін де ұзақ жол жүремін. Себебі, онымен жолығуым керек..."*

***"Талап пен тәуекелге мініп, жылдар бойы ұшамын. Жыл деген не, мыңдаған жыл жүрсем де оны іздеп табамын. Бұл сапар сол гауһарды табуға татымай ма?"***

Хазіреті Мұсаның сипаты - Кәлимұллаһ (яғни Аллаһпен сөйлесуші). Аллаһ Тағала Хазіреті Мұсамен тілдескен кезде өзінің ежелгі "кәләм" сипатымен сөйлесті. Оның ешбір сипаты жаратылғандардың сипатына ұқсамайды. Ол біледі; оның білуі, біздің білуіміз сияқты емес. Күдірет иесі ол да біздің күдіретіміз сияқты емес. Ол сөйлейді, біздің сөйлескеніміз сияқты емес!.. Біз, тіл сияқты құралмен сөйлейміз. Аллаһ (жәллә жәләлуһу) бұдан пәк. Әріптер жаратылған нәрсе. Аллаһтың сөзі жаратылмаған. Әріпсіз және құралсыз болады. Мұса (аләһиһиссәләм) Аллаһпен (жәллә жәләлуһу) тілдескен кезде қасындағы 70 адам мен Жәбірейіл (аләһиһиссәләм) бұл тілдесудің парқына барып түсіне



алған жоқ...

Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) бұл тілдесуден ләззаттанғаны соншалық - дүниеде ме, әлде ақиретте ме, қайда екендігін ұмытып, мастықпен:

"-Уа, Раббым! Маған өзінді көрсет!"-деді.

Оның талабына Аллаһ Тағала:

«لَنْ تُرِيَنِي» -**Сен мені ешқашан кере алмайсың?"-деді.**

Аллаһ Тағаланың бұл сезін әулиелер былай түсіндіреді:

"-Ей, Мұса! Сен сен болып тұрғанда мені көре алмайсың! Бірақ, нәпсіңді тастап, мендігінді жойған кезде ғана мені көре аласың. Ол кезде көретін сен емес, мен боламын. Өйткені ол кезде сен менде боласың!"

Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) бұл ұсынысы оның көңіліндегі Аллаһқа деген ғашықтығы мен махаббатынан туындаған еді. Ол көктегі айдың жарығын көргенде шабытқа мініп, масаттанып, ұлғайып-кішірейген дария сияқты еді. Сондай-ақ бұл ғашықтық халі Хазіреті Мұса тұрған тауды теңселтіп қарсы алдындағы тау болса, ғашықтық сырынан алған кішкентай пайымен жарылуына себеп болған. Сол сияқты Хазіреті Идрис пен Хазіреті Исаның (аләйһиссәләм) әртүрлі себептермен көкке көтерілуі де осы көрініс арқылы болған. Тағы осы ынта Хазіреті Мұхаммедті (саллаллау алейһи уә сәлләм) бұрынғы пайғамбарлардан да ілгері дәрежеде Аллаһқа қауышу көрінісіне бөлеп, оны Мигражға көтерген. Бұлар жасанды түрдегі емес, ақиқат нәрсе.

Осындай сырлы терең мәселелер жайында Хазіреті Мәуләнаның (құддисә сирруу) тілімен Мәснәуиді талдаушылар былай дейді:

"Егер тек қана доспен жан жолдас болып, жан жолдас болған достарымның барлығы мені түсінгенде кейбір жат адамдар біздің сұхбатымызға қатыспаған жағдайда мен сендерге ғайып қазынасынан әліге тіл жетпеген талай жасырын сырлар айтар едім. Айтатын да едім, түсіндіретін де едім. Бірақ, сырларыма шыдай алатын дос, сырлас жоқ болса, үндемеген дұрыс. Өйткені әр адамға ақылы жететіндей дәрежеде сөз айту керек. Әйтпесе, халді түсінбейтін адамға хикмет пен мағрифат туралы айту ақиқатқа зұлымдық болады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай дейді: *"Хикметті иесінен басқаға берсеңдер (оган) зұлымдық еткендерің."* Мұның екінші бір мағынасы:

*"Хикмет пен сырларды иесіне бермейтін болсаңдар (онда) оларға зұлымдық жасағандарың"* деген сөз."

Мәуләнә (құддисә сирруу) ләдүн ілімі, иләһи бір нәсіп екендігін, бұл тек рухани қабілеттілерге ғана берілетіндігін былай баяндайды:

*"Яқубтың Юсуфтың жүзінде көрген ерекшелігі өзіне тән еді. Ол нұрды көру Юсуфтың бауырларына нәсіп болмаған еді. Бауырларының жан дүниесі Юсуфты көруден де, тіүсінуден де алыс еді."*

*"Рухтың қорегі - ғашықтық. Жанның - қорегі аштық."*

*"Яқуб пен Юсуф бір бірін тартты. Сол себептіде Юсуфтың көйлегінің иісі оган өте алыс жерден жетті. Ал көйлекті әкеле жатқан бауыры болса, ол иісті сезе алмады."*

*"Себебі, Юсуфтың көйлегі бауырының қолында уақытша ғана нәрсе еді. Бауыры көйлекті Хазіреті Яқубқа табыстауға міндетті болатын. Яғни, ол көйлек бауырының қолында тұтқындаушының қолындағы құл сияқты еді. Тұтқындаушының өзінікі емес, басқдсына тиесілі еді."*

*"Көптеген парасаттылықтан нәсіпсіз ғалымдар бар. Ілімді жаттап алған, бірақ Аллаһқа сүйікті бола алмаған."*

Өйткені көрегенділікке кітап-қалам арқылы қол жетпейді. Ол тек кеңілін мағрифат

нұрымеін нұрландырған құлға беріледі. Осындай бір көңілге ие Юнус Әмрә Хазіреті бұл ақиқатты қандай тамаша баяндайды:

*Юнус Әмрәм болды пақыр,  
Ажал желкесін тоқыр,  
Көңіл кітабынан оқыр,  
Қолына қалам алмады...*

Осы ұлық мәртебеге жетпеген ғалымдарда, яғни ілімін парасатты-лыққа айналдырмаған адамдарда, ілім нақыл түрінде ғана болады. Олар сырттай білімдердің шеңберінен шыға алмаған. Айналасы толған әулие болса, да пайдасы жоқ. Өйткені олар өздеріндегі таяз мәліметтердің тар терезесінен қарағандықтан ақиқатты толықтай кере алмауымен қоймай, бұл кемшіліктерін айналасындағы әулиелерге телиді, яғни әр әулиеден бір нұқсандық тауып, өздері арқалаған сырттай білімнің тұманына батып арғы жақты көре алмайды.

Мұндай адамдар үшін Аллаһ Тағала өткен үмметтерді мысал келтіріп, былай дейді:  
**"Оларға Тәурат жіберілсе де оны қажетті түрде орындамағандар кітап арқалаған есек сияқты. (Әсіресе) Аллаһтың аяттарын жоққа шығарғандардың халі қандай жаман. Шүбә жоқ, Аллаһ залымдарды дұрыс жолға салмайды."** (Жұма, 5)

Қасиетті аят кәрімәда айтылған кытап арқалаған есектің жағдайында-ғылар теңелген жануар сияқты арқалаған кітаптарының бір сөзін де лайықты түрде түсінуді былай қойғанда, кітап арқалап жүргендерінің де парқында емес. Мұндай ілім Хазіреті Пайғамбардың (саллаллау алейһи уә сәлләм): *"Уа, Раббым! Пайдасыз ілімнен саған сиынамын!"* деген ілім түріне жатады.

Ілім тақуалық және ықыласпен қоректенбесе, пайдадан гөрі зиянға көп себеп болады. Тақуалықпен безендірілген ілім ғана Хақ Тағала алдында қабыл болып, иесіне сыр әлемінің есігін ашады. Сол кезде құл жазылмаған ілімге ие болады. Бұл тақуалықтың берекетімен ғана болмақ.

Аллаһ Тағала былай дейді:  
*وَاتَّقُوا اللَّهَ وَ يُعَلِّمُ اللَّهُ*

**"Аллаһтан қорқыңдар (тақуалықтан таймандар! Біліп қойыңдар) Аллаһ (сендерге білмегендеріңді) үйретеді!"** (Бақара, 282).

Сондай-ақ Имам Ғазали мен Абдұлқадир Гейлани сияқты тұлғалар, алдымен сыртқы ілімдердің шыңына жеткен еді. Бірақ, ғайыби сырлар мен Аллаһқа баратын нәзік, жіңішке, әрі тартымды жолға рухани тереңдіктерінің ішінен және өте кеш болса да жетіп - Хақ досы болды. Аллаһ (жәллә жәләуу) өзінің заттық ерекшеліктері мен сырларын соларға, солар сияқты ерекше жаратылған адамдарға паш етті. Олар да онымен айналысуға кедергі болған барлық кедергілерді жойды. Тәндері зікір, нәпсімен күресу, сұхбаттасу және мұрақабә арқылы нұрға айналды. Сырлар мен хикметтерді көзбен көруге қол жеткізді. Аллаһ Тағала Бұл сияқты рухани сыйларды ежелде өзі үшін таңдаған адамдармен дос болған құлдардан басқаға бермейді.

Хадис шәрифте былай делінеді:

*"Әбу Бәкір көп намаз оқып, көп ораза ұстағандығынан сендерден үстем емес. Оның үстемдігі - жүрегіндегі тағзым ниетінен."*

Көптеген аят кәрімәларда әулие құлдардың жүрегіндегі ихсан сезімінің арқасында қорықпайтынын, қайғырмайтынын және астынан өзендер ағып жатқан жәннәттарға қол жеткізетіндігі айтылады.

Әбу Һурайрадан риуаят етілген бір хадис шәрифте:

*"Кейбір жасырын ілімдерді тек "Аллаһтың ариф" құлдары түсінеді. Бұл ілім*

туралы айтылған кезде оларды тек өздерін жақсы көретін тәкәппар топтар ғана "надан" деп санайды. Хақ Тағала өз тарапынан ілім берген ғалымдарды төмен санамаңдар! Өйткені Аллаһ Тағала оларға сол ілімді берген кезде оларды төмен санаған жоқ, "-делінеді.

Ғазали (құддисә сирруъ) рухани ғұламалардың сырттай ғалымдардан үстемдігін мына мысалдар арқылы түсіндіреді:

Имам Шафи Шәйбани Райдың алдында шәкірт сияқты тізе бүгетін. Оған:

"Ей, имам, сен кім, Шәйбани кім? Бұл құрметіңнің себебі не?" -деп сұраған кезде Имам Шафи:

"-Бұл адам, біздің білмегендерімізді біледі..." - деп, жауап береді.

Ахмед бин Ханбәл мен Яхия бин Муаз кейбір мәселелерді Ма'руф Кәриден сұрайтын. Олардан мұның себебін сұрағанда, сахабалардың:

"-Уа, Расулаллаһ! Кітап пен сүннетте жоқ болса, не істейік?" - деп сұрағанда, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

"-Оны салих адамдардан сұраңдар! Солармен ақылдасыңдар!" - деген хадис шәрифті мысал келтіретін.

Әлбетте рухани ғалымдар көрінбейтін әлемнің сырына толы. Жүнәйд Бағдадиге, Сәрий Сақати (құддисә сирруъ): "Аллаһ сені алдымен сыртқы ілімдерге жеткізсін. Содан кейін сопы қылсын!" - деп, дұға ететін. Сонымен қатар Харис бин Әсәд әл-Мухасибимен сұхбат етіп, одан әдеп пен ілім алуға кеңес беретін.

Хазіреті Омар (радиаллаһу аһу) қайтыс болған кезде Абдуллаһ бин Мәс'уд (радиаллаһу аһу):

"-Ілімнің оннан тоғызы кетті," - деді.

Сахабалар оған:

"-Әлі де ішімізде ғалымдар бар!" - дейді.

Сонда ол:

"-Мағрифат ілімі туралы айтып отырмын" - дейді.

Жалпылай сыртқы мәліметтер білім деп аталады. Мұндай мәліметтер ақылға, нақылға және сыртқы тәжірибелерге сүйенеді. Мағрифат немесе парасаттылық болса, көрегенділікке, аянға және ішкі тәжірибеге сүйенеді.

Сопылардың пікірінше адамның негізгі сипаты сауатсыздық.

Аят кәримәларда адамға өте аз ілім берілгендігі және адамның өте надан әрі залым екендігі айтылады.

Ілім - Аллаһтың сипаты. Құл Аллаһ берген аз мәліметтерге қосымша Аллаһтан "ихсан" келуі арқылы ариф болады. Мағрифаттан, яғни Аллаһты танудан, үлес алуға тырысады.

Ақыл ез бетінше кәмілдікке жетсе де Аллаһты лайықты түрде тани алмайды. Өйткені ақыл - адам үшін бір құрал ғана. Адам осы құрал арқылы ғана езін танытушыны таниды. Аллаһты да тек белгілері арқылы тани алады. Хақ Тағала ежелде рухтардан:

"Мен кімін?" деп емес,

**"Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?!"**-деп сұрады.

Ақылмен нәпсі тазартыла алмайды. Тазартылу тек жүрекпен болады. Аят кәримәда былай делінеді:

أَلَا يَذْكُرُ اللَّهُ تَطْمِئِنُّ الْقُلُوبُ

**"Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана тынышталады."**

(Рағд, 28)

وَأَذْكُرُ اسْمَ رَبِّكَ وَتُنَبِّئُ الْبَنِيَّةَ

**"Раббыңның есімін зікір ет те, барлық байланыстарды үз! Раббыңа бет бұр!"**-  
(Мүззәммил, 8) делінеді. Ибн Ата былай дейді: -Аллаһ езін қарапайым адамдарға мақлұқаты арқылы танытты:

أَفَلَا يَنْظُرُونَ إِلَى الْآيَاتِ كَيْفَ خُلِقَتْ

**"Түйелерге қарамай ма? Қалай жаратылған?"** (Ғашия, 17) Зиялыларға (ғалымдарға) кәләм сипаты арқылы танытты:

أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْفُرْآنَ

**"Құранды ойламай ма?"** (Ниса, 82)

وَنُنزِّلُ مِنَ الْقُرْآنِ مَا هُوَ شِفَاءٌ وَرَحْمَةٌ لِّلْمُؤْمِنِينَ

**"Құранда түсірген аят кәримеларымызда мүминдер үшін шипа және рахмет бар."** (Исра, 82)

وَاللَّهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَىٰ

**"Ең көркем есімдер Аллаһтыкі."** (Ағраф, 180)

Әбу Хасан бин Әбу Зәһр, Шиблиден риуаят етеді:

"Тасаввуф - жоғары, көктен түскен иләһи ілім. Бітпейді, аяқталмайды. Бұл ілімнен тек иелері пайдаланады. Мұны тек Аллаһ Тағаланың арнайы үлкен сыйына бөленгендер ғана біле алады."

Бұл мәртебелерді ұстанбай айтып жеткізу мүмкін емес. Осы халді өмірде ұстанған сопылар **"Фүсус"**<sup>7</sup> 7. Фүсусұл Хикем: Мухиддин Арабидің кітабы. - дағы сияқты кей кездері ишаратты сөздерді қолданады. Мұның себебі - рухани ілімнен нәсіпсіз адамдардың ез бетінше түсініп адасушылыққа түсуінің алдын алу!..

**Имам Ғазали, Бахауддин Накшибәнд, Мухиддин Араби және Имам Раббани** сияқты Хақ достары діннің сырларын. хикметтерін көріністен мағрифат ғарышына жеткізетін ерекше қабілет иелері болып саналады.

Жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың осы мағрифат ілімі себепті "еш" екендіктерін сезініп, иләһи салтанаттың алдында "қорқыныш (хауф)" халінде болғандықтарын білдіретін риуаяттар көп.

**Юсуф Әсбат** Хазіреті "еш болудың" бір түрі болған қарапайымдылықты кәміл түрде ұстануды былай түсіндіреді:

"Таңертең үйден сыртқа шыққаныңда кімге жолықсаң, оны езіңнен жоғары көргейсің. Қарапайымдылық дегеніміз кім саған хақ нәрсе айтса оны қабылдағайсың да сенен төменгілерді өзіңнен жоғары санағайсың. Шам сияқты жұмсақ болғайсың. Түйе сияқты жетекке жүргейсің. Сені мақтаушы мен жамандаушы бірдей болсын. Әрбір істе Аллаһқа бет бұрғайсың, басыңа келген жақсылыққа да, жамандыққа да шүкіршілік етпейсің.

Ариф - өзіне келген жақсылықты, сый мен ізгілікті Хақтан деп біліп, кемшілікті нәпсісінен көрген адам...

Құлдың адалдығының (туралығының) белгісі - көңілі тілімен, жүрегі іс-әрекетімен бірге болғаны..."

Хазіреті **Әбу Бәкір** (радиаллаһу аһу):

"Әттең, құстар шоқыған бір құрма түйірі болсам!"

**Хазіреті Омар** (радиаллаһу аһу) болса:

"Әттең, от болсам! Шіркін ештеме болмасам еді!"-деген.

Аммар бин Ясир Куфа мешітінде:

"Мен куә боламын, ол осы дүниеде де, ақиретте де Аллаһ Расулының жұбайы"- деген **Хазіреті Айша** (радиаллаһу аһу):

"Шіркін, мына ағаштағы бір жапырақ болғанымда!.." - деген.

Және Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Ниса сүресінің:

**"Кімде-кім жаман іс істесе, жазасын тартады!"** - (123 аят кәрімә) мағынасындағы аят кәрімә түскен кезде қатты дірілдеп, Аллаһтан қорыққандығынан:

"Белім сынғандай болды, бүктісіп қалдым!.." - деген болатын.

Бұл адамдардың халдерін осылайша жеткізуі, Аллаһтың ризашылы-ғына қайшы бір амал істеуден қорыққандығынан және Аллаһ Тағаланың құдіретінің ұлылығын тілге тиек етуден, әр сәт шаттықпен өмір сүру мен ұялудан туындаған еді:

Құран Кәрімде:

اقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَىٰ بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيبًا

**"Кітабыңды оқы! Бүгін саған жақсы есептеуші ретінде өз нәпсің жеткілікті!"** - (Исра, 14) делінеді.

Дінді тек сыртқы жөнінен алып, ішіне, яғни рухи тереңдігіне, бойлай алмау - ете қорқынышты қасірет. Адам білмеген нәрсесіне дұшпан. Салихтардың, садықтардың, абзал адамдардың ортасынан және олардың сұхбаттарынан алыстап, жолдың ортасында қалу - көңіл мен ұждан шегін тарылтып, ішкі-сыртқы нұрларды сөндіреді. Кітап пен сүннеттің нәзік хикметтерінен және әулие адамдардың рухани жарығы-нан мақрұм етеді. Адамға Хақ Тағала тарапынан берілген, өмірдің құндылығы болып саналатын сезімдерден айырылып, нәпсінің құлы етеді. Мұндай адамдар, әлемге күңгірт көзбен қарайтын ғапылдық соқырлары болады.

Мұса (аләһиссәләм) адами дауылдар мен толқын толы, азғын, материялист Исраил ұлдары қауымына шарифатты орнату үшін жіберілген пайғамбар.

Хазіреті Мұса Қызырға:

"-Саған үйретілген ілімнен маған да үйретуің үшін саған ерсем бола ма?" - деді.

Қызыр (аләһиссәләм):

"-Сен менімен жолдас болу үшін ешқашан да сабыр ете апмайсың!" - деді.

Осы сөздерден Қызыр (аләһиссәләм) Хазіреті Мұсаның психология-лық жағдайы хақында жорамал жасап, Оған өзін түсіндірді, бірақ бұл хал соңында іске асатын еді. Хазіреті Мұсаның алатын сабағы өз орнын танып, сабыр дәрісін алу еді. Яғни Хазіреті Мұсаға:

«- Менімен бірге болу үшін сабыршылық ету сенің қолыңнан келмейді. Сондықтан сен бұл мәселеде үзірлісің. Өйткені бұл ілімнің кәміл түрі әлі саған берілмеген», - деген еді.

Мұса (аләһиссәләм) былай деді:

"-Иншаллаһ, мен сабыр етемін. Сенің ешқандай ісіне қарсы келмеймін."

Қызыр (аләһиссәләм):

"-Егер маған көнетін болсаң, мен саған сырымды айтпайынша, ешбір нәрсе жайлы менен ештеңе сұрама! Яғни, таласуды былай қойғанда, түсіну үшін де сұрама!"

Демек, басқа ілімдерде мәселені ашатын білімнің жартысы сұрақ болса, бұл ілімде оған тиым салынады. Бұл жерде шәкірттің нәпсісі іс-әрекет емес, кебінесе қабілетке әзірленеді.

Хазіреті Мұсаның өмірінде бұл ілімнің оған тек қана Қызырмен (аләһиссәләм) жолығудың нәтижесінде ғана емес, әр түрлі себептер арқылы берілгендігін көреміз.

Осыған байланысты бірнеше мысал келтірер болсақ:

Мұса (аләһиссәләм) Мысырда жүргенде Исраил ұлдарына Перғауынды жоятын болса, оларға "Тәуратты" алып келетіндігін уәде етеді. Перғауын жойылған соң, Аллаһтан Тәуратты беруін сұрайды. Оған отыз күн ораза ұстауды, сосын он күн тағы қосып ұстап, қырық күнмен бітіруді әмір етті.

Хазіреті Мұсаның Тур тауында қырық түн қалуында мынадай ишараттар бар:  
Әулиелер түн сияқты қараңғы қиыншылық сәттерімен жапа шеккеннен кейін ғана мағрифат таңына жете алады. Барлық жетістік таңы қиын түндерден кейін болады.

Мұса (аләһиһиссәләм) Тур тауында үзбей ауыз ашарсыз отыз күн ораза ұстады. Қарны ашқан да жоқ, шөлдеген де жоқ. Сосын Қызырмен (аләһиһиссәләм) кездесу үшін сапарға шығуға әмір етті. Жолда жарты күн өтпей жатып сабыры бітті, қарны ашты. Жолдасына:

"-Тамағымызды әкел, жейік!"-деді.

Өйткені оның Қызырға баруы бір сынаққа байланысты еді. Сынақтың үстіне бәлекет қосылды. Мақлұқтың қасында жол жүргенде жарты күнде қарны ашты. Ал Тур тауындағысы Аллаһқа қауышып, онымен тілдесу сапары еді. Тұрған жерінің айбыны Оған тамақты ұмыттырып жіберді. Есінде Аллаһтан басқа ештеңе қалған жоқ.

Ұлық пайғамбар Хазіреті Мұсаның Қызырдан ләдүн ілімін үйрену үшін жіберілуі - өте назар аударарлық жайт. Мұса (аләһиһиссәләм) үшін сол сәтте ләдүн ілімін білетін адамнан бұл ілімді үйренуі нұқсандық емес.

Мысалы, Мимар Синанның ғылыми күші мен қабілеті Сүлеймания мешітін салынғанда жұмыс істеген барлық ұсталардан жоғары. Синанның сол мешіттегі бір мәрмәр ұстасы сияқты мәрмәрді өндеуді білмеуі, ол үшін кемшілік емес. Өйткені, ол ұсталар да Синанның қарамағына кіреді. Мәрмәр өнерін содан үйренеді.

Бұл, Хазіреті Мұсаның барлық нәрсені білетін бір пайғамбар емес, Аллаһтың ілімінен оған берілмеген бір ілімнің болғандығын көрсетеді. Бұл ілім кейіннен оған өзінен де төмен дәрежедегі Қызыр арқылы беріледі. Бұл - пайғамбарлар да иләһи ілім алдында әлсіз екендіктерін білдіру, әрі Хазіреті Мұса мен Қызырдың қолындағы ілімнің, болашаққа келетін **зүл-жанахайн** (дүние мен ақиретті терең білетін адамды) көз алдына әкелу арқылы **Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның** (саллаллаһу аләһи уә сәлләм) мәртебесінің ең кәміл мәртебе екендігін білдіру үшін...

**Уа, Рабб! Бізді жүректері иләһи нұрға толған, мағрифат теңізінен нәсіп алған, сый-сияпат көріністеріне бөленген құлдарыңнан қыл!**

**Әмин!**

### **ҚАЙҒЫЛЫ АЙТ-МЕРЕКЕ**

*"Егер сенің көңілің болса, Көңіл Қазбасын тауап қыл!"*

*Хазіреті Мәуләнә*

Қателік пен оның ақыры - қайғы адамзаттың жаратылуымен бастаған. Сірә, тұңғыш атамыз **Адам** (аләһиһиссәләм) иләһи қалау бойынша бір зәлләге душар болған еді. Мұнысының нәтижесі ретінде жәннаттан қуылып, дүниеге жіберілуімен алғашқы қайғы татылған болды.

Хазіреті Адам жаралған балшыққа 39 жыл қайғы, ал, бір жыл қуаныш жауған. Қайғы мен шердің басымдығы соншалық бұрыннан бері бар.

Адам өмірі ананың қиналуы, өзінің де жылауымен басталады. Ақыры, тән деген киімі шешкізіліп, мәңгілік сапарға аттандырады. Оның осы келіп-кетуінде қайғы басым.

Бұл келіп-кетудің арасына көкей көзімен қаралса, өмірдің шексіз қайғы, мұң, қиыншылық жағдайлар мен бос әуестерге толы екені байқалады. Бірақ, ғапылдық көйлегін жырттып, келген әлемінің шындықтарын аңғарған ұпы рухтар үшін өмір - сынақ, өлім болса - той кеші яғни, қауышу. Хазіреті Мәуләнә өмір бойы осы қауышу сәтін іңкәрлікпен күткен.

Фәни өмір сахнасында іске асқан нәпсілік жетістіктер теңіз жағасында ойнап жүрген балалар жасаған, бірақ кішкентай бір толқынмен құлайтын құм үйлер мен ойыншықтар іспеттес.

Адамның жаратылу себебі - Раббыға құлдық, Оның білінуі және нәпсінің бақылауға алынуы.

Дүниелік өмірде жеке бас не қоғам беретін ықпалдардың кейбірі нәпсілік, ал кейбірі болса, рухани сезімдерді қоздырады.

**Айт мерекелері** осы сезімдер қатарынан адамдағы мейірімділік, қамқорлық, опа көрсету сезімдерін қайрап, тасырады.

Адамның өзін қуандырады Һәм өзгелерді қуантудың қуанышын сездіреді.

**Айт мерекелері** - жеке бастың емес, қоғамның рухани қуанышы, осы қуанышты бөлісу, езіміздің және басқалардың көңіл дариясына сүңгу, барлық мұсылмандарды бауырмалдық сезіммен құшақтау болып табылады. Бір құдси хадисте Хақ Тағала:

**"Жер мен көкке сыймаймын, мүмин құлымның көңіліне сыйамын!"** - деген.

**Айт мерекелері** - Жаратушының құрметіне барлық мұсылмандарға сүйіспеншілік көрсетіп, оларға рақымдылықпен, нәзіктікпен қол ұшын беру.

**Айт мерекелеріне** жабырқаулы көңілдердің, ешкімі жоқтар мен қайғыда жүргендердің көңілін баурап, құшақтап бастау керек.

Хадис шәрифте айтылғандай, алғашқы айтшылауға бізден аса мейірім, рақым, рухани көмек пен дұға күткен қайтыс болып кеткен жақындарымызбен бастауымыз жөнді болады. Бұл жағдай - еліктер мен тірілердің сағыныштарын басып, араласулары. Сондай-ақ Фатихалар мен садақалар бағыштап, өткендерімізге деген адалдық қарызымыздың төленуі. Әлемнің мәңгі мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

**"Сендерге екі уағызшы қалдырамын. Бірі - үндемейді, екіншісі - сөйлейді.**

**Үндемейтін уағызшы - өлім. Сөйлейтіні болса, Құран Кәрім,"**-деген.

Екінші бір хадис шәрифінде болса:

**"Қабірге кірген - саздауытқа түскен адам секілді. Медет күтеді..."**-деген.

Дүние - әзәл (әу бастағы ежелгі) мен әбәд (мәңгілік) арасындағы рухтың жырақтық жұрты. Рух онда ғаріп күйде өмір кешеді. Айт - қайғы мен қуанышқа толы осы жырақтық әлемінде Раб Тағаланың құлдарына сый тартқан - қуаныш күні.

Бірақ, **шынайы айт мерекелері шынайы құрбандықтардың** арқасында болады. Сондай-ақ **Хазіреті Ибраһим Хазіреті Исмайлді** толық берілумен құрбан ететін кезінде, Хақ Тағала тарапынан **қошқар** беріліп, Исмайл (аләһиһиссәләм) әкесіне сыйланған және қияметке дейін жалғасатын айт мерекелерінің бастамасы болды.

Соғыстардың өзінде шынайы шейіттер, яғни құрбандар берілгенде, сөзсіз артынан жеңіс келеді.

**Мынау бір шындық - Раббысына құл болған құлдарға тұтқын болмайды. Арыстанның қапаста болуын ойлау қалай мүмкін болмаса, мүминнің тұтқында қалуын да ойлау мүмкін емес!** Мүмин зынданның ең түкпіріндегі бір бөлмеде кісенделіп, жатқан болса да, сол мүмин -тұтқын емес, азат... Өйткені, Раббысының кепілдемесінде. Басы кеудесінен айрылғанша, тұтқын бола алмайды, Өйткені, ол Раббысына берілген күйде. Сірә, Аллаһ өзіне беріліп, бас игенді басқаға тұтқынға бермейді! Олар бас кесушілерінен де ұзақ жасайды. Бәлкім, Аллаһ (жәллә жәләлуһу) олардың рухани өмірлеріне мәңгіліктің берекетін берер. Осылайша бұл лә-йәмут (өлімсіз) тұлғалармен қияметке шейін жалғасатын "өлімсіздер тізбегі" тарихтың даңқ пен абыройға толы беттерін жаза береді.

Тарихтың барлық кезеңдерінде куә болынған жайт - рухани ұлылар, сұлтандар,

Аллаһ жолындағы жауынгер мәңгілікке дейін өмір иесі.

Сонымен қатар соғысқанда шынайы құрбан берілмей, тірі бірақ көңілі елі және отанға деген сүйіспеншілігі жоқ адамдар өліп жатқан болса, онда жеңіс емес, қайғы мен қасіретке тап болу бар.

Қазіргі таңда еліміздің тәуелсіздігі, бірлік-берекесі, тілі, ділі мен діні үшін күресіп, жандарын пайда еткен азаматтарымыздан қалған жетімдерімен, жанұяларымен, әлемнің түкпір-түкпірінде қиналып жатқан мұсылман бауырларымызбен қалай құшақтасып, олардың айттарын қалай құттықтасақ екен?!

**Осы айт меркелерінде** қанаты сынған жаралы құс секілді ортада иесіз қалып қалған жабырқаулы, қайғылы адамдарымызға, көңілі жалыққандарға, жетім-жесірлерге, мүгедектерге құшағымызды қалай ашып, қол ұшымызды қалай созсақ екен?!

Олардың бір рет күлімсірегені - біз үшін шынайы айттың кешегі болып, бізді көктемнің қуанышына жеткізеді. Сондай-ақ, Мәснәуиінде Мәуләнә былай дейді:

*"Егер сенде көңіл болса, көңіл Қазғасын тауап қыл. Топырақтан жасалған деп, ойлап жүрген Қазғаның негізгі мағынасы - көңіл."*

*"Хақ Тағала кірден тазарып, арылған көңілге қол жеткіз, деп көзбен көрініп, білінетін Қазғаны тауап етуді саған парыз етті."*

Мұңлы Юнус Әмрә нендей керемет айтқан:

**"Көңіл - Құдайдың тағы,**

**Құдай көңілге бақты.**

**Екі жаһан бетпағы,**

**Кім көңіл қалдырған болса."**

Басқа бір шумағында былай дейді:

**"Юнус Әмрә дейді, ей, молда! Қаласаң мың рет бар, қажылыққа. Барлығынан артығырақ, Бір көңілден шықсаң!"**

Мұсылмандардың жүрегі мен тамыры бір адамның жүрегі мен тамырындай болуға тиіс.

**Айт мерекелерінің** ақиқатына тек жәрдемдесудің қуанышымен жақындай аламыз.

Бұған қол жеткізгендер нәпсі бөгетінен асып, нағыз адамдық гауһарын ортаға салудың бақытына жеткен болады. Өйткені, бүкіл ұлы іс-әрекеттер - рухымызды жауып тұрған ғапылдық киімдерінен құтылудың көрінісі. Сонымен **айт мерекелері** - барлық адамзаттың ұлы дәрежеге жетуі жолындағы қайраткерлік үшін ерекше мұрсат.

**Бұл мұрсатты дұрыс бағалап, айт мерекелерінің ақиқатын аңғарғандар нендей бақытты!**

### **КАТЫНАСТАҒЫ ҮЙЛЕСІМ**

*«Гүлдің суы болсаң, мекенің нұрлы жүздер. Нәжис болсаң, барлық жерде қиындықтасың!»*

*"Әтір сатушылардың көрмесіне қара! Әр нәрсені өзі шынысымен көркемдейді..."*

*"Жыныс өзі жынысымен араласса, мұндағы көркемдік ерекше күлімсіреуде..."*

*"Дұрыс пен пәк болғандардың нәжістерден ажыратылуы үшін Аллаһ Тағала кітаптар мен пайғамбарлар жіберген."*

*"Ойың раушан болса, өзің де раушан бағындасың!..."*

**Хазіреті Мәуләнә**

Бұл әлемдегі қарама-қайшылықтардың бір-бірін толықтырып, ортаға қойған көріністің басым сипаттарының бірі - **үйлесім** мен **сәйкестік**. Мұның кішкене мөлшерде



бұзылуы - "анархияны, ал, әлем денгейінде бұзылуы «қияметті» тудырады.

Жанды-жансыз барлық болмыстың бірдей қасиеттерімен қатар өз араларында айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтар болуы - иләһи тағайындауға барып сүйенетін жағдай. Мұндай көзқараспен қарағанда, қарама-қайшылықтар физикалық әлемде бір-бірін тоқ секілді тартқанымен, жандылар әлемінде болса, бұл жағдай толықтай басқаша (кереғар) түрде мәнге ие. Яғни, рух иесі болмыс кереғарымен емес, өзіне ұқсасымен үйлесіп, бүтін болуды қалайды. Болмыстың негізінің біреу ғана болуынан туындаған бірдей болу бейімі - осы әлемде бірлікке қарай болған күдірет ағысының көрінісі. Бірақ, жансыздар әлеміндегі қарама-қайшы қасиеттер бір-біріне тартылып жатқанымен жандылар әлеміндегі Бұл жағдайдың кереғар түрде іске асуы олардағы **"мендік"**, **эгоизм** сезімінен туындайды.

Расында рух иесі күллі болмыстағы ең басым бейімдердің бірі -мендік пен эгоизм. Бұл мінездің жандылар әлеміндегі шыңында адамзат тұрады. Сондықтан рухты сафтандыра отырып, Аллаһқа қауышу жолында күш жұмсаған адамның ең соңында ғана жоя алатын нәпсілік сезім қалауы - басшылық пен саясатқа деген әуесқойлығы.

Адам баласымен шыңына жеткен өзімшілдік және оған байланысты іске асқан "махаббат пен дұшпандық" көріністері сарапталса, әркім ұқсастықтары мөлшерінше махаббатқа не болмаса, қарама-қайшылықтары деңгейінше дұшпандыққа бағытталған өмір сүреді. Бұл болса, **"адамның тек өзін ғана сүйетінің** шындығын бейнелейді. Адамның өзіне ұқсастығы бойынша басқаларға көңілін ашуының негізгі себебі де - осы. Сондай-ақ, Яқуб (аләһиһиссәләм) Юсуфта өз болмысы мен мұнысына тән қасиеттерін көріп, рухы мен көңілі еріксіз Юсуфқа ауған. Сірә, ұқсастық - тіршіліктің өзара махаббаттарындағы негізгі себептерінің бірі.

Бұл жағдай рухы бар жаратылыста болғаны сонша, хайуанаттың езінде Бұл жағдай көрініс тапқандықтан төмендегі мысал халық аузында кең таралған:

Бұлбұлға:

**"-Сайра!"** депті, ол сайрамаған.

**"-Сайра!"** деген, ол тағы сайрамапты.

Ақыры:

**"-Сені алтыннан бір қапасаққа қамаймыз, қасыңа да бір қарғаны әкеліп, қоямыз!.."** деп, қорқытқан екен.

Бұлбұл қапастың алтыннан болатынына қарамай, қарғамен бірге болудың зардабын тартпас үшін, қорқып, сайрай бастапты...

Біз терең, жалпылай түсіндіріп келе жатқан шындықты бұл тұжырым-ды мысал арқылы халық қарапайым жолдармен көркем түсіндіреді.

Бірақ, бұдан да көркемін **Мәснәуидегі** бір хикаядан оқимыз. **Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) жаратылыстағы бұл хикметті былай түсіндіреді:

*Аңшының бірі ұстап алған жұпарын өгіз бен есекке толы қорасына қамап қойған еді. Жұпар сасқалақтап, қораның бір ана жағына, бір мына жағына қашып тұрды. Аңшы кеш батарда келіп, хайуандардың алдына сабан төкті. Есектер мен өгіздер сабанға бас салып, күшті тәбетпен жей бастады. Жұпар болса, бір үркіп, бірде сабаннан шығып, көзіне кірген шаңның себебінен көзін уқалады. Осылайша, қарны әтірге толы, нәзікжануар қорада зұлымдыққа тап болған-ды. Есектің біріоны мазақтап, басқа есектерге былай деді:*

*"-Тыныш тұрыңдар!.. Бұл - патшалар мен билердің мінезіндегі бір хайуан!.."*

*Басқа бір есек болса:*

*"-Олай болса, бұл хайуан сыпайылықпен, патшаның тағына шығып, жантайып*

отырсын!..", -деді.

Сонда болған-біткенге қарап тұрған басқа бір есек жұпарды сабан жеуге шақырды. Жұпар:

"-Ей, тәбетім жоқ!"-деп, бармады. Есек айтқанынан қайтпай: "-Назданып тұрғаныңды білемін!"-деді. Осы жолы жұпар есектің бұл сөзіне:

"-Мен көгал жерде, мөп-мөлдір аққан сулардың жағасында бау-бақшаларда жүретінмін. Сол жерлердегі илән қүдіреттің өрнек-нақыштарын тамашалайтынмын. Тағдырым мені бұл азапқа сүйреген болса, қалай менің рухым кенеттен ауысады!? Мен сүнбілдің, жауқазынның, райханның өздерін иіскей отырып, жейтінмін. Табиғаттағы илән қүдірет ағыстарын қайран қалып, тамашалайтын-мын. Және де бұл қайрандық көкжиегінде қанат қағып жүргенде, аңшылар бізді Бұлақ бастарында көңіліміз бен көзіміз жасқа толы халімізде ұстап алады..." деп, жауап қайтарды.

Бір басқа есек былай үн қдтты:

"-Сөйлей бер, қайткенде де жыраққа өтірік айту - оңай."

Жұпар оған былай деп, жауап берді:

"-Менің қарнымнан шығатын әтір - айтқаңқарымның куәгері. Ол хош иіс таратады. Сендер болсаңдар - жағдайларың ортада. Бұл сөздерім сендерге әлбетте, өтірік көрінеді. Сендердің араларыңда шынымен-ақ, заріп, ешкіміжоқ бейшара болып қалдым..."

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) адамзат санасы аңғарып, түсінуде қиналған абстрактілі оқиғаларды қарапайым, деректі хикаяларда бейнелеп, ұсынады. Сондай-ақ, қарама-қайшылықтардың бір-бірімен үйлесімділігінің мүмкін еместігін баяндау үшін бұл хикаяда жаратылыс-тары бір-біріне қарама-қайшы хайуандардан мысал келтірген.

**Жұпар** - жеп-ішуі, тынысы, сезімі және нәзіктігімен ең ерекше, сезімтал жануар. Аңшылар көгал жерлердегі өзендердің бойында сыбызғы үрлейді. Сөйтіп, сол сыбызғының кеңіл тербететін дауысын естіген жұпарлар жиналады. Көздері мен көңілдері жасқа толы кездерінде, залым аңшылар оларды тұзаққа түсіріп, ұстайды. Қарнымнан шығатын әтір мен терісі және еті себебінен сол нәзік, ерекше сезімді жануарды өлімге апарады.

**Есек пен өгіздер** болса, дауыстары жағымсыз және сезімдерімен барып тұрған нәпсіқұмарлық күйде өмір сүреді.

**Хазіреті Мәуләнә** қарама-қайшы мінездермен бірге болудың ащы азабын мысал келтіріп, баяндаған соң, Мәснәуиіндегі хикметті шумақтарында Бұл қарама-қайшылықтың салдарынан болатын қайғыны былай жеткізеді:

**"Кімде-кімді өз қарама-қайшысымен бір жерге қояды, Бұл - ол үшін өлімнің азабы."**

**"Аллаһқа жақын кісі тәні себебінен азап ішінде. Өйткені, оның рух құсы өз жынысына кереғар болған нәпсімен бір жерге байланған."**

**"Рух - құстар арасындаеы бұлбұл секілді. Табиғат сияқты болған нәпсі болса, ол - қарға. Сол бұлбұл қарға мен байғыздан жараланады. Бір жерде болудан зардап шегеді."**

**"Рух деген бұлбұл сол өзімішлдікке салынған нәпсі деген қарғалар мен нәпсі деген кем көзді байғыздар арасында аңілеп-үңілейді."**

Аят кәрімәда: **"Өз рухымнан үрлеген әлетте..."** (Хижр, 29) делінген. Рух Бұл тән қапасына Раббысынан келген. Мұның қалай келгені адам түйсігінен тыс, беймәлім жағдай. Адам санасының бір түкпірінде келген әлеміне деген сағынышы мен бейімі бар. Ол азат емес, тән абақтысында қамаулы. Дүниеде келген рухтар әлеміне деген сағыныштың

қасіретімен алай-түлей өмір сүруде. Осы жырақтық пен қасіретке "уасыл-ы илаллаһ" болғанша жалғасады. Сол сәтке дейін алдында ылғида нәпсі бөгеті тұрады. Бала-шаға, мал-мүлік, мансап, абырой мен атаққа жету, сондай-ақ бұларды нәпсі қалауларына қарай бағыттау - бұл дүниенің құр жұбанышы мен алдамшы ойыншықтарынан тұрады. Адам нәпсі бейімдерімен өзіне бір қиял әлемін құрып алады. Өзін сонымен жұбатады. Мындаған қорқыныш пен үрей - уәсуәсәға толы ғұмырын тауысады.

Рухтың нәпсіге қарағанда тәндегі жағдайы жұпардың есектер арасындағы жағдайы іспеттес. Жұпар бөгделердің қасында қалай ғаріп болса, рухтың өзі де солай, бұл тәнде аласапыран күндердің ғаріптігі мен сынағы ішінде.

Рухтың қамқорлығы нәпсінің өзімшілдігінен қиналады. Осы екі қарама-қайшылық адамның өмірінде ортақтасып, өмірлерін жалғастырады, әрі, жандықтарын бір-бірімен үнемі күрес арқылы сақтап отырады.

Бұл хикаяны басқаша бір көңіл терезесінен естіп, бағалағанымызда, нәзік, ұлы жаратылыстағы кәміл адамдардың надан әрі дөрөкі адамдар ішінде елім азабынан да ауыр қайғыға душар болғандарын көреміз.

Бұл қиындыққа ең көп пайғамбарлар, сонан соң олардың жолын қуған даналар тап болған. Кей уақыттарда надар арасында ешкімі жоқ ғаріптер болып өмір сүрген. Пұтқа табынушыларға қарсы тәухид жалауын ашқан Хазіреті Ибраһим (аләһиһиссәләм) бір орасан отқа лақтырылды. Юсуф (аләһиһиссәләм) бауырларының ішінде болғанның өзінде жалғыздыққа итермеленіп, өз отанынан алыста жалаға тап болып, бір мезгіл зынданда ғаріп болып, өмір сүруге мәжбүр болған. Бір залым қауым алдында Исрайл ұлдары Хазіреті Мұсаны жалғыз тастап: **"Ей, Мұса! Сен Раббыңмен бірге соғысқа бар да, соғысып, жең! Онан соң біз сенің артыңнан келмекпіз!"** дескен, Және де зұлымдыққа ұшыраған Зәкәрия (аләһиһиссәләм) азғын еврейлер тарапынан арамен екіге белініп, ұлы Яхия (аләһиһиссәләм) да жауыздықпен шейіт етілген. Хазіреті Мәсих (аләһиһиссәләм) ұрылармен бірге сотталған. Әлемнің мәңгі мақтанышы Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мырзамызға Тайфта бетпақтар тас лақтырған. Мұндай мысалдарды тағы да көбейтуге болады.

Олар бұл жағдайға өздеріне Аллаһ тарапынан берілген күшті сабырлықпен төзген, сөйтіп, ұлы мәртебеге жеткен. Кейде Хақ Тағала салихтарды қорғау үшін өз қарамағына алған. Асхаб Кәһф бір қара бет қауым ішінде болғандарынан, үңгірде қорғауға алынып, ұйықтатылған. Сірә, ғапылдар арасында болғанша, ұйықтау тым абзал. Сондықтан Асхаб Кәһф тек салих қауым пайда болғанда ғана оятылған.

**Хазіреті Мәуләнә** (құддисә сирруһ) арифтерді бұлбұлға ұқсатып, жаман рухқа ие адамдармен үйлесулерінің мүмкін еместігін былай баяндайды:

***"Бұлбұлдардың отаны - көгал жерлер мен гүлстан. Құрт пен шаянның отаны болса, нәжістік пен қоқыстық орындар."***

Әлемде жыныстар мен олардың қоршаған орталары арасында үздіксіз бір тартылыс заңы бар. Бұлбұл көгал жерлерден, әуендеткендей аққан бұлақтарды ұнатқанда, құрттар нәжістіктен, яғни, ахлақсыздықтан, фитнә мен Бүлікшіліктен ләззат алады. Бұл жағдайды шырайлы раушан хал тілімен нәжістік құрт-құмырсқаға үндеп, былай дейді:

***"Ей, нәжістің құрты! Раушан бағынан қашасың, бірақ, сенің осы жиіркенішің - гүлстанның көркемдігінің дәлелі."***

Бұл белгілі қасиеттер жақсылық пен жамандық арасындағы иләһи тепе-теңдіктің нәтижесі. Мінеки, Аллаһ достары жыныстар арасындағы тартылыс деңгейін, әзәлдік (ежелгі) ғашықтық пен таныстық деп, сипаттайды және мүкәррәм (ең әдемі кейіп) жаратылып, бірақ, кейін әсфәли сәфилинге түскен адамның негізгі деңгейі мен орнына

жетуін қамтамасыз етуге күш-жігер жұмсайды.

Мыңдаған бәлекет, машақат, қайғы-шер мен күйзеліс айқайларына толы осы дүние өмірінде мәңгіліктің есігін ашатын жетістіктің қуанышына тек кәміл, ариф тұлғалар болған салихтармен бірге болудың арқасында ғана жетіледі. Мәңгілік әлемге тән - рухтың қабілеті, осылай күн жарығын көріп, фәни әлемге тән - нәпсінің азабынан өзін құтқарып ала алады. Сондықтан көңілді ғапылдардың мәжілісінен сақтауға зәрулік бар.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруъ) Бұл шындықты баяндау ретінде былай дейді:

*"Құс тек өз жынысымен ғана ұшады. Өз жынысынан болмағандармен кездесіп, тілдесу - бейне бір мазарға кіру сияқты."*

*"Әр жыныс өз жынысына тартылып тұрса, бір нәзік жұпар есек пен өгіздердің арасында қалай өмір сүре алады?:"*

Бірге болу жағдайының барлығы бірдей өмірдің бірдей ойы мен түсініктері шеңберінде іске асады. Бір-біріне қарама-қайшы өмір сүргендер мәжбүрлікпен бірге болғанның өзінде, өлімнен ащы азаппен қиналады.

Расында аят кәрімәда айтылған: **"Жақсылықтар жақсылар үшін, ал, жамандар жамандар үшін..."** (Нұр, 26)

**Имам Ғазали Хазіреті** бұл шындықты баяндау ретінде тек аурулар мен микроптардың емес, хал мен мінез-қасиеттердің де жұқпалы екендігін нұсқап, жақсылармен бірге болғандарға ізгілік, ал, жамандармен бірге болғандарға жамандық шағылысып, жұғатынын айтады.

Сондай-ақ хадис шәрифте былай айтылған:

*"Жақсы дос пен жаман достың мысалы, әтір тасушы адам мен (темірші шеберханасында) көрік үрлеген адам іспеттес. Әтір тасушы не саған иісінен береді, не болмаса, сен онан сатып аласың. Көрік үрлегенге келер болсақ, не киіміңді өртейді, не болмаса оның жаман иісі саған жуғады!.."* (Бухари, Бүюғ, 38; Мүслим, Бирр, 116)

Халық ауызында аңызға айналған **"Соқырмен жатқан қилый болып, тұрады"** сөзі Бұл ақиқатты тұжырымдайды. Сірә, энергикалық жаратылыстарда жұғу ерекшелігі бар.

**Уа, Раббым! Бұл өлемде бізді хикмет пен сырлар қазынасына айналған пенделеріңмен бірге өмір сүргізгейсің! Біздерді олармен бірге хашр еткейсің!.. Әмин!**

## **АНА ТУРАЛЫ**

*Ана ақысына назар аудар! Оны төбеңде тасы! Сірә, аналар тууда қиналмаса, балалар дүниеге келуге жол таба алмас еді..."*

***Хазіреті Мәуләнә***

Әр жандының әу бастағы бірдей қасиеті - әлсіздікпен дүниеге келуі. Осыған орай олардың бұл әлсіздіктерінен құтылып, кемелдікке қарай ілгерілеулері үшін мейірім мен жан ашырлыққа мұқтаждығы бар. Ағаштың бүршіктенуінен адам баласына дейін күллі жандыларда жағдай бірдей.

Жанашырлық пен мейірбандық ең керемет түрімен аналардың көңілінен орын тепкен. Адамзаттағы аналық қасиеті ешбір мақлұқаттан кездесбейтіндей және олармен салыстырыла алмайтындай дәрежеде жоғары. Өйткені, адам баласының тек заттық болмысына емес, сонымен қатар оның рухына ұсынылатын тұңғыш қорек анада көрініс табады. Ана - әлемнің Раббысына ең жақын болу қабілетімен жабдықталған - адамды туады. Пайғамбарлардан бастап, ең әлсіз адамға дейін бүкіл адамзат алғашқы заттық ыәм

рухани қорегін анасынан алады. Аналар - Жаратушының ұлы мархабатынан ең көп үлес алған тіршілік иелері.

Сонымен қатар аналық ұғымы бір өзі басына нөмірсіз кезілдірік іспеттес. Шаянның өзі баласын арқалап жүргенде, туған баласын әрқандай бір себеппен, апарып бір бұрышқа, саябағына тастап, ұжданынан айрылған ананың өзі - ана, ал, көтеріп туған баласын өмір сүрген бойы мейірбандығы, жанашырлығымен құшақтап, қорғаған ананың өзі де - ана!

Әйелдердің бақытты салтанаттары адал да ерекше ана болуларынан бастайды.

Әсіресе:

الجنة تحت أقدام الأمهات

**"Жәннат – аналардың аяғының астында!.."**, - деген хадис шәрифі - аналар туралы ең күшті шәәдәти Мұхаммедие. Яғни, аналардың қасиетті тұлғалығына Пайғамбарымыз куәлік беріп тұр.

**Әлемнің мақтанышы** (саллаллау алейһи уә сәлләм) **Мырзамыздан** бастап, арифтер мен Аллаһ досы әулиелер ата-анаға, тіпті анаға деген сый-құрметтің ең зор үлгілерін көрсеткен.

**Фахри Кайнат** (саллаллау апейһи уәсәлләм) **Мырзамыз** сүт анасы **"Халимәтүс-Са'дийәни"** (радиаллау аһә) зиярат етіп, ез шапанын жерге жайып, оны отырғызатын. Сүт анасы ішке кіріп-шыққан сайын түрегеліп, құрметін білдіретін.

Ұлы әулие **Имам Ағзам** (рахметұллаһи алейһи) **Бағдаттың** зындандарында зұлымдықтың ащы қамшыларының тауқыметін тартып, жатқанда:

**"Айналайын, бұл жағдайымды анашым естімей-аққойсын, күйіп кетеді! Оның қиналғанына да, мен шыдай алмаймын!.."** деп, анаға деген махаббаттың жанды мысалын ұсынған.

Руханият жолының ұлыларының және дара мүршидтерімізден (ұстаз) **Шах Нақшыбәнд Мұхаммед Баһауддин Бұхари Хазіретінің** өсиет ретіндегі мына тапсырмасы иләһи бір шындықты көз алдына қояды. Хазіреті Пір былай бұйырған:

*"Қабірімізді зияратқа келгендер алдымен анамыздың қабірін зиярат етсін!"*

Сондай-ақ күнімізде **Шах Нақшыбәндтің** қабірін зияратқа барғандар алдымен анасының қабіріні зиярат етеді. **Абдұррахман Жәми** (күддисә сирруһ) былай дейді;

*"Мен анамды қалай сүйемін?! Ол мені бір уақ өз денесінде, ұзақ уақ құшағында, өлгенге дейін де, жүрегінің мейірім аспанында көтерді. Оған құрметсіздік көрсетуден артық жамандықтың не екенін білмеймін!.."*

Айдан анық ақиқат - адал да ерекше аналар ең биік құрмет, аса терең және нәзік бір махаббат орнында болуға тиіс.

**Әкенің шаршағанын басатын, балалардың жалықтыратын бұзықтықтарын қойдыратын сабыр мен абзалдық гауһары - тек ана жүрегі.**

Ана - иләһи құдіретпен кеңейтілген рахмет құшағы.

Отбасының бақыты **ананың** күлімсіреуімен басталады. Отбасындағы қандайда болмасын, барлық қиыншылықтар ананың мейіріміне толы назарымен жойылады. Балаларға шынайы емір мен бақыт жолын сілтейтін **ана** жүрегінен жұқа, аса терең, тым сезімтал екінші бір жүрек бар ма екен?!..

Сондай-ақ, ана жүрегіндегі ыстық құшақ бар ма дегендей, сол ыстықтыққа деген іңкәрлігін Нәжіп Фазыл мына шумақтарында керемет баяндаған:

**Жылаңдар! Су көтерілсін!**

**Бәлкім, құтылар кеме...**

**Анашым, жайнамазыңды өкелсін,**

**Бізге дұға етші, бола ма!..**

Ананың рухында жиналған шетсіз де шексіз мейірбандықтың шегін белгілей алатын өлшеу бар ма екен?!..

Жемей, жегізген... кимей, кидірген... ұйықтамай, ұйықтатқан... Өмірдің дауылдарынан бізге бір шаң тимесін деп, бүкіл болмысын атаған ата-аналарымыздың ақысын төлеу мүмкін бе?!

**Бір анадан айырылып қалдық...**

*Жан ашырлық, мархабат, ар-ұят, әдептілік, дұрыстық, жомарттық, ойлау мен сезімталдықтың шыңындағы бір ана!*

*Өміріне дәулетті бір отбасында бастағанымен, қарапайымдылығы және гәріптерге деген мейірімді көңілімен шыңға шыққан бір ана!*

*Қожайынының қызметін орындап жүргенде кішкентай балаларын көңілімен көзінен тыс қалдырмай, Қуран Кәрімді бастан аяқжаттап алған қайраткерлік пен бас тартудың үлгісі бір хафиза ана!*

*Тазалық пен тәртіпте аса уқыпты болғанымен, айналасында болып жатқан қателіктерді ашуланбай, қош көрушілікпен бағалай алған бір ана!*

*Ішінде өмір сүрген қоғамының ұлы Ислам дінін келеке етіп, қорлаған кезінің өзінде діни міндеттерін балалық шағынан бастап, орындау барысында кемшілігі мен қателігі болмаған бір ана!*

*Басым көпшілігін өз құшағындағы балапанына арнағанымен, жан ашырлығы мен мейірбандығын өзі көрген, көрмеген барлық бейшараларды қамтитындай, кең жайған, дұғасы, қобалжуы және іс-әрекеттерімен бүкіл мақлұқатты құшақтасам деген ниет пен бейімге толы бір ана!..*

Оның ілтипаты да, ескертуі де өлшеулі еді. Ең жақынының өзіне шындықты айтудан тартынбайтын. Іші-сырты бірдей еді. Шынайылығына әркім кез жеткізгендігінен ешкім оған ренжімейтін. Мәрттікті жақсы көретін. Өкпелеп, ренжігеннің не екенін білмейтін.

Жетім-жесірлерді, ешкімі жоқтарды қуанту - оған рахаттың қайнар көзі еді. Тұрмысқа шықпақ болған қыздарға, өзіне тартылған сыйлықтардан әзірлеп беру - оның зауқы еді.

*Ол - сараңдықты жек көріп, көңіл сарайынан әркімге сый беруді қалаған бір ана еді.*

Сұхбатынан фәйз таратылатын. Кішкентай балалармен жүргізген сұхбатында олардың деңгейіне еніп, Расулұллахтың (саллаллау аләйһи уә сәлләм) хадис шәрифтерін еңкөркем жолмен, олардың түсініктеріне сай түсіндіретін. **Исламның** ішкі-сыртқы эстетикасын өз бойында жинаған еді. **Оның** Бұл халі - **Хазіреті Пайғамбар** (саллаллау аләйһи уә сәлләм) мен әулиеұллаһ махаббатынан шағылысқан хал еді. Олардың рухани дүниелері мен олар туралы қиссаларды түсіндіргенде бет-әлпетіндегі көркем, пәк, нәзік, нұрға толы күлімсіреуі, айналасымен махаббатқа толы қатынасы, таусылмас төзімділігі, шынайы мүминге тән терең, жұқа нәзіктігі көпшілікке өнеге еді. Ол - кішіден үлкенге, барлыққа қалай сейлеу керек, оның әрісін білетін ана еді!..

**Оның** өмірі мен сұхбаттары сирек кездесетін, әгір иісті раушан көшеті секілді еді. Ең жақсы гүлдер мен хош иістерді Онан табу мүмкін еді.

Оған "ба'сү ба'дәл мәут" туралы яғни, елім мен ақирет жайлы айтқанымда:

**"Мені қорқытпашы! Раббым - мархабат иесі!.."**-дейтін.

Бәлкім, оның бұл халі оның Хазіреті Мәуләнәға деген махаббатынан жұққан еді. Мәснәуидегі хикаяларды тым жақсы көретін. Менің өзіме Хазіреті Мәуләнә мен әулиеұллаһқа махаббат пен рухани бейімділік зауықын алғашқы үйреткендердің бірі - **Ол**.

**Ол – Мәснәуи Бақшасынан** деген мақалаларымның ең ынталы оқушыларының бір еді. Беріліп оқитын. Бірақ, "**Айнадағы жалған**" атты мақаламды оқығанда, ұзақ ойланды да, "аһ" деп:

"-Неткен шындық!" - деді.

Бір мезгілден кейін:

"-Маған әлгі мақаланы тағы оқышы!.." - деді.

**Оның** Бұл дүниемен қоштасуы - бізге "**Айнадағы жалған**" деген мақаланың жаңадан деректі бір үлгісі болды. Сірә, адамзат Адамнан (аләһьиссәләм) қияметке дейін ылғи осы "**Айнадағы жалғанның**" ішінде арлы-берлі шайқалып тұрады!..

Онымен ақ кебінге оранған халінде соңғы рет қоштастық. Кебіні оған бейне бір сәби балаға оралған құндақ іспеттес. Өмірі бойы қолынан, көңілінен түсірмеген Құранның нұрынан жамылып, жарқырап тұрған еді. Ақ түсті киімді жақсы көретін. Қазір ішінде болған ақ болса, өзгеше бір ақтық еді. Бейне бір Оған ақиреттің Вұслат күлімсіреуіндей еді. Артта қалғандарына, сол ақ ішінде:

"-Сәлем болсын!..", - деп жатқандай, еді.

Ол - менің 04.03.1997 күні жерлеп, Аллаһтың рахметіне тапсырған анам еді. Менің анашым еді!.. Менімен бірге барлық мұминдердің қайғысы мен қуанышын ортақтасып, бөліскен баршамыздың анасы еді.

**Уа, Раббым! Ол - өкеммен бірге мені кішкентай кезімнен бастап, қалай тәрбие еткен болса, Сені танытып, Сенің жолыңа бағыттаған, сондай-ақ Сенің достарыңды сүйдірген болса, Сен де кеңшілігің мен жақсылығыңмен ата-анамды мархабатыңа қарық қылғайсың!..**

Бұл шығарманы оқыған мұсылман бауырларымызды жүрекгері иләһи нұрға толып, жарқыраған, мағрифат теңізінен нәсібін алған, ілтипатың мен жомарттығыңның керіністеріне жеткен құлдарыңның қатарына қосқайсың! **Ей, мейірімділердің ең мейірімдісі Раббым!.. Әмин!..**

Оларды таныған немесе мына қарапайым жолдар арқылы танитын барлық мұминдерден олардың азиз рухтарына **фатихалар** бағыштауын өтінемін!..